 [5] Yao B.D., Chan V.F., Wang N. Formation of ZnO nanostructures by a simple way of thermal evaporation // Appl. Phys. Lett. – 2002. – Vol. 81. – P. 757–759.
 [6] Doyoung Kim, Ilgu Yun, Hyungjun Kim. Fabrication of rough Al doped ZnO films deposited by low pressure chemical vapor deposition for high efficiency thin film solar cells // Curr. Appl. Phys. 2010. – Vol. 10. – P. S459–S462.
 [7] Жерихин А.Н., Худобенко А.И., Вильямс Р.Т., Вилкинсон Д., Усер К.Б., Хионг Г., Воронов В.В. Лазерное напыление плёнок ZnO на кремниевые и сапфировые подложки // Квантовая электроника. – 2003. – Т.33, №1. – С. 975 – 980.
 [8] Jin-Hong Lee, Byung-Ok Park. Characteristics of Al-doped ZnO thin films obtained by ultrasonic spray pyrolysis: effects of Al doping and an annealing treatment // Mater. Sci. Eng. B. – 2004. – Vol. 106. – P. 242–245.
 [9] Sang-Hun Jeong, Bong-Soo Kim and Byung-Teak Lee. Photoluminescence dependence of ZnO films grown on Si(100) by radio-frequency magnetron sputtering on the growth ambient // Appl. Phys. Lett. – 2003. – Vol. 82. – P. 2625 – 2630.

- [10] Yoo J., Lee J., Kim S., Yoon K., Jun Park I., Dhungel S.K. High transmittance and low resistive ZnO:Al films for thin film solar cells // *Thin Solid Films*. – 2005. – Vol. 480–481. – P. 213–217.
- [11] Tahar R.B.H. Structural and electrical properties of aluminum-doped zinc oxide films prepared by sol-gel process // *J. Eur. Ceram. Soc.* – 2005. – Vol. 25. – P. 3301–3306.
- [12] Sui Y.R., Yao B., Xiao L., Yang L.L., Liu Y.Q., Li F.X., Gao M., Xing G.Z., Li S., Yang J.H. Effect of annealing temperature on structural, electrical and optical properties of B–N codoped ZnO thin films // *Thin Solid Films*. – 2012. – Vol. 520. – P. 5914–5917.
- [13] Бураков В.С., Невар Е.А., Неделько М.И., Тарасенко Н.В. Образование наночастиц оксида цинка при электрических разрядах в воде // *Письма в ЖТФ*. – 2008. – Т. 34. – С.1–8.
- [14] Baykal A., Esir S., Demir A., Güner S. Magnetic and optical properties of $\text{Cu}_{1-x}\text{Zn}_x\text{Fe}_2\text{O}_4$ nanoparticles dispersed in a silica matrix by a sol-gel auto-combustion method // *Ceram. Int.* – 2015. – Vol. 41. – P. 231–239.
- [15] Abdülhadi Baykal, Sadik Güner, Ayşe Demir. Synthesis and magneto-optical properties of triethylene glycol stabilized $\text{Mn}_{1-x}\text{Zn}_x\text{Fe}_2\text{O}_4$ nanoparticles // *J. Alloys Compd.* – 2015. – Vol. 619. – P. 5–11.
- [16] Joshi G.P., Saxena N.S. Band gap determination of Ni–Zn ferrites // *Bull. Mater. Sci.* – 2003. – Vol. 26. – P. 387–389.

Н.В. Идрисов, Ж.О. Мукаш, Л.В. Грищенко, С.Е. Кумеков, Х.А. Абдуллин

Оксидті жартылай өткізгіштер негізіндегі тсо-ның оптикалық қасиеттеріне термиялық өңдеудің әсері

Түйіндеме. Мырыш тотығы күшті радиацияға тұрақты, кристалдық торын аздаған бұрмалау арқылы тыйым салынған аймағының енін өзгертуге болатын, экситонның байланыс энергиясы үлкен 60 мэВ кеңаймақты (3.37 эВ) жартылай өткізгіш болып табылады. Мырыш тотығының (ZnO) жұқа пленкаларының қолдану аймағы кең. Мысалы, күн батареяларын, УФ-детекторларын, лазерлік диодтар, газ датчиктерін, пьезоматериалдар және т.б. жасау үшін қолданылады. Осы жұмыста гидротермалды синтез әдісі арқылы алынған, атмосферада және вакуумде термиялық өңдеуден өткен бормен (BZO) легирленген мырыш тотығының (ZnO) морфологиясы және оптикалық қасиеттері зерттелді.

Өзекті сөздер: мөлдір өткізгіш жабындылар, термиялық өңдеу, гидротермалды әдіс, оптикалық қасиеттері.

N.V. Idrisov, Zh.O. Mukash, L.V. Gritsenko, S.E. Kumekov, Kh.A. Abdullin

Effect of heat treatment on the optical properties of tco based on oxide semiconductors

Summary. Zinc oxide (ZnO) is a wide-band gap semiconductor (3.37 eV) with a high exciton binding energy 60 meV, strong radiation resistance, the possibility of band changing by slight distortion of its crystal lattice. ZnO thin films have the potential to be used in a wide range of areas, such as solar cells, UV detectors, laser diodes, gas sensors, piezo materials, etc. In this paper a study of the morphology and the optical properties of the boron doped ZnO samples (BZO) prepared by hydrothermal synthesis subjected to heat treatment in air and in vacuum is represented.

Key words: transparent conductive coatings, thermal treatment, hydrothermal method, the optical properties.

УДК 677.043

К.Т. Маханбеталиева, Э. Копбаева

(М.Х. Дулати Тараз мемлекеттік университеті,
Тараз, Республика Казахстан, kama_mt_77@mail.ru)

ҚОЛ КІЛЕМДЕРІНІҢ КҮШТІК ЖҮКТЕМЕСІН ЭКСПЕРИМЕНТАЛЬДЫ ЗЕРТТЕУ

Аннотация. Жұмыста қол кілемдерін тоқу процесінің проблемалары және оны шешу жолдары экспериментті түрде шешілген. Қол кілемдерінің күштік жүктемесі экспериментальды зерттеліп, оңтайлы параметрлері табылған.

Кілттік сөздер: қол кілемдері, күштік жүктеме, иірімжіп, эксперимент, регрессивті модель.

Осы уақытқа дейін белсенді, белсенді-белсенсіз, белсенсіз экспериментер, уақытша дрейф және басқа шарттарда эксперименттер жүргізу тәсілдері белгілі [1].

Белсенді эксперименттердің мәні – эксперимент жүргізушінің қатысуымен – оның тапсырмаларына сәйкес – табиғи процестер аралығында зерттелінетін құбылысты мақсатқа сәйкес алдын-ала ойландырып түрлендіру.

Жұмыста жүкті қапсырмасы бар жіпкергішті экспериментті зерттеу келтірілген, теориялық зерттеу нәтижесінде жүкті қапсырмасы бар жіпкергіштің математикалық үлгісі өңделген. Теориялық және эксперименттік тәуелділікті салыстыру мақсатымен ротатабельді орталықты үйлесімді эксперимент жүргізілген. Эксперименттің нәтижелерін өңдегеннен кейін үйреніп оқытылып жатқан процесті адекватты түрде бейнелейтін регрессионды математикалық үлгі табылған.

Оқытылып жатқан функциялар туралы көрнекті көрініс алу үшін екі өлшемді қималар тұрғызылған. Соңғылардың нәтижесі бойынша келесілер бекітіледі. Ашық және жабық жұтқыншақтардағы жіптің керілуі, тандап алынған барлық факторларға тәуелді болып келеді: қапсырма салмағы, керілу аймағындағы және катушка орамының радиусындағы жіптердің ұзындығының өзгерулері. Факторлардың түрлену облыстарындағы жіптердің керілулері, жабық күзу ашуда - 2,32-ден 43,78 сН-қа дейін, ал жабық күзу ашуда - 44,38-ден 149,97-ге дейін өзгереді.

Теориялық және эксперимент нәтижелерінің жақсы келісімділігі алынған.

Жіптерді тоқуға дайындау кезіндегі жіптердің кергіш датчиктерінің салыстырмалы талдауы келтірілген. Мұнда жіп керуін өлшегіштерде, бағыттайтын және өлшейтін элемент үйлесілімдіктері әртүрлі датчиктер қолданылған. Механикалық приборларда датчик үш айналатын роликтерді қолдана отырып тұрғызылған, ал стационарлы прибордың екі ролигі болады, бірнеше жағдайларда датчикте екі соңғы айналып бағыттайтын және орташа айнамайтын өлшегіш роликтердің үйлесімі болуы мүмкін.

Датчикті қолдана отырып, датчикті тандап алу кезінде күште керілуді өлшеудің қателіктері алынған, мұнда елеулі нәрсе керілудің салыстырмалы түрде өсуі. Жіптің керілуін анықтайтын аналитикалық тәуелділігі алынған, оны есептеу кезінде қолдануға болады.

Қол кілемін тоқыған кезде негізгі жіптердің керілуі өзгереді, бұл кілем суретінің бүлінгендігіне әкеп соқтырады.

Зерттеудің мақсаты: негіз жіптерінің керілу тәуелділігін бекіте отырып, S - күзенің жиілігі мен бұранданың бұрылу бұрышының тәуелділігін алу.

Кесте 1. Толық факторлы эксперименттің факторлары

№	Факторлар	Түрлендіру деңгейлері			Түрлендіру интервалы
		-1	0	+1	
1.	T(k ₁) - керілу күші, Н	4	8	12	4
2.	S(k ₂)- күзенің жиілігі, мм	0,9	1,0	1,1	0,1
3.	(k ₃)- бұранданың бұрылу бұрышы		720	1450	45

Кесте 2. В₃ бокс жоспарлау матрицасы

u	k ₁	k ₂	k ₃	z ₁	z ₂	z ₃	\bar{z}_{cp}	$(z_i - \bar{z}_{cp})^2$	z _{Ru}	$(z_{Ru} - z_i)^2$
1	+	+	+	5,91	6,78	7,21	6,70	6240	14,70	640000
2	-	+	+	87,00	93,70	95,52	92,07	257300	89,16	84500
3	+	-	+	8,51	4,16	4,48	4,05	2920	5,73	28300
4	-	-	+	63,70	68,70	71,60	68,00	184900	73,87	344500
5	+	+	-	19,60	22,45	24,33	22,13	63700	32,16	1007000
6	-	+	-	103,00	117,5	108,1	110,0	490000	106,63	113800
7	+	-	-	13,65	16,60	17,76	16,00	55300	29,52	1826400
8	-	-	-	93,01	105,70	101,29	100,0	488600	91,33	751000

Толық факторлы эксперименттің нәтижелерін өңдеу

Тәжірибені қайталау толық нәтижелерді бермейді, сондықтан эксперименттің қателігі болады. Қателіктерді жою мақсатымен тәжірибе мүмкіндігінше, барлық нәтижелердің орташа арифметикасымен бірдей шартта бірнеше рет жүргізіледі [2].

Z_{op} мәнінің орташа арифметикалық шамасын әр тәжірибе бойынша анықтаймыз:

$$Z_{op} = \frac{Z_1 + Z_2 + Z_3}{3} \quad (1)$$

Орташа арифметикадан тәжірибе нәтижелерінің ауытқуын анықтаймыз, яғни әр тәжірибенің дисперсиясын:

$$S_u^2 = \frac{\sum_1^n (Z_u - \bar{Z}_{cp_u})^2}{n-1} \quad (2)$$

мұндағы: Z_u - жеке тәжірибенің нәтижесі; n - қайталану саны.

Содан кейін дисперсияның қосындысы анықталады:

$$\sum_1^N S_u^2 = \sum_1^N (Z_u - \bar{Z}_{cp})^2 \quad (3)$$

мұндағы: N - эксперимент саны ($N = 14$)

Кочреннің дисперсиясын қолдана отырып, дисперсияның біртектілігін анықтаймыз. Барлық дисперсиялардың ішінен ең жоғарғысы табылады. S_{\max}^2 , оны дисперсия қосындысына бөлеміз. Сонымен Кочреннің критерийі:

$$G_R = \frac{S_{\max}^2}{\sum_1^N S_u^2} \quad (4)$$

Критеримен бірге еркіндік дәрежесінің саны байланысты
 $f_1 = n-1$ және $f_2 = N$

$$\text{Сонда } G_R = \frac{4900,0 \cdot 10^6}{16624,0 \cdot 10^6} = 0,295$$

Кочрен критериясының кестелік мәні 4 қосымша бойынша анықталынады:

$$G_T [P_D = 0,95; \quad N = 14; \quad f_1 = 2] = 0,3346 \quad (5)$$

$G_R < G_T$ болғандықтан, S_u^2 дисперсиясы біртекті және жүргізілген ТФЭ ұдайы өндірілетін қасиетте болады.

Регрессивті көп факторлы модельдегі регрессия коэффициенттерінің бағасын анықтаймыз. Әр фактор деңгейіне және осы факторлардың өзіндік әрекеттесуіне сәйкес $\sum K_i Z_u$ мәнін анықтаймыз:

$$\begin{aligned} \sum K_1 Z_u &= -3,407 \cdot 10^6; & \sum K_1^2 Z_u &= 4,594 \cdot 10^6; \\ \sum K_2 Z_u &= 0,449 \cdot 10^6; & \sum K_2^2 Z_u &= 4,399 \cdot 10^6; \\ \sum K_3 Z_u &= -0,873 \cdot 10^6; & \sum K_3^2 Z_u &= 4,469 \cdot 10^6; \end{aligned} \quad (6)$$

$$\begin{aligned} \sum K_1 K_2 Z_u &= -0,253 \cdot 10^6; & \sum K^2 Z_u &= 13,464 \cdot 10^6 \\ \sum K_1 K_3 Z_u &= 0,225 \cdot 10^6; \\ \sum K_2 K_3 Z_u &= 0,106 \cdot 10^6 \end{aligned}$$

Регрессия теңсіздіктерінің коэффициент шамаларын мына формула арқылы анықтаймыз:

$$e_0 = q_1 \sum_{u=1}^N \bar{Z}_u - q_2 \sum_{i=1}^n \sum_{u=1}^N K_{in}^2 \cdot \bar{Z}_u \quad (7)$$

$$\epsilon_i = q_3 \sum_{u=1}^N K_{iu} \cdot \bar{Z}_u \quad (8)$$

$$\epsilon_{ij} = q_4 \sum_{u=1}^N K_{iu} K_{ju} \cdot \bar{Z}_u \quad (9)$$

$$\epsilon_{ii} = q_5 \sum_{u=1}^N K_{iu} \cdot \bar{Z}_u + q_6 \sum_{i=1}^n \sum_{n=1}^N K_{iu}^2 \bar{Z}_u - q_2 \sum_{n=1}^N \bar{Z}_u \quad (10)$$

q_i шамасын кестеден аламыз.

2-кестенің және (7-10) формулаларды ала отырып анықтаймыз:

$$\begin{aligned} \epsilon_0 &= -0,038 \cdot 10^6; & \epsilon_{12} &= -0,032 \cdot 10^6; & \epsilon_{11} &= 0,211 \cdot 10^6; \\ \epsilon_1 &= -0,341 \cdot 10^6; & \epsilon_{13} &= 0,028 \cdot 10^6; & \epsilon_{22} &= 0,168 \cdot 10^6; \\ \epsilon_2 &= 0,045 \cdot 10^6; & \epsilon_{23} &= 0,013 \cdot 10^6; & \epsilon_{33} &= 0,183 \cdot 10^6; \\ \epsilon_3 &= -0,087 \cdot 10^6 \end{aligned}$$

Коэффициенттердің мәндерін қоя отырып мына теңсіздікті аламыз:

$$Y_R \cdot 10^{-6} = -0,038 - 0,341K_1 + 0,045K_2 - 0,087K_3 - 0,032K_1K_2 + 0,028K_1K_3 + 0,013K_2K_3 + 0,211K_1^2 + 0,183K_3^2 \quad (11)$$

(11) теңсіздік талдауы, циклдық тиеу кезінде инелерді ұзақтығына әсері K_1 бағытын сипаттайтын K_1 және K_2 материалдардың орналасу кедергілерін көрсетеді.

Регрессия коэффициенттерінің мәнділігін тексеру. Бұл үшін Стьюдент критерийін қолданамыз, есепті мәні кестемен салыстырылады;

$$t_R = \frac{|\epsilon_j|}{S^2\{\epsilon_j\}} \quad (12)$$

мұндағы: $S^2\{\epsilon_j\}$ - регрессияның таңдамалы коэффициентінің орташа квадраттық ауытқуы, ол мына формуламен анықталынады:

$$S^2\{\epsilon_j\} = q_3 \cdot S^2(Y_u) \quad (13)$$

$$S^2\{\epsilon_0\} = q_1 \cdot S^2(Y_u) \quad (14)$$

$$S^2\{\epsilon_{ij}\} = q_4 \cdot S^2(Y_u) \quad (15)$$

$$S^2\{\epsilon_{ii}\} = q_7 \cdot S^2(Y_u) \quad (16)$$

мұндағы: $S^2(Y_u)$ дисперсиясының ұдайы шығарылуы, формуласы:

$$S^2(Y_u) = \frac{\sum_{u=1}^n \sum_{u=1}^N (Y_u - \bar{Y}_{op_u})^2}{N(n-1)} \quad (17)$$

Сонымен, (12-17) пайдалана отырып, есептерді шығарғаннан кейін алатынымыз:

$$S^2(Y_u) = 1781,0 \cdot 10^6; \quad S^2\{\varepsilon_i\} = 178,0 \cdot 10^6;$$

$$S^2\{\varepsilon_0\} = 717,0 \cdot 10^6; \quad S^2\{\varepsilon_{ij}\} = 223,0 \cdot 10^6;$$

$$S^2\{\varepsilon_{ii}\} = 717,0 \cdot 10^6;$$

$$t\{\varepsilon_0\} = 1,40; \quad t\{\varepsilon_2\} = 3,36; \quad t\{\varepsilon_3\} = 6,54;$$

$$t\{\varepsilon_{13}\} = 1,89; \quad t\{\varepsilon_{12}\} = 2,146; \quad t\{\varepsilon_{23}\} = 0,89;$$

$$t\{\varepsilon_1\} = 25,51; \quad t\{\varepsilon_{11}\} = 7,87; \quad t\{\varepsilon_{22}\} = 6,27;$$

$$t\{\varepsilon_{33}\} = 6,84$$

$$t_T [P = 10,95; \quad f_1 = 2; \quad f_2 = 14] = 2,145$$

Көріп тұрғанымыздай, маңызды болған коэффициенттер:

$\varepsilon_1, \varepsilon_2, \varepsilon_3, \varepsilon_{12}, \varepsilon_{11}, \varepsilon_{22}$ және ε_{33}

Осыған байланысты, регрессия теңсіздігі:

$$Y_R \cdot 10^{+6} = -0,038 - 0,341K_1 + 0,045K_2 - 0,087K_3 - 0,032K_1K_2 + 0,211K_1^2 + 0,168K_2^2 + 0,183K_3^2$$

Модельдің адекваттылығын тексеру. Фишер критериясының есепті шамасы мына формуламен анықталынады:

$$F_R = \frac{S^2 a \sigma}{S^2(y)} \quad (18)$$

мұндағы: $S_{a\sigma}^2$ - қалған дисперсия немесе дисперсия адекваттылығы Z_{Ru} мәнін анықтаймыз.

Содан кейін қалған квадрат қосындысын анықтаймыз:

$$(Z_{Ru} - Z_{op_u})^2 : \sum_{n=1}^N \Delta Y_u^2 = \sum_{n=1}^N (Z_{Ru} - \bar{Z}_{op_u})^2$$

мұнда: \bar{Z}_{op_u} - әр тәжірибедегі оңтайландыру көрсеткіштерінің орташа мәні;

Z_{Ru} - регрессия теңсіздігінен табылған,

оңтайландыру көрсеткішінің мәні.

Тәртіп бойынша еркіндік дәрежесінің санын анықтаймыз:

$$f_1 = N - (r + 1) = 6$$

мұндағы, k - маңызды коэффициентінің коэффициенті.

Сонымен дисперсия адекваттылығын анықтаймыз:

$$S_{a\sigma}^2 = \frac{81924 \cdot 10^6}{6} = 13654 \cdot 10^6$$

$$\text{Фишер критерийі: } F_R = \frac{13654 \cdot 10^6}{1781 \cdot 10^6} = 7,67$$

Фишер критериясының кестелік мәнін қосымша бойынша анықтаймыз:

$$F_T [P_D = 0,95; f_2 = 3; f_1 = 6] = 8,9$$

$F_T > F_R$ болғандықтан РКФМ адекваттылығының гипотезасы жоққа шығарылмайды.

Зерттеу нәтижелерін сараптау

Экспериментальды зерттеуді сараптау бойынша нәтижелер:

- кілемнің тоқылуы кезінде жіптің керілуін анықтауға арналған әртүрлі жүйелерді қолдана отырып эксперимент жүргізіледі;

- үш айналмайтын жіп жүргізгіші бар айналмалы арқалық түріндегі жіптің керілуін қайта жауаушы қолданылды. Жіп кергіш параметрлеріне байланысты жіптің керілуін өлшеу процесіне тәуелді математикалық тәуелділік алынды;

- сонымен бірге жіптің керілуін өлшеуде жүкті қапсырмалар қолданылады. Теориялық және эксперименттік тәуелділіктерді салыстыруға арналған РОКЭ жүргізілген, регрессионды математикалық үлгілер табылған, зерттеу нәтижелері мынаны көрсетеді, алғашқы факторлардың 2,32-ден 149,97 сН аралығында түрленгенде жіптің керілуі тербеледі;

- жіптің керілуін өлшеуде датчиктер қолданылады. Қолданудың нәтижесінде кілем жіптерінің оңтайлы параметрлерін таңдауға өз әсерін тигізеді.

Келтірілген эксперимент жұмыстарының нәтижелерін, кілем бұйымдарының, кездеме жіптерінің керілуін зерттеуге арналған факторларды таңдау кезінде қолдануға болады. Әсіресе бұл, кілемдерді тоқу кезінде жіптердің керілуі біркелкі болмайтын кілем станоктарында пайдаланудың маңызы зор.

ӘДЕБИЕТ

[1] Роганов В.Р., Роганова С.М., Новосельцева М.Е. Учебное пособие. Обработка экспериментальных данных. Пенза, 2007.

[2] Севостьянов А.Г. Методы и средства исследования механико-технологических процессов текстильной промышленности. М.МГТУ им. А.Н. Косыгина, 2007 – 648с.

Маханбеталиева К.Т., Копбаева Э.

Определение разрывной нагрузки ручных ковров

Резюме. В работе приведены проблемы процесса вязания ручных ковров и пути их решения. Экспериментальным путем определена разрывная нагрузка ручных ковров и найдены оптимальные параметры.

Ключевые слова: ручной ковер, разрывная нагрузка, пряжа, эксперимент, регрессивная модель.

Mahanbetalieva K.T., Kopbayeva E.

Experimental study of the power load influence on hand carpets

Summary. In this paper, obtained in the process of weaving carpets and experimental ways of solving the problems solved. Carpets power load experimental study found the optimal settings.

Key words: carpets, power load, yarn, experiment, regression model.

УДК 621.771.23

Э. А. Тусупкалиева, М. М. Акимбекова, М.Р. Мауленова
(Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті,
Алматы, Қазақстан Республикасы, maulnova_m@mai.ru)

САНДЫҚ ЖӘНЕ ТӘЖІРИБЕЛІК ӘДІСТЕРДІ ҚОЛДАНЫП МЕТАЛДАРДЫ ҚЫСЫММЕН ӨНДЕУ ОПЕРАЦИЯЛАРЫН МОДЕЛЬДЕУ

Анатпа. Мақалада металдарды қысыммен өңдеу процестерін қолданғанда дайындамада пайда болатын кернеулі-деформациялы күйді зерттеу үшін қолданылатын тәжірибелік әдістердің артықшылықтары мен кемшіліктері қаралған. Мақалада, қазіргі уақытта, дайындаманың кез-келген аймағының және жұмысшы құралдың кернеулі-деформацияланған және жылулық күйі туралы ақпаратты жоғары дәрежелі дәлдікпен алуға мүмкіндік беретін МҚӨ процестерін сандық модельдейтін әдістер жасалғаны туралы айтылған.

Сандық әдістер деп есептеу математикасы мен математикалық физика есептерін жуықты шешетін тәсілдер мен алгоритмдерді айтады. Оларды аналитикалық тәсілдемелер шешу өте күрделі, ауқымды, көп еңбекті қажет етеді.

Математикалық модельдеу, модельдеудің аса жетілдірілген және тиімді әдісі болып табылады, технологиялық процестерді зерттеу және оңтайландыру кезінде заманауи математикалық талдаудың қуатты әдістемелерін, есептеу математикасы мен бағдарламалау әдістерін қолдануға жол ашады.

Түйін сөздер: металдарды қысыммен өңдеу, координатты торлар әдісі, шеткі айырым әдісі, шеткі элементтер әдісі, шектес элементтер әдісі, сырғу сызығы әдісі, оптикалық-сезімтал жабындылар әдісі.

Металдарды қысыммен өңдеу (МҚӨ) есептерін шешкенде қолданылатын дәстүрлі тәжірибелік әдістерде, әдетте, ықшамдалған екі өлшемді модельдер қолданылады. Кеңінен тараған тәжірибелік әдістерге координатты торларды түсіру әдісі, поляризациялық-оптикалық әдіс, сырғу сызықтары әдісі және т.б. жатады [1].

МҚӨ процестерін тәжірибелік зерттеу әдістері мынандай үш негізгі топқа бөлінеді [1]: зерттелетін нысанды физикалық бөлшектеп зерттеу, нысан тұтастығының бір бөлігін бұзып зерттеу; зерттеу нысанын физикалық бөлшектемей зерттеу.

МҚӨ кезде металл ағысын зерттеудің және кернеулі-деформацияланған күйді анықтаудың аса кеңінен тараған тәжірибелік әдістерінің бірі болып координатты (бөлу) торлар әдісі саналады.

Бұл әдістің мәні келесіде [1]. Деформацияланатын үлгіні бір диаметрлік жазықтың (симметрия жазықтық) осі бойымен екі бөлікке кеседі. Олардың бірінің жазық бетіне, тұрақты қадаммен тік бұрышты торларды құратын бойлық және көлденең сызық із жасайды (тор сызықты түсіру үшін топографиялық әдісті қолдануға болады). Кейіннен ажырама бетті Вуд корытпасымен жабыстырады және деформациялайды. Деформациялаудан кейін, үлгіні ажыратады, тордың өлшемін өлшейді және өлшенген тордың мәндерін пайдалана отырып, дайындаманың түрлі нүктелерінде деформацияланған күйді анықтайды. Есептеу деректерін алумен бірге, координаталық тор әдісімен металл ағысын көрнекі (көзбен) бақылауға болады.

[2] жұмыста металлографиялық әдіспен дайындамада деформациялау аймақтарын анықтайтын әдістеменің сипатамасы келітірілген. Бұл әдісті пайдаланған кезде, алдымен дайындаманы деформациялайды, одан кейін оны бізге қажет қимасы бойынша кеседі және металды химиялық өңдеу арқылы деформация таралуының әркелкілігін анықтайды. Деформацияланбаған металмен салыстырғанда, суық деформацияланған металдарда, металдың құрылымдық құрамдастарының қышқылда жоғары ерігіштігі байқалады. Бұл ерігіштік деформациялау дәрежесіне тәуелді болады.

Металды қысыммен өңдеудің заманауи теориясына сәйкес, деформацияланатын дененің барлық көлемі металл ағысының басым бағытымен жеке аймақтарға бөлшектенеді [2]. Бұл аймақтарды бөліп тұратын беттер жанасу бетімен қиылысқанда, бейтарап сызықтар жүйесін түзеді. Металл сырғуының бағытталуы әртүрлі болғандықтан, деформациялау кезінде жанасу жазықтығының жеке аймақтарында үлгі бетінің сәуле шағылыстыру қабілеті әртүрлі болады. Бұл қасиетті оптикалық-сезімтал жабындылар (ОСЖ) әдісінде қолданады.

ОСЖ әдісін пайдаланған кезде үлгінің бетіне арнайы жабындылар жабады [1]. Осы әдіспен кернеулі-деформациялы күйді (КДК) анықтаған кезде, пластикалық деформациядан жабындылармен жабылған беттің сәуле шағылыстыру қабілетінің өзгеруін (деформациядан кейін) пайдаланады. Үлгі бетінде деформация аймақтарының таралуын сапалы бағалай ғана қажет болған кезде, оны деформациялау алдында лакпен (немесе тушьпен) жағады. Белгілі бір деформациялау дәрежесінде лак (немесе тушь) қабықшасында сызаттар пайда болады немесе қабықша үлгі бетінен бөлінеді.

Үлгі қимасы бойынша деформация әрқелкі таралатын босла, сәйкесті температура-жылдамдық жағдайларында құрылым әртекті болатындығы бізге мәлім [2]. Дененің бір жеріндегі құрылым рекристалданған, ал екіншісіндегі құрылымның бір бөлігі ғана рекристалданған болады, ал үшіншісінде – рекристалдану белгісі жоқ болады. Мәселен, деформация дәрежесі өте жоғары болатын аймақтарда, рекристалдану температурасынан жоғары температурада қарқынды жинақтама рекристалдану жүреді. Оның нәтижесінде ірі түйіршікті құрылым түзіледі. Рекристалдану температурасынан аз ғана жоғары болатын деформация температурасында және жоғары деформациялану дәрежесінде үлгінің белгілі бір аймақтарында бірінші рекристалдану жүріп ұсақ түйіршікті құрылым түзіледі, ал үлгінің деформацияланбаған немесе аз деформацияланған аймақтарында бастапқы құрылым сақталады немесе ірі түйіршікті құрылым түзіледі. Айтылған құрылым түзілу заңдылығын пайдалана отырып, илемдеу деформациясы кезінде металл ағысының заңдылығын анықтауға болады.

Ауқымды илемді деформациясы, әдетте металл құрылымы мен қасиетінің өзгерісімен жүреді [3]. Кейде өзгерістердің ауқымды болатындығы соншалықты, бір дене деформацияның басында және аяғында әртүрлі заттар болып кетеді. Мәселен, беріктендірумен деформациялаған кезде металдың магниттік қасиеттері өзгереді, ал сырғу жазықтықтарының шекарасы бойымен кристаллит кенеттен магниттелуге иемденеді. Илемдеу деформациясында металдың беріктенуі қатты ерітіндінің ыдырауымен және өзге физикалық қасиеттердің (мысалы, жылу өткізгіштіктің төмендеуі) өзгеруімен байланысты. Әрқелкі деформациялау кезінде қатты ерітіндінің ыдырауы дайындаманың бүкіл көлемі бойынша емес, тек деформация шоғырланған аймақтарда ғана жүреді. Қасиеттердің түзілуінің мұндай заңдылықтарын пайдалану, илемдеп деформациялаған кезде металл ағысының заңдылықтарын анықтауға мүмкіндік береді.

Металдарды қысыммен өңдеу процестерін талдау барысында сырғу сызықтары әдісі кеңінен қолданады [4]. Бұл әдіс деформацияға ұшыраған металл бетінде туындайтын суреттерді талдау жолымен дайындаманың КДК анықтауға мүмкіндік береді. Теориялық зерттеулер көрсетуі бойынша, суреттер созылу немесе қысу деформациялары жоқ сызықтармен сәйкес келеді. Мұндай сызықтар сырғу сызықтары деп аталады және жазық есептің дифференциалдық тендеулер жүйесінің сипаттамаларымен сәйкес келеді. Жазық деформация кезінде сырғу сызықтары максималды жанама кернеу траекториясымен сәйкес келеді.

Жазық илемді деформациясы күйінде тұрған дене қимасының кез-келген нүктесінде екі ортогональды бағыт болады. Оның бойымен жанама кернеу үлкен мәнге иемденеді [4]. Бұл бағыттар өрісі екі тізбек жүйесінен тұратын ортогональды тор сызықты түзеді. Олардың жанамасы аса жоғары жанама кернеу бағыттарымен сәйкес келеді.

Металдардың пластикалық пішіні өзгерісін зерттеу үшін сырғу сызықтары әдісінің кеңінен қолданылуы, кернеу өрісін және деформацияланатын металл қималарында ағыс жылдамдығын анықтай алу мүмкіндігімен байланысты [4]. Сырғу сызықтары әдісі, сырғу сызықтарының мүмкін болатын өрісін табу және деформация кернеуі мен жылдамдығының таралу эпюрін анықтау жолымен металдың илемді ағысының күрделі есептерін шешуіге мүмкіндік береді. Бұл әдістің қолданылуы, деформацияланатын металдың біртектігі, изотроптылығы мен беріктенбейтіндігі сияқты кейбір шарттармен және тек жазық деформация есебі үшін қолданылу мүмкіндігімен шектеледі. Жазық есепте деформация жылдамдығы мен кернеуі бір жазықта өзгереді және координатаның үшінші осінен тәуелді болмайды.

Сырғу сызықтарының өрістерін фотосерпімділік (жазық кернеулі күйді пайдаланады) және фотоилемділік (жазық деформациялы күйді қолданады) әдістерімен алуға болатындығы бізге мәлім [1,5]. Оптикалық белсенді материалдардың (күмістің галлоидты тұздары, ОНС - оптикалық белсенді емес шынының серпімді облысында және т.б.) және оптикалық белсенді жапсырмалар мен жабындылардың (эпоксидті шайыр) қолданылуы полярланған жарықта деформация аймақтарының құрылымы

мен ұзындығын бақылауға, сонымен қатар деформация әркелкілігінің сәйкес сипаттамаларын есептеуге мүмкіндік береді. Дөңгелек поляризацияланған жарық шоқтарымен жүктелген оптикалық белсенді материалға рентген сәулесін түсірген кезде, материалда жүктеу тарихынан тәуелді болатын, жиналған деформацияны тіркейтін сипатты изохромдар (түсі бірдей сызықтар) туындайды.

Изохромдар суреті мыналарды тіркейді: негізделген деформация ошағының құрылымы мен ұзындығын; процесс барысында жүктеу мен түсіруді; биіктігі және ұзындығы бойымен ығысу деформациясының таралу әркелкілігін; көп және аз илемдеу деформациясына ұшыраған аймақтарды.

Оптикалық сезімтал жапсырмалар әдісінің қолданылуы, деформацияның барлық негізделген ошағы бойынша 20-25% деформация дәрежесінде сапалы интерференциялық сурет алуға мүмкіндік береді. Рентген түсіру кезінде, сызықты полярланған жарықта изоклиндер – басты нормальды кернеудің бірдей еңкіш сызықтары байқалады.

Жоғарыда аталған тәжірибелік әдістердің әрқайсысының ерекшеліктері бар және олар өз уақытында кернеулі-деформацияланған күйді зерттеу сұрағында жаңа әдіс болып табылды. Алайда, олардың барлығының ортақ кемшіліктері де бар: біріншіден, бұл әдістер илемделетін дайындама қималары бойымен кернеудің әрбір түрінің таралуының толық көлемдік суретін бермейді; екіншіден, барлық аталған әдістер әрбір кернеу түрінің абсолюттік мәндерін тікелей анықтауға мүмкіндік бермейді. Мұндай әдістердің тәжірибелік мүмкіндіктері қабылданған болжамдар мен жорамалдар салдарынан жеткілікті шектелген.

Жоғарыда көрсетілген барлық зерттеу әдістері, дайындаманы өңдеу жолымен физикалық тәжірибені өткізуді талап етеді, содан кейін қажетті аймақтарға қол жеткізу үшін, әдетте бөліктерге бөлу керек ететіндігін айта кеткен жөн. Мұндай әдістеме үнемі қолданыс таппайды, оған қоса көп жағдайда тәжірибелік әдістер, оны жүргізу барысында дайындама ішіндегі кернеулі-деформация күйі жөнінде егжей-тегжейлі деректер алуға мүмкіндік бермейді.

Сонымен қоса, МҚӨ технологиясының бірқатар тәжірибелік сұрақтарының шешілуі, аналитикалық екі өлшемді модельдер беретін ақпаратпен салыстырғанда, металдың кернеулі-деформацияланған күйі жөнінде аса толық және расталған ақпаратты талап етеді [6]. Металды қысыммен өндеудің көлемдік есептеріне өту, тек заманауи сандық талдау әдістерін пайдалану негізінде мүмкін болады. 1974 жылы жарық көрген [7] жұмыста көрсетілгендей, металды қысыммен өндеудің технологиялық есептерін шешудің аса тиімді әдісі шеткі элементтер әдісі болып табылады (ШЭӨ). Алайда, XX ғ. ортасына тән, шектелген есептеу ресурстарының шарттарында ШЭӨ қолданылуы, ықшамдалған жазық модельдердің қарастырылуына әкелді.

Заманауи электронды есептеу машиналарының (ЭЕМ) ауқымды есептеу ресурстарына сүйеніп, дифференциалдық теңдеулерді шешудің есептеу әдістерінің дамуы, әрбір нақты берілген жағдайлар үшін осы теңдеулерді шешуге мүмкіндік берді [8]. Бұл жағдайда, деформациялар және соған байланысты көлемдік дененің жеке кіші элементтерінде туындайтын кернеулер қарастырылады.

Осылайша, қазіргі уақытта, дайындаманың кез-келген аймағының және жұмысшы құралдың кернеулі-деформацияланған және жылулық күйі туралы ақпаратты жоғары дәрежелі дәлдікпен алуға мүмкіндік беретін МҚӨ процестерін сандық модельдейтін әдістер жасалды [8]. Деректер кез-келген жеке мезетте және зерттелетін процестің толық өту уақытында алынуы мүмкін.

Сандық әдістер деп есептеу математикасы мен математикалық физика есептерін жуықты шешетін тәсілдер мен алгоритмдерді айтады. Оларды аналитикалық тәсілдемелер шешу өте күрделі, ауқымды, көп еңбекті қажет етеді [8]. Қазіргі уақытта, тұтас орталарды модельдеудің әртүрлі есептерін шешуге мүмкіндік беретін сандық әдістердің үш тобын бөліп көрсетуге болады: шеткі айырым әдісі (ШАӨ), шеткі элементтер әдісі (ШЭӨ), шектес элементтер әдісі (шектік интегралдық теңдеулер). Айтылған тәсілдердің әртүрлілігіне қарамастан, оларды бірегей математикалық негіз – математикалық физика әдістері мен теңдеулері біріктіреді. Бұл, физикалық құбылыстардың көптеген кластары бірдей немесе өте ұқсас математикалық модельдер мен теңдеулер жүйелерімен сипатталатындықтан, мүмкін болды. Осы құбылыстардың математикалық модельдері, әдетте, математикалық физика теңдеулері деп аталатын, дербес туындылары бар дифференциалдық теңдеулер көмегімен сипатталады.

Математикалық физика есептерін шешу кезінде болатын негізгі қиындықтар, қолданыстағы математикалық әдістермен нақты шешілуге геометриялық тривиалды шекаралар ішінде ең қарапайым

тендеу түрі ғана берілуімен байланысты [8]. Осы қиындықтардан өту үшін, есепті, тек негізгі арифметикалық операцияларды қамтитын таза алгебралық түрге түрлендіру қажет. Бұл мақсатқа қол жеткізу үшін үздіксіз есептерді, белгілі бір дифференциалды тендеулермен әртүрлі дискреттеу түрлерін пайдалануға болады. Мұндай дискреттеу кезінде белгісіз функция немесе функциялар болып келетін шексіз көп санды белгісіз көрсеткіштердің соңғы санымен алмастырады, және ол үшін аппроксимация формасы қажет. ШАӘ, ШЭӘ және шектес элементтер әдісіарасындағы негізгі айырмашылық осы.

Демек, дискретті-элементтік сандық әдістер тұтас орталар механикасының (ТОМ) күрделі моделін, соңғы бос дәреже санының көрсетілуімен, кіші есептердің дискретті жинағына түрлендіру жолымен шамалас шешім береді [8].

Жоғарыда аталған әдістердің таңдалуы, тендеу түрі мен шекаралық шарттарға тәуелді болады [8]. Осы әдістер аясында құрылымдық немесе құрылымдық емес торларды пайдалануға болады. Құрылымдық торлар тіксызықты, гексаэдрлік элементтер көмегімен құрылады. Бұл қолдануға қарапайым тор түрлері. Алайда оның көмегімен бөлшектің күрделі геометриясын нақты сипаттау қиынға түседі. Құрылымдық емес торлар әртүрлі пішінде болуы мүмкін – тетраэдр, гексаэдр, алтықырлы, призма және т.с.с. Құрылымдық торды пайдаланудың көптеген кемшіліктерін осы типті тордың қолданып жеңуге болады.

Математикалық әдістер көмегімен дискретті-элементтік модельді құрғаннан кейін, әрбір элементпен барлық модель үшін тепе-теңдік тендеулер жиынтығы құрылады [8]. Әртүрлі шекаралық шарттар мен модель жүктемелері есебі арқылы, тендеулер жиынтығының бір уақытта шешілуіне қол жеткізіледі. Нәтижесінде бұл есептеудің үздіксіздігі мен тепе-теңдігі қамтамасыз етілген жағдайда, модельдің кез-келген жерінде қорытынды жауаптарды алуға болады. Шешу процесі – бұл негізінен, функцияның үздіксіз сипатын соңғы нүктелер жиынына келтіру үшін, функцияның интерполяциясы (полиномдар) пайдаланылатын, сандық әдіспен компьютерлік есептеу болып келеді.

Тор сызық әдісі негізінде жасалған модельдің, тұйық шешу түрімен салыстырғанда артықшылықтары бар. Себебі олар реттелмеген пішінді объектілер, айнымалы қасиеттері және әркелкі шекаралық шарттары бар материалдар үшін шешімді ынтамен береді [8]. Сандық шешу үшін дискретті-элементтік тор моделін құру қажет болады. Бұл қажеттілік келесі шарттармен байланысты:

- күрделі пішінді (көлемдік деформацияда жиі кездеседі);
- әртүрлі фазалық құрам;
- фазалар ауысуы тәрізді, тұрақсыз қасиеттерге ие;
- сызықты емес физикалық процеске ие, мысалы, егер жылу беру коэффициенті температура-ның функциясы болса.

Шеткі айырым әдісі(ШАӘ) тұтас ортада серпімділік, жылуөткізгіштік және басқа процестерді модельдеу теориясының есептерін шешуде ойдағыдай қолданылады [9]. Бұндай кезде бастапқы деректер мен нәтижелерді графикалық интерпретациялау қиындығы, есепті шешуге дайындау бойынша ауқымды жұмысты жасау керектігі, инженерлік тәжірибеде және ғылыми зерттеулерде ШАӘ әдісін ШЭӘ және шектес элементтер әдісімен ығыстыруға алып келеді.

ШАӘ дайындаманы илемдеген және баспақтаған кезде әртүрлі деформациялау есептерін талдауға тиімді құрал болатындығын айта кеткен жөн [8]. ШЭӘ тәрізді, МҚӨ операцияларын модельдеу кезінде ШАӘ қолданылуы, деформацияның ауқымды мәніне қатысты материалдың серпімді-илемді тәртібін және серпімді-тұтқырлы-илемді есептерін қарастыруды талап етеді. Серпімді деформация (сонымен қатар, илемді немесе тұтқырлы-илемді деформация) ауқымды болады деп болжануда. Деформация өте үлкен мәнге жеткен кезде, бастапқы тордың бұрмалануы соншалықты, полиномдар интерполяциясы элементтер геометриясын және оған сәйкес келетін айнымалы күйді модельдеуге қабілетсіз болады. Есептеуді жалғастыру үшін торды өзгерген геометрияға сай қайта құру процесі қажет.

Шеткі элементтер әдісі(ШЭӘ), зерттелетін тұтас орта аймағын бірқатар жабылмайтын ішкі аймақтарға немесе элементтерге бөлуден және ары қарай бөлікпен, яғни әрбір ішкі облыс үшін жеке аппроксимация құрудан тұратын ШАӘ тәсілдесіне ұқсас тәсілдемені жүзеге асырады [10]. Бұл әдістің туындауы ЭЕМ-ның кеңінен енгізілуімен байланысты және енді кері көріністі де байқауға болады. ШЭӘ инженерлік және зерттеу қызметіне ЭЕМ-ның аса қарқынды енгізілуіне әсер етеді. Қазіргі уақытта бірқатар қуатты коммерциялық пакеттер (ANSYS, NASTRAN, COSMOS, DEFORM және т.б.) кеңінен таралған және зерттеу бағдарламаларының үлкен саны жасалды.

Осылайша, шеткі элементтер әдісі, шеткі элементтер деп аталатын ішкі аймақтардың соңғы санымен анықталады. Бұл әдіс, көптеген бөлікті-үздіксіз функциялардан құралатын дискретті модельмен үздіксіз функцияны аппроксимациялау (физикалық интерпретацияда - температура, қысым, орын ауыстыру және т.б.) идеясына негізделген [10]. Зерттелетін геометриялық аймақты, әрқайсысында белгісіз функция сынама функциямен (әдетте полиноммен) аппроксимацияланатындай етіп, элементтерге бөледі. Осы сынама функциялар, есептің өзімен берілетін шекаралық шарттарға сәйкес келетін үздіксіздіктің шекаралық шарттарын қанағаттандыру қажет.

Металдарды қысыммен өңдеу процестерінде ШЭӘ қолданылуы, ертеректе байқау мен қателесу тәсілдемесі негізінде жүзеге асырылған әдістемелерді түзетіп, үлкен өзгерістер жасауға алып келді [8]. Мысалы, ШЭӘ илемдеген кезде пішіні өзгерісін жеңіл болжауға, сонымен қатар дайындаманың әрбір жеке материалдық нүктесінде температура, деформация мен деформация жылдамдығы өзгерісінің егжей-тегжейлі тарихын тіркеуге мүмкіндік береді. Термомеханикалық процестердің модельденуі тұтас орталар механикасының моделіне, ауысу құбылысына (жылу ағыны), және металлургиялық құбылыстарға (мысалы, түйіршіктердің өсуі мен рекристалдану) негізделуі мүмкін. Шеткі элементтер әдісімен модельдеу кезінде пайдаланылатын, аса кеңінен тараған бағдарламалық кешендердің бірі MSC.Super Forge болып табылады.

Шектес элементтер әдісі дифференциалдық теңдеулер жүйесін аппроксимациялау және жуықтап шешу идеяларының ары қарай дамуы болып табылады [11]. ШЭӘ тән ерекшелігі – тек аймақ шекараларын дискреттеуді пайдалана отырып, есепті шешу мүмкіндігі. Бұл кезде, дифференциалдық теңдеулер үшін бастапқы шеттік есептен аймақ шекарасында белгісіз функцияларды байланыстыратын қатынастарға алдын-ала өту қарастырылады. Инженерлік қолдану облысындағы негізгі кемшіліктер болып әлсіз визуалдау, сонымен қатар зерттелетін аймақ пішінінің күрделілігіне қазіргі уақытта ауқымды шектеулер қойылатындығы саналады.

Демек, шектес элемент әдісі – компьютерлік модель түріндегі күрделі құрылым немесе компонент болып келеді [11]. Ол берілген шарттарды жинауға, оның реакциясын анықтау үшін арналған әдіс. ШЭӘ әдісінде тәрізді, модель, конструкцияны ұсақ элементтерге бөлу арқылы құрылады. Содан кейін жалпы модель құрылады. Алайда, ШЭӘ әдісіне қарағанда, мұнда нысан беті (немесе шекарасы) ғана есеп өлшемділігінің кішіреюін талап етеді, яғни шешім алу үшін есептеуге жұмсалатын шығындарды ауқымды азайтады. Шектес элемент әдістің қолданылу аясы ШЭӘ әдісіне қарағанда қатты шектелген. Жалпы айтқанда, ол негізінен дербес туындылардың сызықты эллипстік дифференциалдық теңдеулері үшін қолданылады. Бұл дербес туындыларда басқарушы дифференциалдық теңдеулердің Фредгольм интегралды теңдеулеріне қайта қаралуын талап етеді. Ол физикалық есептер қатарына жатады. Мысалы, Лаплас теңдеуі немесе Гельмгольц теңдеуі сияқты, дербес туындылардың эллипстік дифференциалдық теңдеулерін Фредгольм интегралды теңдеуі сияқты қайта құруға және шектес элемент әдісімен көмегімен шешуге болады. Артықшылығы, бұл кезде тормен тек облыс шекараларын жабу керектігі болып табылады.

Тұтас орталар механикасына байланысты бағдарламалық кешендерде, ШЭӘ аса кеңінен тараған әдіс болып табылады. Алайда жеке есептеуді шешуде шектес элемент әдісінің кейбір артықшылықтары бар [8]. ШАӘ, сұйық және газ механикасының есептерін шешуде өз тиімділігін дәлелдеді, алайда деформацияланатын қатты дене механикасында және құрылыс механикасында сирек пайдаланылады. Дегенмен, ШАӘ – бұл қарапайым шекаралар облыстарында кәдімгі дифференциалдық теңдеулер шешудің қарапайым және тиімді әдісі. Мұнда тор сызықтың әрбір түйіні үшін, функцияның белгісіз мәндері дифференциалдық теңдеуді айырымдық теңдеуіне алмастыру жолымен табылады. Шеткі элементтер әдісі тұтас орталардың сызықты және сызықты емес механика үшін кеңінен таралған әдіс болып табылады, алайда шектес элемент әдісінің тұтас орта механикасының (ТОМ) кейбір нақты есептерін шешуде артықшылықтары бар.

Айта кету керек, ШЭӘ және шектес элемент әдісі көлемдік деформация процестерін модельдеуде аса кеңінен тараған әдістер болып табылады [8]. Осы компьютерлік модельдердің қолданылуы, дайын бұйымның рұқсат етілген өлшемдеріне, бетінің кедір-бұдырлығы мен қасиеттерінің тұрақтылығына қойылатын талаптарды қанағаттандырудың маңызды құралы болып табылады.

Компьютерлік есептеу қуатының тұрақты ұлғаюына байланысты, аталған сандық әдістерді статикалық есептерді, динамикалық шарттарды инженерлік талдаған кезде немесе илемділіктің жыл-

дамдыққа тәуелділігі уақытты нақты бағалауды жүргізуді талап ететін квазистатикалық жағдайларда қолданса өте тиімді болды [8].

Қорытынды

Математикалық модельдеу, модельдеудің аса жетілдірілген және тиімді әдісі болып табылады, технологиялық процестерді зерттеу және оңтайландыру кезінде заманауи математикалық талдаудың қуатты әдістемелерін, есептеу математикасы мен бағдарламалау әдістерін қолдануға жол ашады.

ӘДЕБИЕТТЕР

- [1] В.К. Воронцов, П.И. Полухин, В.А. Белевитин и В.В. Бринза. Экспериментальные методы механики деформируемых твердых тел (технологические задачи обработки давлением) // М.: Металлургия, 1990. – 480 с.
- [2] Тюрин В.А., Мохов А.И. Теория обработки металлов давлением. Под ред. проф. В.А. Тюрин. Учебник для вузов. – Волгоград: РПК «Политехник», 2000. – 416 с.
- [3] Горелик С.С., Добаткин С.В., Капуткина Л.М. Рекристаллизация металлов и сплавов. – М.: МИСИС, 2005, - 432 с.
- [4] Филимонов В. И., Мищенко О. В. Теория обработки металлов давлением. – Ульяновск: УлГТУ, 2012. – 208 с.
- [5] Тюрин В.А., Мохов А.И. Теория обработки металлов давлением. Под ред. проф. В.А. Тюрин. Учебник для вузов. – Волгоград: РПК «Политехник», 2000. – 416 с.
- [6] Пенкин В. Расчет величины истинной деформации при поперечно – винтовой прокатке: моделирование методом конечных элементов // Научные ведомости БелГУ, Серия: Математика. Физика. 2013. №26(169). Вып. 33. – С. 169 – 175.
- [7] Зенкевич О., Чанг И. Метод конечных элементов в теории сооружений и механике сплошных сред // М.: Мир, 1974. - 240 с.
- [8] Рыбин Ю.И., Рудской А.И., Золотов А.М. Математическое моделирование и проектирование технологических процессов обработки металлов давлением. СПб.: Изд-во СПбГПУ, 2004. - 327 с.
- [9] /9/ Мареев В.В., Станкова Е.Н. Основы метода конечных разностей. СПб.: Изд-во С.-Петербур. Ун-та, 2012. – 64 с.
- [10] Иванов К. М., Шевченко В. С., Юргенсон Э. Е. Метод конечных элементов в технологических задачах ОМД: Учебное пособие. С-Пб: Институт Машиностроения, 2000. – 217 с.
- [11] Крауч С., Старфилд А. Методы граничных элементов в механике твердого тела. Пер. сангл. – М.: Мир, 1987. – 328 с.

Тусупкалиева Э. А., Акимбекова М. М., Мауленова М.Р.

Моделирование операций ОМД с использованием численных и экспериментальных методов

Резюме. Рассмотрены преимущества и недостатки экспериментальных методов исследования напряженно-деформированного состояния процессов обработки металлов давлением. Показано, что в настоящее время существуют теоретические методы численного моделирования процессов ОМД, которые позволяют с высокой степенью точности получать данные о напряженно-деформированном и тепловом состоянии в любой области заготовки и деформируемого инструмента.

Ключевые слова: обработка металлов давлением, метод координатных сеток, метод конечных разностей, метод конечных элементов, метод граничных элементов, метод линий скольжения, метода оптически-чувствительных покрытий.

Tusupkalieva E.A, Akimbekova M.M, Maulenov M.R,

Modeling of operations metal forming using numerical and experimental methods

Summary. The article discusses the advantages and disadvantages of the experimental methods for studying stress-strained state of metal forming processes. It is shown that at the moment there are theoretical methods for the numerical simulation of metal forming processes, which allow a high degree of accuracy to obtain data on the stress-strain and heat condition in any blank area, and a deformable tool.

Key words: metal forming, grids method, finite difference method, finite element method, boundary element method, slip-line method, the method of optically-sensitive coatings.

ӘӨЖ 621.01

Ә. Жауыт, Т. Т. Шаратбеков

(Қ. И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті,
Алматы, Қазақстан Республикасы,
E-mail: ali84jauit@mail.ru)


БАСПАҚ АВТОМАТТЫҢ ДИНАМИКАЛЫҚ АНАЛИЗИ

Түйіндемe. Күрделі механизмдерді зерттеу үшін, динамикалық синтез әдісі ұсынылған. Бұл әдіс MD ADAMS жүйесінде орындалған, себебі инженерге немесе студенттерге өте ыңғайлы әрі жылдам қажетті өлшемдерін алуға болады. Маховик инерция моментін және қозғаушы моментін анықтай алады. Берілген мақалада IV класты механизм қарастырылған. Жазық механизмдердің буындарының орындарын, жылдамдығы мен үдеуін анықтау үшін MD ADAMS аналитикалық есептеу жүйесінде жүзеге асырылған программалық пакеттері құрылған. Бұлар машина мен механизмдер теориясындағы курстық жұмыстарын орындауды жеңілдету үшін қолданады. Қозғалыстардың анимациялық суреттерін жасау сұрақтары жұмыста толығырақ қарастырылған.

Кіліттік сөздер:буын, иіптіректі механизм, координата, коэффициент.

Көп бөлімдік механизмдердің кинематикалық, күштік және динамикалық талдауы мен синтезі тапсырмаларын шешу үшін бөлімдер жағдайына арналған тапсырма негіз болып табылады. Рычагты механизмдердің іске асыру әдісі бойынша кинематикалық талдау әдістері графикалық, графоаналитикалық болып бөлінеді. Біз негізінен, аналитикалық және сандық әдістерді қарастыратын боламыз. Еркіндік дәрежесі бірге тең механизмнің динамикалық теңдеуін жуықталған алгоритм жиынтығы негізінде алу мүмкін, ал күш және масса шамалары келтірілген жағдайында жуықталған алгоритм қолдану толық қанды анализ жасауға, есептің дәлдік мәніне жақындату мүмкін емес. Сондықтан, біздің ұсынған тәсіліміз жеткілікті жақындату мен қатар айқын динамикалық теңдеулер құруға мүмкіндік береді [1].

Қарастырылып отырған баспақ-автоматты механизм жазық иіптіректі айналшақты-бұлғақты IV класты болып табылады, 1-суретте көрсетілген.



1-сурет. IV класты баспақ-автоматты механизмнің кинематикалық сұлбасы

Жұмыста бірінші еркіндік дәрежесіндегі механизмнің динамикалық теңдеуімен құрылған нұсқасы ұсынылады.

$$J(q)\ddot{q} + 0,5J'(q)\dot{q}^2 = Q_D - Q_C(q, \dot{q}, t) \quad (1)$$

мұндағы q жинақталған координата; $J(q)$, $J'(q)$ келтірілген инерция моменті және оның жинақталған координата бойынша келтіру; Q_D , Q_C қозғалыстағы жинақталған күштер және сәйкесінше қарсыласу күші.

Алгоритмде Даламбер-Лагранж теңдігі қолданылады, (1) теңдік:

$$Q_D + \sum_{i=1}^N \left[(\vec{P}_{Ci} + \vec{F}_i) \frac{\partial \vec{r}_{oi}}{\partial q} + (\vec{M}_{oi}^{Pc} + \vec{M}_{oi}^F) \frac{\partial \vec{\varphi}}{\partial q} \right] = 0 \quad (2)$$

Варияциялау жолымен келтірілген инерция моментінің дискретті мәндері және оның туындысы арқылы(2) теңдеуі негізінде (1) теңдеуімен қарсыласу күшіне тәуелді механизмнің келтірілген моментін алуға болады. Механизмнің сандық есептелген жинақ алгоритмі келесі негізгі қадамдарды өрнектейді:

$$J_n \ddot{\varphi}_1 + \frac{1}{2} \frac{dJ_n}{d\varphi_1} \dot{\varphi}_1^2 = Q = M_{\ddot{A}} + M_c(\varphi_1, \dot{\varphi}_1)$$

$$\tau \cdot M_{\ddot{A}} + M_{\ddot{A}} = A - B\dot{\varphi}_1 \quad (3)$$

катаң бекітпелі баспақ-автоматтың қозғалысы жоғарыдағы теңдеуде көрсетілген: $\tau \cong 0$, $M_{\ddot{A}} = A - B\dot{\varphi}_1$ қозғалтқыштың статикалық мінездемесі.

Төртінші класты қосиінді баспақ-автоматтымеханизмді динамикалық синтездеу әдістері

(3) немесе (1) теңдеулер негізінде құрылған толық функция ретінде функционалды қабылдаймыз:

$$\mathfrak{R} = \sum_{i=1}^N \left[J_{\Pi,i} \ddot{\varphi}_{1,i} + \frac{1}{2} \left(\frac{dJ_{\Pi}}{d\varphi_1} \right)_i \dot{\varphi}_{1,i}^2 - Q_i \right]^2 \quad (4)$$

Машина агрегаттарының өлшемдері инерция күші, қозғаушы күш және кедергі күш моменттерінің орташа квадраттық айырмаларымен анықталады(4), сондай-ақ, n орынды механизм үшін айналшаққа келтіріледі. Машина агрегаттарының синтезінің кіріс өлшемдері болса технологиялық кедергі күштер $F_5 = F_D$, айналшақтың φ_1 бұралу бұршы, механизм буындарының геометриялық өлшемдері $l_1, l_2, l'_2, l_3, l_4, a, \alpha$, тісті дөңгелектердің беріліс қатынасы u , сондай-ақ l_1 айналшақтың тұрақты қозғалыс зағдылығына байланысты.

Бұрыштық жылдамдық $\omega_1 = \dot{\varphi}_1 = \omega_{CP} + 0.5\delta \cdot \omega_{CP} \cos(\varphi_1 + \nu_1)$ және қосиіннің бұрыштық үдеуі $\varepsilon_1 = \ddot{\varphi}_1 = -0.5\delta \cdot \omega_{CP} \sin(\varphi_1 + \nu_1) \cdot \dot{\varphi}_1$.

Синтездің шығыс өлшемдері инерция өлшемдері болады, яғни массасы және инерция моменті, масса центріне қатысты координаттары S_k . Олар $m_k, J_{S_k}, x_{S_k}, y_{S_k}$ түрінде көрсетіледі, мұнда k буын номері. Машина агрегатының келтірілген инерция моментінің теңдеуі келесі түрде болады:

$$I_{np} = I_{oe} \cdot \mu^2 + I_1 + I_M + \sum_{k=2}^4 y_k \varphi_k'^2 + \sum_{k=2}^5 m_k (x_{S_k}'^2 + y_{S_k}'^2) \quad (5)$$

Ал қалған параметрлер келесі теңдеумен анықталады:

$$\frac{\partial I_{np}}{\partial \varphi_1} = 2 \sum_{k=2}^4 I_k \varphi_k' \varphi_k'' + 2 \sum_{k=2}^5 m_k (x_{S_k}' x_{S_k}'' + y_{S_k}' y_{S_k}'') \quad (6)$$

$$Q = M_{oe} \cdot \mu + F_5 x_{S_5}' + m_1 g (b_1 \sin \varphi_1 - a_1 \cos \varphi_1) - m_2 g y_{S_2}' - m_3 g y_{S_3}' - m_4 g y_{S_4}' \quad (7)$$

Асинхронды электроқозғалтқыштың статикалық сараптамалы өлшемі көрсетіледі M_{oe} :

$$M_{oe} = A_1 - B_1 \mu \dot{\varphi}_1 \quad (8)$$

Буындардың жылдамдық, үдеу аналогы және оның ауырлық центрі (5), (6) және (7) формулалармен есептеледі. Қарастырып отырған механизмнің жылдамдық және үдеу аналогін алдыңғы жұмыстарда қарастырдық, мысалы, (1) және (2) формулалар 2-буынның жылдамдық және үдеуін анық-

тайды. Бірақ біз теңдеу шешімін жеңілдету мақсатында, механизмді массалы деп алып қосиін мен буынды есептейміз, яғни $m_2 = m_3 = m_4 = 0$

Онда

$$\begin{cases} I_{np} = I_0 + m_5 x_{S5}^2, & I_0 = I_{об} \cdot \mu^2 + I_1 + I_M, \\ \frac{\partial I_{np}}{\partial \varphi_1} = 2m_5 x'_{S5} x''_{S5}, \\ Q = (A_1 - B_1 \mu \dot{\varphi}_1) \mu + F_5 x'_{S5} + m_1 g (b_1 \sin \varphi_1 - a_1 \cos \dot{\varphi}_1). \end{cases} \quad (9)$$

Бұларды (4) теңдеуге қойып, Δ ауытқу функциясын аламыз:

$$\Delta = I_0 \dot{\varphi}_1 + m_5 x_{S5}^2 \ddot{\varphi}_1 + m_5 x'_{S5} x''_{S5} \dot{\varphi}_1^2 - A_1 \mu + B_1 \mu^2 \dot{\varphi}_1 - F_5 x'_{S5} + m_1 g a_1 \cos \varphi_1 - m_1 g b_1 \sin \varphi_1 \quad (10)$$

Ауытқу функциясын Δ жалпы полиномды түрде қарастыруға болады және соңғы критерий мына түрде жазылады:

$$\mathfrak{R} = \sum_{i=1}^N \left[\sum_{j=1}^5 P_j f_j(\varphi_{1i}) - F(\varphi_{1i}) \right]^2 \quad (11)$$

Келесі мәндерді (10) және (11) формулалар арқылы енгіземіз:

$$\begin{aligned} x_{S5} &= x_F + a/2; \quad x'_{S5} = -l_1 \sin \varphi_1 - l_2 \sin \varphi_2 \varphi_2' - l_3 \sin \varphi_3 \varphi_3', \\ x''_{S5} &= -l_1 \cos \varphi_1 - l_2 \cos \varphi_2 \varphi_2'^2 - l_2 \sin \varphi_2 \cdot \varphi_2'' - l_3 \cos \varphi_3 \cdot \varphi_3'^2 - l_3 \sin \varphi_3 \cdot \varphi_3''. \end{aligned} \quad (12)$$

$$\begin{cases} P_1 = m_1 a_1; & P_2 = m_1 b_1; & P_3 = I_0; & P_4 = A_1; & P_5 = B_1; & P_6 = m_5, \\ f_1(\varphi_1) = g \cos \varphi_1; & f_2(\varphi_1) = -g \sin \varphi_1; & f_3(\varphi_1) = \ddot{\varphi}_1, \\ f_4(\varphi_1) = -\mu; & f_5(\varphi_1) = \mu^2 \dot{\varphi}_1; & f_6(\varphi_1) = x_{S5}^2 \ddot{\varphi}_1 + x'_{S5} x''_{S5} \dot{\varphi}_1^2, \\ F(\varphi) = F_5 x'_{S5}. \end{cases} \quad (13)$$

Функцияның минимум шарты (11) P_1, P_2, \dots, P_6 коэффициенттерін анықтайтын теңдеулер жүйесін береді:

$$\frac{\partial R}{\partial P_k} = 0, \quad k = 1, 2, \dots, 6 \quad (14)$$

Бұл жүйені мына түрде жазуға болады:

$$\sum_{i=1}^6 c_{ij} P_j = r_i, \quad k = 1, 2, \dots, 6 \quad (15)$$

мұндағы

$$c_{ij} = c_{ji} = \sum_{k=1}^N f_i(\varphi_{1k}) f_j(\varphi_{1k}) \quad (16)$$


$$r_i = \sum_{k=1}^N F(\varphi_{1i}) f_i(\varphi_{1k}), \quad i = j = 1, 2, \dots, 6$$

P_1, P_2, \dots, P_6 анықтағаннан кейін ұқсастық теориясы бойынша физикалық параметрлер анықталады. Егер $m_2 \neq 0$ деп қабылдасақ, онда есеп бейсызықты болады да $P_i = P_i(m_2, I_2, a_2, b_2)$, $i = 1, 2, \dots, 6$ (11) формула бойынша функционалдың минимизациясына қосылады $R = R(m_2, I_2, a_2, b_2)$.


Жоғарыда келтірілген теңдеулердің шешімі келесі алгоритмдерге байланысты:

1. $\varphi_1 \in [0, 2\pi]$ н бірдей бөліктерге бөлеміз;
2. Егер косиніннің орташа бұрыштық жылдамдығы ω_{cp} және теңсіздік коэффициенті δ берілсе, онда бұрыштық жылдамдық үшін $\omega_1 = \dot{\varphi}_1 = \omega_{cp} + 0.5\delta\omega_{cp} \cos(\varphi_1 + \nu_1)$ қабылдауға болады;
3. Онда косиніннің бұрыштық үдеуі $\varepsilon_1 = \ddot{\varphi}_1 = -0.5\delta\omega_{cp} \sin(\varphi_1 + \nu_1) \cdot \dot{\varphi}_1$;
4. (16) формуладан c_{ij} және r_i коэффициенттерін есептейміз;
5. (15) теңдеудегі сызықты жүйені шешеміз және ұтымды өлшемді P_k анықтаймыз;
6. (14) формуладан соңғы физикалық өлшемді анықтаймыз.


MD ADAMS аналитикалық есептеу жүйесінде жүзеге асырылған сандық нәтижелер




2-сурет. Алты буынды механизмді MD Adams та жобалау.




3-сурет. Жетекші буындағы күш пен момент өзгерісі.




4-сурет. 2- буындағы күш пен момент өзгерісі.



5-сурет. 3- буындағы күш пен момент өзгерісі.



6-сурет. 4- буындағы күш пен момент өзгерісі.



7-сурет. 5- буындағы күш пен момент өзгерісі.

Қорытынды

Механизмдер мен машиналарды синтездеу теориясы кинематикалық талдау тапсырмасымен тығыз байланысты. Талдау мен синтездеу тапсырмаларының бірігуі ауыспалы шамалардың және сәйкес параметрлердің өзара тәуелділігін анықтайтын теңдеулердің сәйкес келуімен тұжырымдалған. Синтездеу тапсырмаларын орындаған кезде шектеуші ретінде кинематикалық анализ теңдеуін қолдану қажет. Мысалы: жоғарғы кластымеханизмдердің синтезі есептерін шешкен кезде бес буынды механизм қарастырылған. Сондықтан, бұл тақырыпта аталған кинематикалық тізбекті синтез әдісімен синтезделетін механизмнің орын ауыстыруы, жылдамдығы және үдеулері туралы тапсырмаларды шешу үшін қолдануға болатын кинематикалық, динамикалық талдаудың әдісі ұсынылады.

ӘДЕБИЕТТЕР

- [1] Қосболов С.Б., Жауыт Ә. Тербелісті атқарушы қондырғының буындарындағы қозғалысының дифференциалдық теңдеуі // ҚазҰТУ хабаршысы. - 2011. - №5(87). - Б. 134-137.
- [2] Жауыт Ә. Алтыбуынды жазық иінірелкті механизмі кинематикалық зерттеуге Ассурдың ерекше нүкте әдісін қолдану // ҚазҰТУ хабаршысы. - 2013. - №4(98). - Б. 233-236.
- [3] Жауыт Ә. III класты иінірелкті механизмі кинематикалық зерттеу // ҚазККА хабаршысы. - 2013. - №3(82). - Б. 24-32.
- [4] Жауыт Ә. Тербеліс атқарушы қондырғы механизмі кинематикалық зерттеу // ҚазККА хабаршысы. - 2013. - №3(82). - Б. 32-38.

Жауыт А., Шаратбеков Т. Т.

Динамический анализ пресс-автомата

Резюме: Для исследования предложены сложные механизмы системы динамического синтеза, реализованные в MD ADAMS, что позволяет инженеру и студентам достаточно быстро определить требуемые параметры момента инерции маховика и крутящегося момента привода. Рассмотрен механизм IV класса. Для определения положения, скорости и ускорения единиц плоский механизм для получения анимационных изображений были разработаны программные пакеты, которые были реализованы в системе аналитического расчета MD ADAMS. Рассматривается создание анимационной картины движения.

Ключевые слова: звено, рычажный механизм, координата, коэффициент.

Zhauyt A., Sharatbekov T. T.

Dynamic analysis of the press-automation

Summary: to investigate the complex mechanisms proposed method of dynamic synthesis system implemented in MD ADAMS, which allows the engineer and students to quickly enough to determine the required parameters the moment of inertia of the flywheel and drive torque. In this paper the mechanism of the IV-th class. To perform coursework in the theory of machines and mechanisms for determining the position, velocity and acceleration units' flat mechanism to give the animation pictures were developed software packages that have been implemented in the system of analytical calculation MD ADAMS. In the paper creation of animation picture of motion is considered in details.

Key words: dwell, linkage mechanism, coordinate, factor.

ОӘЖ 622.054

¹А.Н.Құтжанова,²Ж.Е.Дәрібаев,²Н.Г.Дарибаета,¹С.Ж. Айкенова

(¹М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті,
Шымкент, Қазақстан Республикасы

²Қ.И. Сәтбаев атындағы қазақтың ғылыми-техникалық зерттеу университеті,
Алматы, Қазақстан Республикасы)

**МҰНАЙ ӨНДІРІСІНІҢ БҰРҒЫЛАУ ШЛАМЫН ҚҰРЫЛЫС МАТЕРИАЛЫН
АЛУДА ПАЙДАЛАНУ**

Түйіндемe: Бұрғылау үрдісінде ұңғымаға бұрғылау ерітіндісі қабат қысымын ұстауда және ұңғыма қабырғасын бекітуде, бұрғыланған жынысты шығаруда құралды майлап, суыту кезінде беріледі. Нәтижесінде ұңғыма бетінде өңделген бұрғылау ерітіндісі мен ластанған бұрғыланған жыныс (бұрғылау шламы) ағынды бұрғыланған су түзіледі. Осылай мұнай өнімдерін өндіру барысында өндіріс қалдығы ретінде көп мөлшерде бұрғылау шламдары түзіледі. Бұл мұнай шламдары қоршаған ортаны үлкен масштабта биологиялық және химиялық түрде ластайды. Бұрғылау шламдарының қоршаған ортаға зиянын шектеу тұрғысынан оларды құрылыс материалдарын алу үшін шикізат көзі ретінде пайдалануға болады.

Бұл жұмыста бұрғылау шламдарынан дайындалған шихтаны қабатты күйдіру арқылы жылусақтағыш материал – жеңіл бетон толтырғышын алуға арналған зерттеу жұмыстарының нәтижелері және бұрғылау шламдарын күйдіру үрдісінің кинетикалық ерекшеліктері көрсетілген.

Кілт сөздер: мұнай өндірісі, бұрғылау шламы, мұнай шламы, құрылыс материалы, жеңіл бетон, аглопорит, қуысты толтырғыш, бұрғылау ерітіндісі.

Мұнай өндірісі қалдықтарының, соның ішінде бұрғылау қалдықтарының көптеп жиналуы, өз кезегінде қоршаған ортаға зиянын тигізеді. Сондықтан, мұнай өндірісі қалдықтарын қайта өңдеудің тиімді технологиясын жасап, өндіріске ендіру бұл өзекті проблемаларды шешудің бірден-бір жолы болып табылады.

Бұл міндетті шешу үшін, бұрғылау қалдықтарының физикалық-химиялық қасиеттерін анықтау қажеттігі туындайды. Бұрғылау үрдісінде ұңғымаға бұрғылау ерітіндісі қабат қысымын ұстауда және ұңғыма қабырғасын бекітуде, бұрғыланған жынысты шығаруда құралды (инструментті) майлап, суыту кезінде беріледі. Нәтижесінде ұңғыма бетінде өңделген бұрғылау ерітіндісі мен ластанған бұрғыланған жыныс (бұрғылау шламы) ағынды бұрғыланған су түзіледі. Әр түрлі пропорциядағы бұл үш құрамды бұрғылау қалдығы суды, жынысты және ерітіндіні құрайды да, бұрғылау ерітіндісі ластанудан тазартылып, қайта қолдануға беріледі. Осыған орай Ресейдің Батыс Сібір жағдайында 1 м ұңғымаға бұрғылау қалдығы 0,2-ден 0,6 м³-ке дейін келеді. Тазалаудан кейін ерітіндінің үлкен дәрежедегі қайтымы технологияға аз тиімділік . 2000 м ұңғыма үшін бұрғылау қалдығының көлемі 500 м³-ты құрап, бұрғылау қалдықтарының 40-50 %-ы бұрғылау жынысынан, 30-40 %-ы бұрғылау ерітіндісінен және 20 %-ы мүмкін технологиялық тастандылар, жер асты суы мен мұнайдан тұрады. Бұрғылау ерітінділері өз кезегінде 85-89 %-ы судан, 10-10 %-ы бентонитті сазды ұнтақтан тұрады. Қалған 1-5 %-ына түрлі жағу, майлау, антисептикалық, көбік сіңіретін, сүзілмейтін және гидрофобты сұйықтықтар кіреді.

Кең тараған гидрофобты сұйықтықтарға карбомотилцеллюлозаның натрий тұзы, полиакриамид, гептан, графитті жақпа, каустикалық сода, күйдіргіш калий және кальций негізді сода жатады.

Қазіргі кезде Отандық және шетелдік компаниялар түрлі тауарлық сипаты бар қоспалар және полимерлік бұрғылау ерітінділерін пайдаланады.

Синтетикалық көмірсутектер негізіндегі қоспалар сайпан, сайдрил және ДК бұрғылағыштарды және т.б. қоспаларды отырғызуда қолданылады.

Бұрғылау кезінде әрбір ұңғымада тереңдікке қарай қолданушы компоненттердің тізбегімен ерітінділерді қолдану картасы жасалады.

Бұрғылау ерітінділері құрамын дайындау өте жауапкершілікті, сақтықты және маманның біліктілігі мен тәжірибесінің болуын қажет етеді. Қолданылатын компоненттердің көп түрлі болуы, соның ішіндеқоймада (амбарда) орналасқан шламдар бұрғылау қалдығының құрамы мен қасиетіне қарай өзгеріп отырады. Бір шламды амбардың әр түрлі орындарында 5 бірлікке рН көрсеткішінің ерекшеліктері мен айырмашылықтары әртүрлі болады.

Бұрғылау қалдықтарының көбісінің қасиеттері алдын-ала тағайындалған және талап етілген бұрғылау ерітінділеріне байланысты анықталады. Себебі бұрғылау ерітіндісінің жоғары аққыштығына қойылатын талап бұрғылау шламының беріктілігінің қатыспауын негізделген.

Шламдағы микроағзалардың зиянды әсерін азайту үшін жоғары рН көрсеткішті (9-11) бұрғылау ерітінділері қолданылады. Карбометилцеллюлоза қоспасы бұрғылау қалдығының қатты және сұйық фазасын седиментациялау мен суды тазалауды қиындатады. Бұрғылау қалдықтарын қатты және сусымалы материалдармен сұйықтар сияқты сораппен айдауын қиындатумен бірге ол жол құрылыс техникасының жылжуын да қиындатады.

Бұрғылау қалдықтары мұнайдың иісі мен майдың иісі сезілетін аққыш паста тәріздес қою күлгін металды түс массасымен сипатталады. Бұрғылау қалдықтарының тығыздығы бұрғылау ерітіндісі мен бұрғылау шламының тығыздығына байланысты анықталынады. Жоғарыда айтқан Батыс Сібір жағдайында құм мен ерітіндінің арасындағы орта шама 1,3-1,6 т/м³-ты құрайды.

Бұрғылау қалдығының тұтқырлығы (аққыштықтың кері қасиеті) 0,1-4,5Па×с, ал аққыштық ерітіндінің нашар тазалануы кезінде және судың құрамының артуына қарай жоғарылайды. Сусыздандырылған бұрғылау ерітінділері аққыштықты жоғалтып, ұнтаққа оңай айналады.

Түйіршік құрамын зерттеу арқылы бұрғылау қалдығының ірілік құрамындағы бөлшектерінің өлшемі бойынша 10-нан 500 мкм іріліктегі бөлшектер бұрғылау шламына, ал майдасы бентонитке сәйкес келеді. Бөлшектердің өлшем бойынша таралу қисықтығы екі максимумнан тұрады. Бір максимум 20-30мкм бөлшекке, басқасы 200-300 мкм-ға сәйкес келеді. Бұл бұрғылау қалдықтарының төмен гидрооқшаулағыш қасиеттері жыныстың ірі бөлшектері арасынан гидравликалық ағын жүруінің ар-

қасында бентониттің майда бөлшектерінің өтуімен түсіндіріліп, катаю температурасы минус 10-14 °С, кайнау температурасы 120-140 °С жәнесудың құрамының артуы бұл диапазонды тарылтады.

Бұрғылау қалдығы мынадай түрде сипатталады. Сусыздандырылған бұрғылау қалдығының диэлектрлік өткізгіштігі 35-40, магнитті өткізгіштігі бірлікке жақын (жұзмың үлеске бірден жоғары). Химиялық құрамы бойынша суда мұнай, химиялық реагенттер, құм, саздың коллоидты ерітіндісі бар рН көрсеткіші сілтілі ортада 8,5-10,5-ды көрсетеді. Химиялық элементтер ортасында оттегі, сутегі, кремний, көміртегі, темір, кальций, магний, марганец, натрий, калий, хлор, бром және йод басым. Онда аз мөлшерде кадмий, қорғасын, мырыш, мыс, кобальт, сынап, мышьяк, бор, барий, фосфор, титан, хром, никель, вольфрам және т.б. кездеседі. Бұрғылау ерітінділерінің химиялық қосылыстары бойынша су (20-50 %), тотықтар: кремний (40-60 %), алюминий (10-20 %), көміртек (7-90%), темір (5-8 %), кальций (2-5 %), магний (1,5-3 %), натрий (0,5-1 %), калий (0,4-2 %), бор (0,3-0,5 %), фосфор (0,03-0,05 %), марганец (0,03-0,1 %) және жоғарыда аталған элементтер мен олардың сульфаттары мен хлоридтері кездеседі. Бұрғылау қалдығының құрамында мұнай мен мұнай өнімдері 5 %-ға дейін, БАЗ-0,5 %, ал көмірсутектер үшін 50-100 мг/кг, БАЗ-1-10 мг/кг болуы мүмкін.

Жазғы мезгілдің алғашқы айында бұрғылау қалдығын ағызғаннан кейін, бұрғылау қалдығының седиментациялануы жүреді. Қойманың беткі жағында мұнай мен су жиналады. Мұнай қабаты 0,5-10 см, ал судың қабаты – 0,3-1,0 м-ге дейін жетуі мүмкін. Бұл бұрғылау қалдығының сұйық фазасы болып саналады.

Қойма түбінде 2-2,5 м-ге дейінгі тереңдікте гель тәрізді тұнба жинақталады. Әдетте, мұны бұрғылау қалдығының қатты фазасы деп атайды. Қатты фазада су 10-15 %-ға дейін азаяды. Күн сәулесінің әсерінен қойманың бетіндегі су толық булануы және бұрғылау қалдығының қатты фазасының беткі жағы кебуі мүмкін. Нәтижесінде ары қарай кебу әсерінен қатты қабық түзіліп, жарыла бастайды. Бұрғылау қалдығының толық сусыздануы қаттылығы аз көрсеткіште, майда дисперсті сусымалы болып келеді.

Қыс мезгілінде минус 10 °С-дан төмен температурада седиментация процесі жүрмейді. Қатқан қабатты бұрғылау қалдығы жазғы кезең бойы қойма түбінде осылай қалып қоюы мүмкін. Белгілі жағдайда шламды қоймаларда 10-даған жылдар бойы шөп басып кетіп, олардың орнына аздаған су қоймасы пайда болатындықтан, осының нәтижесінде бұрғылау қалдығында улы заттардың аз концентрациясы пайда бола бастайды [1].

Бұрғылау аяқталған соң, әдетте бұрғылау қалдықтары шламды амбарда жыл немесе бірнеше ондаған жылдар ұзақ уақыт сақталып жатуы мүмкін.

Зерттеу барысында бұрғылау кезінде ұңғымадан шығарылған бұрғылау шламын пайдалана отырып, эксперименттік зерттеулер жүргізілді. Бұрғылау шламының химиялық-минералогиялық құрамы және химиялық құрамы 1-кестеде көрсетілген [3].

1-кесте. Бұрғылау шламының химиялық құрамы

Бұрғылау шламы ылғалдылығы, 65-75 %										
Тотық құрамы, мас, %										
SiO ₂	Al ₂ O ₃	Fe ₂ O ₃	TiO ₂	CaO	MgO	SO ₃	Na ₂ O	K ₂ O	Қ.С.А.	Орг. з-р
62,63	11,5	5,65	0,55	5,14	1,15	1,90	1,03	1,99	7,08	2,51

Мұнай өндірісінің қалдықтарынан қабатты күйдіру әдісімен құрылыс материалын алу технологиясын жасауда күйдірілетін шихта құрамына енгізілетін отын түрлерінің жану кинетикасын зерттеу күйдіру үрдістерін фундаменталды тұрғыдан тиімді түрде түсіндіруге мүмкіндік береді [3]. Бұл мақалада шихтаға ендірілетін отын ретінде қосымша көмір майдасы мен мұнай шламының және бұрғылау шламының құрамында кездесетін жанғыш заттардың жану кинетикасына зерттеу жұмыстарын жүргізу жұмыстың негізгі мақсаты болып табылады. Ал, зерттеулердің қалдықтарды қабатты технологиямен күйдіру жұмысы 1-суретте келтірілген ірілендірілген лабораториялық қондырғыда орындалды.

Қабатты күйдіру – түйіршікті материалдардан балку температурасынан төмен температурада қыздыру арқылы өнім шығару үрдісі болып саналатындықтан, бұл үрдіс кезінде материалдың жеңіл балқитын бөліктерінің қатаюы салдарынан бөлшектердің өзара бір-бірімен жабысуы жүреді. Қабатты күйдіру технологиясының тиімділігі энергияның аз жұмсалыуында және материалды күйдіру уақытының үнемділігінде болып табылады. Сонымен қатар күйдіру пешінде шикізаттарда өте үлкен көлемде өндеу мүмкіншілігі бар. Мұндай күйдіру пешінде өңделіп алынған дайын материал, кеуекті, қара түсті өнім болады да, өнім жоғары изоляциялық, яғни жылу сақтағыш қасиетке ие болады. Күйдіруден алынған жылу сақтағыш материалдың түзілуі, яғни үлкен кеуекті бөлшектердің түзілуі жабысу (адгезия), салқын пісіру (сварка) және сұйық фазаның ылғалдануына байланысты жүреді. Осы күйдіру үрдісіне ұқсас қара металлургия өндірістерінің қалдықтарын қабатты күйдіру негізінен шойын өндірісінде және құрылыс саласында, жолдарға төсеуге қолданылады [4].

Қабатты күйдіру үрдісі барысында вакуум шамасы U тәріздес шыны бағанда анықталады. Ең алдымен, қабатты күйдіру қондырғысының цилиндріне шала күйдірілген түйіршіктердің биіктігі 10-15 мм болғанша салынып, содан кейін шихтадан дайындалып кептірілген түйіршіктер цилиндрге толтырылады.



1 – газдың күйін зерттелген термопара; 2 – қабатты күйдіруді зерттеуге арналған термопара.

1-сурет. Тәжірибеде қолданылған қабатты күйдіру қондырғысы

Кинетикалық зерттеулер нәтижесін математикалық тәсілмен өндегенде, үрдіс моделінің екі түрін қолдануға болады [5]:

1) үрдістің белгілі бір моделін түсіндіретін физикалық заңдылықтарға сүйеніп жасалынған үрдіс теңдеуі;


2) үрдісті формалдық тұрғыдан ғана көрсететін эмпирикалық теңдеу.

Бірінші жағдайда, теңдеудің коэффициенттері жүріп жатқан үрдістің табиғатына байланысты болады да, мұндай теңдеу үрдістің жүруіне кедергі жасайтын факторды анықтауға (сыртқы және ішкі диффузия, химиялық әрекеттесу, реакция өнімінің алғашқы түйіршігін түзу) көмектеседі. Бірақ, үрдіске әсер ететін барлық факторларды есепке алу мүмкін болмайтындықтан, кинетикалық зерттеулер қорытындысын жасау өте күрделі болып саналада да, ал екінші жағдайда, тек үрдістің жүру дәрежесінің уақытқа немесе температураға тәуелділігін формалдық тұрғыдан зерттеу мүмкін болып табылады. Мұндай жағдайда теңдеу коэффициенттері есепке алынбайды. Соған қарамастан, бұл теңдеуді үрдістің жүру жылдамдығын анықтау үшін пайдаланып, сол арқылы үрдістің активтендіру энергиясын есептеп шығаруға болады [3].

Зерттеу жұмысында шихта құрамына ендірілетін отын түрлеріне байланысты бұрғылау шламын қабатты күйдіру кезіндегі уақытқа байланысты температураның өзгерісін Зацепин-Фотиев әдісімен анықтау арқылы өңделді.

Төменде 2-суретте бұрғылау шламына қосылған отын түрлерінің жоғарыдағы 1 – суретте көрсетілген қондырғыда күйдіру кезіндегі жану кинетикасын Зацепин-Фотиев әдісіне негіздей отырып, есептеу арқылы тұрғызылған графиктер келтірілген.

Бұл әдісте $\lg h_i = f(1/T_i)$ реакцияның жүру дәрежесі температураға байланысты өзгеруі арқылы түрлендірілді. Мұндағы h_i – реакцияның жүру дәрежесінің температураға байланысты T_i эффекті. Мұнда уақытқа байланысты температура тәуелділігін координат жазықтығына салынуы арқылы сызықтың биіктігі белгіленіп, осы суретті пайдалану арқылы активтендіру энергиясының шамасын анықтау барысында $\lg h = f(1/T \cdot 10^{-4})$ графигі тұрғызылды. Сонан соң графикте көрсетілген түзу мен температура деңгейі көрсетілген абсцисса арасындағы тангенстік бұрышын пайдалану арқылы активтендіру энергиясының мөлшері арнайы Еакт формуласымен есептеп шығарылды. Мұнай қалдығынан жасалынған түйіршіктерді және қабатты күйдіру барысында $\ln h$ және $\ln T$ тәуелділіктері 2-суретте көрсетілген сызықтарды пайдалану арқылы активтендіру энергиясының мәндері анықталды.



2-сурет. Мұнай қалдығы – бұрғылау шламынан дайындалған түйіршіктерді агломерациялық қондырғыда күйдіру кинетикасы

1-қабатты күйдірудегі газ бөліну термограммасы; 2-түйіршіктер қабатындағы күйу термограммасы.

$h_1 - h_4$ қабатты күйдіру кезіндегі түзу сызық бойындағы температура өзгерістері мен уақытқа байланысты биіктік мәндері;

$h'_1 - h'_4$ - газды ортада күйдіру кезіндегі түзу сызық бойындағы температура өзгерістері мен уақытқа байланысты биіктік мәндері

Осылай түйіршіктерді күйдіру нәтижесінде 2а-суретте күйдіру кезінде активтендіру энергиясының мәні – 0,95 кж/моль, ал 2б-суретте отынның қабатты күйуі кезіндегі активтендіру энергиясының мәні – 4,66 кДж/мольге тең шаманы құрайтындығы анықталды.

Бұрғылау шламының бойындағы SiO_2 -нің көптеп кездесуі отын жануының активтендіру энергиясының жану үрдісінде диффузиялық фактор екендігін байқатады және бұрғылау шламының химиялық құрамында Al_2O_3 -нің жеткілікті шамада кездесуі, оның агломерациялық технологиямен күйдіру негізінде алынған құрылыс материалы – жылусақтағыш материал - аглопориттің берік болуына, сондай-ақ, бұрғылау шламының химиялық құрамындағы отынның жануы кезінде пайда болған газ құрамындағы оттегінің отын түйіршіктеріне жету мүмкіндігімен сәйкес келуімен түсіндіріледі.

ӘДЕБИЕТТЕР

- [1] Е.В.Голубев, А.В.Соромотин. Состав и свойства буровых отходов Западной Сибири. ISSN 1991-5497. Мир науки, культуры, образования. № 6 (25), 2010. С. 319-320.
- [2] Извлечение сливных нефтяных отходов из амбаров ЦППН НГДУ «Узеньнефть»// Проект. – М., 1992. - С.89.
- [3] Н.Г.Дарибаева. Разработка теоретических принципов и технологии агломерационного получения строительных материалов из техногенных отходов Кентауского региона.- Автореферат канд. дис.-Шымкент. 2000.-27 с.
- [4] Дәрібаев Ж.Е., Құтжанова А.Н.Күлден дайындалған түйіршіктегі мұнай шламының жану кинетикасына әсері // Қ.А Ясауи атындағы ХҚТУ Хабаршысы. – Түркістан, 2005. – 90-95 б.
- [5] Дарибаев Ж.Е., Кутжанова А.Н., Шалабаева Г.С. Переработка хвостов обогащения свинцовых руд для получения аглопорита. «Поиск» Научный журнал МОН и РК. № 4, Алматы, 2008 ж.

Кутжанова А.Н., Дарибаев Ж.Е., Дарибаева Н.Г., Айкенова С.Ж.

Использование нефтедобывающих отходов бурового шлама для строительных материалов

Резюме. При разработке нефтяных месторождений и бурении нефтяных залежей с целью закрепления стены скважины, охлаждения буровых установки и сохранения давления нефтяной пласты в скважину подаются буровые растворы. В результате подачи образуются буровые шламы в виде промышленных отходов. Эти буровые шламы, ввиду наличия в своем составе нефти, являются причиной биологического и химического загрязнения окружающей среды. Использование буровых шламов в качестве сырья для получения строительных материалов – теплоизоляционных материалов и пористых заполнителей для легких бетонов позволяет ограничить их вредные влияния окружающей среде.

В этой работе показаны результаты слоевого сжигания буровых шламов для получения на их основе теплоизоляционных материалов, пористых заполнителей легких бетонов и приведены особенности кинетики выгорания топлива из шламов буровых растворов.

Ключевые слова: Нефтяная промышленность, буровые растворы, нефтяной шлам, строительные материалы, аглопорит, легкий бетон, пористый заполнитель, буровой раствор, кинетика выгорания.

Kutzhanova A. N., Daribayev Zh. E., Daribayeva N. G., Aikenova S. Zh.

Use of the drilling slimes of oil industries for obtaining of building materials

Summary. When developing of oil fields and drilling of oil deposits with aim of fixation the walls of well, for cooling of the drilling equipment and to maintain the pressure of oil layer into the wells are fed the drilling solutions. In result of fed of drilling solutions in wells in large numbers are formed the drilling slimes in type of industrial wastes. These drilling slimes because of presenting in own composition the oil is the reason of biological and chemical contamination of environment. Use of drilling slimes as feedstock materials for obtain of building materials – the heat-insulating materials and the porous fillers for light concretes allow to restrict its harmful affect in relation to environment.

In this work are shown the results of layer combustion of drilling slimes for obtaining in their basis the heat-insulation materials, porous fillers for lightweight concretes and are given the features of combustion kinetics of fuel burning.

Key words: Oil industry, drilling slimes, oil-slime, building materials, light concrete, agglomerite, porous filler, drilling solution, burnout kinetics.

УДК 519.256

Е. Махмут, Ә.Ф. Оспан, М.Е.Мансурова

(Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Алматы, Қазақстан Республикасы, erlan1031@mail.ru)

**ЖАСЫРЫН ДИРИХЛЕ ҮЛЕСТІРІЛІМІН (LDA) МӘТІНДЕР
САРАЛАНЫМЫ ҮШІН ҚОЛДАНУ**

Андатпа. Соңғы жылдардан бері қарай, тілдік модель Жасырын Дирихле Үлестірілімінің (LDA) мәтіндегі сөздерден сәйкес тақырыптарды жіктеу технологиясы компьютер саласында кеңінен қолданысқа ие болды.

Жасырын Дирихле Үлестірілімі (LDA) - мәтіндерді модельдеуде қолданылатын бақылаусыз, статистикалық тәсіл болып табылады және тексттік мәтіндердің жиынтығының ішінен жасырын семантикалық тақырыптарды анықтайды. Жасырын Дирихле Үлестірілімі бойынша, сөздер байланысы жоғары (strong) семантикалық ақпараттарды ала жүреді, сонымен қатар, мәтіндер ұқсас тақырыптарға талдау жасайды да, осы тақырыптарға

сәйкес сөздер жиынын құрайды. Сөздер тобын айқындайтын жасырын тақырыптар мәтіндер қорында бірге жиі кездеседі. Сондай-ақ, Жасырын Дирихле Үлестірілімі үш-дәрежелі қабатқа ажыратылған Байес моделі болып табылады. Мұнда, коллекцияның әрбір мүшесі тақырыптар жиынында модельденеді. Ал әрбір тақырып болса, тақырып ықтималдықтарының жиынында модельденеді. Текст модельдеудің контексттерінде, тақырып ықтималдықтары бір мәтіннің жоғары деңгейде бейнеленуіне мүмкіндік береді. Біз Байес параметрлерін бағалау үшін Гиббс үлгі жиоалгоритмін негіз етіп, жоғары өнімді жуықтық инференс (inference) технологиясымен таныстырамыз. Біздің зерттеу жұмысымыздың нәтижесі мәтіндерді модельдеу арқылы, текстерді сегменттеуді жүзеге асыру.

Кілттік сөздер: Жасырын Дирихле Үлестірілімі (LDA); Гиббс үлгі жио; Параметрлерді бағалау; Байес-моделі.

Кіріспе

Өте көп сандық мультимедиялық мазмұндарды іздестіру, орналастыру және басқаруда көптеген ыңғайлы әдістер мен шараларды ойластыру, ашу төтенше маңызға ие болып келеді. Мысалы, ерекше көп мәтіндер жиынының не туралы жазылғанын білу үшін, осы мәтіндердің қысқаша мазмұнын сорттап ала алсақ, онда осы мәтіндерде не жазылғанын түсіну бізге қиындық тудырмайды. Нақтылап айтқанда, ол бізге жалпы мәтіндердің не туралы жазылғанын түсінуіміз үшін көмектесе алады. Біз осы әдістерді қолдану арқылы бір мәтіннің басқа мәтіндер арасында сақталған байланысының қаншалық тығыз екенін анықтай аламыз. Тіптен осы әдістерді қолдану арқылы барлық басқа мәтіндер жиынындағы құжаттармен мазмұны сәйкес тұрған ерекше мәтіндерді визуаландырып көрсетіп бере алады. Мұндағы қысқаша түсініктер ауқымды текст деректер қорын индекстеу және іздестіру үшін өте құнды.

Жасырын Дирихле Үлестірілімі (LDA)-мәтіндер жиынындағы деректерге арнаулы түрде сәйкес қысқаша түсініктер қалыптастыру мақсатын мақсат еткен алгоритмнің бір түрі болып табылады. Текст мәтінін модельдеудің бастапқы анықтамасында, Жасырын Дирихле Үлестірілімі бір құжаттың мазмұнын тез арада қортындылаудың тәсілі делінген. Ол пайдаланған сөздердің жиынына назар аударады, себебі сөздер өте күшті семантикалық ақпараттарды ала жүреді және құжаттар ұқсас мазмұндардан құралуы мүмкін. Ал осы мазмұндар ұқсас сөздер жиынан құралуы әбден мүмкін. Дәл осындай негізде, барлық текст мәтіндер жиынын қазбалау, осы ұқсас сөздер жиынын тауып беріп, тексттерде жиі бірге кездесетін болады. Осы сөздер жиынын тақырып арқылы түсіндіреді және тақырыптар қысқаша түсіндірме бөліктерінің құралуында маңызды орынға иеленеді.

Атап айтқанда, Жасырын Дирихле Үлестірілімі Текст мәтіндерінің барлық жиындарындағы жасырын семантикалық тақырыптарды табуға арналған ықтималдық және қалыптастыру моделі болып келеді. Әрбір байқалған тақырыптар өзіне тәуелді сөздердегі ерекше үлестіру арқылы өрнектеледі, әрбір мәтін кездейсоқ араласқан тақырыптардың тұлғасы ретінде, мәтіннің әрбір тақырыпқа жұмсаған уақыт салыстырмасының көрсеткіші арқылы бейнеленеді. Дәл осы тақырыптардың кездейсоқ араласуы, іс-жүзінде біздің айтып отырған “қысқаша түсіндірмеміз”. Ол бір мәтіндегі семантикалық мазмұндарды қарапайым формада білдіріп қоймастан, мәтіндердің сандық құрылымын бейнелеу үшінде принциптік әдістермен қамтиды. [1]

Бір мәтін мен басқа бір мәтіннің қаншалық ұқсас екенін салыстыруда, тек сәйкес тақырыптардың араласқаны қаншалық жақын (ұқсас) екенін бақылау болып табылады.

Мәтінді сегменттеу

Мәтінді сегменттеу – жазылған (сақталған) текстерді мағыналы бөліктерге ажырату (бөлу). Мысалы сөздер, сөйлемдер немесе тақырыптар.

Бұл ұғым екі түрлі жақта қолданылады: бірі, адамдар кітап оқыған уақытта мида жүргізілетін процесс; енді бірі, компьютерде жүргізілетін жасанды процесс, мұнда натурал тілдер процессінің негізгі тақырыптары талқыланады.

Натурал тілдер мен мәтіндерді өңдеу қазіргі таңда жасанды интеллект пен машиналық үйрену технологиясында кездесіп отырған аса маңызды шешуге тиісті мәселелердің бірі болып отыр. Осы саладағы әр түрлі ілгерілеушілік ақпараттарды іздеу, ақпараттарды талдау (filtering), интеллекті интерфейс, тілдерді тану, натурал тілдерді өңдеу және машиналық оқытуға ерекше әсер ету ажыратылады. Деседе, бұл салада пайдаланатын сөздердің грамматикасы мен «нақтылы бейнелеудің» семантикасы арасындағы айырмашылық біз кездесіп отырған келелі мәселелердің бірі болмақ. [2]

Сегменттеудің түрлері

Сегменттеудің келесі түрлері бар:

– Жеке сөздерді сегменттеу – қол жазбалардың жолақтарын(string) осы жолақтардықұрайтын сөздерге жіктеу мәселесі болып табылады. Ағылшын тілі, сондай-ақ басқада тілдер латын алфавитін пайдаланады, сол себепті “бос орын” сөздерді бөлудің тамаша әдісі.

– Сөйлемдерді сегменттеу–қол жазбалардың жолақтарын оның құрамдас сөйлемдеріне ажырату болып табылады. Ағылшын тілі, сондай-ақ басқада тілдер көбінде тыныс белгілерін пайдаланады.

– Тақырыптарды анализдеу екіүлкен міндеттен тұрады: бірі тақырыптарды тану; енді бірі, тақырыптарды сегменттеу. Біріншісі ерекшетексттердің қарапайым кластерлеу барысы болады, мұнда әріптер бір мәтіннің көптеген тақырыптардан тұратындығын көрсетіп бере алады. Ал компьютерге енгізілген тексттерді сегменттеудің міндеті болса, тақырыптарды автоматты түрде тауып, талап бойынша мәтіндерді сегменттеу болып табылады. Тақырыптардың шекарасы бөліктердің тақырыптарынан және параграфтарынан көрінуі мүмкін.

Жасырын Дирихле Үлестірілімі (Lda)

Жасырын Дирихле Үлестірілімі қысқаша LDA (Latent Dirichlet Allocation) деп аталады. Текст мәтіндерінен құралған ауқымды жиындардың ішінде сақталған жасырын семантикалық тақырыптардың көмегімен Текст мәтін жиындарын модельдеу үшін қолданылатын статистикалық, бақылаусыз әдіс болып табылады. Былайша айтқанда, Текст мәтіндерінде сақталған жасырын семантикалық тақырыптарды табу арқылы Текст мәтіндерін модельдеу дегенді білдіреді. LDA-ды түсінудің кілті- мәтінге байланысты сөздер өте күшті семантикалық деректерді ала жүретіндіктен, мәтіндегі мағынасы жуық тақырыптар ұқсас сөздердің тобынан тұрады деп айтуға әбден құқылымыз. Мәтіндер жиынындағы сөздердің тобын анықтау барысында байқалған жасырын тақырыптар-Текст мәтіндерінің ішінде үнемі бірге кездеседі.

Lda моделі

Әдетте, мәтіндер бір сыпыра тақырыптардан тұрады, сол себепті, тақырыптарды дұрыс талдау, талқылау зерттеу жұмысын ойдағыдай жүргізудің кілті болмақ. Ал мәтін болса, ауқымды сөздерден құралған жиын, осы сөздерден құрамындағы ерекше сөздер талқылайтын, талдайтын ерекше тақырыптарды көрсетіп бере алады. Статистикалық натурал тілдерді өңдеу барысында, мәтіндерге тақырып моделін құру әдісінің өзін тақырыптардың сөздер үшін құрылған ықтималдық үлестіруі деп қарастырмауға болады. Ал мәтін болса осы тақырыптардың кездейсоқ араласпасы ретінде, мәтіндегі әрбір сөз осы тақырыптардың бірімен жалғасады.[3]

Мәселен T сандағы тақырып бар деп қарасақ, онда берілген мәтіндегі i-сөз w_i -ды келесідей өрнектеуге болады:

$$P(w_i) = \sum_{j=1}^T P(w_i | Z_i = j) P(Z_i = j) \quad (1)$$

Мұнда, Z_i -жасырын айнымалы немесе табылатын тақырыптар, i-нөмірленген w_i -сөзі осы тақырыптардан алынған дегенді білдіреді; $P(w_i | Z_i = j)$ -нөмірленген сөз w_i -дың тақырып j-ге тәуелділігінің ықтималдық шамасы. T сандағы тақырып W-сандағы талданған бірден-бір сөздерді қамтитын D сандағы мәтінді құрайтын болсын деп қарайық. Белгілеуге қолайлы болу үшін, $\varphi_w^{z=j} (z = j) = P(w | z = j)$ -ды тақырып j-ге қарата W сандағы сөздердегі көп мүшелі үлестіру ретінде қарайық. Мұнда, w-болса W сандағы сараланған бірден-бір сөздердің бірі; $\vartheta_{z=j}^{(d)} = P(z = j)$ -ды мәтін d-ге қарата айтқанда, саны T болған тақырыптардағы көп мүшелді үлестіру ретінде қарайық. Сонымен мәтін d-дегі сөздер w-дың ықтималдығы келесідей болады:

$$P(w | d) = \sum_{j=1}^T \varphi_w^{z=j} * \vartheta_{z=j}^{(d)} \quad (2)$$

Мәтінді сегменттеудің қағидасы (стратегиясы)

Әдетте сегменттелетін мәтіндер сөздік қор тәрбиеленген кезде, өңделмеген жаңа мәтіндерге қарата жүргізіледі. Егер әрбірбелгісіз мәтіндердісөздік қорға кіргізіп болғаннан кейін (басынан бастап) қайталай жаңадан тәрбиелейтін болса, бір жағынан уақытты сырап етсе, енді бір жағынан бұлай істеу қажетсіз. PLSA-моделімен салыстырғанда LDA-моделінің аталуы жағынан кемелді модель бола алуының өзі оның тақырыптардың араласпа ұғымын k-інші параметрленген жасырын кездейсоқ айнымалылар деп қарастырамыз. [4]

Сегменттеудің барысы жалпы алғанда келесідей жүргізіледі:

1. Мәтіндер базасындағы мәтіндердің сөз белгілеріне жеткілікті санда Гиббс үлгі жию алгаритіміне регеция жүргізеді.

2. Өңдеу объектінің (өңдеу объектісі-сөйлемдер, параграфтар, немесе бүтін мәтіндер) ұқсамастығына қарай, алдымен өңдеу объектісін белгілеп, оны d (мәтін, параграф, сөйлем)-деп белгілеп аламыз, сондай-ақ осы сегменттелетін объектідегі барлық сөз белгілеріне қарата Гиббс үлгі жию алгаритімін жүргізеді, ал Гиббс үлгі жию алгаритімінің регеция саны аз мөлшерде жүргізіледі.

3. (4)-формулада көрсетілгендей, φ мен ϑ қарата жеке-жеке есептеу жүргіземіз.

4. $P(w|d) = \sum_{t=1}^T \varphi_t^{z=j} * \vartheta_{z=j}^d$ формуласын пайдаланып сегменттелетін мәтіндегі сөздердің ықтималдық үлестіруін есептеп аламыз.

5. $P(w|d)$ нәтижесі негізінде ұқсамаған мөлшерлеу тәсілін пайдаланып, өңдеу объектісі арасындағы ұқсастық мәнді есептейміз.

6. Соңында, шекараны тану тактикасы бойынша, сегменттелген мәтіндердің ұқсастық дәрежесін анықтаймыз.

Ұқсастықты өлшеу

Мәтіндерді сегменттеуді өнімді жүргізу үшін, мәтін ішіндегі тақырыптардың сызықтық өзгерісі негізінде сегменттеуге қол жеткізу керек және сегменттер арасында шекара болуы тиіс. Сонда ғана сегменттердің ішкі бөлімі ең жоғары семантикалық біркелкілікке ие бола алады да, сегменттер арасындағы семантикалық біркелкілік біршама кіші болады. [5]

Бұл міндетті орындау үшін, алдымен сегменттелетін бөлік S -ты есептелінетін вектор S -арқылы өрнектеп аламыз, онан кейін вектор S -ке негізделіп сегменттелетін бірлік S арасындағы ұқсастықты есептейміз. Бұл арада $S=P(w|d)$.

$P(w|d)$ -ға негізделіп, сегменттелетін бірлік арасындағы ұқсастық мәндерін есептеуде лайықты өлшеу тәсілін талдаған жөн. Ұқсастық қасиетін өлшеудің келесідей бірнеше түрлері бар:

1. Косиносидалық өлшеу тәсілі

Косиносидалық ұқсастықты өлшеу векторлық кеңістікте жатқан екі вектор арасындағы бұрыштың косиносидалық мәнін пайдаланып, екі объект арасындағы айырмашылықтың үлкен-кішілігін бағалайды. Косиносидалық мәні 1-ге жуықтаған сайын, арасындағы бұрыш 0-ге барған сайын жақындайды. Демек, екі вектор бір-біріне барған сайын ұқсай түседі. Келесідей өрнекпен өрнектеледі:

$$Sim_{cos} = \frac{\sum_{w \in W} P(w|d_1)P(w|d_2)}{\sqrt{\sum_{w \in W} P(w|d_1)^2} * \sqrt{\sum_{w \in W} P(w|d_2)^2}}$$

2. Hellinger қашықтық өлшеу тәсілі

Ықтималдық теориясы мен статистикалық назарында, Hellinger қашықтықты өлшеу әдісі- екі ықтималдық үлестіруінің ұқсастық дәрежесін өлшеуде қолданылады. Келесідей өрнектеледі:

$$Sim_{Htl} = \sum_{w \in W} \sqrt{P(w|d_1)P(w|d_2)}$$

3. Clarity өлшеу тәсілі

Ықтималдық теориясы мен статистикалық назарында, Kullback-Leibler қоры, деректер қоры, деректерді қабылдау немесе KL-қоры депте аталады. Ол әдетте екі ықтималдық үлестіруі P мен Q -арасындағы симметриялы емес айырмашылықтарды қарастырады. Келесідей өрнектеледі:

$$Sim_{Clr} = -KL(P(w|d_1)||P(w|d_2)) + KL(P(w|d_1)||GC) - KL(P(w|d_2)||P(w|d_1)) + KL(P(w|d_2)||GC)$$

4. Jensen-Shannon жинақсыз өлшеу тәсілі

Ықтималдық теориясы мен статистикалық салада, Jensen-Shannon жинақсыз өлшеу екі ықтималдық үлестірулер арасындағы ұқсастықты қарастыруда қолданылатын бір түрлі өлшеу әдісі. Келесідей өрнектеледі: [8]

$$Sim_{js} = -KL(P(w|d_1)||\frac{P(w|d_1)+P(w|d_2)}{2}) - KL(P(w|d_2)||\frac{P(w|d_1)+P(w|d_2)}{2})$$

Зерттеу нәтижесі

Тәжірибеге қатысатын барлық мәтіндерді саралап, іріктеп алғаннан кейін деректер базасына кіргіземіз. Мұнда қолданысы өте аз болған сөздерді өшіріп тастаған жөн. Атап айтқанда, тәжірибеге қатысы бар сөздік қордың сөздерін тұрақтап аламыз.

Гиббс үлгі жию алгоритімін өнімді пайдалану үшін, алдымен тақырып саны T -нің ең тиімді мәнін сондай-ақ burn-in қашықтығы мен thinning қашықтығының алатын мәнін тәжірибе арқылы белгілеп алып, онан кейін мәтіндерді сегменттеуге тексеруге алып барған жөн.

Тақырып санын белгілеу

LDA ең қарапайым тақырыптық модель болғандықтан, іс-жүзінде қолдану барысында келесідей мәселе туындап отыр. Тақырыптардың санын пайдаланушы (адам) өзі тұрақтандырады. Мұндайды іс-жүзінде қолдану барысында, тақырыптардың санын пайдаланушы өзі тұрақтандыру- ең ұтымды шарттарды қанағаттандыруға жеткіліксіз етеді. Деректер базасына қатысты айтқанда, алдымен мәнін тұрақтандыратын айнымалылар параметрлері α, β , сондай-ақ, тақырып саны K болмақ.

Тақырып саны K -Гиббс үлгі жию алгоритімінің орындалуына табиғи әсер етеді. Сол себепті, алдымен α, β -ның мәнін тұрақтап алып, одан кейін K -ге лайықты мән талдасақ болады. Әдетте, $\alpha = 50/K, \beta = 0.01$ (бұлар сан реткі тәжірибе барысында қортындыланған).

Тәжірибе барысы

Алдымен деректер жиынына қарата алдын-ала өңдеу алып барамыз, яғни, сөздерді бөлу, істелмейтін сөздерді шығарып тастау алгоритімінен пайдаланып сәйкес мағыналы сөздерді векторлық кеңістікте орналасытырып, мәтін сөздерінің матрицасын құрып аламыз. Онан кейін, осы матрицаға сәйкес келетін LDA-моделін құрып шығып, тақырып ықтималдық үлестіруіне сәйкес келетін екі матрицаны өрнектеп аламыз, яғни мәтін-тақырып матрицасы мен тақырып-сөздер матрицасы. Соңында, осы екі матрицаның көмегінде әрбір тақырыпқа сәйкес келетін сөздердің үлестіруіне қол жеткіземіз.

Тәжірибенің нәтижесі

Біз бұл тәжірибеде K -ның мәні, сондай-ақ әрбір тақырыпқа үлестірілетін сөздердің санының өзгерісіне байланысты, үлестірілген сөздердің біраз ұқсас тақырыптарды шынайы бейнелеу дәрежесі мен ұқсамаған тақырыптардың біраз мәтін мазмұнын бейнелеу шынайылығына көз жеткіздік.

Төменде, $K=3,5$ және $m=5,7$ болған жағдайлардағы әрбір тақырыптарда үлестірілген сөздердің жиілігі көрсетілген. Мұнда, K -тақырып саны, m - әрбір тақырыптарда үлестірілген сөздердің саны.

Кесте 1. $K=3, m=5$ болған уақытта

topic0	topic	topic	document	displaystyle	words
topic1	northern	trust	private	equity	ibm
topic2	cat	birds	cats	immigrants	people

Кесте 2. $K=3, m=7$ болған уақытта

topic0	northern	trust	private	equity	ibm	blockchain	solution
topic1	cat	birds	cats	immigrants	people	local	pets
topic2	topic	model	document	displaystyle	words	variables	dirichlet

Кесте 3. $K=5, m=5$ болған уақытта

topic0	topic	model	document	displaystyle	words
topic1	including	security	based	asset	technology
topic2	immigrants	people	including	undocumented	country
topic3	cat	cats	local	pets	birds
topic4	northern	trust	private	equity	ibm

Кестеге қарап тақырып санының артуы және кемуі, сондай-ақ, әрбір тақырыптарда үлестірілген сөздер санының біразы мәтіндердің не туралы жазылғандығын шынайы бейнеленуіне әсер ететін факторлардың бірі екенін көріп алуға болады. Кесте 3 -те көрсетілгендей, тақырып санын лайықты белгілеу мәтін мазмұнын шынайы бейнелеуде ерекше маңызды орынға ие. Сондықтан, тақырып санын тұрақтандыру тәжірибе барысында көңіл бөлетін маңызды мәселелердің бірі болмақ.

ӘДЕБИЕТТЕР

- [1] Latent Dirichlet Allocation. David M. Blei. Journal of Machine Learning Research 3 (2003) 993-1022
- [2] <http://blog.csdn.net/mytestmy/article/details/39269105>
- [3] https://en.wikipedia.org/wiki/Latent_Dirichlet_allocation
- [4] http://blog.csdn.net/v_july_v/article/details/41209515
- [5] <http://blog.csdn.net/pirage/article/details/50239125#comments>
- [6] <http://www.jianshu.com/p/50295398d802>
- [7] <http://blog.csdn.net/yangliuy/article/details/8330640>
- [8] Shi Jing, Dai Guo-Zhong. Text segmentation based on PLSA model. Journal of Computer Research and Development, 2007, 44(2); Pages:242-248(in Chinese)
- [9] WANG Zhen-zhen, HE Ming, DU Yong-ping. Text Similarity Computing Based on Topic Model LDA, 2013, 40(12);Pages:229-231(in Chinese)
- [10] LIU Ming, WANG Xiao-long, LIU Yuan-chao. Research on Text Segmentation Based on Topic Analysis, 2009, 37(2);Pages:278-283(in Chinese)
- [11] SHI Jing, LI Wang-long. Research on comparison of three topic segmentation approaches, 2009, 45(18);Pages:135-138(in Chinese)
- [12] SHI Jing. Overview of Text Segmentation, 2006, Pages:155-159
- [13] Martin Riedl, ChirsBiemann. TopicTiling: A Text Segmentation Algorithm based on LDA, 2012, Pages:37-42
- [14] DUAN Xiao-Li, Wang Yu. The Subject Extraction Based on Topic Segmentation and PageRank Algorithm, 2010, Pages:34-39(in Chinese)

Махмут Е., Оспан Ә.Ф., Мансурова М.Е.

Использование Латентного Дирихле Распределения для анализа текстов

Резюме. В работе мы показали, что значения K , а также числа слов в каждой распределенной теме и непохожие темы могут анализировать содержание текста. Таким образом, Латентное Дирихле Распределение оптимальный вариант для анализа текстов.

Ключевые слова: Латентное Дирихле Распределение (LDA); семплирование по Гиббсу, оценка параметров: Модель Байеса

Mahemuti Y., Ospan A.G., Mansurova M.Y.

The use of Latent Dirichlet Allocation for text mining

Summary. In this article, we used Latent Dirichlet Allocation for text mining. In work we have shown that the values of K , as well as in connection with the change in the number of words in each distributed topic and different topics can describe the content of the text. Thus, Latent Dirichlet Allocation is the best option for the analysis of texts.

Key words: Latent Dirichlet Allocation(LDA); Gibbs Sampling; Parameter estimation; Bayesian model

УДК 637.072

Ж.Ә. Жарылқасынова, Г.М. Асилова

(Алматы технологиялық университеті, Алматы, Қазақстан Республикасы)

КӘДІ ҚОСЫЛҒАН ЕТ АСПАЗДЫҚ ӨНІМДЕРДІҢ ҚҰРАМЫНДАҒЫ АУЫР МЕТАЛДАР МӨЛШЕРІН ЗЕРТТЕУ

Андатпа. Қазіргі кезде барлық табиғи орталарда бақыланып отырған ластаушы химиялық заттардың негізгілерінің бірі – ауыр металдар.

Оларға мырыш, қорғасын, висмут, мыс, сынап, никель, кадмийжатады. Ұсынылып отырған жұмыста құрамында өсімдік компоненті бар аспаздық ет өнімінің ауыр металға көрсеткіші зерттелді. Физика-химиялық әдіспен құрамындағы ауыр металдардың мөлшері анықталды. Сынақ нәтижелері бойынша зерттеліп отырған өнімнің қауіпсіз екені айқын көрсетілген.

Кілтті сөздер: ауыр металдар, қорғасын, кадмий, ет аспаздық өнім, кәді.

Кіріспе

Қазіргі кезде барлық табиғи орталарда бақыланып отырған ластаушы химиялық заттардың негізгілерінің бірі – ауыр металдар.

Оларға мырыш, қорғасын, висмут, мыс, сынап, сүрме, никель, кадмий жатады. Кейбір бүйрек, бауыр, буын сияқты мүшелерде жинақталып, адам денсаулығына үлкен қауіп төндіреді.

Көптеген ауыр металдар, олардың ішінде қорғасын, кадмий, хром, никель улы заттардың қатарына жатады. Олар тағам, су, ауа арқылы организмге түскенде ыдырамайды, керісінше, тірі организмдерде жинақталып, ұзақ уақыт бойы сақтала алады және аккумуляцияланған у ретінде әсер етеді. Сондықтан, ауыр металдардың қоршаған ортадағы мөлшері белгіленген шамадан аспауы керек [1].

Ауыр металдардың басқа ластаушылардан мынандай ерекшеліктері бар:

бірінші- ауыр металдар арнайы ластаушы заттар тобына жатпайды, себебі бұлтаттар арнайы ластағыштарға қарағанда (мысалы, пестицидтер мен бензапирен) биосферада қалыпты, экологиялық таза аймақтарда да кездеседі;

екінші-ауыр металдарға “өзін-өзі” тазарту ұғымы қолданылмайды, яғни олар қоршаған ортада ыдырамайды. Олардың жартылай тазаруының алғашқы кезеңі (бастапқы жинақталуының жартысы) әр элемент үшін әртүрлі және ұзақ уақытты қажет етеді: мырыш 70-310 жылға дейін, мыс 310-1500 жыл, кадмий 13-110 жыл, қорғасын 740-5900 жылды қажет етеді. Бұл көрсеткіштер топырақ түріне, ортаның қышқылдығына және тағы басқада қасиеттерге байланысты өзгеріп отырады.

Материалдар және әдістер

Адам ағзасының қалыпты дамуында, дененің сау, санасының сергек болуында табиғи да таза тамақ өнімдерінің рөлі аса жоғары болатындығы белгілі. Алайда, қазіргі заманда әртүрлі техногендік әсерлерден, қоршаған ортаның ластануы салдарынан әлемде малдың қауіпті жұқпалы аурулары пайда болуымен қатар, адам ағзасы үшін аса қауіпті химиялық зиянды элементтер (мыс, қорғасын, сынап, мырыш қатарлы улы металдар, радионуклидтер, пестицидтер мен антибиотиктер т.б.) малдың жайылымы мен жем-шөп, өсімдік арқылы малға беріліп, мал өнімдері арқылы адам ағзасына еніп, әрқилы аурулардың туындауына себепкер болуда.

Сондай-ақ қазіргі кезеңдегі өндірістік технологияның дамуы нәтижесінде азық-түлік тағамдарын дәмдендіру, сақталу мерзімін ұзарту мақсатымен түрлі тағамдық қоспаларды пайдалану да азық-түлік өнімдерінің табиғи құрамына айтарлықтай өзгерістер келтіруде. Кейбір өндіріс орындары өнім көлемін ұлғайту үшін де тағамдық қоспаларды пайдаланудың түрлі технологиялық әдіс-тәсілдерін қолдануда. Мысалы, етті аспаздық өнімдерді өндіру кезінде сапасы төмен шикізат қалдықтары, нан мен малдың ішкі ағзаларын пайдалана отырып өнімнің өзіндік құнын азайтып, өндіріс көлемін ұлғайту іс әрекетін бүркемелеу үшін де әртүрлі дәмдеуші, әрлеуші қоспаларды қолданатыны белгілі. Соны ескере отырып, біз өз зерттеу жұмысымызда етті аспаздық өнімге кәдіні қосу арқылы, оның құрамы мен құндылығын жоғарлатуға тырыстық.

Қазіргі жаһандық заманда және лас экологиялық жағдайда адам ағзасы аса қажетті табиғи ақуыз, түрлі минералды заттар мен дәрумендер алатындықтан басқа тағам түрлеріне қарағанда биологиялық құндылығы өте зор жартылайфабрикаларға деген сұранысы да әрқашан жоғары болып келді. Әлем елдерінде ет аспаздық өнімдерін өндіру көлемін ұлғайту үрдісі тек табиғи шикізат көздері есебінен ғана жүзеге асырылып отырған жоқ. Әсіресе, соңғы кездері ет аспаздық өнімдерін өңдеу кәсіпорындары өз мүдделерін тұтынушы мүддесінен жоғары қойып, өнім көлемін арттыру үшін тағамдық құндылығы төмен қосымша өнімдер (өкпе, бауыр, ішек, қарын т.б.) мен әртүрлі қоспаларды кеңінен пайдалануда. Мұндай қоспалар тамақ өнімдерінің биологиялық құндылығын төмендетеді. Себебі, өнім құрамында толыққұнды ақуыз мөлшері жеткілікті бола алмайды [3].

Зерттеу нәтижелері

Осы жағдайлардың барлығын ескере отырып, ет аспаздық өнімдердің құрамындағы ауыр металдардың мөлшерін реттеу үшін арнайы ГОСТтар жасалды. Біз өз зерттеу жұмысымызда, яғни кәді қосылған ет аспаздық өнімдердің құрамындағы ауыр металдарды анықтау үшін ГОСТ 30178-96 қолдандық және мен қорғасын мен кадмийдің бар немесе жоғын анықтадық (Кесте 1) [2].

Кесте 1. Кәді қосылған ет аспаздық өнімдердің құрамындағы ауыр металдар мөлшері

Ауыр металдар мг/кг	НҚ бойынша нормасы	Нақты нәтижелер	Зерттеу үшін НҚ
Қорғасын	0,5	Байқалған жоқ	ГОСТ 30178-96
Кадмий	0,05	Байқалған жоқ	ГОСТ 30178-96

Қорытынды

Қорытындылай келе соңғы жылдары біздің елде тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі жөнінен бірқатар техникалық регламенттер мен заң актілері қабылданғанын айтқымыз келеді. Солардың бірі 2010 жылы мамырда қабылданған «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы. Бұл заңда тұтынушы мен сатушының құқылары мен міндеттері, әсіресе, тұтынушылар мүддесі тұрғысынан жан-жақты қарастырылып, айқындалған. Сондай-ақ, тауардың және көрсетілген қызметтің кемшіліктері салдарынан өміріне, денсаулығына немесе мүлкіне келтірілген зиянды толық көлемде өтетуге тұтынушының құқығы бар. Яғни, ет аспаздық өнім ғана емес, кез-келген өнімді алып, оның құрамында ауыр металдар кездескен жағдайда және ол денсаулыққа зиян келтірсе жоғарыда айтылған Заңға жүгіне аласыз.

Жарылкасынова Ж.А., Асилова Г.М.

Исследование тяжелых металлов в составе мяса кулинарных изделий с добавлением кабачка

Резюме. Насегодняшний день основными из химических загрязнителей, который контролируется в окружающей среде это тяжелые металлы. К ним относятся цинк, свинец, висмут, медь, ртуть, никель, кадмий.

Данная работа посвящена исследованию тяжелых металлов в кулинарном изделии на основе мяса с добавлением растительного компонента. Физико-химическим методом были определены содержание тяжелых металлов. На основе полученных экспериментальных результатов установлены качество и безопасность исследуемого продукта.

Ключевые слова: тяжелые металлы, свинец, кадмий, мясные кулинарные изделия, кабачок.

Zharylkhasynova Zh.A., Asilova G.M.

A study of heavy metals in the composition of meat food products with the addition of zucchini

Summary: To date, the main man-made pollutants, which is controlled throughout the natural environment is heavy metals. These include zinc, lead, bismuth, copper, mercury, nickel, cadmium.

This work is devoted to study of heavy metals in food product based on meat with the addition of vegetable component. Physico-chemical method was determined the content of heavy metals. Based on the experiments results showed the quality and safety of the investigational product.

Keywords: heavy metals, lead, cadmium, meat culinary products, sprout.

ӘОЖ 53.087:628.98

Ә.С. Туртаева, Ж.Б. Омарова, Н.Р. Мажренова
(Әл-Фараби атындағы қазақ ұлттық университеті,
Алматы, Қазақстан Республикасы, turtaeva.asel@mail.ru)

ҚОЗҒАЛЫСҚА СЕЗІМТАЛ ДАТЧИКПЕН ЖҰМЫС ЖАСАЙТЫН ШАМДАРДЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ТЕХНИКАЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРІН БАҚЫЛАУ ӘДІСТЕМЕСІН ЕНГІЗУДІҢ ҒЫЛЫМИ-ТЕХНИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕУІ

Түйіндемe. Бұл мақалада коммуналды-тұрмыстық шаруашылықта сезімтал қозғалыс датчиктердің негізінде жұмыс жасайтын жарық диодты шамдардың жұмыс жасау қауіпсіздігінің кепілі болатын шамдар өндірісін техникалық нормалар мен регламенттер бойынша бақылау, техникалық көрсеткіштері бойынша сынау және сәйкестігін бағалау тәртібі мен жолдары қарастырылған. Инфракызыл сәулеге сезімтал датчикті шамдарды техникалық сынау барысында заманауи гониофотометр аспабын қолдану әдістемесі сипатталды. Зерттеу барысында жарық техникасында қолданылатын барлық шамдармен салыстырғанда жарық диодты шамдар экономии-

ка және экология тұрғысынан тиімді екені және салыстырмалы түрде ұзақ мерзімді екендігі анықталды. Оған қоса, мақалада датчикті шамдардың сәйкестігін бағалаудағы жаңа технология - Metrix PX110 аспабын қолдану әдісі қарастырылды. Бұл әдіс тиімді және шамдардың техникалық сипаттамаларына байланысты өзге әдістерге қарағанда аз уақытты және ақшаны қажет етеді.

Кілттік сөздер: жарық техникасы, жарық диод, инфрақызыл жарық, жарық ағыны, Френель линзасы, фотоэлемент.

Соңғы онжылдықта коммуналды-тұрмыстық шаруашылықта жарықтандыру көзі болып сезімтал датчикті шамдар қолданылуда. Мұндай технология өзінің үнемділігі және ұзақ мерзімділігімен ерекшеленеді. Сондай-ақ, жылдам қосылуы мен жыпылықтаусыз жұмыс істейтінімен эффективті болып келеді.

Қазіргі таңда, коммуналды-тұрмыстық шаруашылықта жарықтандыру жүйесіне барлық электр энергиясының 15 % -нан көп мөлшері жұмсалады (ақп. Наумов А.Л.). Сонымен, мұндай эффективті электр технологиясының еліміздегі қолданысы 3%-дан аспайды. Осыдан, есептеулер бойынша, сезімтал датчикті шамдар қолдану энергиясының 70 %-ын көп мөлшерін үнемдейтінін ескеретін болсақ, мұндай жаңа технологияға көшу барысында коммуналды-тұрмыстық шаруашылықтағы жарықтандыру жүйесі елімізде қолданылатын барлық электр энергиясының 10 %-ын қамтитын болады.

Жобаның тиімділігі:

- Электр энергиясын 51% - дан артық үнемдейді;
- Алыстан мониторинг жасау мен бақылаудың есебінен эксплуатациялық шығындарды, сондай-ақ, бригадалардың шығуын қысқартады;
- Шамдардың құрамында зиянды заттар (сынап) болмағандықтан, оларды арнайы пайдаға асыру қажет емес (экологиялық қауіпсіз);
- Датчиктің жиі қосылуы аспаптың тез тозуына әсер етпейді;
- 100 000 сағаттағы жұмысы басқа да жарықтандыру шамдарының жұмыс жасау мерзімінен шамамен екі еседей жоғары;
- Шамның қосылуы электр желісінің жүктемесіне әсер етпейді.

Атаулы шамдар сезімтал детектор датчиктері негізінде жұмыс жасайды. Датчиктер – процестің параметрлерін, машиналардың жұмысын сезетін, және басқа мөлшерге түрлендіретін құрылғы. Датчиктер арасында ең көп қолданылатыны - электрлік датчиктер. Электрлік датчиктер көбіне инфрақызыл жарық негізінде жұмыс жасайды[2].




1-сурет. Бөлшектелген қозғалыс датчигі

Заманауи жарық шамдардың (жарық диодты шамдар) датчик негізіндегі жұмыс істеу принципі

Датчиктің жұмыс істеу принципі датчиктің жұмыс істеу өрісіндегі (әдетте пирозэлектрлік) ИҚ - сәулені қадағалауға негізделген. Датчик шығысындағы сигнал ИҚ -сәулену деңгейіне тікелей қатысты болып келеді. Датчиктің бақылау өрісінде адам (не болмаса, сол сияқты массивті нысан) пайда болғанда, пирозэлектрлік датчик шығысында кернеу пайда болады. Нысанның қозғалып жатқанын анықтау үшін оптикалық жүйе –Френель линзасы қолданылады. Оптикалық жүйе сегменттері (линзалар немесе айна) ИҚ-сәулені, сондай-ақ, электроимпульс шығаратын пирозэлементінде көрсетеді. ИҚ-сәуленің орын ауыстыру шамасына байланысты ол оптикалық жүйенің түрлі сегменттері бойынша жиналады және оптикалық жүйенің әр түрлі сегменттерімен

бағытталады. Бұл жалғаспалы бірнеше импульстардың пайда болуына әкеледі (2-сурет). Қорғаныс дабылы жүйесінде пайдаланылатын датчиктер «құрғақ байланыс» типіндегі шығыс реледен тұрады[1].



2-сурет. Сезімтал қозғалыс датчиктің жұмыс істеу принципі

ИК-сәуленің жарығы температураға тәуелді болып келеді. Температурасы жоғары болса, жарық, төмен болса, жарқырауы да әлсіз болады. Адамның ИК жарықталуы басқа денелерден ерекшеленеді, мысалы, салқын терезе ИК- жарықталуымен салыстырғанда адамның контрасты өзгеше болады. Адамның өрісте пайда болуы дереу анықталады.

Адамның ИК-сәуле жарығы және жылы дененің ИК-сәуле жарығы айтарлықтай бірдей болып келеді. Адамның ИК-сәуле жарығының және жылы дененің ИК-сәуле жарығының контрасты арқылы ажыратып алуға болмайды. Сол себепті барлық дерлік датчиктер шатасып жарық беруі мүмкін. Сезімтал қозғалыс датчиктері ИК-сәуленің фотоэлементте пайда болғанын сезеді. Датчиктер, сонымен қатар, егер де адам қозғалыссыз, бірақ датчиктің сезу өрісінде болатын болса, датчик жарықты өшіреді. Сол себепті подъезде не бөлме ішінде жарық өшіп қалмауы үшін тым болмаса саусақтармен қозғалтып отыру қажет.

Қозғалыс датчиктерді кез келген шамдарға орнатып қолдануға болады, дегенмен тым көп қосылу-өшірілу әсеріне қабілетсіз тұрмыстық дәстүрлі (қыздыру шамы, люминисценті және т.б) шамдар жанып кете береді. Сол себептен, қазіргі таңда қозғалыс датчиктерді жарық диодты шамдарға орнатады[3].

Жарық диодты шамдар өндірісінің технологиялық процесі:

1. Алдын-ала дайындалған платаға жарық диодтар орнатылады.
2. Кейіннен арнайы интеллектуал машина – «орнатқыш» – бірнеше секунд ішінде «драйвер» деп аталатын қосымша платаға ондаған микросхемаларды орнатады.
3. Кейіннен «драйверді» термошөккіш арқанмен сығымдайды, бұл оны қызып кету мен түрлі зақымдардан қорғайды.
4. Осыдан кейін жарықдиодтар орнатылған платаны және драйвердің өзін шам корпусына орнатады.

Корпусты сығымдайды, шеттік саңылаулар бекітіледі және мұның барлығы картон жәшікке салынады.

Шамдарды техникалық сынау процесі

Зертханаларда шамдарға заманауи жоғары технологиялық жабдықтар көмегімен сынау жүргізу барысында жарықтандыру құрылғысының келесідей параметрлерінің нормативтерге сәйкестілігі тексеріледі:

- жарық күшінің қисығы, оның типін анықтау;
- жарықтың максималды және минималды осьтік күші;
- жарықтың максималды бағыты;

- жарықтың таралу класы;
- жарық ағыны;
- жарықтық берілу;
- толқын ұзындығының диапазонындағы (380-800 нм) спектралды сипаттамалар;
- жарықтық температура 1500-25000 К;
- жарықты тасымалдау индексі;
- жарық ағынының жұмыс уақытына тәуелділігі[5].

Жарық диодты шамдардың жарық күшінің таралуын өлшеу

Жарық диодты шамдардың жарық күшінің таралуын өлшеу *гониофотометр* көмегімен жүргізіледі.

Гониофотометр арқылы шамдарды дәлдеу (юстировка) талаптары. Гониофотометр шамдарды бекітуге арналған тетіктен тұруы қажет. Бекіту тетігі олардың жұмысшы кейпіне сай болуы қажет. Бастапқы жұмысшы кейпі ретінде гониофотометриялық жүйенің айналу центрімен шамның фотометриялық ортасымен, ал оның полярлы өсімен (фотометриялаудың жарты жазықтықтарының қиылысу сызығы) шамның оптикалық (жүйеде), тігінен және бағана бойынша осі сәйкестендірілген жағдайы алынады.

Жарықтың шашырау класын анықтау. Жарықтың шашырау класын төменгі жарты сферадағы ($\Delta\Phi_{\text{нп}}$) жарық ағынның үлесі, %, бойынша, келесі формуламен анықтайды:

$$\Delta\Phi_{\text{нп}} = \Phi / (\Delta\Phi_{\text{нп}}) \cdot 100 \quad (1)$$

мұн: $\Delta\Phi_{\text{нп}}$ – төменгі жарты жазықтыққа сәуленелетін шамның жарық ағыны, лм; Φ – шамның толық жарық ағыны, лм

Шамдардың температуралық әсерлерінен жарықтық және түстік параметрлерінің өзгеруіне сынау жүргізу.

Жарық ағынының және ТТК мәнінің тұрақтылығын қоршаған ортаның температуралық әсерінен кейін анықтайды.

Сынаууды оптикалық құрылғылармен жабдықталған климаттық камера ішінде жүргізеді. Мысалы, шамнан жарықты фотометрия басына және спектрометрге әкелу үшін талшықты жарық диодтар қолданылады.

Камерадағы шам өзінің жұмысшы қалпында орналастырылады. Уақытты үнемдеу үшін екі түрлі, яғни салқындық және жылулық камераларда сынау өткізу рұқсат етіледі (қалыпты температурада шамды бір камерадан екіншісіне өткізеді).

Шамның жарық ағынының өзгеруін анықтау пропорционал шаманың, мысалы, камера сыртында орнатылған және жарық диод көмегімен жарық шығарып отыратын қабылдау бөлігінің жарықтандыру деңгейі мәнінің өзгеруіне қарап орындалады. ТТК өзгеруін (көрсеткіштері және т.б.) спектрометр және спектроколориметр көмегімен анықтайды[4].

Сынау жүргізу тәртібі

Шамды камераға орналастырады, ортаның температурасын 25 °С қылып орнатады, шамды жағады, 3 сағат ішінде оны осы қалыпта ұстап тұрады, кейіннен көрсеткіште алынады. Шамды өшірмей тұрып, камера ішіндегі температураны 40 °С етіп орнатады, 3 сағат ішінде оны осы қалыпта ұстап тұрады, кейіннен көрсеткіште алынады. Шамды өшірмей тұрып, камера ішіндегі температураны 25 °С қылып орнатады, шамды жағады, 3 сағат ішінде оны осы қалыпта ұстап тұрады, кейіннен көрсеткіште алынады.

Шамды өшіреді. Камера ішіндегі температураны 40 °С етіп орнатады, шамды қосады және осы температурада 3 сағат ұстайды, көрсеткіштер жазылады. Камерадағы шамды өшірмей, температураны 25 °С-ге дейін төмендетеді, 3 сағат ішінде оны осы қалыпта ұстап тұрады, кейіннен көрсеткіште алынады.

ГОСТ МЭК 60598-1 стандарт бойынша жарықтандыру құралдарының талаптары реттеледі. Осы стандарт бойынша жарықдиодты шамдарға қойылатын басты талаптар:

- Жалпылама қолдануға арналған жарықдиодты сезімтал датчикті шамдардың жарықтық берілу коэффициенті 60% - дан төмен болмауы қажет.

• Технические науки

• Жалпылама жарықтандыруға арналған шамдардың ПӘК-і және мекеме ішінде қолданылатын шамдардың жарықтық берілу коэффициенті 50% - дан аз болмауы қажет. Шашырау элементтерден тұратын шамдардың ПӘК-інің және жарықтық берілу коэффициентінің 10% - ға төмендеу жағдайы рұқсат етілген.

• Нақты бір типке немесе топқа жататын шамдардың техникалық шартында келесідей жарықтың техникалық параметрлері келтірілуі қажет:

1. жарықтың шашырау класы;
2. жарықтың қисық күшінің типі (тұрмыстық мекемелерде орнатылатын
3. шамдардан басқа);
4. ПӘК-і;
5. қорғаныс бұрыштары (өндірістік, жалпылама және тұрмыстық шамдар);
6. жарықтың шектік зонасы және осы зонадағы габаритті жарықты
7. (жалпылама және тұрмыстық ғимараттарға арналған шамдар үшін);
8. ТТК;
9. жарықтық берілу және берілу коэффициенті.

• Өндірістік орындарға арналған шамдар 30°- тан кем болмайтын қорғаныс бұрышын қамтамасыз ететін жарықты өткізбейтін материалдардан тұратын шағылдыратын құраушылардан тұруы қажет.

• Шамдардың габаритті жарықтылығы жарықтың шектік зонасындағы мәні 2000 кд/м-ден аспауы қажет.

• Жұмысшы бетінің жарықтылығы 300 лк-тан кем болмауы қажет.

• Максималды жарықтықтың минимал жарықтық мәніне қатынасы 3-тен аспауы қажет.

Сезімтал датчикті жарық диодты шамдардың сәйкестігін растауға қажетті техникалық регламенттер:

- [Аз вольтті аспаптар техникалық регламенті](#)
- Аспаптардың электромагнитті сәйкестілігі техникалық регламенті
- [Машиналар қауіпсіздігі техникалық регламенті](#)
- [Радиокұрылғылар мен телекоммуникациялық терминалды аспаптар](#) техникалық регламенті
- [Тұрмыстық шамдарды қаптау техникалық регламенті](#)
- Тұрмыстық электр аспаптарды энергетикалық қаптау техникалық регламенті
- [Электрлік және электрондық аспаптарда қауіпті заттарды пайдалану шектемелері техникалық регламенті](#)

Шамдарды жасау өндірісіндегі технологиялық процестің сәйкестігін бағалау тәртібі:

• өндірістік кәсіпорынның сәйкес стандарттарға сәйкестілігі;

• шам құраушыларын сатып алу жүйесін ұйымдстыру, кіріс бақылау, сақтау және өндіріс орнына жіберу процесін бағалау;

- өндірісті технологиялық дайындау процесін бағалау;
- ақауларды талдау әдістемесін бағалау;
- материалдарды өңдеу процесін бағалау;
- материалдардың электрлік қауіпсіздігін қадағалау процесін бағалау;
- құрылымдық және технологиялық құжаттама жүйесін бағалау;
- қызметкерлер квалификациясын бағалау;
- аспаптарды техникалық тексеру тәртібі мен сапасын бағалау;
- технологиялық процестің автоматтандырылғанын бағалау.

Сәйкестікті бағалау мәліметтері болып қаптамасындағы ақпараттар, шамдардың таңбасы, баспалық нұсқаулықтар, өндірушінің веб-сайттары және т.б. Шамдардың бағасы шамалған түрде, мүмкіндігінше оңтайлы болуы қажет. Геометриялық өлшемдері мен массалары өндіруші орнынан алынады, дегенмен, егер олар болмаса немесе күдік тудыратын болса, шамдардың өлшемі 125 мм сызғышынан тұратын штангенциркульмен және өлшемі үлкен келетін шамдардың өлшемін қозғалмалы-бұрыштық сызғышты штангенциркульмен алынды. Шамдардың массасын анықтау 0-200 г (санау басы 0,01 г), 0-1000 г (санау басы 0,1 г) и 0-5 кг (санау басы 1/5 г) диапазондық тұрмыс-

тық тарзылардың көмегімен жүргізіледі. Таразылар алдымен калибрлеуден өтеді немесе олардың көрсеткіштері калибленген гiрлер (100—500 г) көмегімен таразыланған нәтижелерден алынады[6].

Қысқаша сипаттама. Шам мен оның қаптамасының сипаттамасы визуалды бақылау негізінде беріледі, сонымен қатар, шам қорғанысы (қаптаманың қорғау деңгейі) тексеріледі, қаптамада көрсетілген ақпарат және өндіруші кәсіпорынның құжаттамасында көрсетілген ақпарат пен қаптамадағы ақпарат салыстырылады. Құжаттар келесідей болуы қажет: шамдар мен оның қаптамасының суреті, техникалық сипаттамалары келтірілген құжаттамалар сканерленген күйде немесе қажет файлдарға сілтемелер түрінде болуы қажет.

Динамикалық сипаттамалары. Бұл және келесі бақылау этаптарында шамдардың қорек көзі негізінде арнайы электр энергиясының көздері қолданылады. Шамдардың шығыс кернеуін, сондай-ақ, пайдаланатын қуаты мен қуат коэффициентін анықтау үшін қуат өлшеуші құрал Metrix PX110 пайдаланылады. Шамды қосқаннан кейін берілетін кернеу бастапқы мәнге тураланады. Мысалы, 230 В, яғни шамның жұмыс диапазоны осы шаманы қосады. Барлық бақылау процестерінде сынау шамдарды пассивті салқындатады, дегенмен бөлме температурасы 24°C деңгейінде болуы қажет.

Осы бақылау этапы бойынша жарықтың уақыттан тәуелділігі бақыланып, бастапқы уақыты мен жұмыс жарығының шығу уақыттары анықталады, сонымен қатар, алынған графиктер максималды жарыққа ауысу ерекшеліктері мен жарық модуляциясының шамасын анықтауға мүмкіндік береді. Бақылау барысында шамды штативке қолбасы төмен қарайтындай етіп орнатады, қолба мен үстел арақашықтығы 1 м болуы қажет. Шамнан шыққан жарық фотодатчиктің көмегімен тіркеледі. Датчиктен шыққан сигнал арнайы жасалған программамен басқарылатын USB-АЦП L-Card E-140 модулімен саналады. Бақылауда шамдардан шыққан жарық жиілігін 50 кГц етіп туралайды. Кернеудің берілуінің нақты уақытын анықтауда екінші фотодатчик қолданылады. Шамның автоматты қосылуы үшін L-Card E-140 модулінің сандық шығысымен басқарылатын қарапайым тиристрлік құлп қолданылады.

Өлшеу жүргізу тәртібі:

Шам патронда бекітіледі, сонымен қатар, шамды электр көзіне қосып, ашық сферада 10 минут ішінде тұрады, кейіннен сфера жабылады, және тағы, 10 минуттан кейінгі люксметрдің және қуат өлшеу аспабының нәтижелері жазылады. Алынған мәліметтер көмегімен жарықтық берілу шамасын (лм/Вт) есептеп алуға болады (жарық ағынын қолданатын қуатқа бөлу арқылы).

Энергетикалық сипаттамалары. Жарық күшін анықтау үшін шамды цоколы астына қарайтындай етіп штативке бекітеді. Бұл жердегі қолбаның ортасынан үстел үстінде бағана бойынша орнатылған люксметрдің өлшеу бетіне дейінгі арақашықтығы 1 м болуы қажет. Осы жағдайдағы алынған жарықтылықтың люкс бойынша алынған мәні ось бағытындағы жарық күшіне (кд бойынша) сандық жағынан тең болып келеді. Люксметрден алынған нәтижелер шам жарығының максималды мәніне жеткен уақытында алынады (яғни қосудан кейінгі 10 минуттан кейін). Ось бағытының коэффициенті бақыланып, шамның жарық күшінің жоғарыда алынған жарық күшіне бөлу арқылы алынады (жарық ағынының 4-пі мәніне бөлу арқылы алынған).

Жарық көзінің негізгі мақсаты болып, белгілі бір жарықтылықты тудыру болып табылады. Жарықтылық жарық көзінің жарық күшіне тура пропорционал болып келеді. Шамды жарық түсіру орнынан алыстату арқылы оның жарықтылығы жарық түсіру ортаға дейінгі арақашықтық квадратына кері пропорционал ретінде кемиді. Сол себептен белгілі бір арақашықтықтағы жарықтылықты анықтау үшін алынған жарық күшінің мәнін арақашықтық квадратына (метр бойынша) бөлу қажет. Шамның жарықтылық деңгейінің талаптары «Санитарлық ережелер мен нормалар СанЕжН 2.2.1/2.1.1.1278-03 және «тұрмыстық және ортақ мекемелердегі табиғи, жасанды және біріктірілген аралас жарықтылықтың гигиеналық талаптары» құжаттамаларында берілген. Бұл құжат бойынша, мысалы, тұрмыстық үйлер бойынша жарықтылық мәні 30 лк-тан 300 лк-ке дейін шамада болуы қажет екенін көруге болады[6].

Калориметриялық сипаттамалары. Шамдарды жасаудағы техникалық бақылаудағы негізгі аспап болып спектрофотометр [X-Rite ColorMunki](#) болып табылады.

Өлшеу нәтижелері болып, жарық температурасы ΔE мен жарық жіберу индексі (Ra немесе CRI) болып табылады. Жарық температурасы жоғары болған сайын, жарық «салқынырақ», яғни көк облысқа жақынырақ, жарық температурасы төмен болған сайын, жарық «жылырақ», сары-қызыл

облысқа жақындатылған болып келеді. ΔE қасиеті жарықтың ағарғандығын көрсетеді, ΔE мәні көп болған сайын, алынған жарық температурасына мейлінше көп не аз жасыл компонентінің бар екендігін көруге болады. Жарық жіберу индексі осы жарық көзінің әсерінен түрлі түсті заттардың түстерінің анықтылығының деңгейін көруге мүмкіндік береді[5].

Қорытынды

Сезімтал қозғалыс датчикті жарықдиодты шамдарды қарастыру барысында олардың эколого-экономикалық көрсеткіштерінің тиімділігі байқалды.

Талдау жүргізе келе атаулы шамдардың келесідей негізгі артықшылықтары анықталды:

1. Жарықдиод ешқандай шығынсыз электр тогын жарыққа айналдырады, бұл жарықдиодпен электр энергиясын қолдану мөлшерін (тұтынылатын қуат мөлшерін 5-6 есе) азайтады. Энергия шығыны өте аз, жарық берілісі қыздыру шамдарымен салыстырғанда 5-6 есе жоғары және 60-80 лм/вт құрайды. Жұмыс жасауы барысында қызу температурасы 80°C аспайды және соның арқасында қорғаныш қаптамасының қажеттігі жоқ.

2. Жарықдиодты шамдар күнделікті қосу және айыруда қалыпты жұмыс жасайды. Шамның ішкі механизмі өте жұқа, дегенмен жарықты қабылдауға оң әсер етеді. Жарықдиодты шамдар өзге электрлік шамдармен (люминесцентті, галогенді, энергия үнемдеуші, қыздыру шамдары) салыстырғанда механикалық әсерге (жарық көзімен коррелирденген түсті температураны, 5000 К шамада қызып кетпейді,) төзімді болып келеді. Жарықдиодты шамдар байланысқан платадағы датчиктер сигналының әсерінен қосылған кезінде, диодты индекатор арқылы шамның өшіру жүйесінің қосылмаған күйінде ток өтеді. Бұл токты реттегіш шам электрсхемасындағы тегістегіш конденсатор қайта-қайта өшіріп-қосу әсерінен шамға жүздеген ампер токтың берілу мөлшерін реттеп отырады. Сол себепті сезімтал датчиктерді осы шамдарда қолдану оңтайлы болып табылады.

3. Сезімтал қозғалыс датчиктерімен байланысқан жарықдиодты шамдарды пайдалану экологияны айтарлықтай көп кері әсерлерден алдын алады. Қазірде кеңінен қолданылатын дәстүрлі жарықтандыру жүйесі электр энергиясын көп жұмсайды. Бұл, әрине, ауаға CO₂ газын көп мөлшерде тасталуына әкелуде. Бір киловатт энергияны өндіру барысында ауаға 800 граммнан көп көміртек тасталады. Ал қазіргі жаңа технология келтіретін зиян мөлшерін азайтады. Сонымен қатар, жарықдиодты шамдар сынаптан тұрмайды. Бұл жарықдиодты шамдардың люминесцентті шамдармен салыстырғанда адамдар мен қоршаған ортаға қауіпі жоқ дегенді білдіреді. Сондай-ақ, экологиялық маңызды мәселелердің бірі мұндай шамдардың ұзақ мерзімді жұмыс жасауы болып келеді. LED шамдары қарапайым дәстүрлі шамдарға қарағанда, 10 немесе одан да көп есе сенімді болады. Яғни оны жасау материалдары дәстүрлі және люминесцентті шамдарды өндіру материалдарынан әлдеқайда аз болады[6].

ӘДЕБИЕТТЕР

- [1] Элементарный учебник физики. Электричество и магнетизм. - Ландсберг Г.С. 2007. - б. 204
- [2] Эрл Д. Гейтс – Введение в электронику. 2008. - б. 314
- [3] Гулиа Н. В. В поисках энергетической капсулы. – М.: Дет. лит., 2004. – б. 120
- [4] Гулиа Н. В. В поисках энергетической капсулы. – М.: Дет. лит., 2006. – б. 158
- [5] Podlipinsky V.C. Сабинин Ю.А., YURCHUK LY Автоматика элементтері: Оқу құралы.- СПб. Технологиясы, 1995 Университеті – б. 472
- [6] Игнатов, В. Г. Опыт сравнительно-правового анализа: науч.-практ. пособие/ В. Г. Игнатов. - Ростов-на-Дону: СЗАГС, 2000. - 319 б.

Туртаева Ә.С, Омарова Ж.Б., Мажренова Н.Р.

Научно-техническое обоснование внедрения светильников с чувствительным датчиком движения и методов их технического контроля

Резюме. Приведен результат анализа современных энергосберегающих светильников, их эколого-экономических характеристик, с целью обоснования выбора из них наиболее экономичных и экологически безопасных. В результате проведенного анализа, по мнению авторов, наиболее эффективными из известных энергосберегающих светильников являются светильники с чувствительным датчиком движения.

Светильники с чувствительным датчиком движения, на данном этапе не нашли еще широкого применения для освещения жилых домов и других объектов, хотя они имеют ряд преимуществ перед другими энергосберегающими светильниками. Предлагаемые авторами светильники потребляют в 5-6 раз меньшее количество

электрической энергии по сравнению с другими, обеспечивая при этом такую же высокую светоотдачу (в среднем, 60-80 лм/Вт), а также при эксплуатации нагреваются не выше температуры 80°C. Данные светильники считаются экологически безопасными при их утилизации.

Кроме вышеперечисленного, для испытания и подтверждения соответствия светильников техническим характеристикам стандарта, в статье, предложено новое оборудование – система Metrix PX110, которая также удовлетворяет экологическим нормам.

Таким образом, авторами дано научно-техническое обоснование целесообразности более широкого внедрения светодиодных светильников с чувствительным датчиком движения, что позволит эффективно решать вопросы энергосбережения и обеспечения экологической безопасности.

Ключевые слова: светотехника, светодиод, инфракрасный свет, световой поток, линзы Френеля, фотоэлемент.

Turtayeva A.S, Mazhrenova N.R., Omarova Zh.B.

Technical control in the development of luminaires with a sensitive motion sensor

Summary. This article presents the result of the analysis of modern energy-saving lighting fixtures, their ecological and economic characteristics, with a view to justifying the choice of the most economical and environmentally safe ones. As a result of the analysis, according to the authors, the most effective of the known energy-saving lamps are lamps with a sensitive motion sensor.

Lamps with a sensitive motion sensor, at this stage have not yet found wide application for lighting houses and other objects, although they have a number of advantages over other energy-saving lamps. The lamps offered by the authors consume 5-6 times less amount of electric energy than others, while providing the same high luminous efficiency (on average, 60-80 lm / W), and during operation they are heated not higher than 80 ° C. These lamps are considered environmentally safe when they are recycled.

In addition to the above, for testing and confirming the compliance of luminaires with the technical characteristics of the standard, the article proposes new equipment - the Metrix PX110 system, which also meets environmental standards.

Thus, the authors gave a scientific and technical justification for the feasibility of a wider introduction of LED lamps with a sensitive motion sensor, which will effectively solve issues of energy conservation and environmental security.

Keywords: lighting technology, LED, infrared light, luminous flux, Fresnel's lens, a photoelement.

ӘОЖ 621.395

Е.А. Қожабеков, А.Н. Аширбеков

(Мирас университеті, Шымкент, Қазақстан Республикасы,

Adil_01.89@mail.ru)

**ТЕЛЕКОММУНИКАЦИЯ ЖҮЙЕЛЕРІНДЕ АҚПАРАТТЫҚ
ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ**

Андатпа. Осы мақалада телекоммуникация саласында бағдарламалық камтамасыз ету үдерістерінде ең жаңа жасаушы меңгеру саналы түрде білім беру мекемелерінде жаңа ақпараттық технологиялардың дамуына мән беріледі. Компьютерлік телекоммуникация байланыс сапасын көтеріп, сонымен қатар тұтынушыларға қызмет көрсетуде кеңінен қолданып, яғни телекоммуникация саласының тәсілдеріне және әдістері мен қолдану қаралады. Бұлтты бейнеконференцияны жаппай білім беру мекемелерінде енгізу орталық офиспен филиал арасын талдау жасауға, мәжілісті өткізуге сапасын жоғарылатуға, ұзақ қашықтықтағы қызметкерді оқытуға, сонымен қатар білім сапасын көтеруге және қаржы мен уақытты үнемдеуге мүмкіншілік болатындығы қарастырылады.

Ақпараттық телекоммуникация көптеген қажетті құралдарды талап етеді, яғни олар телекоммуникацияның мүмкіндіктерін меңгерудегі ең тиімді құрал болып табылатындықтан болашақта да көп және кез келген салада кәсіптік қызмет атқарады.

Ақпараттық технологиялар телекоммуникацияда тікелей қатынастарға ие, қызмет көрсетуде жаңа технологияларға, ол оның сапалығын, қол жетерлігін және ұтқырлығын камтамасыз ету жүзеге асырылады.

Кілттік сөздер: ақпараттық технология, телекоммуникация, сервер, ғаламтор, электронды желі, бұлтты бейнеконференция, Windows.

Кіріспе. Қазіргі кезде егемен елімізде білім берудің жаңа жүйесі жасалып, әлемдік білім беру кеңістігіне еруге бағыт алууда. Бұл оқу-тәрбие үдерісіндегі елеулі өзгерістерге байланысты болып отыр. Себебі, білім беру парадигмасы өзгерді, білім берудің мазмұны жаңарып, жаңа көзқарас, жаңаша қарым-қатынас пайда болуда. Келер ұрпаққа қоғам талабына сай тәрбие мен білім беруде оқытушылардың инновациялық іс-әрекетінің ғылыми-педагогикалық негіздерін меңгеруі – маңызды мәселелердің бірі.

Елбасы Н. Назарбаевтың «Қазақстан білім қоғамы жолында» деп аталатын Назарбаев Университетінде оқыған лекциясында білім сапасын арттыру жөнінде тұжырымды ой айта келіп, білім нәрімен сусындататын біздің асыл да ардақты ұстаздарымызға да үлкен міндеттерді жүктегені барлығымызға мәлім. Ендеше келешекте Қазақстанның ғарыштап дамуына өз үлесін қосатын бүгінгі ұрпақ ертеңгі азамат болғандықтан, оқу-тәрбие үдерісін жаңартып, білім сапасын арттыру – оқытушылар құзырындағы өте үлкен жауапты іс. ХХІ ғасырда қоғам қажеттілігін қанағаттандыру үшін білім беру саласында төмендегідей міндеттерді шешу көзделіп отыр. Олар: білім сапасын көтеру компьютерлендіру, ғаламтор, компьютерлік "N_DqN_желі, электронды және телекоммуникация, электронды оқулықтар даярлау. Бұлардың оқушылардың қазіргі заман талабына сай білім алуына, білік сапасын көтеруге тигізетін әсері мол. Жаңа электронды оқулықтардың дүниеге келуімен берілетін білім мазмұны да өзгерері сөзсіз. Болашақта әр оқушы компьютерлік технология арқылы ғаламтор, электронды желі, электронды почта арқылы дүниежүзілік білім әлеміне еніп, онда өзінің қажетін өтейтін білімді толығымен алуға, қажетті ақпараттық мәліметтерді ғылым саласына байланысты озық тәжірибелерді, осы мәселенің шетелдегі жағдайымен танысуына толық мүмкіндік туады. Қазақстан Республикасы 2015 жылға дейінгі білім беру тұжырымдамасының түбегейлі мақсаты да әлемдік өркениетке сай сапалы білім беру және ақпараттық интеллектуалдық ресурстарды өз бетімен ала алатын, талдай білетін, идея бере алатын, ылғи даму үстінде болатын, адамгершілік тұрғысынан жауапты шешімдер қабылдауға қабілетті жеке тұлға қалыптастыру болып отыр.

Ғылым мен техниканың жедел дамыған, ақпараттық мәліметтер ағыны күшейген заманда ақыл-ой мүмкіндігін қалыптастырып, адамның қабілетін, талантын дамыту білім беру мекемелерінің басты міндеті болып отыр. Ол бүгінгі білім беру кеңістігіндегі ауадай қажет жаңару оқытушының қажымас ізденімпаздығы мен шығармашылық жемісімен келмек. Сондықтан да әрбір оқушының қабілетіне қарай білім беруді, оны дербестікке, ізденімпаздыққа, шығармашылыққа тәрбиелеуді жүзеге асыратын жаңартылған педагогикалық технологияны меңгеруге үлкен бетбұрыс жасалуы қажет. Өйткені мемлекеттік білім стандарты деңгейінде оқу үдерісін ұйымдастыру жаңа педагогикалық технологияны ендіруді міндеттейді.

Қазіргі уақыттағы телекоммуникация саласында бағдарламалық қамтамасыз ету үдерістерінде ең жаңа жасаушы меңгеру саналы түрде дамуда. Компьютерлік телекоммуникация байланыс сапасын көтеріп, сонымен қатар тұтынушыларға қызмет көрсетуде кеңінен қолданып, яғни телекоммуникация саласының тәсілдеріне және әдістері мен қолдану формаларына да әсер етіп отыр.

Телекоммуникация құралдарын оқу жүйесінде алғаш рет қолдану оқушыларды компьютерлік, телекоммуникациялық технологияларға оқыту барысында 1985 жылы Велихов-Гамбург совет-американдық зерттеу бағдарламасы бойынша тиімді әдістерді өңдеуде қолданылды. Бағдарламаны сәйкес Е.П.Велихов (КСРО) және Д.Гамбург (АҚШ) басқарды. Бағдарламаның басты мақсаты – бұл жаңа телекоммуникациялық технологияларды қолданып, халықаралық ғылыми бірігудің тиімді моделін өңдеу. Компьютерлік технологиялар телекоммуникациялық бағдарламаны іске асыратын ұйымды қамтамасыз ету құрылғысы болып табылады. Бағдарлама бойынша қарым-қатынасты ұйымдастырудың негізгі формасы телеконференция болып табылады.

Желі дегеніміз – ресурстарды (дискілер, файлдар, принтерлер, коммуникациялық жабдықтар) ортақ пайдалану мүмкіндігін беретін жеке компьютерлерді біріктіру. Желі жұмыс жасауы үшін бір-бірімен сымдар арқылы байланысқан жұмыс станциялары (желілік тақшалары бар жеке компьютер) және желілік бағдарламалық жасақ болуы қажет. Желі көмегімен оған қосылған кез келген компьютердегі ақпараттарды көруге болады.

Желінің екі түрі бар: клиент-сервер және бір рангілі, яғни дәрежелері бірдей болуы. Желіде дәрежелері бірдей түйінді (peer-to-peer) барлық жұмыс станциялары желілік ресурстарды бірдей қолдана алады, оларда ақпараттарды және ресурстарды бөлуді бақылап отыратын ортақ сервер компьютер жоқ.

Сервер – ортақ пайдалануға арналған барлық ресурстар қосылған компьютер. Ортақ ресурсты пайдалану үшін, сервер іске қосулы және ортақ пайдаланылатын ақпарат ашық болуы қажет. Серверге принтерлер, модем, ортақ қолданбалы бағдарламалар (мысалы, электрондық пошта), факстар және т.с.с. қосылады. Желіде атқарылатын жұмыстың көп бөлігін сервер атқарады.

Клиент-сервер типті желі бар ресурстарды жоғары қолдану мүмкіндігін береді. Әдетте сервер басқа компьютерлерге қарағанда жылдам жұмыс істеуімен және жадының өлшемі көп болуымен, қатты дискідегі орынның көптігімен ерекшеленеді. Мұндай желілерде барлық ресурстар – жинақтауыштар, принтерлер, модемдер, CD-ROM дискі жетегі серверге қосылады. Ресурстармен жұмыс жасау үшін алдымен сервермен байланысу қажет. Дәрежелері бірдей түйінді желілерде басқару үшін жеке компьютер белгіленбейді, мұнда әрбір жұмыс станциялары басқалары үшін сервердің қызметін атқара береді. Мысалы, бір компьютерге принтер, басқасына компакт-дискіге арналған дискжетек қосылуы мүмкін. Егер мұндай желі Windows операциялық жүйесінде жұмыс жасаса және перифериялық құрылғы ортақ ресурс ретінде анықталса, онда желідегі әрбір пайдаланушы адам осы ресурстардың барлығын пайдалана алады. Бірақ егер принтер қосылған компьютер іске қосылмай тұрса, желі арқылы баспаға шығара алмаймыз. Бірдей дәрежелі түйінді желіні құру өте жеңіл және байланысқан компьютерлер мәселелерін оптимальды түрде шешеді.

Желінің бұл екі түрінің де өзіндік қасиеттері бар және бір-бірімен байланысты қолдануға болады. Windows құрамында жергілікті және ауқымды желімен жұмыс жасау мүмкіндігін беретін компоненттер бар. Нарықтық экономика уақытында телекоммуникация саласындағы жаңа технологияларды пайдалану қаржылық шығынды азайтады. Қазіргі уақыт талабына байланысты бұлтты бейнеконференция Қазақстан Республикасында кеңінен қолданылып, жүзеге асырылуда. Аймақтық өкілдіктермен орталық офис арасындағы бейнебайланыс жоғары сапада болуы мекеме үшін таңдаудың бірі - бұлтты бейнеконференция. Бұлтты бейнеконференцияны жаппай енгізу орталық офиспен филиал арасын талдау жасауға, мәжілісті өткізуге сапасын жоғарылатуға, ұзақ қашықтықтағы қызметкерді оқытуға, сонымен қатар білім сапасын көтеруге және қаржы мен уақытты үнемдеуге мүмкіншілік туғызады.

Бұлтты бейнеконференцияның мүмкіншіліктері:

- жоғары сапалы байланыс;
- IP желісі бойынша жолағы және бейнетарату, өңдеу саласы - SPIRIT технологиясын пайдалану арқылы жоғары сапалы дыбыстың және бейненің болуы. Сондай-ақ танымал дыбыс және бейне кодектерінің кең таралуы мен қолдануы;
- конференцияға қатысушылардың шектелмеген саны, 10 адамға дейін тұрақты бейнеге қатысу режимінде қолдауы;
- деректермен алмасу және бірлескен құжаттарды қарау;
- жеке чат, жалпы бөлмедегі мәтіндік чат;
- толық экранды қолдау режимі;
- қатысушыларды шақыруда және конференцияларды жоспарлауда құралдардың ыңғайлығы;
- жаңадан қатысушылардың қосылуы тез және оңай жүргізіледі - кіру тікелей сілтемені, тіркеуді талап етпейді;
- "Трибуна" режимінде қазіргі уақытта сөйлейтін қатысушы бейнесінің артуы;
- веб-шолғышта конференцияларды тікелей өткізу;
- құжаттармен жұмыс істеу мүмкіндігі.

Бұлтты бейнеконференцияның артықшылықтары:

- ашық және бақылауға бағынышты жүйесінің сенімді және қауіпсіз болуы;
- 2 минут аралығында абонентпен хабарласуда жедел байланысты ұйымдастыруы;
- қашықтан бірлесе жұмыс істеу тиімділігі үшін мол функционалды қажетті толық бағдарлама жинағының қамтамасыз етілуі;

• Технические науки

- ұқсас шешімдерімен салыстырғанда көп нүктелі конференцияларда бейне және аудионың жоғары сапалылығы;
- ғаламтор-шолғышта барлық әрекеттер жүргізіліп, кез-келген қатысушылардың ешқандай қиындықсыз конференцияға шақыру үйлесімділігі;
- аппараттық шешімдер қызмет құнының айтарлықтай төмендігі;
- байланыс арналарын жалдау, терминалдар құрал-жабдықтарды сатып алудың қажет болмауы.

IP VPN немесе ғаламтор арналары арқылы Mac OS және Windows операциялық жүйесімен дербес компьютерлерде бұлтты бейнеконференцбайланыс жұмыс істейді, бұл байланыс тәсілі құны бойынша және тиімді пайдалануда қолжетімді. Іс жүзінде барлық қызмет салаларында, білім беру мекемелерінде, компанияларда және ауқымды мекемелерде кеңінен пайдаланылады.

Қызметтің осы түрі тек Қазақстан Республикасының аумағында ұсынылады. Ең жаңа технологияларды пайдалану интерактивтік байланысты «нүкте - нүкте» немесе «нүкте - көпнүкте» қағидасы бойынша қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

«Қазақтелеком» акционерлік қоғамының ақпараттық жүйелер дирекциясы мекемелердің баспасөз-орталықтарын техникалық қамтамасыз етуде жұмыс атқарады.

Баспасөз орталықтарының мүмкіншіліктері:

- есептелген 1500 бірлік ұйымдастыру техникасы арқылы баспасөз орталығын ұйымдастыру;
- сымсыз және сымды технологияларды пайдалана отырып, ғаламтор желісіне қатынауды ұсынуға қол жеткізу;
- әлемдік стандарттар және бизнес талаптарына сәйкес ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету;
- кез-келген қиындықта желілерді ұйымдастыру;
- клиенттің серверлерін қашықтан реттеу;
- қажеттіліктеріне жеке көзқарас.

Аса қажеттілік телекоммуникациялық құралдарына талап етіледі, яғни олар телекоммуникацияның мүмкіндіктерін меңгерудегі ең тиімді құрал болып табылатындықтан болашақта да көп және кез келген салада кәсіптік қызмет атқарады.

Ақпараттық технологиялар телекоммуникацияда мынандай тікелей қатынастарға ие, қызмет көрсетуде жаңа технологияларға, ол оның сапалығын, қол жетерлігін және ұтқырлығын қамтамасыз етуге.

Қорытынды. Осындай мақсатпен, телекоммуникация саласындағы қызметкерінен осындай мәселелер жайында терең білімді талап етеді, яғни телекоммуникациялық технологиялар, басқару жүйесі, бақылау жүйесі, объектіге бағытталған бағдарламалау. Айтылған бағыттардың ішінен телекоммуникацияға басты назарды аудару керек, себебі ол қызметкердің ақпараттық мәдениеттілігін дамытуда тікелей байланысты.

Телекоммуникация бағыты бойынша мамандарды кәсіби дайындау стандартты қабылдауды талап етеді, яғни университет жүйесі қазіргі эффекті түрде жұмыс істеу мүмкіндігі бар және тез арада жаңадан қолданысқа енген бағдарламалық жасауларды және технологияларды тез өз бойына сіңіре алатын білімді азаматты дайындау керек.

ӘДЕБИЕТ

- [1] Өстеміров К. Қазіргі педагогикалық технологиялар мен оқыту құралдары. – Алматы, 2007.-144 бет.
- [2] Аяжанов С.С., Сатымбекова С.Б. Компьютерлік желілер. – Алматы, 2011.-240 бет.
- [3] Ф. Б. Бөрібекова, Н. Ж. Жанатбекова. Қазіргі заманғы педагогикалық технологиялар: Оқулық. – Алматы: 2014. – 360 бет.

Қожабеков Е.А., Аширбеков А.Н.

Информационные технологии в системе телекоммуникаций

Резюме. Рассматривается вопрос применение информационных технологий в системе телекоммуникаций, а также обращается внимание на подготовку специалистов в учебных заведениях.

Достижения информационных технологий при организации видеоконференц связи и пресс центра.

Kozhabekov E.A., Ashirbekov A.N.

Application of information technologies in the telecommunications system

Summary. This article discusses the application of information technology in the telecommunications system, and draws attention to the training of specialists in educational institutions.

Advances in information technology in the organization of videoconferencing and press center.

УДК 621.763.004.12

Е.Т. Божанов, А.М. Ибраимкулов, Ж.Ж. Шатманов

(Казахский национальный исследовательский технический университет имени К.И. Сатпаева,

Алматы, Республика Казахстан, zhom5353@gmail.com)

ПРОЧНОСТЬ ТРУБЧАТОЙ КОНСТРУКЦИИ В ОКРЕСТНОСТИ ПОПЕРЕЧНОГО СЕЧЕНИЯ И КРИВОЛИНЕЙНОЙ ОБРАЗУЮЩЕЙ В ЗОНЕ СОЕДИНЕНИЯ СОСТАВНЫХ ОБОЛОЧЕК ИЗ СТЕКЛОТЕКСТОЛИТА И СТЕКЛОПЛАСТИКА

Аннотация. Рассматривается контактная задача для трубчатой конструкции средней толщины при действии криволинейного штампа в окрестности сопряжения поперечного сечения с криволинейной образующей. Кривизна штампа совпадает с кривизной каркаса и меньше кривизны днища составных оболочек из стеклотекстолита и стеклопластика. Исследована прочность и сделан расчет трубчатой конструкции в зоне соединения составных оболочек из стеклотекстолита и стеклопластика. Построены графики и проведен анализ.

Ключевые слова: контактная задача, трубчатая конструкция, штамп, каркас, стеклотекстолит, стеклопластика.

Давление под штампом возьмем в виде $\frac{q_k}{2D}$ в предположении, что площадь контакта мала по сравнению с размерами контактирующих тел при малых относительных толщинах $\frac{R}{h} \leq 2.5$, $(\frac{h}{R})^2 = \{0.01, \dots, 0.03\}$.

Здесь R – средний радиус кривизны трубчатой конструкции овального вида поперечного сечения, h – его толщина.

Пусть на тонкую трубчатую конструкцию действует активная критическая сила q_k , передаваемая через жесткое тело, имеющее кривизну $k = \frac{d^2W}{dx^2}$ при малых деформациях поверхности контакта, совпадающая с кривизной трубчатой конструкции.

В области контакта составных оболочек стекла неизвестное давление возьмем при условии $\frac{q_k}{2R} = \int_0^\alpha q_k(\varphi) \cos\varphi d\varphi$ из компонента радиального смещения, действующей на интервале $(-\alpha, \alpha)$ сосредоточенного импульса $q_c = \frac{q_k}{2\cos\alpha}$.

Для определения несущей способности такой конструкции допускаемые значения деформации задаются в граничных условиях и под нагрузкой.

Тогда варьируя нагрузку контактного воздействия под штампом и в области контакта составных оболочек стекла в рамках принципов механики трубчатой конструкции средней толщины, см. [1] – [4], математическую модель запишем в виде

$$\frac{d^2}{dx^2} \left[\varepsilon(x) \frac{d^2W}{dx^2} \right] + 2B \frac{d^3W}{dx^3} = q_k, \quad (1)$$

$$\text{где } q_k = \lambda_k \frac{N}{Q} \gamma^2 \frac{1}{1+\lambda_k \gamma^2} \left(\frac{h}{R}\right)^{5/2}, \quad \varepsilon(x) = \frac{D}{x}, \quad (2)$$

λ_k – коэффициент формы поперечного сечения, B – коэффициент континуума Коссера, γ – число

полуовал в продольном направлении, λ'_k – коэффициент формы нелинейных деформационных процессов.

Общее решение дифференциального уравнения (1) есть в [5]

$$W(x) = \frac{1}{12} \left(4x^3 - 12 \frac{D}{B} x \right) + \frac{1}{4} (C_1 x^2 + 2C_2 x) + 4C_3 \int e^{-\frac{B}{D} x^2} dx - \frac{1}{2} C_1 \int e^{-\frac{B}{D} x^2} \left(\int e^{\frac{B}{D} x^2} dx \right) dx + C_4. \quad (3)$$

В частности в первом приближении имеем

$$W(x) = \frac{1}{3} x^3 - \frac{D}{B} x + \frac{1}{4} \left(x^2 - 2 - \frac{B}{HB} sh\beta x \right) C_1 + \frac{1}{2} C_2 x + \frac{2B}{k} C_3 \sqrt[4]{\left(\frac{k}{1+B} \right)^3} sh\beta + C_4, \quad \beta = \sqrt[4]{\frac{HB}{k}}, \quad \beta^4 = \frac{HB}{k}. \quad (4)$$

Граничные условия на торцах под нагрузкой имеют вид

$$W(x)|_{x=0} = 0, \quad \left. \frac{d^3 W}{dx^3} \right|_{x=0} = \frac{q_k}{2D'} \quad (5)$$

$$W(x)|_{x=L} = 0, \quad \left. \frac{d^2 W}{dx^2} \right|_{x=L} = 0. \quad (6)$$

Подставляя (4) в (5) и (6), определим произвольные постоянные C_1, C_2, C_3, C_4 . Затем их значения подставляем в общее решение (4), получим

$$W(x) = \frac{1}{3} x^3 + \frac{1B}{\Delta k} \left[4L + \left(\frac{q_k}{D} - 4 \right) \frac{1}{\beta} \right] x^2 + \left\{ \frac{1}{\Delta L} \left[2 \frac{B}{HB} \left(\frac{q_k}{D} - 4 \right) \left(1 + \frac{B}{k} \frac{1}{\beta} \right) sh\beta L - \frac{1}{3} L^2 - \frac{B}{k} \left[4L^3 + L^2 \left(\frac{q_k}{D} - 4 \right) \frac{1}{\beta} \right] \right\} x + \frac{2B}{k} \frac{1}{\Delta} \left\{ \frac{B}{k} \frac{1}{\beta^4} \left[4L - \left(\frac{q_k}{D} - 4 \right) \frac{1}{\beta} \right] sh\beta L - \frac{B}{HB} \left[4L + \left(\frac{q_k}{D} - 4 \right) \frac{1}{\beta} \right] - \frac{1}{\beta^3} \left(\frac{q_k}{D} - 4 \right) \right\} sh\beta x, \quad (7)$$

$$\text{где } \Delta = -4 \frac{B}{k} \left[1 + \frac{B}{k} \frac{1}{\beta^2} (1 - sh\beta L) \right]. \quad (8)$$

$$\text{Здесь } \beta = \{ \sqrt[4]{0.685}; \sqrt[4]{0.706} \}, \quad \frac{q_k}{D} = \{ 1, 0.042, 0.0185 \},$$

$$\frac{B}{k} = \{ 0.045 \sqrt[4]{(0.685)^3}, 0.045 \sqrt[4]{(0.706)^3} \},$$

$$\frac{B}{HB} = \{ 0.6575 \sqrt[4]{(0.685)^3}, 0.0657 \sqrt[4]{(0.706)^3} \}. \quad (9)$$

В частности, если комплексная податливость материала стекла и структура, состав композиции, объемное содержание компонентов, ядро не влияют на коэффициент потери массы контенуума Косера, то математическая модель (1) имеет вид

$$\frac{d^2}{dx^2} \left[\varepsilon(x) \frac{d^2 W}{dx^2} \right] = q_k, \quad \varepsilon(x) = \frac{1}{x}, \quad (10)$$

при следующих условиях под нагрузкой

$$\left. \frac{dW}{dx} \right|_{x=0} = 0, \quad \left. \frac{d^3 W}{dx^3} \right|_{x=0} = \frac{q_k}{2D'} \quad (11)$$

$$W(x)|_{x=L} = 0, \quad \left. \frac{d^2 W}{dx^2} \right|_{x=L} = 0. \quad (12)$$

Частное решение которого при условиях (11) и (12) имеет вид


$$W(x) = \frac{q_k}{120D} \frac{1}{L} [3Lx^5 - 5(L^2 + 1)x^4 + 10Lx^3 + (8L^2 - 5)L^4]. \quad (13)$$

Формула (13) вычислена на ЭВМ при следующих заданиях:

Задание 1 Построить график функции в долях $\frac{q_k}{120D}$ при $L=1$, $\lambda_k = \frac{8}{3}$, $\gamma^2 = 0.2$, $\lambda'_k = 1$; $\frac{N}{Q} = \{1.0, \dots, 10\}$, $10 \leq \frac{E_j}{G_{1,3}} \leq 50$.

Тогда $W(x) = 3x^5 - 10x^4 + 10x^3 + 3 \quad (14)$

График 1. Расчет выпучивания площади контакта в зоне соединения составных оболочек в долях $\frac{q_k}{120D}$ при $L=1$



Задание 2 Построить график функции трубчатой конструкции из материала стеклотекстолита при следующих данных


$$\frac{N}{Q} = 1.3, \quad L = 1, \quad \lambda_k = \frac{8}{3}; \quad \gamma^2 = 0.2, \quad \lambda'_k = 1.$$

Тогда

$$W(x) = \frac{113}{2700} (3x^5 - 10x^4 + 10x^3 + 3)(h/R)^{\frac{5}{2}}, \quad (15)$$

$$\left(\frac{h}{R}\right)^{\frac{5}{2}} = \{0.01, \dots, 0.03\}.$$

График 2. Расчет выпучивания площади контакта в зоне соединения составных оболочек из стеклотекстолита



Задание 3 Построить график функции трубчатой конструкции из материала стеклопластика при следующих данных


$$\frac{N}{Q} = 5, \quad L = 1, \quad \lambda_k = \frac{8}{3}; \quad \gamma^2 = 0.2, \quad \lambda'_k = 1.$$

Тогда

$$W(x) = \frac{1}{54} (3x^5 - 10x^4 + 10x^3 + 3) (h/R)^{\frac{5}{2}},$$

$$\left(\frac{h}{R}\right)^{\frac{5}{2}} = \{0.01, \dots, 0.03\}. \quad (16)$$

График 3. Расчет выпучивания площади контакта в зоне соединения составных оболочек из стеклопластики



Контактные напряжения для малых областей контакта трубчатой конструкции прижатой к жесткой отпечатке, при этом наибольшие значения они получают в области, близкой к границе отпечатки по Бри-неллю. Напряжение на контуре отпечатки превышает в несколько раз напряжение, которое возникает в трубчатой конструкции при передаче через жесткий шарик, не скрепленный с конструкцией.

Решение контактных задач приводятся с использованием уточненных теорий о действии через жесткую отпечатку сосредоточенной силы и реакции основания типа континуума Коссера.

Выводы:

1 Приведенные формулы справедливы при безотрывном контакте. Расчеты показывают, что безотрывной контакт в зоне соединения возможен лишь при площадях контакта порядка толщины;

2 Моделирование основного дифференциального уравнения краевой задачи с основанием типа континуума Коссера оправдано и дает решения когда Эйлеровский стержень средней части жесткого пояса поперечного сечения загрузится небольшим контактным давлением и несколько сместится к краю соединения.

3 Из графиков 1, 2, 3 видно, что при действии усилий на малые площадки, в центре площадки возникает, в основном, изгибное усилие. Влияние поперечного сдвига на малых площадках контакта сказываются наиболее сильно.

4 Из графиков 1, 2, 3 видно, что учет отрицательных особенностей стеклопластиков слабого сопротивления сдвигу $10 \leq \frac{E_j}{G_{13}} \leq 50$, слабости в направлении перпендикулярном армированию, краевая чувствительность к искривлению сильно влияют на работу конструкции в зоне соединения составных материалов.

5 В стеклопластиках «скалывающие» силы мало зависят от физических факторов и являются чисто статическими величинами

$$1.3 \leq \frac{N}{Q} \leq 10; 10 \leq \frac{E_j}{G_{13}} \leq 50; 0.0185 \leq \frac{q_k}{D} \leq 0.042.$$

ЛИТЕРАТУРА

[1] Божанов Е.Т., Ержанов Ж.С. Исследование проблем устойчивости упругих тел, гибких пластин и оболочек и их приложения. – Алматы: Высшая школа Республики Казахстан, 2001. – 325 с.

[2] Божанов Е.Т., Отарбаев Ж.С., Буганова С.Н. Математическое моделирование геомеханических процессов. – Алматы: КазГАСА, 2015. – 145 с.

[3] Божанов Е.Т., Ибраимкулов А.М., Касымбекова М.Т. Математическая модель расчета выпучивания тонкостенной многослойной конструкции под действием ударного импульса, со сдвигом деформированной площади контакта, когда сила контактного воздействия сосредоточенная под нагрузкой, а конструкция закреплена // Materials of XI International Research and practice Conference, 2015. – Vol.8. – P. 17–23.

[4] Божанов Е.Т., Ибраимкулов А.М., Касымбекова М.Т., Абдыгалиева А.К. Расчет тонкостенной длинной конструкции под действием ударного импульса, лежащей на основании типа Коссера, когда сила контактного воздействия сосредоточенная скользящая и свободная под нагрузкой // Materials of XI International Research and practice Conference, 2015. – Vol.8. – P. 23–28.

[5] Дадаева А.Н., Божанов Е.Т., Акимжанова Ш.А., Курмангали А. Об одной математической модели технологии усадки порошкового материала при неподвижной матрице // Материалы II Международной конференции «Информационные и телекоммуникационные технологии». – Алматы: КазНТУ, 2015.

Божанов Е.Т., Ибраимкулов А.М., Шатманов Ж.Ж.

Кұбырлы құрылғының көлденең қима маңайындағы және әйнек текстолит, әйнек пластика құрылыс қабығының қосылу зонасындағы қисық сызықты жасаушысының беріктілігі

Түйіндеме. Әйнек текстолиттен және әйнек пластикадан тұратын құбырлы құрылғының қабықша құрамдарының біріккен зонасындағы беріктілігі зерттелген. Осы зонадағы құбырлы құрылғының есептеулері жасалған. График салынып, оған талдау жасалған. Талдау бойынша нұсқаулар беруге болады.

Түйінді сөздер. Түйісу есебі, құбырлы құрылым, штамп, каркас қаңқа, тірек;әйнек текстолит, әйнек пластика, түйісу зонасы.

Bozhanov E.T., Ibraimkulov A.M., Shatmanov Zh.Zh.

Tubular structure strength in the neighbourhood of the transverse section and the curvilinear ruling in the junction region of the aggregate glass plastic and glass textolite shells

Summary. Tubular structures strength of the average thickness under the influence of the curvilinear stamp in the neighborhood of the transverse section and curvilinear ruling is considered. The graphs of the functions of tubular structure are presented and analyzed.

Keywords. Contact problem, tubular structures, stamp, frame, glass plastic, glass textolite, junction region.

ӨОК 539.3

Қ.Б. Әміртаев

(Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті,
Түркістан, a_kanat@inbox.ru)

ЕКІ ШЕТІ БЕКІТІЛГЕН, ЖАРТЫЛАЙ ЖЫЛУ ӨТКІЗБЕЙТІН ҚАБАТПЕН ҚАПТАЛҒАН СЫРЫҚТЫҢ ЖЫЛУ АҒЫНЫ ӘСЕРІНЕН ЗОРЫҒУЫН ЗЕРТТЕУ


Аңдатпа. Мақалада бүйір беті жартылай жылу өткізбейтін қабатпен қапталған шекті ұзындықтағы сырықтың екі шеті қатаң бекітілген жағдайда, әртүрлі жылу көздері әсерінен пайда болатын сырықтың жылу ағыны әсерінен зорығуы зерттеледі.

Жылу энергиясын өрнектейтін функционалды дискреттелген үш нүктелі квадраттық шекті элементтердің түйін нүктелеріндегі температуралар бойынша минимизациялап, сырық ұзындығы бойынша жылу өрісінің таралу заңдылығы табылады. Табылған бұл заңдылық сырықтың потенциалдық энергиясын өрнектейтін функционалға қойылып, ол функционал дискреттелген үш нүктелі квадраттық шекті элементтердің түйін нүктелерінің жылжулары бойынша минимизацияланып, сырық ұзындығы бойынша жылжу, серпімді деформация кернеуі, температуралық кернеу және сығушы күш мәндері табылады. Сонымен қатар әртүрлі жылу көздері мен шекті шарттар қарастырылып, сәйкес заңдылықтары табылады.

Кілттік сөздер: жылу ағыны, жылу алмасу, жылу өрісі.

Бізге ұзындығы L (см), көлденең қима ауданы ұзындығы бойынша тұрақты, F (см²)-қа тең сырық берілсін. Оның екі шеті ($x=0$) және ($x=L$) қатаң бекітілсін. Стержннің бүйір бетінің

$x_1 \leq x \leq x_2$ бөлігіне $q \left(\frac{Bm}{cm^2} \right)$ жылу ағыны түсіп тұрсын, $x = 0$ және $x = L$ нүктелеріне сәйкес көлденең қима аудандары арқылы сыртқы орталармен жылу алмассын. Мұнда жылу алмасу коэффициенттері сәйкес түрде $h_0 \left(\frac{Bm}{cm^2 \cdot ^\circ C} \right)$ және $h_L \left(\frac{Bm}{cm^2 \cdot ^\circ C} \right)$, сыртқы орталардың температуралары $T_0 (^{\circ}C)$ және $T_L (^{\circ}C)$ болсын (1.1-сурет). Сырықтың бүйір бетінің қалған бөлігі, яғни $0 \leq x \leq x_1$ және $x_2 < x \leq x_L$ аралықтары жылу өткізбейтін қабатпен қапталған болсын.



1.1-сурет. Мәселенің есептеу сызбасы

Сырықтың бүйір бетінің жергілікті бөлігіне түсіп тұрған q -жылу ағыны және оның екі шетіндегі көлденең қима аудандары арқылы сыртқы орталармен жылу алмасуы нәтижесінде сырықтың ұзындығы бойынша жылу өрісі пайда болады. Стержннің екі шеті қатаң бекітілгендіктен сырықта сығушы күш пайда болып, оның нәтижесінде сығушы кернеу пайда болады. Солардың мөлшерінің жылу ағыны, жылу алмасу коэффициенті және сыртқы орталардың температураларына қандай заңдылықпен тәуелді екендігін зерттеу қажет. Ол үшін алдымен берілген шекті шарттарда сырықтың ұзындығы бойынша жылу таралу заңдылығын табу қажет. Ол үшін берілген сырықты теңдей n -бөлікке бөлеміз. Нәтижеде әр бөліктің ұзындығы $l = \frac{L}{n}$ (см) болады. Әрбір бөлікті үш нүктемен (i, j, k) квадраттық шекті элемент деп қарастырамыз. Мұнда $x_j - x_i = x_k - x_j$. Онда әрбір шекті элементтің шегінде температураның таралу заңдылығын үш нүктеден өткен қисық сызықпен өрнектесек, онда берілген элементтің шегінде оның өрнегі былайша болады

$$T(x) = \varphi_i(x)T_i + \varphi_j(x)T_j + \varphi_k(x)T_k, \quad x_i \leq x \leq x_k. \quad (1.1)$$

Енді бірінші шекті элемент үшін ($0 \leq x \leq l$) жылу энергиясын өрнектейтін функционалды жазамыз

$$I_1 = \int_{V_1} \frac{K_{xx}}{2} \left(\frac{\partial T}{\partial x} \right)^2 dV + \int_{S_1} \frac{h_0}{2} (T - T_0)^2 dS, \quad (1.2)$$

мұнда V_1 -бірінші элементтің көлемі; S_1 – бірінші элементтің $x = 0$ нүктесіне сәйкес көлденең қима ауданы.

Ал $0 \leq x \leq x_1$ аралығында сырықтың бүйір беті жылу өткізбейтін қабатпен қапталғандықтан бұл аралықтағы шекті элементтер үшін жылу энергиясын өрнектейтін функционалдың көрінісі мынадай болады

$$I_i = \int_{V_i} \frac{K_{xx}}{2} \left(\frac{\partial T}{\partial x} \right)^2 dV, \quad (1.3)$$

мұнда $i = \left(2 \div \frac{x_1}{l} \right) - 0 \leq x \leq x_1$ аралығындағы шекті элементтер саны.

Енді сырықтың $x_1 \leq x \leq x_2$ аралығын қарастырайық. Сырықтың бұл аралықтағы бүйір бетіне q -жылу ағыны түсіп тұрғандықтан, бұл аралықтағы шекті элементтер үшін жылу энергиясын өрнектейтін функционалдың көрінісі мынадай болады

$$I_i = \int_{V_i} \frac{K_{xx}}{2} \left(\frac{\partial T}{\partial x} \right)^2 dV + \int_{S_{\sigma\sigma}^{(i)}} qT dS, \quad (1.4)$$

мұнда $i = \left(\left(\frac{x_1}{l} + 1 \right) \div \frac{x_2}{l} \right)$; $S_{\sigma\sigma}^{(i)}$ – i -ші шекті элементтің бүйір беті.

Сырықтың $x_2 \leq x \leq (x_L - l)$ аралығындағы бүйір беті жылу өткізбейтін қабатпен қапталғандықтан, бұл аралықтағы шекті элементтер үшін жылу энергиясын өрнектейтін функционалдың көрінісі мынадай болады

$$I_i = \int_{V_i} \frac{K_{xx}}{2} \left(\frac{\partial T}{\partial x} \right)^2 dV, \quad (1.5)$$

мұнда $i = \left(\frac{x_2}{l} + 1 \right) \div \left(\frac{x_L}{l} - 1 \right)$.

Енді сырықтағы ең соңғы n -ші шекті элементті қарастырайық. Бұл элементтің $x = L$ нүктесіне сәйкес көлденең қима ауданы арқылы сыртқы ортамен жылу алмасқандықтан және жылу алмасу коэффициенті h_L , ал орап тұрған сыртқы ортаның температурасы T_L болғаны үшін бұл элементтің жылу энергиясын өрнектейтін функционалдың көрінісі мынадай болады

$$I_n = \int_{V_n} \frac{K_{xx}}{2} \left(\frac{\partial T}{\partial x} \right)^2 dV + \int_{S_L} \frac{h_L}{2} (T - T_L)^2 dS, \quad (1.6)$$

мұнда $S_L - x = x_L$ нүктеге сәйкес көлденең қима ауданы.

Сонымен берілген сырықта шекті элементтердің саны n -болғандықтан жалпы сырық үшін жылу энергиясын өрнектейтін функционалдың көрінісі төмендегідей болады

$$I = \sum_{i=1}^n I_i. \quad (1.7)$$

Әрбір шекті элементте түйін нүктелердің саны 3-ке тең болғандықтан сырықтың ұзындығы бойынша түйін нүктелерінің саны $(2n + 1)$ -ге тең болады. Олай болса осы түйін нүктелеріндегі температураның мәндерін анықтау үшін (1.7) функционалын түйін нүктелеріндегі температураның мәндері бойынша минимизациялап оларды анықтау үшін мынадай сызықты алгебралық теңдеулер жүйесін аламыз

$$\frac{\partial I}{\partial T_i} = 0, \quad i = 1, 2, \dots, (2n + 1). \quad (1.8)$$

Бұл теңдеулер жүйесін Гаусс әдісімен шешіп сырықтың түйін нүктелеріндегі температураның мәндері табылады. Ал (1.1)-ді пайдаланып сырықтың кез келген нүктесіндегі температураның мәнін анықтауға болады. Сонымен сырықтың ұзындығы бойынша жылу өрісінің заңдылығы $T = T(x)$ табылды. Осылайша мәселенің бірінші бөлігі толық шешілді.

Мәселенің екінші бөлігін шешу үшін берілген сырықты теңдей $\frac{n}{2}$ -бөлікке бөлеміз. Онда әрбір бөліктің ұзындығы $\frac{L}{\frac{n}{2}} = \frac{2L}{n}$ -ге тең болады. Әрбір бөлікті үш нүктелі (i, j, k) квадраттық шекті элемент деп қарастырамыз. Мұнда $x_j - x_i = x_k - x_j$ болады. Әрбір шекті элементтің шегінде $u = u(x)$ - жылжу заңдылығын үш нүктеден өткен қисық сызық деп қарастырамыз. Онда кез келген шекті элементтің шегінде жылжудың өзгеруі мынадай болады

$$u(x) = \varphi_i(x)u_i + \varphi_j(x)u_j + \varphi_k(x)u_k, \quad (1.9)$$

мұнда u_i, u_j және u_k -лар сәйкес түрде $x = x_i, x = x_j$ және $x = x_k$ нүктелерінің жылжулары.

Сырықтағы кез келген i -ші шекті элемент үшін потенциалдық энергияны өрнектейтін функционалдың көрінісі мынадай болады

$$\Pi_i = \int_{V_i} \frac{\sigma_x \varepsilon_x}{2} dV - \int_{V_i} \alpha E T \varepsilon_x dV, \quad (1.10)$$

мұнда V_i – i -ші шекті элементтің көлемі. Онда жалпы сырықтың потенциалдық энергиясын өрнектейтін функционал мынадай болады

$$\Pi = \sum_{i=1}^n \Pi_i. \quad (1.11)$$

Мұнда сырықтағы шекті элементтердің саны $\frac{n}{2}$ -ге тең болып, ондағы түйін нүктелерінің саны $2 \cdot \frac{n}{2} + 1 = n + 1$ -ге тең болады. Бірақ сырықтың екі шеті қатаң бекітілгендіктен 1-ші және $n + 1$ -ші түйін нүктелерінің жылжулары нөлге тең болады

$$u_1 = u(x = 0) = u_{n+1} = u(x = L) = 0. \quad (1.12)$$

Сырықтағы қалған $(n - 1)$ түйін нүктелерінің жылжуларын табу үшін (1.11) потенциалдық энергияны осы жылжулар бойынша минимизациялап, оларды анықтау үшін төмендегідей сызықты алгебралық теңдеулер жүйесін аламыз

$$\frac{\partial \Pi}{\partial u_i} = 0, \quad i = 2 \div n. \quad (1.13)$$

Бұл теңдеулер жүйесін Гаусс әдісімен шешіп түйін нүктелерінің жылжуларын табамыз. Онда сырықтың түйін нүктелерінің арасындағы кез келген нүктесінің жылжуы (1.9) формула арқылы табылып, $0 \leq x \leq L$ аралығындағы $u = u(x)$ заңдылығы құрылады. Нәтижеде шекті элементтің кез келген қатар тұрған $x = x_i$ және $x = x_j$ нүктелері ортасындағы деформацияның мәні былайша табылады

$$\varepsilon_x \Big|_{x=\frac{x_j-x_i}{2}} = \left[\frac{\partial \varphi_i(x)}{\partial x} u_i + \frac{\partial \varphi_j(x)}{\partial x} u_j + \frac{\partial \varphi_k(x)}{\partial x} u_k \right] \Big|_{x=\frac{x_j-x_i}{2}}. \quad (1.14)$$

Сондай-ақ кернеудің серпімді құрамы төмендегідей болады

$$\sigma_x \Big|_{x=\frac{x_j-x_i}{2}} = E \varepsilon_x \Big|_{x=\frac{x_j-x_i}{2}}. \quad (1.15)$$

Ал кернеудің температуралық құрамы келесі түрде өрнектеледі

$$\sigma_T = -\alpha E T \Big|_{x=\frac{x_j-x_i}{2}}. \quad (1.16)$$

Олай болса жалпы кернеудің мәні былай болады

$$\sigma = \sigma_x + \sigma_T. \quad (1.17)$$

Жоғарыда көрсетілген сандық алгоритмді пайдаланып мынадай берілген мәселелерді шешеміз. Сырықтың ұзындығы $L = 80 \text{ см}$, көлденең қима ауданы $F = 20 \text{ см}^2$; сырық материалының жылу өткізгіштік коэффициенті $K_{xx} = 72 \frac{\text{Вт}}{\text{см}^\circ \text{C}}$, жылудан кеңею коэффициенті $\alpha = 125 \cdot 10^{-7} \frac{1}{^\circ \text{C}}$, серпімділік модулі $E = 2 \cdot 10^6 \frac{\text{кГ}}{\text{см}^2}$. Сондай-ақ $x = 0$ нүктесіне сәйкес көлденең қима ауданы арқылы сыртқы ортамен жылу алмасу коэффициенті $h_0 = 6 \frac{\text{Вт}}{\text{см}^2 \text{ } ^\circ \text{C}}$, сәйкес сыртқы ортаның температурасы $T_0 = 20^\circ \text{C}$. Ал $x = L$ нүктесіне сәйкес көлденең қима ауданы арқылы жылу алмасу коэффициенті $h_L = 10 \frac{\text{Вт}}{\text{см}^2 \text{ } ^\circ \text{C}}$, сәйкес сыртқы ортаның температурасы $T_L = 40^\circ \text{C}$.


Мұнда сырықтың ұзындығы бойынша жылу таралу заңдылығы 1.3-суретте көрсетілген. Суретте көрініп тұрғандай сырықтың $x = 16 \text{ см}$ –ден кейінгі бөлігі жылу өткізбейтін қабатпен қапталып, бұл аралықта жылу мөлшері бір қалыпты кемиді. Температураның ең кіші мәні $x = L = 80 \text{ см}$ –де $T(x) = 76,9^\circ \text{C}$ –қа тең болады.

Жалпы айтқанда сырық ұзындығы бойынша жылжу өрісінің таралу заңдылығы парабола көрінісіндегі қисық сызық түрінде болады. Ал сырық ұзындығы бойынша серпімді деформация өрісінің таралу заңдылығы 1.4-суретте келтірілген. Мұнда $0 \leq x \leq 16 \text{ см}$ аралығында серпімді деформацияның мөлшері қисық сызық түрінде болады, оның ең жоғарғы мәні $\varepsilon_x = 0,0001813$ –ке тең болып, созушы сипатта болады.


Ал x -тің өсуімен, әрі қарай ε_x -тің мәні бірқалыпты азаяды, $x = 42,7 \text{ см}$ нүктесі төңірегінде оның мәні нөлге тең болып, әрі қарай сығушы сипатта болады. $x = 80 \text{ см}$ нүктесіне жақындағанда сығушы серпімді деформацияның ең жоғарғы мәні $\varepsilon_x = -0,002383$ -ке тең болады.

Бұл жағдайда абсолют мәні жағынан Мах-сығушы деформацияның мәні Мах-созушыдан 13,14%-ға артық болады.


Ал 1.5-суретте сырықтың ұзындығы бойынша серпімді, температуралық және термо-серпімді кернеулер өрісінің таралу заңдылығы келтіріледі.




1.2-сурет. Сырық ұзындығы бойынша таралу заңдылығы



1.3-сурет. Сырық ұзындығы бойынша температураның түйін нүктелердің жылжу заңдылығы



1.4-сурет. Сырық ұзындығы бойынша серпімді деформация өрісінің таралу заңдылығы



1.5-сурет. Сырық ұзындығы бойынша серпімді, температуралық және термо-серпімді кернеулер өрісінің таралу заңдылықтары

Мұнда жылу энергиясын өрнектейтін функционалды дискреттелген үш нүктелі квадраттық шекті элементтердің түйін нүктелеріндегі температуралар бойынша минимизациялап, сырық ұзындығы бойынша жылу өрісінің таралу заңдылығы табылады. Табылған бұл заңдылық сырықтың потенциалдық энергиясын өрнектейтін функционалға қойылып, ол функционал дискреттелген үш нүктелі квадраттық шекті элементтердің түйін нүктелерінің жылжулары бойынша минимизацияланып, сырық ұзындығы бойынша жылжу, серпімді деформация кернеуі, температуралық кернеу және сығушы күш мәндері табылады. Мұнда әртүрлі жылу көздері мен шекті шарттар қаралып, сәйкес заңдылықтар табылған.

ӘДЕБИЕТТЕР

[1] Сегерлинд Л. Применение метода конечных элементов. – М.: Мир, 1979. – 392с.
 [2] Писаренко Г.С. и др. Сопротивление материалов. – Киев: Высшая школа, – 1973. – 672с.
 [3] Биргер И.А., Пановко Я.Г. Прочность. Устойчивость. Колебания. Том 1. - М.: Машиностроение, – 1988. – 831с.
 [4] Әміртаев Қ.Б. Бүйір бетіне жылу ағыны түсіп тұрған созушы күштің әсеріндегі шекті ұзындықтағы стерженнің ұзаруы. -Материалы республиканской научной конференции «Моделирование механических систем и процессов», -Караганда: КарГУ им.Е.А.Букетова, 2007. -19-25 беттер

[5] Әміртаев Қ.Б., Құдайқұлов А.Қ., Жүнісов М., Ибадуллаева А. Екі шетінде екі түрлі температура берілгенде созушы күш әсеріндегі изоляцияланған стерженнің ұзаруын зерттеу -«Шоқан тағылымы-13» Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары, -Көкшетау: Көкшетау МУ, 2008. -234-236 беттер

Амиртаев К. Б.

Термонапряженно-деформированное состояние стержня при подведении теплового потока на площадь поперечного сечения и при теплообмене с окружающей средой через участок боковой поверхности.

Резюме: Исследовано термонапряженно-деформированное состояние частично теплоизолированного и заземленного двумя концами стержня при наличии локальной температуры и теплообмена.

Ключевые слова: тепловой поток, теплообмен, тепловое поле.

Amirtayev K. B.

Thermal stress-strain state of the rod in summing up the heat flow in the cross-sectional area, and by heat exchange with the environment through a portion of the lateral surface.

Summary: Studied the thermal stress-strain state is partially insulated and clamped the two ends of the rod in the presence of the local temperature and heat transfer.

Keywords: heat flow, heat transfer, thermal field.

УДК 546.27:615.771.7

Н.С. Нурсултанова, Д.Ш. Бейсехали, А.А. Жарлганова, К.Ш. Жумадилов

(Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева

Астана, Республика Казахстан

Nazjan777.nn@gmail.com)

СРАВНИТЕЛЬНЫЙ АНАЛИЗ ПИКОВ БРЭГГА C^{12} И O^{16}

Аннотация. При лечении приходится облучать опухоль, имеющую не точечную структуру, а протяженную, и при этом возникает необходимость получения модифицированной кривой Брэгга. Такая кривая Брэгга должна сканировать опухоль в зависимости от их энергий. С помощью правильного выбора источника тяжелых ионов можно подбирать диапазоны энергий для дальнейшего сканирования образовавшейся опухоли.

Ключевые слова: пик Брэгга, кислород, углерод, t-test.

Введение

Заряженные частицы, такие как протоны и тяжелые ионы, теряют энергию при прохождении через материал в первую очередь за счет ионизации. Уравнение Бете-Блоха описывает потерю энергии. Кривая Брэгга представляет собой график зависимости скорости потерь энергии или линейной передачи энергии (ЛПЭ) в зависимости от расстояния через тормозящую среду. Потери энергии характеризуются в первую очередь на квадрат заряда ядра, Z и обратно пропорционально квадрату скорости снаряда, v . Это дает кривой Брэгга свою форму, достигая максимума при очень низких энергиях останавливаться. Именно пик Брэгга делает ионную терапию преимущественной по сравнению с рентгеновским методом лечения рака. ЛПЭ медленно возрастает, растет логарифмически при энергиях выше минимума [1].

Первое применение пика Брэгга для лечения опухолей человека относится к январю 1960 г. Больная женщина 43 лет подверглась облучению гипофиза в 1958 г. тяжелыми частицами по поводу диссеминирующей карциномы грудной железы с хорошей ремиссией. К 1960 г. у нее развилось поражение в правой дельтовидной мышце. Было решено лечить это поражение прямым путем, используя пик Брэгга у альфа-частиц. Было дано 2500 *rad* общей дозы за 5 сеансов в течение 7 дней. Ввиду большей ОБЭ такая доза более эффективна, чем при обычной рентгенотерапии [2]. Пучок был изменен таким образом, что максимум дозы был под кожей. Вглубь на 2,2 см от кожи и 0,5 см от поверхности кости никакого облучения не было. Доза на коже была равна 1,3 от дозы в опухоли. Больная переносила терапию очень хорошо, и через три месяца после облучения наблюдалось легкое затвер-

девание в облученной области без остаточных масс опухоли. Кожная реакция на облучение отсутствовала. С этого момента мы использовали пик Брэгга для непосредственной терапии опухолей мягких тканей и мозга. Наибольшее число больных, подвергавшихся лечению, составляли больные с опухолями мозга и других локализаций, а также с болезнью Паркинсона. [3]

Материалы и методы

На сегодняшний день, кинетическая энергия NSRL пучка измеряется с помощью пика Брэгга. Полиэтилен высокой плотности (HDPE, $\rho = 0,97 \text{ г / см}^3$) используется для замедления движения и остановки пучка частиц. Массив ПЭВП, называется двоичным фильтром, толщиной от 16 см до 250 микрон может быть удаленно вставлен в луч. Выпускаемое измеряется с парой ионизационных камер, один вверх по течению и ниже по течению одного двоичного фильтра. Типичный пик Брэгга на 284 МэВ кислорода показан ниже.




Рис. 1. Кривая Брэгга для кислорода-16 при энергии 284МэВ

Кривая Брэгга для углерода с энергией 293 МэВ показана ниже. Для тяжелых ионов, можно разбить ядро. Ядерные осколки все имеют более низкую Z, чем первичные, так что они в целом имеют более длинный диапазон.




Рис. 2. Кривая Брэгга для углерода-14 при энергии 293МэВ

Результаты и обсуждение

Из нескольких способов, используемых для определения кинетической энергии пучка и связанного с ЛЕТ, наиболее тяжелое измерение выполняется путем измерения пиков Брэгга. Относительная ЛПЭ измеряется с помощью вторичных ионизационных камер, большой толщины из полиэтилена высокой плотности, вставленных в пути луча. Когда критическая толщина достигает максимума, частицы пучка замедляются в полиэтилене, чтобы остановиться в ионной камере, давая пик в ЛПЭ. От расположения остановки пика, мы получим кинетическую энергию пучка, что луч этой кинетической энергии будет осаждаться либо в воде или в кремний. [4]

При помощи программы Graphpad, на сайтемы сделали onlinet-test. Мы вбили значения C^{12} и O^{14} , и вывели общий сравнительный результат.

Значение P и статистическая значимость:

P- вероятность= 0,5236

С помощью обычных критериев, эта разница не является статистически значимой.

Доверительный интервал:

Среднее колонки 0.23783

95% доверительный интервал этой разницы: От -0.50295 до 0.97862

Промежуточные значения, используемые в расчетах:

t = 0,6414

df = 64

Стандартная ошибка разности = 0,371

Таблица 1

Группа	Первая колонка	Вторая колонка
Среднее значение	1.78817	1.55033
SD	1,60631	1,40586
SEM	0,29327	0,23431
N	30	36

Таблица 2

Колонка В	Углерод
против	Против
КолонкиА	Кислорода
значение P	0.5236
Краткое значение P	Ns
Одно- двухзначное значениеP	двухзначное значение P
t,df	t = 0.6414, df = 64
Насколько велика разница?	
Среднее значение + - SAM колонки А	1,78817±0,29327, n=30
Среднее значение + - SAM колонки В	1.55033±0.23431, n=36
95 % доверительный интервал	-0.50295 до 0.97862

Вывод: В работе мы исследовали пики Брэгга для кислорода и углерода, зависимости его высоты от энергии и типа падающих частиц. Самой главной трудностью при лечении опухоли у человека является необходимое локализация облучения на опухоль. Даже если излучение будет точно распределено в саму опухоль, при больших дозах некоторое количество облучения попадает на кожу и другие органы. В заключение можно сказать, что мы использовали кислород и углерод с их особенными свойствами: высокой проникающей способностью, небольшим рассеянием, большим биологическим действием на глубине на единицу ионизации в области пика Брэгга. [5]

Был проведен ряд численных экспериментов, в ходе которых, построен ряд зависимостей, которые указывают на свойства частиц. В особенности были выявлены зависимости коэффициента усиления от энергии. Из этих зависимостей, нам стало видно, что ионы углерода гораздо мощнее и эффективнее, чем ионы кислорода, но при этом непосредственно на облучаемую область ионы оказыва-

ют влияние, гораздо превышающее кислород. Это позволяет сообщать колоссальное количество энергии в нужные, точечные места, без хирургического вмешательства, в такие локально ограниченные участки тела, как гипофиз, мозг и мягкие ткани.

ЛИТЕРАТУРА

- [1] J. P. Lawrence, E. O. Lawrence, Proc. Nat. Acad. Sci. USA 22, 124
[2] Hirao, Y., et al., 1992, "Heavy ion synchrotron for medical use HIMAC project at NIRS-Japan-," Nucl. Phys. A538, 541–550.
[3] Hishikawa, Y., K. Kagawa, M. Murakami, H. Sakai, T. Akagi, and M. Abe, 2002, "Usefulness of positron-emission tomographic images after proton therapy," Int. J. Radiat. Oncol., Biol., Phys. 53, 1388–1391.
[4] Hüfner, J., 1985, "Heavy fragments produced in proton nucleus and nucleus-nucleus collisions at relativistic energies," Phys. Rep. 125, 129–185.
[5] IAEA, 2000, "Absorbed dose determination in external beam radiotherapy," Technical Reports Series 398.

Нурсултанова Н.С., Бейсехали Д.Ш., Жарлғапова А.А., Жумадилов К.Ш.

C¹² және O¹⁶ Брэгг шындарының салыстырмалы талдауы.

Түйіндемесі. Нақты емдеу жолы нүкте үлгісін бар ісік және ұзындығы сәуле қажет, өзгертілген Брэгг қисық қажеттілігі бар. Мұндай Брэгг шыңы олардың энергиясын байланысты, ісік сканерлеу керек. Элементі дұрыс таңдау нақты ісік одан әрі сканерлеу үшін энергетикалық ауқымдарды таңдауға болады.

Кілттік сөздер: Брэгг пикі, оттегі, көміртек, t-test.

Nursultanova N.S., Beisekhali D.Sh., Zharlgapova A.A., Zhumadilov K.Sh.

Comparative analysis of Bragg C¹² and O¹⁶ peaks

Summary. In a real treatment, a tumor with a non-point structure and an extended one needs to be irradiated, then it becomes necessary to obtain a modified Bragg curve. Such a Bragg curve should scan the tumor according to their energy. With the help of the correct choice of the element, it is possible to select energy ranges for further scanning of the real tumor.

Key words: Bragg peaks, oxygen, carbon, t-test.

ӘОЖ: 621.86(043)

М.Ж. Егембердиева

(Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті
Қазақстан Республикасы, Алматы, mmika0937@gmail.com)

**ҚАЛАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ ТАСЫМАЛДАУ КӨЛІГІНІҢ МІНДЕТТЕРІ
МЕН ШЕШУ ӘДІСТЕРІ**

Аңдатпа. Мақалада көлік бағыттарын құрудың программалық, ұйымдастырушылық және әдістемелік негіздері қарастырылған. Сонымен қатар, осы әдістерге арналған ғылыми еңбектерге талдау жасалған. Қалалық қоғамдық тасымалдаушы көліктерді дамытуға жасалынған талдаулар бойынша бүгінгі таңда қазіргі заманғы технологияларды пайдаланып қалалық жолаушылар тасымалының логистикалық жүйесін жетілдіру қарастырылған.

Автокөлік жүйелерін басқарудың программалық, ұйымдастырушылық және әдістемелік қамтамасын құру Қазақстан Республикасының көлік стратегияларын іске асырудың жолдары талданған. Зерттеулердің көпшілігіне қарамастан ірі қалаларда қоғамдық көліктерді бақылау және реттеу ғылыми әдебиеттердің бірнеше әдістері келтірілген. Қазақстанның ірі қалаларында жеңіл көлік санын азайтып қоғамдық жолаушы тасымалау көліктерін арттыру және тиімділеу, ауа кеңістігін тиімді пайдалануға мүмкіндіктер ескерілген.

Негізгі сөздер: қалалық қоғамдық көлік, қоғамдық көлікті тиімділеу, қоғамдық көлікті оңтайландыру.

Қалалық қоғамдық көліктің әр мемлекеттің өміріндегі рөлін болжамдау қиын. Қоғамдық жолаушылар көлігі, адамдарды кәсіпорындар, ұйымдар, мәдени, тұрмыстық және басқа да мекемелер орталықтарының арасында тасымалдауға арналған. Маршрутты емес қалалық қоғамдық көлік түрле-

ріне жолаушылар тасымалдауда маңызы артып келе жатқан жеке жеңіл көліктердің барлық түрлері жатады[1].

Қазіргі заманғы қалалық жолаушылар көлігі қалалардың экономикалық дамуы мен халықтың әл-ауқатын қамтамасыз ету үшін маңызды жүйе болып табылады. Жеке көлік құралдарын санының күрт өсуіне қарамастан, көптеген сарапшылардың пікірінше, азаматтардың қалалық көлікпен еңбек және тұрмыстық қозғалыстары шамамен 80% құрайды. Бұл жағдайларда, қалалық жолаушылар көлігі жағдайы мен сапасы бүкіл ел бойынша елді мекендерде тұратын адамдардың жайлылық деңгейіне тәуелді болып табылады. Көп жағдайда қалалық жолаушылар көлігінің қолжетімділігі мен сапасы халықтың өмір сүру деңгейін, әлеуметтік ахуалын және басқару органдарының тиімділігі туралы халық пікірін нақты анықтайды[2].

Қоғамдық көлікті қолданушылар санының артуы, тасымалдаушы транспорттардың көбеюін оған қажетті шарттар мен шығындарды азайтуды қажет етеді. Бұл көлік түрі қалалық көлік жүйесінің бір бөлігі ғана болғандықтан, оның жұмысын тиімді ұйымдастыру және қаланы дамыту мәселелері, соның ішінде көлік инфрақұрылымын дамыту, көлік тұрағы, жаяу жүргіншілер жол қозғалысын ұйымдастыру және т.б., мәселелеріне кешенді көзқарас қажет.

Қазақстан өңірлерінде жеңіл көлік санын азайтып қоғамдық жолаушы тасымалау көліктерін арттыру, ауа кеңістігін тиімді пайдалануға мүмкіндік береді.

Қазіргі уақытта, бастапқыда өмір сүру сапасын жақсарту үшін тиімді құрал болып табылатын жеке жеңіл көлік құралдары, қоршаған ортаны қалыпты жұмыс істеуіне кері әсер ететін жаһандық дағдарыстың басты себептерінің біріне айналды[3].

Басқару тұрғысынан қалалық жолаушылар көлігімен оның субъектілері арасындағы қатынастары өнеркәсіп саласында тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін айқын болуға тиіс.

Сонымен қатар, басқару жүйесі жолаушылардың сұранысына сәйкес барынша икемді болуы керек [4].

Көлік жүйелерін басқарудың программалық, ұйымдастырушылық және әдістемелік қамтамасыз құру Қазақстан Республикасының көлік стратегияларын іске асырудың қажетті элементі болып табылады. Осындай стратегияларда көлік жүйесінің дамуы, көлік саясатының басым бағыттары, іске асырудың механизмдері, күтілетін нәтижелер, экономикалық негіздемелері келтіріледі. Стратегия, әдетте 5, 10, 15 жылдық болжамдарды қамтиды. Осы себеппен стратегия өңдеу барысында көліктік жүйелерді моделдеудің әр түрі қолданылады. Моделдеу кезінде көліктік жүйеге қатысты барлық компоненттер жан-жақты қарастырылады. Олар: қаланың бас жоспары, демографиялық деректер (динамикалық түрде), қалалық бағыттық көліктің түрлері мен даму бағыттары, көше-жол желілерінің қалып-күй жағдайы және тағы да басқа. Көлік дамуының стратегиясының (ҚДС) негізгі мақсаты – болжамның әр кезіндегі халықтың ұтқырлығын есептеу. Нәтижесінде нысаналы көрсеткіштердің қажетті мағыналары қамтамасызданады; а) қаланың орталығында жол-көлік оқиға (ЖКО) саны азаяды; ә) жүргіншілер қатысуымен ЖКО азаяды; б) қаланың негізгі аса жүктелген көше-жол желілеріндегі жылдамдық өседі; в) қалалық бағыттар көліктеріне жолаушылар саны көбейеді.

Нысаналы көрсеткіштердің мағыналары нақты талдаулық бағалау, есептеу, болжамдау, сараптау негізінде беріледі. Аймақтың ҚДС болуы – көптеген түсініспеушіліктерден айырылуға кепіл болады, сонымен қатар, өзгерістерді дер кезінде енгізуге мүмкіндік береді.

Жолаушы көлігінің тұрақты дамуы және көліктік қызмет көрсету деңгейінің жоғарлауы азаматтардың қауіпсіздік қамтамасыздандыруына кепілі болады.

Алматы қаласының жолаушы көлік желісі көптеген тарихи факторлар негізінде қалыптасқан. Осы себеппен қазіргі жағдайда жолаушылар көлік бағыттары өсіп келе жатқан қаланың барлық азаматтарын тасымалдауды қамтамасыздандыра алмайды.

Біріншіден, бұл жолаушы тасымалдауының құрылымының күрт өзгеруіне байланысты. Қаланың динамикалық-әлеуметтік дамуы – жолаушы ағындарын тартудың жаңа аймақтарының пайда болуы, мәселен, іскерлік, саудалық, спорт кешендерінің пайда болуы, жаңа ықшам аудандардың пайда болуы. Екіншіден, жеке көлік санының өсуі қала көшелерінің өткізгіштік қабілетінің төмендеуіне әкеліп соқты. Осының барлығына қарамастан, қалалық жолаушы тасымалдау (ҚЖТ) желісі барлық жолаушы тасымалдау түрлерінің 80% құрайды [5].

Осыған байланысты бағыттық желілерді оңтайландыру қажеттілігі туындайды, және бұл оңтайландыру қаланың заманауи даму деңгейлерін ескеріп отыру қажет [6, 7].

Бағыттық желі деп қала, аудан және т.с.с. аумағындағы барлық жолаушы көліктерінің жүру бағыттарының жиынтығын айтады. Жүру бағыты деп көліктік құралдың бастапқы және соңғы аялдамалық тармақтарының арасындағы кестеге сәйкес жүру жолын түсінеміз.

Бағыттық желіні қалыптастыру қаланың тиімді көлік жүйесін құрудың маңызды кезеңі болып келеді. Бағыттық желінің қаланың жол-көше желісіне тиімді орналасуы халықтың қанағаттануы да, көліктік компаниялар қызметтерінің де сапасының өсуі тікелей байланысты.

Біздің елімізде қалалық көлік және қалалық байланыс жолдар сұрақтары 19 ғасырдың соңынан бері қарастырылуды. Әрине, ол кездегі бұл салада ірі зерттеулер жүргізілмеген. Бірақ азаматтық соғыстан кейін Кеңес одағында индустриалды өсу басталды. Қалада тұрғындар саны күрт өсіп кетті. Соғыстан кейінгі бірінші жылдары тұрғындар саны екі еселенді, ал кейін тіпті 3,3 есеге өсіп кетті. Қала өскен сайын қалалық жолаушы тасымалдауының мәселелері де өсті, соның ішінде қала көшелерінің өткізгіштік қабілетінің жоғарылауы және көшелерге қоғамдық көліктің сыйымдылығының ұлғаюы.

Осы мәселелерді шешу үшін 1923 жылы Бүкілодақтық трамвай және автобустық сьездерінің бюросы (БТАБ) құрылды. Артынша бұл бюро Бүкілодақтық ғылыми инженерлік-техникалық қоғамға (БФИТК) айналды. БТАБ бастауыменен қоғамдық көліктің әртүрлі көрсеткіштері құрылып, стандарттар және пайдалану нормалары өңделген. Аталмыш материалдардың барлығы нақты есептерді шешудің бас құралы болды. 1927 жылдан бастап БТАБ редакциясымен «Трамвай бюллетені» жарық көрді, ал кейін, 1932 жылда «Көлік және қала көшелері» ғылыми журналы баспаға шығып бастады. Осы кезде қалалардың көлік жүйелерін ұйымдастыру туралы ғылыми жұмыстар да шығып бастаған. Ең ауқымды ғылыми еңбектердің алғашқысы А.Х. Зильбертальдің «Трамвай шаруашылығы» болып саналады [8]. Бұл жұмыста халықтың сұранысын ескеретін қоғамдық көліктің барлық түрлері бойынша ішкіқалалық көлік желілерін жобалау мәселелері қарастырылды. Кейін бұл автордың «Қалалық қоғам көлігінің мәселелері» атты кітабы жарық көрген [9], бұл жұмыста әртүрлі көліктердің техникалық-экономикалық көрсеткіштерінің толық талдауы жасалынды. Соғысқа дейінгі жылдары 1938-1941 жылдары тағы да бірнеше маңызды жұмыстар баспаға шықты. Олардың ішінде Александров А.П., Бронштейн Л.А., Поляков А.А. «Қалалық қоғамдық көлік» [10] және В.С. Ларионовтың «Жолаушы тасымалдаудың бағыттарын нақтылаудың қағидалары мен әдістері» [11] ерекше орын алуда. Бірінші кітапта жолаушы тасымалдаудың ішкіқалалық айналымы мен ағындарын есептеуге арналаған әдістеме келтірілген. Ал екінші жұмыста бағыттық желілердің теориялық негіздері қарастырылған.

Экономикалық-математикалық әдістер дамуымен қалалық қоғамдық көліктің жаңа кезеңі басталды [12]. Маңызды жұмыстың бірі - Б.Л. Геронимустың Мемлекеттік автомобильді көліктің ғылыми-зерттеу институтында «Автомобильді бағыттардың тиімді сызбасын анықтау әдістемесі» атты жұмысын айтуға болады. Кейініректе оның жетекшілігімен Жұмаев Д. Диссертациялық жұмыс орындады. Ол жұмыста математикалық әдістерді қолданып, жолаушы тасымалдайтын көліктердің сызбаларын есептейтін әдістер өңделді. Бірақ, қалалық көлігінің үнемі өсуіне байланысты, мүмкін болатын барлық нұсқаларды есептеудің қиынға соғады. Сондықтан Б.Л. Геронимус шәкіртімен бірге нұсқаларды бағытталған таңдауы бар комбинаторлық талдау әдісін қолданды [13]. Бұл әдістеме біраз уақытқа дейін көптеген ғылыми-зерттеу және қолданбалы есептердің шешімінің негізі болды. Бірақ есептеуге кететін уақыттың ұзақтығы және кейбір нұсқалардың шынайы факторлардан алыстайтыны ұсынылған әдісті қолдануды шектетті.

Кейін бұл әдістеме бірқатар ғалымдардың еңбектерінде орын алды. Солай, 1974 жылы бір топ ғалымдар - Антошвили М.Е., Варелопуло Г.А., Хрущев М.В. – шынайы емес бағыттарды алып тастайтын әдісті ұсынды. Осы аворлар әдістің есептеулері үшін алғаш рет ЭЕМ қолданды. Бұл есептеулердің сапасын көтерумен қатар уақытты үнемдеді. Рационалды бағыттық желіні өңдеуде шектеулер қатарын қолдануды ұсынды: бағыттың минималды және максималды ұзындығы, қозғалыстың максималды интервалы, сыйымдылықты пайдаланудың минималды коэффициенті, автобустар саны және т.д.б.

Кейбір бағыттардың тиімділігін арттыратын әдістер Логинов В.Н., Болоненков В.Г., Либерман С.Ю., Спирин И.В. және басқа да ғалымдардың еңбектерінде қарастырылған [14].

Осы бағытта орындалған жұмыстарды қарастыра келе, ҚДТК бағыттық желілерді жобалаудың барлық әдістерін үш негізгі топқа бөлуге болады:

1. Формалды математикалық моделдердің негізінде жолаушы тасымалдаудың бағыттарын автоматты жобалау;
2. Жолаушы тасымалдаудың бағыттарын құру процессін кейбір бөліктерін автоматтандыру және нәтижесін маманмен сараптық бағалануы;
3. Тәжірибе негізінде шешім қабылдау және формалды емес сарапшылар талдауы.

Қатаң формалды математикалық моделдерді қолдану программаға салынған алгоритм тарапынан тиімді шешім береді, бірақ бұл тәсілдің кемшілігі болып қала дәстүрлерін, экологиялық жағдайды, басқа да талаптарды ескеруге мүмкіндік жоқ. Сондықтан тиімді болып екінші әдіс саналады, себебі, сарапшы шыққан нәтижені талдап, соңғы шешімді қабылдайды.

Қазіргі даму кезеңінде көлік жүйесі логистика тұрғысынан жетілдіру жөніндегі шаралар кешенін тиімді дамыту қажет. Талдау нәтижелері бойынша соңғы кездері көліктерде техникалық құралдар мен әдістер жиынтығын ала отырып, жолаушыларды жоспарлы уақытпен, қауіпсіз, сенімді және үздіксіз жеткізу үшін логистикалық қағидалар қолдану үрдісі белең алып келе жатыр.

Қалалық қоғамдық тасымалдаушы көліктерді дамытуға жасалынған талдаулар бойынша бүгінгі таңда қазіргі заманғы технологияларды пайдаланып қалалық жолаушылар тасымалының логистикалық жүйесін жетілдіру маңызды.

Зерттеулердің көпшілігіне қарамастан ірі қалаларда қоғамдық көліктерді бақылау және реттеу ғылыми әдебиеттерде жеткіліксіз қамтылған. Аялдамаларда және тоқтау нүктелерінде халық ағынын реттеу мәселесі іс жүзінде мүлдем қарастырылмаған.

Қалалық қоғамдық жолаушылар көлігі логистикалық қызметтерді жақсарту мәселелері әлі күнге дейін жеткілікті түрде зерттелмеген. Осы себепті, қалалық көлік қозғалысын басқару мәселелерін шешуде жолаушы тасымалдаушы көліктерінің шығындарын азайту және тиімділігін арттырудың маңызы зор.

ӘДЕБИЕТТЕР

- [1] Трухунков М.Ф. Транспортное производство в условиях рынка: качество и эффективность - М.: Транспорт, 2008. – 501с.
- [2] Мажарова В. Транспорт в Казахстане: современная ситуация, проблемы и перспективы развития. – Алматы 2012. – 200с.
- [3] Ванчукевич В.Ф., Седюкевич В.Н. Автомобильные перевозки. – Мн.: Выш. шк. – 1988г. – 42стр.
- [4] Султанахмедов М.А. Ситуационное управление автотранспортной системой // Вестник Московского автомобильно-дорожного государственного технического университета (МАДИ). - 2010. - № 2. - С.95-99;
- [5] Харитонов В.А. К вопросу о путях решения транспортных проблем городской среды // Вестник МГСУ. - 2009. - №3. - С. 71-74.
- [6] Кочегурова Е.А., Мартынова Ю.А. Оптимизация составления маршрутов общественного транспорта при создании автоматизированной системы поддержки принятия решений // Известия ТПУ. - 2013. - №5 (том 323). - С. 7984.
- [7] Герами В.Д. Методология формирования системы городского пассажирского общественного транспорта. - М.: МАДИ, 2001. - 313 с.
- [8] Зильберталь А.Х. Трамвайное хозяйство. - М.: Гострансиздат. - 1932.
- [9] Зильберталь А.Х. Проблемы городского пассажирского транспорта. - М.: Гострансиздат. - 1937.
- [10] Александров А.П., Бронштейн Л.А., Поляков А.А. Городской пассажирский транспорт. - М., 1939. - 58 с.
- [11] Ларионов В.С. Принципы и метод установления пассажирских маршрутов. Труды НИИГТ Моссовета. «Организация движения городского транспорта». - М.: НККХ РСФСР, 1940.
- [12] Буруцкий А.А. Анализ опыта формирования оптимальных маршрутных схем городского пассажирского транспорта // Вестник ТГАСУ. - 2013. - №2. - С. 371380.
- [13] Геронимус Б.Л. Математико-статистический метод выборочного обследования пассажиропотоков / Б.Л. Геронимус, Д.Д. Джумаев. - Автомобильный транспорт. - 1966. - №4, С. 43-44.
- [14] Блатнов М.Д. Пассажирские автомобильные перевозки. - М.: Транспорт, 1981. - 222 с.

Егембердиева М.Ж.

Задачи и методы решения маршрутов

городского общественного транспорта

Резюме. В статье предусмотрено создания программных транспортных маршрутов, организационные и методические основы. Кроме того, сделано анализ научного метода работы.

Оптимальное состояние общественного транспорта в регионах Казахстана предполагает сокращение доли легкового транспорта в транспортных потоках и улучшение состояния воздушных бассейнов городов. Анализ решений по совершенствованию городского пассажирского транспорта выявил, что сегодня особенно актуально совершенствование логистической системы городских пассажирских перевозок с применением современных технологий.

Несмотря на возрастающий объем исследований, проблемы контроля и управления пассажирским транспортом в крупных городах были рассмотрены литературы и методы.

Ключевые слова: общественный транспорт, оптимизация общественного транспорта.

Yegemberdiyeva M.Z.

Urban public transport problems and methods to solve them

Summary. Transport routes in the article creation software, organizational and methodological foundations provided. In addition, the development of methods for scientific analysis is provided. Qalalq public transport vehicles analysis today is the use of modern technologies will improve the system of urban passenger transport and logistics.

Bus systems management software, organizational and methodical analysis of the ways to implement the provisions of the Republic of Kazakhstan to create a transport strategies. Although the majority of the research on control and regulation of public transport in major cities and several methods of scientific literature. Reduce the number of cars in the major cities of Kazakhstan to increase public passenger vehicles migration and optimization, air space efficient use of the opportunities provided.

Key words: urban public transport, public transport optimization

ОӘЖ 519.8

С.Т. Ахметова, Б.Т. Тажибаева, К.Б. Нарбекова
(М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті,
Шымкент, Қазақстан Республикасы, *sabdas65@mail.ru*)

**ГЕОТЕХНИКАЛЫҚ НЫСАННЫҢ ЖАҒДАЙЫН БАСҚАРУДЫҢ
НЕГІЗГІ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Аннотация. Қазіргі таңда күрделі аймақтық-таратылған, көпбайланысты динамикалық жүйені – «геотехникалық нысанды» басқару арнайы ақпараттық қамтамасыз мүмкін емес екендігі жалпыға танылған.

Көптеген ғылыми жұмыстарда геотехникалық нысандардың жағдайын талдау жүйелерін ақпараттық қамтамасыздандыру аймақтың экоқауіпсіздігін басқару жүйесінің маңызды құрама бөлігі болып табылатындығы айтылған.

Еліміздің экологиялық жағдайын қалыпты ұстап, табиғат байлығын сақтау және оны молайту тек бүгінгі күннің қажеттілігінен туындамайды, ол ертеңгі күннің проблемаларына жауап береді. Сондықтан бұл мәселе Қазақстанның 2030 жылға дейінгі ұзақ мерзімді дамуына арналған бағдарламада басым міндеттердің бірі ретінде көрсетілген. Қоршаған ортаның қазіргідей ауыр жағдайында еліміздің келешек иелерінің экологиялық сауатын көтеру бүгінгі күннің кезек күттірмейтін мәселелерінің бірі болып отыр.

Ғылым мен техника саласындағы жаңа жетістіктер шапшаң түрде төтенше жағдайлардың пайда болу қаупі мен қоршаған табиғи ортаға антропогендік жүктеменің өсуіне әкелді. Бұның салдары адамның шаруашылық әрекеттерінің жаман әсерін табиғат толығымен қайта қалпына келтіре алмайды.

Кілттік сөздер: геотехникалық нысан, геоақпараттану, геоақпараттық жүйе.

Кіріспе.

Республика қалаларында атмосфераның ластануының көбейе түсуі туған табиғат тепе-теңдігінің бұзылуына әкеліп соғуы, адам денсаулығына айтарлықтай зиянын тигізуде, және қоршаған

ортаның ластануына байланысты әр түрлі аурулардың пайда болуы, т.б. жағдайлардың айта берсек соның ішінде республика халқының өміріне кез-келген сыртқы қатермен бірге экологиялық қауіп-қатердің тигізер әсері өзекті мәселеге айналып отыр [2]. Қоғамның тұрақты дамуына деген беталыс экологиялық проблемаларды шешуден бастау алады. Еліміздегі осындай ірі экологиялық ластанудың ошақтарын есепке алып, оны жою бойынша тиісті бағдарламалар жүргізілсе, орындалатын негізгі міндеттердің бірі болып саналады.

Қоршаған ортада әртүрлі ластаушы заттардың жиналуы адамның өмір сүру ортасының қалыптасуына кері әсер етеді, ақырында шаруашылықты жүргізудің негізгі алғышарттарын қайта қарау қажеттілігіне алып келді.

Дамудың қазіргі кезінде, адамның шаруашылық әрекетін жобалау мен іске асырудағы қателердің саны күрт өскенде, геотехникалық нысанның (ГТН) жағдайын басқаруға негізделген әдістің болашағы зор.

Геотехникалық нысан дегеніміз адамның өмір сүрі ортасын қалыптастыратын және өзара тығыз байланысты табиғи және техникалық нысандардың жиынтығы.

ГТН – бұл техногендік әсер ету ерекшелігі мен табиғи ортаның аймақтық әртүрлілігі, компоненттердің (табиғи және техникалық) диалектикалық тұтастығы бар, кеңістікте аймақтың әкімшілік шекарасымен шектелген, ашық динамикалық көп компонентті жүйе.

ГТН жағдайы табиғи үрдістер мен адам іс-әрекетінің ықпалы әсерінен, сонымен бірге басқа аймақтардан ластаушы заттардың келуі нәтижесінде өзгереді.

Геоақпараттану – бұл географиялық ақпараттық жүйелерді ғылыми дәлелдеу, жобалау, құру, пайдалану және қолдану туралы ғылым, ол –технология және өндірістік әрекет. ГАЖ 1960 жылдардың басында құрылды. Қазір өнеркәсібі дамыған елдерде мыңдаған ГАЖ бар: олар геодезия және картографияда, кадастрда, ресурстарды басқаруда, табиғат пен экологияны қорғауда, экономикада, тіпті саясатта да қолданылады.

ГАЖ – бұл кеңістіктік-үйлестіруші деректерді жинауды, сақтауды, өңдеуді, кіруді, бейнелеуді және таратуды қамтамасыз ететін ақпараттық жүйе [1].

ГАЖ-дың мәні – қалай болғанда да деректерді жинауға, деректер қорын құруға, оларды компьютерлік жүйелерге енгізуге, сақтауға, өңдеуге, түрлендіруге болады. Пайдаланушы сұранысы бойынша ол мәліметті көбінесе картографиялық пішінде беруге, сонымен қатар кесте, график, мәтіндер (текст) түрінде шығаруға да мүмкіндік береді.

Геоақпараттық жүйелер бірнеше ғылымдардың тоғысуынан, әдетте сандық картографиялау мен автоматты басқару жүйелерінен, жоспарлау мен ғылым салалары бойынша ғылыми-зерттеулерден құрылады. ГАЖ – жалпы географиялық карталар мен экологиялық, кадастрлы және ГАЖ-дың құрылуына байланысты көптеген басқа да деректерден құралған ақпаратты біріктіреді.

ГАЖ-дың функциялары: картографиялық және тақырыптық ақпараттарды жинау, жүйелеу, жинақтау, сақтау, талдау, түрлендіру, тарату.

ГАЖ-ды пайдалану мақсаттары: жерді инвентаризациялау, талдау, модельдеу, басқару, болжам жасау, жоспарлау, мониторинг, картаға түсіру, тұтынушыларға қызмет көрсету.

Геоақпараттық жүйелердегі деректер, өздерінің географиялық жағдайының негізінде біріктірілген тақырыптық қабаттардың жинағы түрінде сақталады. Геоақпараттық жүйелердің векторлы және растрлы дерек модельдерімен жұмыс істеу тәсілі мен мүмкіндігі – кеңістіктік ақпараттарға қатысты кез келген міндеттерді шешуде өте тиімді [1].

Геоақпараттық жүйелер басқа ақпараттық жүйелермен тығыз байланысты, әрі олардың деректерін, объектілерді талдау үшін қолданады. ГАЖ үлкен көлемді деректерді дұрыс, тез басқара алады.

Геоақпараттық жүйелердің ерекшеліктері:

1. Пайдаланушыға қолайлы кеңістіктік деректердің бейнеленуі – кеңістіктік деректерді, сонымен қатар қабылдауға аса қолайлы үшөлшемді өлшеудегі деректерді картографиялау (картаға түсіру); ол сұраныстардың құрылымы мен олардың кезекті талдамасын жеңілдетеді.

2. Деректерді мекеме ішінде интеграциялау – геоақпараттық жүйелер компанияның әртүрлі бөлімдерінде немесе тіпті бір аймақтағы мекеменің түрлі қызмет салаларында жинақталған деректерді біріктіреді. Жинақталған деректер мен олардың бірыңғай ақпараттық массивке интеграциясын


• Технические науки

ұжымды түрде пайдаланудың, едәуір бәсекелестік артықшылығы бар. Ол геоақпараттық жүйелерді пайдалану тиімділігін жоғарылатады.

3. Дәлелді шешімдерді қабылдау – кеңістіктік деректермен байланысты кез келген құбылыс туралы есеп беруді талдау және құру процесін автоматтандыру, шешімді қабылдау тәртібін жеделдету мен оның тиімділігін жоғарылатуға мүмкіндік береді.

4. Картаны құрудың қолайлы құралы – геоақпараттық жүйелер, ғарыштық және аэрофототүсірім деректерінің мағынасын түсіндіруге (расшифровка) тиімді және белгілі бір жердің құрылып қойған жоспарларын, сызбанұсқаларын (схема), сызбаларын (чертеж) пайдаланады. ГАЖ картамен жұмыс істеу процесін автоматтандыра отырып, уақытша ресурстарды үнемдеп, жердің үшөлшемді моделін құрады.

Кез келген ГАЖ-да ДҚЖБ-дан басқа, деректерді көзбен шолу жүйесі бар. Ол ақпараттарды экранға карта, кесте, сызбанұсқа (схема), т.б. түрінде шығарады, әрі деректерді талдау жүйесі де бар. Оның көмегімен олардың өңделуі мен талдауы жүзеге асырылады (сурет 1).



1-сурет. Геоақпараттық жүйелердің типтік құрама бөліктері


Сонымен қатар, ГАЖ-дың ақпараттарды енгізу және шығару жүйелері қажетті құрамды бөліктері (компонент) болып табылады.

Енгізу жүйесі – бұл деректердің алынуына жауап беруші бағдарламалы блок; оның керек көздері бейнелерді растрлы суреттер түрінде шығаратын сканер, карталардың сандандырылуы жүзеге асырылатын дигитайзер (сандандырғыш), электрондық теодолит пен басқа геодезиялық құралдар сияқты әртүрлі электрондық құралдар болуы мүмкін. Ақпаратты клавиатурадан қолмен немесе басқа компьютерлік жүйеден енгізуге болады. Оның көздері арнайы жұмыс бекеттерінде өңделіп шығарылатын аэрофото- және ғарыштық түсірімдер болуы мүмкін (сурет 2).



2-сурет. Ақпараттарды ГАЖ-ға енгізу көздері

ГАЗ-ды шығару жүйесі, жұмыс нәтижелерін пайдаланушыға қолайлы түрде беруге арналған. Мысалы, плоттердің (графасалушы) көмегімен өте сапалы қара-ақ және түрлі-түсті бейнелер – іс жүзінде даяр картаны алуға болады. Сонымен қатар әртүрлі лазерлі принтерлер де қолданылады. Жұмыс нәтижелері дискіде жазылған бейнефильмдер, есеп беру түрінде басылып шығарылып, желі арқылы сыртқы компьютерлік жүйелерге жіберілуі мүмкін (сурет 3).



3-сурет. ГАЗ-дың шығару жүйесімен деректерді беру

ГТН жағдайын талдауды ақпараттық қамтамасыздандырумен байланысты басымдық (приоритетті) есептер [3]:

- ГТН жағдайы көрсеткіштерінің мәндері бойынша аймақты жіктеу;
- геотехникалық нысандар жағдайы көрсеткіштерінің өзарабайланысуын зерттеу.

Бұл мәселені зерттеуге көптеген жұмыстар арналған. Оларда тұрғындардың денсаулығын, төтенше жағдайлардың пайда болу қауіпін, табиғи компоненттердің жағдайын, техногендік әсерді сипаттайтын көрсеткіштердің аймақтық өзгеруін зерттеуге арналған математикалық, математико-картографиялық және математико-геоақпараттық үлгілерді құру сұрақтары қарастырылған. Жағдайлардың әртүрлі көрсеткіштері арасында стохастикалық өзарабайланысудың аймақтық ерекшеліктері анықталып, зерттеледі. Алайда, ГТН жағдайын талдау есептерін шешуде нақты қолжетімді ақпаратты тиімді пайдалану сұрақтарына жеткіліксіз көңіл бөлінуде, бұл қорытындыда ГТН жағдайын талдауды ақпараттық қамтамасыз ету жүйелерінің тиімділігін азайтады және де экоқауіптілікті басқару бойынша қабылданатын шешімдердің негізделуін төмендетеді.

Көрсетілген жағдайлар нақты қол жетімді ақпаратты пайдалану тұрғысынан тиімді ГТН жағдайы көрсеткіштерінің өзарабайланысуын бағалау әдісін, ГТН жағдайы көрсеткіштерінің мәндері бойынша аймақты жіктеу әдісін құрастыруға бағытталған және геотехникалық нысандар жағдайын талдауды ақпараттық қамтамасыздандырудың автоматтандырылған жүйесі (ГТН ЖТАҚАЖ) құрамында қолданбалы бағдарламалық қамтама (ҚБҚ) түрінде құрастырылған әдістерді іске асыру зерттеу тақырыбының өзектілігін нақтылайды [4].

Қорытынды. Ұсынылып жатқан ГТН жағдайы көрсеткіштерінің өзарабайланысуын бағалаудың ақпараттық әдісінің ғылыми жаңалығы – сандық, номиналдық және рангтық шкалада көрсеткіштердің өзарабайланысын зерттеуге бік позициядан жақындауға мүмкіндік беретін ақпараттық байланыстың алғаш ұсынылған коэффициентін өзарабайланысты талдауға пайдаланатындығы.

ӘДЕБИЕТТЕР

- [1] Қ.Б.Рысбеков, С.Т.Солтабаева. Геоақпараттық жүйе негіздері. Оқу құралы. – Алматы: ҚазҰТУ, 2008. 166 б.
- [2] Юсупов И.Ю. Автоматизированные системы принятия решений. -М.: Наука, 1983.- 185 с.
- [3] Якубайтис Э.А. Информационно-вычислительные сети. М.: Финансы и статистика, 1984. -232 с.
- [4] Ярыгин Г.А., Равикович В.И., Темкин В.М. и др. Информационные ГИС-технологии в системах регионального экологического мониторинга // Геоинформационные технологии. Управление, природопользование, бизнес: Всероссийский форум. М., 1994. - С. 45-46.У

Ахметова С.Т., Тажибаева Б.Т., Нарбекова К.Б.

Основные проблемы управления геотехническими объектами

Резюме. Новейшие достижения в области науки и техники привели к резкому росту антропогенной нагрузки на окружающую природную среду, опасности и риска возникновения чрезвычайных ситуаций. Следствием этого является неспособность природы полностью компенсировать последствия негативного влияния хозяйственной деятельности человека.

На современном этапе развития, когда резко возросла цена ошибки в планировании и осуществлении хозяйственной деятельности человека, наиболее перспективным является подход, основанный на управлении состоянием геотехнических объектов (ГТО). ГТО представляет собой открытую динамическую многокомпонентную систему, ограниченную в пространстве административными границами региона, обладающую диалектическим единством компонентов (природных и технических), территориальной разнородностью природной среды и особенностей техногенного воздействия.

Akhmetova S.T., Tazhibaeva B.T., Narbekova K.B.

The main problems of state management of geotechnical objects

Summary. The latest achievements in the field of science and technology have led to a sharp increase in the anthropogenic load on the environment, the danger and the risk of emergencies. The consequence of this is the inability of nature to fully compensate for the consequences of the negative impact of human economic activity. At the present stage of development, when the price of error in the planning and implementation of human economic activity has sharply increased, the approach based on managing the state of geotechnical objects (GTO) is the most promising. The GTO is an open, dynamic, multi-component system, limited in space by the administrative boundaries of the region, with a dialectic unity of components (natural and technical), territorial heterogeneity of the natural environment and the characteristics of the technogenic impact.

ЭОЖ 004.05

Н.Ж. Дүйсенов, М.Ж. Көшкінбаева, С.С. Сайдирасулов, П.А. Қожабекова
(Мирас Университеті, Шымкент, Қазақстан Республикасы, saidkhan@mail.ru)

АҚПАРАТТЫ ҚОРҒАУ БОЙЫНША ЖАҢА КРИПТОЖҮЙЕЛЕРДІ ҚҰРАСТЫРУ ӘДІСТЕРІ

Аннотация. Бүкіл дүние жүзі бойынша компьютерлік қылмыс тек құқық қорғау орындарының ғана емес, сонымен қатар мемлекеттік, коммерциялық және қоғамдық ұйымдардың да назарын аударуда. Бұл мәселе бизнес саласына өте үлкен қауіп төндіруімен қатар, тағы бір жағынан оның компьютерлендіру және ақпараттандыру деңгейінің көрсеткіші. Сол сияқты компьютерлік технологияларды жетілдіру және жаңа бағыт – есептеуіш техникаларда өңделетін ақпаратты қорғау бағытын дамытуға қозғаушы күш болып отыр.

Қоғам өмірінің сандық заңдылығын анықтайтын статистикалық ақпарат өте күрделі. Осы мәселемен айналысатын арнайы ұйымдардың жыл және тоқсан сайын дайындайтын ақпараттарын басшылыққа алмай, ел экономикасын ғылыми түрде басқаруды ұйымдастыру мүмкін емес.

Көп салалы халық шаруашылығының күн санап дамуына байланысты, түрлі ақпараттарды жинастыру, өңдеу, сақтау және оларды тұтынушыларға тез жеткізіп беру процестері үлкен көлемді әрі маңызды жұмыстардың бірі. Және бір мәселе осы ақпараттарды қорғау жолдары.

Кілттік сөздер: криптография, криптожүйе, ақпаратты қорғау әдістері, шифрлау, ашық мәтін.

Кіріспе. Өндірісте ЭЕМ базасының тиімді ақпараттық құрылымын құру мәселесі ақпаратты қорғауды ұйымдастыру мәселесінің бірі болып саналады. Бұл мәселе деректерді тұлғалық қорғау және жеке қорғау, жүйелік бағдарламаны арнайы бағдарламалармен қорғау сияқты сұрақтар жиынын құрайды. Сонымен деректерді қорғаудың бірінші түсінігі деректерді толық қорғау және оларға байланысты басқару сұрақтарын қамту. Толық деректерді сақтау мәселесі ұйымдастыру және техникалық аспектерден тұрады. Ұйымдастыру аспектісі келесі ережелерді құрайды:

- ақпарат басқалардың байланысы жоқ жерде сақталуы тиіс;
- өте керек ақпарат бірнеше жинақтауыштарда сақталуы тиіс;
- әр-түрлі есептерге жататын деректер бөлек атпен сақталуы тиіс;
- магнитті жинақтауыштармен ережелерге сай байланыс жасалуы керек.

Техникалық аспект әр-түрлі шектеулердің түрімен байланысты. Бұл аспект деректер базасын басқару жүйесінің құрылымына сай келуі және қолданушыға қолайлы болуы тиіс. Оларға:

- ескі және жаңа мәндер арасындағы байланысты сақтау мақсатында белгілі атрибуттарды жаңалау шектеулі;
- әлдебір диапазонда кеңістік көрсеткішінің мәнін сақтау шектеулі.

Электрондық есептеуіш техниканың дамуы және кең қолданылуы - өндірісте, басқаруда, байланыста, ғылыми зерттеулерде, білім саласында, коммерциялық, қаржылық, және өзге де адам қызметі сфераларында ғылыми-техникалық прогрестің қазіргі кездегі маңызды бағыты болды. Баспасөзде, техникалық әдебиеттерде, күнделікті өмірде - ақпаратқа, оның таралу қауіпсіздігі мен қорғалуына көп көңіл бөлінетін болды.

Негізгі бөлім. Зерттеу жұмыстары нәтижесінде құрастырылған криптографиялық алгоритмге жалпы сипаттама беретін болсақ, ол келесі әдіспен жұмыс жасайды:

- Алгоритм мәтіндік ақпараттар мен файлдарды шифрлауға және дешифрлауға арналған;
- Мәтіндік ақпараттарды шифрлау үшін құпия сөз (яғни, пароль) пайдаланылады;
- Шифр мәтін құрамында ашық мәтін мен құпия сөз болады, яғни құпия сөздің өзі де шифрланып, шифр мәтінге енгізіледі;
- Шифрлау нәтижесінде пайда болған мәтінде құпия сөздің ұзындығы, сол ұзындықтың тақ немесе жұп санға тең болуы және де құпия сөздің ашық мәтінге қарағанда қысқа, не тең, немесе ұзын екені туралы да ақпарат сақталады. Бұл өз кезегінде дешифрлау кезінде паролдың дұрыстығын тексеруге көмектеседі;
- Шифр мәтіннің әрбір символы - ашық мәтіннің әрбір символы және құпия сөздің әрбір (кезекті) символының ASCII кодының қосындысынан пайда болады. Ал, дешифрлау кезінде шифр мәтіннің әрбір символының кодынан құпия сөздің кезекті символының коды алып тасталынады;
- Файлдарды шифрлау кезінде файлдың әрбір байты символдық айнымалыға оқылады. Әрбір байтқа құпия сөздің кезекті символының коды қосылады және шифрланатын файлға өзгеріске ұшыраған байт жазылады;
- Шифрланған файлда құпия сөз, оның ұзындығы туралы ақпарат сақталмайды;
- Шифрлау кезінде ASCII кестесі қолданылады және шифр мәтін ретінде тек қана әріптер мен сандар емес, арнайы символдар да пайда болуы мүмкін.

Ашық мәтінді шифрлау процессін толығырақ түсіндіру үшін мысал қарастырайық. Мысалы, ашық мәтін ретінде «Шымкент» сөзі, ал құпия сөз ретінде «кілт» сөзі берілсін. Онда шифр мәтін келесідей болады:

Кесте 1. Шифрлау кестесі

Түсініктеме	Ашық мәтін							Құпия сөз			
Ашық мәтін символдары	Ш	ы	м	к	е	н	т	к	і	л	т
коды	216	251	236	234	229	237	242	234	179	235	242
Кілттік сөздің символдары	к	і	л	т	к	і	л	к	і	л	т
коды	234	179	235	242	234	179	235	234	179	235	242
Құпия мәтіннің кодтары	(216+234)- 255=195	175	216	221	208	161	222	(234+234)- 256=212	102	214	228
Құпия мәтін	Г	Ү	Ш	Э	Р	Ұ	Ю	Ф	f	Ц	д

• Технические науки

Жоғарыдағы 1-кестеде көрсетілгендей, шифрланған мәтін «ГҮШЭРҰЮФЦД» болып тұр. Бірақ мұнымен шифрлау процессі өз мәресіне жетті дегені емес. Шифрлауды аяқтау үшін келесі тәсіл қолданылады:

- Құпия сөздің ұзындығын өлшейміз, оның мәні 4-ке тең («кілт» сөзі төрт әріптен тұрады);
Менеджменттің бірінші аксиомасын ескере отырып, әрбір салалық менеджер қызметші менеджері де болып табылады деп айтуға болады. Өйткені, ол өзінің қарамағындағыларды күн сайын басқарып отырады. Солай бола тұрса да, адам ресурстарын басқару мәселелерінде кадрлық және салалық менеджерлер арасында жауапкершілік пен міндеттерді бөлісуде шектеулер бар. Жалпы алғанда, қызметшілермен айналысатын мамандар жауапкершілігіне олардың арнайы білімдерін, тәжірибелерін және ақпараттық деңгейін ескере отырып, түрлі мәселелерге көзқарас білдіру, саясат, ережелер, стандарттарға талдау жасай білуі жатады деп есептеуге болады. Салалық менеджерлер «мәселенің қалыптасуына» және ұйымдағы адам ресурстарын басқаруы қажетті қадамдардың нақты іс жүзіне асырылуына жауап береді. Кәсіпорынды басқарудың жоғарғы деңгейінде қызметшілерді басқарудағы іс-әрекеттің әрбір бағыты бойынша жауапкершілікті бөлу төмендегідей үлгіде болуы мүм-

кін: Ұйымдардағы мамандық қызмет түрі ретіндегі қызметшілерді басқару 1900 жыл шамасында арнайы қалыптаса бастады. Осы кезеңге дейін жалдау, қызметтен босату, кәсіби дайындық және еңбекақыға байланысты мәселелерді шешу жеке менеджерлер арқылы қабылданатын. Ғылыми басқару бағытындағы Фредерик У. Тейлор және басқа да ғалымдар жүргізген зерттеулер 1885 жылдан басталып, компания менеджментіне жұмысқа жоғары тиімділік әкелетін және оның шаршау туғызатын әсерлерін азайтатын тәсілдерін анықтауда көмектесетін, сол арқылы көптеген жұмыскерлердің еңбек өнімділігін арттыруға жәрдемін тигізді. Кәсіпорынның ірілене бастауына қарай, қызметшілерді сатып алу және басқару сияқты көптеген басқарушылық қызметтер арнаулы мамандар арқылы жүзеге аса бастады. Ең алғашқы жалдама жұмысқа қабылданған агенттер 1900 ж В.Ф. Goodrich компаниясында болды. Жалпы қауіпті жағдайлар мен жұмыстар және бала еңбегін пайдалануға деген алаңдаушылық 1908 жылдан бастап жұмысшылар мүддесін қорғайтын бірнеше мемлекеттік заңдарды қабылдануына алып келді. Кәсіпорын көлемінің ұлғаюы 1910 жылы қызметшілер мәселесі бойынша алғашқы департаменттің құрылуына себеп болды. Орындалатын міндеттер құрылымын жасау мен олардың нәтижелері жөнінде Фрэнк және Уильям Гиттертердің еңбегі жарық көрді. 20 - жылдардың ортасында Элтон Мэйо жүргізген зерттеулер, жұмысшылар тобының жеке қызметкерлерге тигізетін әсерлерін анықтады. Нәтижесінде бұл зерттеулер кеңес беру және өнеркәсіпте қызметкерлерді тестілеу принциптері мен әдістерін қолдануға, оларды жетілдіруге алып келді. 30 - жылдарда еңбек туралы бірнеше ірі заңдардың қабылдануы кәсіподақтар санының көбеюіне әсерін тигізді. 40 - 50 жылдарда кәсіподақтар әсерінің күшеюі салдарынан пайда болған кәсіподақтар мен басшылар арасындағы қарымқатынас және ұжымдық келісімдердің маңызы көптеген кәсіпорындарда персонал мәселесімен айналысатын бөлімдердің жауапкершілік аясын кеңейтті. 60 - 70 жылдары әлеуметтік заңдылықтың дамуына негіз болған қатаң заңды талаптар және шектеулер көптеген ұйымдардың қызметшілердің департаментінің жұмысына үлкен өзгерістер енгізді. Олар өздерінің кәсіби біліктілігін көтеруге және тәжірибе қатынасындағы түрлі ерекшеліктерге көп көңіл бөлуге тура келді. Сонымен бірге, ұйымдар компания қызметінің тиімділігін арттыруда қызметкерлердің қатысу мәселесіне жаңаша көзқараспен қарай бастады. Автоматтандыру және қызметтік құрылымның өзгеруі нәтижесінде өнімділік пен қызметшілер сапасы жоғарылады. 80 - жылдарда адам ресурстарын басқарудың стратегиялық рөлі айқындала бастады. Себебі, ұйымдар өз штаттарын қысқартты, зауыттарды жапты немесе «құрылымдық қайта құру» жүргізді. Жапония, Корея және т.б. шет елдік компаниялардың өндіріс саласында АҚШ-та орналасқан компанияларды басып озуы, американдық компанияларға тиімділікті арттыру жолдарын іздестіруге мәжбүр етті [4]. Қызметкерлердің орын ауыстыруы және қалғандардың кәсіби даярлығын қадағалау кадрлық бөлімшелердің негізгі міндетіне айналды. 90 - жылдарда адам ресурстарын басқарудың негізгі салаларының бірі-жұмысшы күшінің көп қырлылығы жағдайында жұмыс жасау. Өкінішке орай, кәсіпорында персоналды басқарудың қазіргі заманғы тәсілдерін нақты қолдану жайында айтуға әлі ертерек. 1997 жылы жүргізген зерттеу нәтижесінде, кәсіпорындардың кадрлық бөлімшелерінің қазіргі заманғы талаптарға сай келу деңгейін анықтау бағытында алғашқы қадамдар жасалды. Зерттеулер нәтижесінде қазіргі кадрлық бөлімшелердің сәйкессіздіктерінің бірнеше себептерін атап өтуге болады: меншік иелері мен кәсіпорын басшылығының бизнесті өркендетуде адам ресурстарын жетілдірудің маңызын жеткілікті дәрежеде түсінбеуі. Көптеген кәсіпорындарда қызметшілермен жұмыс жүргізудің арнайы құрылымы жоқ. Кіші және орта кәсіпорындарда кадр мәселесімен тек кәсіпорынның бірінші адамы ғана айналысады. Әрине, оларда басқа да мәселелердің көптігінен персоналмен жұмыс жүргізуге өте аз көңіл бөлінеді. Кадрлық мәселелерді ұғыну әлеуметтік кәсіпорындарды басқару деңгейінде ғана. Көптеген басшылар үшін қызметшілермен жұмыс жүргізу - тек қызметкерлерді тұрақты басқаруға бағытталған іс-әрекеттер. Бұл дегеніміз - адам ресми құрылым элементтерінің бірі ретінде ғана қарастырылады деген сөз, ал ол - адам ресурстарын басқарудың қазіргі заманғы тұжырымдамаларымен таныс емес екендігін көрсетеді. Адам ресурстарын дамыту үшін оперативті басшылар мен кадрлық жұмысшылар арасында жауапкершіліктің ұтымды түрде бөлінуі. Зерттеу жүргізілген кәсіпорындардың басым көпшілігінде, персоналмен жұмыс жүргізуші бөлімшелеріне кадрлық қызметке тек тіркеу, есепке алу, кадрларға құжат толтыру, қызметшілердің орын ауыстыруына тіркеу жүргізу, қызметшілерді талдау, оқыту міндеттері жүктелген. Іс жүзінде зерттелген кәсіпорындардың бірде-біреуінде кадрлық қызметтің құзырына кәсіпорынның стратегиялық өркендеуі бағытында адам ресурстарын жоспарлау, қызметшілер резервін құру, кәсіби бағыттау

және қызметкерлерді жаңа қызметке бейімдеу, еңбек ақы мен жеңілдіктерді анықтау, тәртіпті басқару мәселелері және адам ресурстарын стратегиялық басқару негіздері енгізілмеген [5]. Сауал жүргізілген басшылардың көпшілігі барлық деңгейдегі қызметшілермен жұмыс жүргізуде салалық басшылар мен кадрлық қызмет арасындағы жауапкершілікті тиімді бөлуді дұрыс түсінбейді. Сондай-ақ, бұл қызметшілермен жүргізілетін жұмыстың барлық түріне қатысты - қызметке кандидат тандау мен бейімделуден бастап, біліктілігін көтеру, өндірістік қызмет, баға беру және мансапты жоспарлауға дейін. Батыс елдермен салыстырғанда, ауыр жағдайда жұмыс жасай отырып, отандық кәсіпорындар өзінің тәжірибесінде бүгінгі күні әлемде жасақталған үздік әдістер мен тәсілдерді қолдануға тырысады. Әрбір кәсіпорынның өзіндік ерекшелігі бар, алайда бұл адам ресурстарын басқаруда ортақ, заңдылықтарды, тұжырымдамаларды, әдістерді қолдануда кедергі жасамайды. Қазіргі кездегі адам ресурстарын басқарудың ерекшеліктері:

Нарықтық арақатынастар жағдайындағы кәсіпорынның дұрыс дамуы бәсекеге қабілетті күресті ұстау және осы күресте жеңіп шығу үшін, барлық ресурстар түрлерін және ең басты адам ресурстарын максималды және рационалды қолдану.

Адамдар - бұл кәсіпорынның ең бағалы ресурстары. Көптеген мемлекеттерде қазіргі кезде «қызметкер» және «кадрлар» терминдерінің орнына «адам ресурстары» терминінің қолданылуы кездейсоқ емес. Бұндай жағдайда адамдар кәсіпорынның стратегиялық мақсаттарына жетуі үшін компанияның жетістігі ретінде, бағалы ресурстар ретінде қарастырылады. Қазіргі кездегі бәсеке күресінде аман қалып, дұрыс дами алады тек сол компаниялар және фирмалар қасыларының даму концепциясы дұрыс көрсетілген және олардың кәсіпкерліктерінің ішкі және сыртқы жағдайларының жүйелік анализі негізінде құрылған кадрлық саясаттары.

Адам ресурстарын басқару, ол мекемені басқарудың адам аспектісі және қызметкерлердің өз компанияларымен қарым-қатынасы. Адам ресурстарын басқарудың мақсаты компанияның қызметкерлерін рационалды қолдануды қамтамасыз ету, яғни адам ресурстарының іскерлігі мен қабілеттіліктерінен жалдаушы максималды мүмкін тиімділікті алу, ал жұмысшылар жұмысынан материалдық және психологиялық максималды қанағаттанулары керек. Қызметкерлерді басқарудан адам ресурстарын басқарудың ең басты ерекшелігі бұл адамдарды басқарудың стратегиялық бағыты.

Адам ресурстарын басқару - бұл кәсіпорынның негізгі 4 мақсатына жету үшін қызметкерлерге байланысты өзара байланысқан саясаттардың жиыны. 4 мақсаты: кәсіпкерлік интеграция, қызметкерлердің адалдығы, икемділік және сапа.

Кәсіпкерлік интеграция - бұл кәсіпорынның барлық шаруашылық түрлеріне кадрлық саясатты енгізу. Бұл қызметкерлердің стратегиялық басқарылуын, жұмыс орындарында оперативті басқару өлшемдерінде адам ресурстарына қатысты стратегияны қолдану, қызметкерлер интеграциясы.

Қызметкерлердің адалдығы кадрлардың кетуінің төмендігін, өндіріс көлемінің жоғарлығын көрсетеді. Мақсат қоюдағы, мақсат диапазонына, мамандық шекарасына, басқарушылық бақылауға, шарттардың интенсификациясына, еңбек өнімділігіне, оқуға, еңбекті төлеу жүйесіне және т.с.с. Адам ресурстарын басқарудың моделіне сапа тек жұмыс пен еңбек өміріне ғана қатысты емес, сонымен қатар жұмыс күшіне, дағдылардың деңгейіне және қызметкерлердің оқытылуына да байланысты. Адам ресурстарын басқарудың маңыздылығы сонда, адамдар бәсеке күресіндегі жетістігі ретінде қарастырылады. И. Прокопенко өз мақаласында былай деп жазады: «Адам ресурстарын басқару бұл қызметкерлерді басқарудың практикасы кәсіпкерлік стратегиямен тығыз байланыста екенін көрсетеді». Қызметкерлердің дамуының әртүрлі аспектілері, олар даму карьерасы, селекция және жұмысқа қабылдау, талап, аттестация, тренинг, кәсіпкерлік стратегияның бөлігі болатын жұмыс күші мен менеджерлердің бүтін бір бағдарламаға бірігуі. Дүние жүзіндегі өсіп келе жатқан глобальді бәсекеде ұлттық бәсекеге қабілеттіліктің ең дасты факторлық шарты болып квалификациялық адам ресурстары және ғылыми база жатады.

Адам ресурстарын басқарудың мақсаты бұл бар адам ресурстарын, квалификацияны және қызметкерлердің потенциалын компанияның стратегиясы мен мақсатымен біріктіру. Адамдар корпоративті стратегияның заты, фирма инвестициясының бөлігі болады. Адам ресурстарын басқару бүтін корпоративті мәдениеттің дамуына және қоршаған іскерлік ортадағы кәсіпорынның қажеттілігін теңгеру. Біздің ойымызша, адам ресурстарын басқару - бұл белгілі бір саясат, кәсіпорындағы адам потенциалының өсуіне бағынталған, стратегиялық мақсаттарға жету үшін іскерлікті жүргізу және ұйым-

дастыру, кәсіпорынның жалпы стратегиясына қызметкерлерді басқаруды енгізгенде жоғарғы экономикалық жетістіктерге жету.

Адам ресурстарын басқарудың бірнеше жолдары бар:

-Қызметкерлер бойынша жаңа мамандарды жалдау;

-Адам ресурстарын басқарудың жаңа жүйесі бойынша қызметкерлерді қайта оқыту;

Адам ресурстарын басқарудағы сыртқы консультанттарды шақыру;

-Адам ресурстарын басқарудағы бар штатқа сыртқы эксперттерді енгізу.

Адам ресурстарын басқару кәсіпорын алдында келесі мақсаттар қояды, бұл корпоративті стратегияны адам ресурстарының стратегиясына ауыстыру; жаңа ұйымдық құрылымды құру; кәсіпорынның стратегиясы мен мәдениетіне келетін жұмысшыларды іріктеп алу; стратегияға байланысты талап жүйесін орындау; жобалау және қызметкерлерді басқару жүйесін дамыту; серіктестікті және қатысу жүйесін орындау; жұмыс күшінің потенциалын толығымен қолдану.

Адам ресурстарын басқару тұжырымдамасы мен қызметкерлерді басқару тұжырымдамасының арасындағы айырмашылығы экономикалық мақсатқа лайықты ақша қаражаттарын жұмсауды мойындау, сапалы жұмыс күшін тартумен байланысты, оның үзбей оқытылуы, жұмысқа қабілетті жағдайын ұстау, қабілеттілік пен мүмкіншіліктерге жағдай жасау. Адам ресурстарын басқару еңбек психологиясының жетістіктеріне негізделген және технология мен процедурада қолданылады, «Қызметкерлерді басқару» деп аталады, яғни кәсіпорын штатының жинақтауына қатысты, жұмысшылардың қажеттілігін, практикалық ережесін табу және қанағаттандыру, бұлар кәсіпорын мен оның жұмысшылары арасындағы қарым-қатынасты басқарады.

Адам ресурстарын басқару жүйесінің басты ерекшеліктері болып қазіргі жағдайда кәсіпорында экономикалық критерилерді қолдана отырып адам факторларын бағалау, бүкіл кадрлармен жұмыс жүйесін қайта құру, кәсіпорындардағы қызметкерлермен жұмыстың шекарасын кеңейту, жаңа функцияларына қосу және оны фирмадан тыс жаю. Профориентация мақсатында көптеген фирмалар ішкі ортада өзінің жұмысын күшейтеді, компанияға қажетті қызметкерлерді тарту және мықты мамандарды таңдау. Олар дәстүрлі элементтер жүйесінің материалдық және адамгершілікті қолдауын байланыстырады және әлеуметтік сақтандыру және қамсыздандыру элементтері бар қызметкерлерді ынталандыру, фирма жұмыскерлерінің тұрмыс жағдайын және денсаулығын жақсарту Отандық табысты кәсіпорындардың қызметшілермен жұмыс жүргізу тәжірибесі - кәсіпорындардың кез-келген қиындығы «адам ресурстарын басқару мәселесі» деген қағиданы анықтай түседі. Кәсіпорын басшылары мен меншік иелері осы қағиданы ертерек түсінсе, ұйымдарда экономикалық тұрақты даму жағдайына тез қол жеткізер еді.

ӘДЕБИЕТТЕР

[1] Щетинин В. Человеческий капитал и неоднозначность его трактовки //Мировая экономика и международные отношения.-Томск.-2001.-№12.

[2] Клейн Е.Д. Система управления человеческими ресурсами и ее совершенствование // Автореферат диссертационной работы.-Санкт-Петербург.-2010.

[3] Сүйеубаева С.Н. Шығыс Қазақстан облысының еңбек нарығы проблемаларын шешуде әлеуметтік әріптестік механизмін жүзеге асыру // Т. Рысқұлов атындағы ҚазЭУ Хабаршысы: Алматы. - № 2. -2010.

[4] Михеева С.Г. Интеллектуализация экономики: инновационное производство и человеческий капитал // Проблемы теории и практики управления.-Томск.-2003.-№1.

[5] Сүйеубаева С.Н. Адам ресурстарының тұрақты дамуын басқару // Диссертациялық жұмыстың авторефераты. Алматы. - 2010.

Орынбасар А.А., Айтқожаев А.З., Нурмуханова А.З.

Управление человеческими ресурсами на предприятиях Республики Казахстан

Резюме. Управление человеческими ресурсами - это управление и планирование учреждения, компании человеческих ресурсов. Целью данной статьи является обеспечение устойчивого развития людских ресурсов в теоретической и практической основе для определения приоритетов и разработки конкретных предложений по совершенствованию системы управления.

Ключевые слова: менеджмент, людскими ресурсами, предприятие, организация, квалификация.

Orynbasar A.A., Aytkozhaev A.Z., Nurmuhanova A.Z.

Human resource management at the enterprises of the Republic of Kazakhstan

Summary. Management of human resources is a management of the enterprise, establishment of human resources and planning. Ensuring sustainable development theoretical skilled bases of definition of priorities of human resources, the purpose of this article is, to create also specific proposals on improvement of a control system development.

Keywords: management, human resources, venture, organization, qualification.

УДК: 006:005:502

А.Ж. Жексембаева, А.З. Айткожаев, А.З. Нурмуханова

(Өл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті

Алматы, Қазақстан Республикасы)

КӘСІПОРЫННЫҢ СЫРТҚЫ САУДА ҚЫЗМЕТІНІҢ МЕНЕДЖМЕНТІ

Түйіндеме. Бұл мақалада кәсіпорынның сыртқы сауда қызметінің менеджменті туралы сипаттамалар көрсетілген. Кәсіпорындардың маркетинг қызметіне жүргізілген талдау, нақты мақсаттарға іс жүзінде қол жеткізу үшін оның жекелеген бөлшектерінің маркетингтік шаралар түрінде қолданылатындығын айтылған. Сыртқы сауда саясаты (құрамына экспорттық және импорттық саясат кіреді) мазмұндалған. Мақалада сыртқы сауда қызметінің менеджменті туралы талдау жасалынған.

Түйін сөздер: маркетинг, менеджмент, экспорттық, импорттық, тауар, сауда.

Кәсіпорынның сыртқы сауда қызметінің менеджменті. Менеджмент (ағылш. manage - басқару, меңгеру, ұйымдастыру) - ұйымда немесе кәсіпорында жұмыс істейтін адамдардың еңбегін басқара отырып, алға қойған мақсатқа жетуді ұйымдастыра білу, әлеуметтік, оның ішінде білім беру үрдістерін басқару принциптері, әдістері, құралдары мен нысандарының жиынтығы. Менеджмент басқарудың мақсатына адамдардың еңбек белсенділігін ынта-ықыласы арқылы көтеріп, олардың тиімді жұмысының негізінде жетуді ұйғарады. Ғылымның бұл түрін білу барысында басқарудың мақсаттарын қою мен дәлелдеу үшін нақты білім және тәжірибелік дағды алуға болады, осы мақсаттарға жету жолында персоналдың күш-қуатын жинастыруға, ғылыми дәлелденген шешімдерді қабылдауға, кадрлар жұмысын жүйелеуге, кәсіпорындарды біртұтас жүйе түрінде басқаруға мүмкіндік береді.

Әртүрлі ғылымдар секілді менеджменттің де теориясы болады, онда осы пәнге тән қасиеттер, міндеттер, категориялар, заңдылықтар, принциптер, әдістер, функциялар және өзінің ізденіс жолы қамтылады.

Басқару адамдардың парасаттылық нысаналы іс-қызметінің көмегімен қоршаған әлемді бағындыру және тіртіпке келтіру жұмысынан тұратындығы бұрыннан белгілі. әлеуметтік қатынастардан тұрады. Сөйтіп, менеджменттің ғылым ретінде айналысатын пәні басқару үрдісіндегі адамдардың арасындағы қалыптасатын қатынастар. Менеджментті кәсіпкерлік іс-қызметтің түрі деп қарастыруға да болады. Осы көзқарасқа қарай менеджментті алдын-ала белгіленген экономикалық нәтижеге жеті үшін адамдардың күш-қуатын нысаналы түрде шоғырландыруды ұйғаратын іс-қызметтің бір түрі деп түсінген дұрыс [1].

Әр салада басқару іс-қызметтің жалпы қағидаларымен бірге өзіне тән ерекшелігі болады. Аграрлық сфераны алатын болсақ, онда басқару қатынастарының ерекшелігі ең алдымен оның іс-жұмысының көлеміне, сонымен бірге жұмыскерлердің санына қарай әрбір елдің экономикасының ірі салаларының бірі болып есептелетініне байланысты. Кәсіпорындар мен ұйымдардың іс-жұмысына өздерінің ықпалын тигізетін сыртқы факторлардың қатарына жататындардың бірін көрсетпесек те, келесілерді айтуға болады: халықтың төлем қабілеті бар сұранысты, өндірістің, тауарды сыртқа шығарудың және оны шеттен әкелудің, бәсекенің, табиғат пен ауа-райының демографияның жиі жағдайын. Сонымен қатар, бұл кәсіпорындардың және ұйымдардың іс-қимылы олардың қолындағы жердің, техниканың малдың, материалдық құралдардың және ақша қаржысының болуына ғана емес, сонымен бірге оларда ең алдымен жұмыс істейтін адамдардың барлығына байланысты.

Менеджмент стратегиялық және тактикалық мақсаттарға оңтайлы жетуде әрбір кәсіпорындардың және олардың персоналдарын нысаналы және келісімді жұмысын қамтамасыз ететін басқару іс-қызметіне ерекше түрінен тұрады. Ал басқару үрдісі белгілі мақсатқа жетуге бағытталған дәйекті түрдегі істің жиынтығының көрінісі.

Менеджмент макро және микроэкономиканың негізгі қағидаларына негізделеді. Бірақ, бұл бірыңғай экономикалық пән болып табылмайды. Оның ғылым болып құрылуына айтарлықтай ролде психология, педогогика, социология, кибернетика және математика атқарады. Онымен қатар, менеджменттің өзі маркетингті, коммерциялық іс-қызметті және басқару іс жұмысын жүргізумен байланысты басқа қолданбалы пәндерді зерттеуге негіз болып табылады. Менеджмент пен басқарудың негізгі категорияларын кәсіпорындар мен ұйымдар деңгейінде қарастырғанда, олардың іс-жұмысының ерекшелігін және шаруашылық субъектілердің іс-қимылдарының жалпы міндеттерін ескерген жөн.

Басқару объектісі - бұл басқарылатындардың барлығы, яғни сала, кәсіпорын, бөлімшелер және т.б. [2].

Менеджмент құрылымы үш бөлімнен тұрады:

- өндірістік менеджмент;
- қаржы менеджменті;
- нарықтық (өткізу) менеджмент, немесе, маркетинг.

Өндірістік менеджмент белгілі көлемде, белгіленген сапада, келісімді мерзімде және шығындарды барынша төмен жұмсап, тауарлар өндірумен айналасатын басқарушы қосалқы жүйе болып табылады.

Қаржы менеджменті фирманың қаржы құралдарының қалыптасуын табыстардың барынша мол болуын және шығындардың барынша аз болуын қамтамасыз ететін қосалқы жүйе.

Нарықтық менеджмент - маркетинг - бұл нарыққа бағытталған фирманың коммерциялық қызметтерін басқару болады. Маркетинг (ағылшынша «market» - нарық) нарықтарды тандау үшін, нарыққа кірудің уақытты мен әдістері үшін, жаңа өнім жасалуы үшін, тауардың нарықтағы жылжуы үшін, баға саясаты үшін жауапты болады.

Менеджментте басқару объектісі ретінде әр уақытта белгілі бір мақсатқа жету үшін өздерінің іс-қызметтерін үйлестіретін және бағытталатын адамдар тобы қарастырылады. Басқарудың объектісі мен субъектісінің арасында тура және кері байланыс болады. Тура байланыс - бұл басқару объектісіне субъектіден түсетін әмір (команда). Кері байланыс - бұл басқару субъектісіне объектіден әмірдің орындалғаны және оның жағдайы туралы түсетін ақпарат.

Басқару объектісі мен субъектісінің жиынтығы тура және кері байланыстармен бірге басқару жүйесін құрайды.

Кәсіпорынның сыртқы және ішкі ортасы:

Кәсіпорын қызметінің нәтижелігі оның сыртқы ортасынан көрінеді. Сондықтан сыртқы ортаны шеберлікпен реттеп отырудың және оның кәсіпорынның ішкі құрылымымен үйлесімді байланысын қамтамасыз етудің маңызы зор.

Кәсіпорынның сыртқы ортасы төмендегі негізгі факторлармен сипатталады:

- факторлардың өзара байланысы;
- күрделілік;
- қозғалмалылық;
- белгісіздік.

Сыртқы орта факторларының өзара байланысы сыртқы ортаның бір факторының өзгеруі басқа факторларға қаншалықты, қандай деңгейде ықпал ететінін анықтау арқылы көрінеді.

Сыртқы ортаның күрделілігі факторлардың санына байланысты. Осыған орай әр кәсіпорын өзінің түпкі мақсатының орындалуына оң ықпал ететін факторларды есепке алып, оның деңгейін анықтап отыруға мүдделі.

Сыртқы ортаның белгісіздігі кәсіпорынның сыртқы орта факторларын есепке алуына, олардың әрқайсысының қаншалықты және қандай деңгейде ықпал ететінін анықтап отыруына, ақпараттардың саны мен сапасына байланысты. Сыртқы ортаға қатысты беймәлім жайлар неғұрлым көп болса, тиімді шешімдер қабылдау да соғұрлым қиындай түседі.

Сыртқы орта факторлары: тікелей; жанама әсер ететін болып бөлінеді.

Тікелей әсер ететін факторлар: мемлекет; жеткізуші; тұтынушы; бәсеке болып бөлінеді.

Сыртқы сауда - тауарлармен қызметті ішке енгізуден (импорттан) және сыртқы шығарудан (экспорттан) тұратын елдер арасындағы сауда. Сыртқы экономиканың басты көздерінің бірі - сыртқы сауда. Ал сыртқы сауда саясатына келетін болсақ - белгілі бір елдің немесе - елдер тобының сыртқы сауда қатынастарын дамыту жөніндегі экономикалық, саяси, ұйымдық шаралар жүйесі және де экспортпен импорттың географиялық және тауарлық құрылымының көлемін анықтауды қамтиды. Сыртқы сауда айналымы - сыртқы сауда дамуының жинақталған көрсеткіші, алыс-беріс арқылы жүзеге асырылады. Жалпы сауда саясаты бұл-ұлттық өнеркәсіпті шетелдік бәсекелестерден қорғау, экспортты ынталандырумен диверсификациялау, елде жұмыс орындарды құру сондай-ақ т.б. елдің дамуын жетілдіретін шараларды іске асыру жөніндегі саясатты айтамыз. Сыртқы экономикалық қызмет - сыртқы экономиканың байланыстарды реттеу тәртібін анықтау және елдің халықаралық еңбек бөлінісіне қатысуын оңтайландыру бойынша мемлекет пен оның органдарының нысаналы түрде бағытталған іс-әрекеті.

Сыртқы экономиканың негізін құраушыларға жататындар:

-сыртқы сауда саясаты (құрамына экспорттық және импорттық саясат кіреді);

-шетел инвесторларын тарту және шетелдегі ұлттық капитал салымдарын реттеу саласындағы саясат;

-Валюталық саясат.

Сонымен бірге, сыртқы экономикалық саясат жекелеген мемлекеттермен, аймақтармен сыртқы экономикалық операцияларды жүргізудің географиялық теңестірілуі міндеттерін де шешеді, бұл іс елдің экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етумен байланысқан.

Сыртқы экономикалық саясат - сыртқы экономикалық қасиетті де (СЭК) реттейді, оның айрықша белгілеріне мыналар жатады:

-тауарлар мен қызметтердің халықаралық сауда саттығы.

-Материалдық, ақша, еңбек және интеллектуалдық ресурстардың халықаралық қозғалысы.

Сыртқы сауда саласындағы саясатты жүзеге асыру құралдарына: кедендік тарифтер, шеттен әкелу және шетке шығаруды реттеудің бейтарифтік шаралары; саудалық эмбарго; кедендік одақтар және еркін сауда аймағы; валюталық қатынастар саласын: валюталарды сатып алу - сату операциялары, коммерциялық және басқа мақсаттардағы валюталық операцияларға шектеулік белгілеу жатады. Төлемдік қатынастар мен несиелік саясат сферасында займдар (қарыз) экспорттық несиелер және экспорттық несиелерді сақтандыру бойынша есептеу мөлшерлемелері мен проценттерінің деңгейлері реттеледі.

Көптеген мемлекеттерде сыртқы экономикалық саясат құралдарының кең ауқымды жиынтығының болуы - өздерінің сыртқы экономикалық байланысының құрылымымен даму бағыттарын құруға ғана емес, сонымен бірге басқа елдермен сыртқы экономикалық байланысы мен сыртқы экономикалық саясатына да белсенді түрде ықпал етуге мүмкіндік береді. Сыртқы экономикалық саясат құралдарының бұл жиынтығын саудалық саяси механизм ретінде қарастыруға болады.

Кәсіпорындардың маркетинг қызметіне жүргізілген талдау. Нақты мақсаттарға іс жүзінде қол жеткізу үшін оның жекелеген бөлшектерінің маркетингтік шаралар түрінде қолданылатындығын көрсетеді. Сонымен қатар, отандық өнеркәсіп орындарындағы маркетинг көп ретте жарнама және өнімді өткізу ісіне бағытталған. Ал тауар саясаты маркетинг қызметінің негізгі құрамдас бөлігі екенін ескере кетсек, онда тауар саясатына тоқталмай айналып өту мүмкін емес. Кәсіпорынның маркетингтік ортасы - кәсіпорыннан тысқары жерлерде әрекет етуші, мақсатты клиенттермен ынтымақтастық қатынастар орнату және оны ұстап тұрудағы маркетинг қызметіне басшылық жасаудың мүмкіндіктеріне ықпал етуші белсенді субъектілер мен күштердің жиынтығы.

Қай тауардың болмасын бәсекелік қабілеті оның тұтынушы қызығушылығына ие және осы сұранысты қанағаттандыратын көрсеткіштерінің жиынтығымен анықталады, ал белгіленген шектен шығатын басқа көрсеткіштер бағалауда есепке алынбауы тиіс, яғни өндірушіге әсер ететін көрсеткіштерге тұтынушы мән бере қоймайды. Осылайша тұтынушыны өнімнің жобаланып, өндіріліп, тасымалданып, нарыққа түсуіне дейінгі жағдайлар қызықтырмайды, ал қызығушылық тудыратыны, өнімнің тұтынушылық құрамы. Мысалға, егер басқа барлық сипаттамаларды сақтай отырып, өндірушінің

өндірістегі материал сиымдылықты, еңбек сиымдылықты төмендетуіне қол жеткізсе, онда бұл өнімді өткізу деңгейі жоғарылайды, бірақ тұтынушы қызығушылығы, өндірістік шығындарды және материалдық шығындарды төмендетумен байланысты өнім бағасы төмендемесе еш өзгеріссіз болады. Өнімді өткізуді бағалауда талданып отырған және бәсекелес өнімнің параметрлерін сатып алушының талаптарының деңгейімен салыстырып, алынған көрсеткіштерді салыстыру керек.

Маркетингтік тұрғыдан алғанда қолдану саласында ғана емес сондай-ақ конструктивті және технологиялық ерекшеліктеріне байланысты тек бір текті өнімдерді слыстыруға болады.

Маркетингтік қызметтегі өнімді өткізу микро және макро орталардан құрылады. Микроорта - клиенттерге қызмет көрсетуі бойынша кәсіпорынның өзіне және оның мүмкіндіктеріне тікелей қатынасы бар күштермен, яғни жабдықтаушылармен, маркетингтік делдалдармен, клиенттермен және байланыстағы аудиториялармен ұсынылған. Кәсіпорынның табысы көбінесе оның делдалдарының, бәсекелестерінің және түрлі байланыстағы аудиториялардың әрекеттеріне қатысты болады. Кәсіпорынның микроорта шеңберінде әрекет етуші күштер келесі сурет түрінде көрсетілген. Маркетингтің микроортасы - кәсіпорын қызметіне тікелей қатысты болатын маркетингтік күштер. Маркетинг қызметінің жетекшілері маркетингтік жоспарларды жасау кезінде кәсіпорынның өз ішіндегі басқа топтарды ескеруі қажет. Маркетингті басқару бұл табыс табу, күтпеген кездейсоқ өрістер бөлігін жоғарлату сияқты мекеменің алдына қойған мақсаттарына жету үшін, мақсатты сатып алушылармен пайдалы алмастыруды белгілеу, нығайту және қолдау шараларын жолдау, жоспарлау және оларды жүзеге асыруды бақылау.

Кәсіпорынның бәсеке қабілеттілігін құру үшін өндіріс пен басқаруды жаңартып қана қоймай сондай-ақ ұтымды бәсеке қабілеттілік стратегиясында жасай білу қажет. Идеалды және әмбебап бәсеке қабілеттілік стратегиясы болуы мүмкін емес. Дегенмен бәсеке қабілеттілік стратегиясын таңдау мынандай екі мәселені зерттеу нәтижесінде анықталады:

-кәсіпорынның әрекет ететін немесе жұмыс жасайтын саланың құрлымын, басқаша айтқанда осы саланың ұзақ мерзімді болашақта тартымдылығын орнықтыру.

-кәсіпорынның осы саладағы басқа кәсіпорындар мен саладағы бәсеке қабілеттілік ұстанымдарын анықтау.

Екінші сыртқы орта әсеріне бейімделу, мұндағы факторлардың өзгерісіне бейімделу қамтамасыз ету міндеті қолданылады. Нарыққа ену стратегиясы қазіргі кездегі өндірілген өнімді және өткізу нарықтарын ұтымды жетілдіруге бағытталған.

Кәсіпорынның (фирманың) тауар өндіру-өткізу қызметінің перспективалық мақсатын, бәсеке нысанын, маркетинг тұжырымдамасын таңдау. Бос нарықты, нақты тұтынушыны іздеп табу, кәсіпорын қызметінің рынокта басталуы мен аяқталуы мерзімін анықтауды, өнімнің (тауардың, көрсетілетін қызметтің) түрлері, оның сұрыпталуы, көлемі, сапасы, өзіндік құны ескерілетін бәсекелесу мен пайдалылық факторларын анықтайды, жарнаманы қамтиды.

ӘДЕБИЕТ

[1] Менеджмент: учеб. пособие для вузов/под ред. Н.Ю. Чаусова, О.А. Калугина. - М.: Кнорус, 2010. - 496 с.

[2] Инновационный менеджмент: учеб. Пособие для вузов /К. В. Балдин и др. - 2-е изд., стереотип. - М.: Академия, 2010. - 363 с.

Жексембаева А.Ж., Айткожаев А.З., Нурмуханова А.З.

Менеджмент внешнеэкономической деятельности предприятия

Резюме. Данная статья основана на характеристике, внешнеэкономической деятельности менеджмента предприятия. Дан анализ деятельности предприятий, маркетинга, маркетинговых мероприятий для достижения конкретных целей в виде отдельных его частей. В статье проведен анализ внешней торговли, о деятельности менеджмента.

Ключевые слова: Маркетинг, менеджмент, экспорт, импорт, товар, торговля.

Zheksembayeva A. Zh., Aitkojaev A. Z., Nurmukhanova A. Z.

Management of foreign trade activities of the enterprise

Summary. This article is based on the characteristics listed in this article on foreign trade activities of enterprise management. Analysis of activity of enterprises, marketing, marketing events to achieve specific goals in the form of its separate parts as practicable. Trade policy (export and import, includes policies set forth. In the article the analysis of foreign trade, on the activities of the management.

Keywords: Marketing, management, export, import, product, trading.

УДК:006.91

Ж.Е. Ерланова, А.З. Нурмуханова, Ш.С. Оспанова
(Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті
Алматы, Қазақстан Республикасы)

ӨЛШЕУДІ МЕТРОЛОГИЯЛЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДІҢ АНАЛИЗИ

Түйіндемe. Берілген мақалада өлшеуді метрологиялық қамтамасыз етудің анализі қарастырылады.

Түйінді сөздер: метрология, өлшеуді метрологиялық қамтамасыз ету, өлшеу құралдарының техникалық сипаттамасы, сынау, өнім қауіпсіздігі және бақылау, өндіріс.

Адам қызмет ететін салалардың барлығы өлшеу нәтижелерін қолданады. Біздің елімізде күніне әр түрлі 20 миллиардтан астам өлшеулер орындалады. Өлшеу көптеген еңбек процесстерінің ажырамас бөлігі болып табылады. Өлшеуді жүргізуге және қамтамасыз етуге шығындар өнім өндірісінің жалпы шығынының 20 % құрайды. Өлшеу негізінде өндірістік, экономикалық және әлеуметтік процесстердің жағдайы туралы ақпарат алады. Өлшеу туралы ақпарат ғылыми эксперименттерде өнім сапасы туралы шешім қабылдаған кезде негіз болып қызмет атқарады. Өлшеу нәтижелерінің сәйкес дәлдігі және дұрыстығы басқарудың барлық деңгейлерінде қабылданатын шешімнің дұрыстығын қамтамасыз етеді. Дұрыс емес ақпараттың түсуі қате шешімдерге, өнім сапасының төмендеуіне, мүмкін апаттарға әкеліп соғады.

Өнімнің жоғары сапасына жету және дәлдікті және бөлшектердің өзара ауысымдылықты немесе құрастырма бірлікті қамтамасыз ету өндірісті метрологиялық қамтамасыз етудің мүмкін емес. Метрологиялық қамтамасыз ету - талап етілген дәлдікті және қажет бірлікке жету үшін ғылыми және ұйымдастырушылық негіз, техникалық құралдар, ережелер мен нормаларды орнату және қолдану. Метрологиялық қамтамасыз етудің заңды негізін ҚР «Өлшем бірлігін қамтамасыз ету туралы» заң құрайды және метрология саласында бірыңғай мемлекеттік техникалық саясатын өткізу міндеті үкіметпен жүктелген ұйымның метрология және техникалық реттеу бойынша нормативті құжаттар кіреді.

Метрологиялық қамтамасыз етудің ғылыми-техникалық негізіне біртұтас физикалық шамалардың мемлекеттік эталондарының жүйесі; физикалық шама бірлігін эталондардан жұмысшы өлшеу құралдарына беру; өлшеу құралдарын мемлекеттік сынау, оларды тексеру және калибрлеу; өлшеу құралдарының эксплуатация мен жөндеудің метрологиялық аттестатталуы және міндетті мемлекеттік тексеріс; өлшем бірлігін қамтамасыз ететін, заттардың құрамы мен қасиетін сипаттайтын материалдар мен заттардың қасиеттері, стандартты үлгілердің құрамы.

Метрологиялық қамтамасыз етудің ұйымдастырушылық негізіне мемлекеттік және ведомстволық метрологиялық қызметтер кіреді (сонымен қатар, фирма немесе мекемелердің әр түрлі жеке меншік формалары).

Өз қызметін жүзеге асыратын мемлекеттік метрологиялық қызметтің құрамына кіреді:

-Мемлекеттік эталондарды жасайтын, жетілдіретін және сақтайтын, сонымен қатар метрологияның ғылыми негізі бойынша зерттеу жұмыстарын жүргізетін мемлекеттік ғылыми метрологиялық институттар;

-Өлшем бірлігін қамтамасыз ету мақсатында материалдар мен заттардың қасиеттері және стандартты үлгілерді жасау және енгізуге жауап беретін материалдар мен заттардың қасиеттері мен стандартты үлгілердің құрамының мемлекеттік қызметі;

-Халық шаруашылығы қажеттіліктерін сәйкес ақпаратпен қамтамасыз ету және уақыт бірлігі мен жиілігі, олардың өлшемдерін беру, сақтау және іске қосуға жауапты ұйымдар желісі, жердің айналу параметрлерін анықтау және уақыт пен жиіліктің мемлекеттік қызметі.

Қазіргі уақыттағы жағдайға сәйкес, сериялық өндіріске, ҚР айналымға шығару және шетелден партиялап әкелуге арналған барлық өлшеу құралдары Мемлекеттік метрологиялық қызмет органында міндетті мемлекеттік сынауға жатқызылады.

Сынау мақсаты - Отандық құрал жасаудың жоғары техникалық деңгейін және әлемдік нарықтың заманауи талаптарына өлшеу құралдары сипаттамаларының сәйкестігін қамтамасыз ету, мемлекет қажеттіліктерін және оның метрологиялық базасының дамуын, унификацияның жоғары деңгейін, өлшеу құралдарының стандарттауын және олардың өндіріс кезіндегі мамандануын және бірлесуін

қамтамасыз ететін өлшеу құралдарының тиімді номенклатурасын орнату. Сонымен қатар, мемлекеттік бақылау сынаулары өлшеу құралдарының өндірістен шығарылуы және эксплуатация кезіндегі қызмет көрсетуге мемлекеттік метеорологиялық қызметке уақытылы дайындығын қамтамасыз етеді.

Мемлекеттік бақылау сынаулары процессі кезінде анықталады:

-Өлшеу құралдарының стандарттарға сәйкестігін тексеру;

-Өлшеу құралдарының техникалық сипаттамаларының техникалық тапсырма талаптарына сәйкестігін тексеру;

-Сыналатын құралдардың сериялық өндірісі және эксплуатация кезінде метрологиялық сипаттамаларының нормаланған мәндерін қамтамасыз ету және метрологиялық қызмет көрсету мүмкіндігі;

-Өлшеу құралдарын өндірістен шығару және эксплуатация кезінде бақылауға жататын метрологиялық сипаттамалар, сонымен қатар бақылаудың ұсынылатын периодтылығы.

-Мемлекеттік бақылау сынаулары шетелден әкелінетін және өндірістен шығарылатын өлшеу құралдарының сәйкестігін тексеру мақсатында жүргізіледі. Мемлекеттегі өлшеулердің дұрыстығын және бірлігін қамтамасыз ету үшін, жаңа өлшеу техникасын енгізумен халық шаруашылығының барлық саласында қолданылатын өлшеу құралдарының жиынтығын жүйелі түрде жетілдіру;

-Өлшеу құралдарын қолдау және өлшеулердің орындауға әрдайым дайын болу, ҚР да өлшеу құралдарын метрологиялық қадағалау жүйесі жүргізіледі.

Метрологиялық қадағалау нәтижесі бойынша қолдануға жарамды болып табылатын өлшеу құралдары эксплуатацияға жіберіледі [1].

Өлшеу құралдарының тиісті дұрыстығын және жағдайын, жүргізілетін өлшеулердің дұрыстығын, ведомстволық қадағалау сапасы мен ұйымдастыруға жауаптылық мекеме, ұйым, кәсіпорын басшылығына жүктеледі.

Метрологиялық қадағалау өлшеу құралдарының тексерісін, метрологиялық тексеріс және метрологиялық сараптаманы өткізумен айналысады.

Өлшеу құралдарының тексерісі олардың қолдануға жарамдылығын бекіту үшін жүргізіледі.

Қолдануға жарамды деп нормативті құжаттарға сәйкестігін орындау арқылы осы құжаттағы қойылған талаптарға сәйкестігі расталатын өлшеу құралдары саналады.

Тексеріс алғашқы, периодты, кезектен тыс және инспекциялық болып бөлінеді.

Алғашқы деп өлшеу құралын өндірістен шығару немесе жөндеу кезіндегі жүргізілетін алғашқы тексерісті айтамыз. Периодтық дегеніміз белгілі бір уақыт сайын жүргізілетін өлшеу құралдарын эксплуатациялау және сақтау кезінде жүргізілетін тексеріс.

Кезектен тыс тексеріс өлшеу құралдарын эксплуатациялау кезінде кезектен тыс жүргізіледі.

Инспекциялық тексеріс кәсіпорындарда, қоймаларда, жабдықтау базасы және сауда ұйымдарында метрологиялық тексеріс жүргізу кезінде айналымдағы немесе жөндеудегі және өндірістен шыққан өлшеу құралдарының дұрыстығын тексеру үшін жүргізіледі.

Тексерістен өтпеген, дұрысталмайтын, сонымен қатар сырттай зақымдалған немесе уақытында тексерілмеген өлшеу құралдары эксплуатацияға жіберілмейді. Әртүрлі формадағы жеке меншік ұйымдарында өндірісті метрологиялық қамтамасыз ету мақсатында аккредиттелуі керек бас метрологтың қызметі немесе метрологиялық қызмет жасалынады.

Өндірісті метрологиялық қамтамасыз ету түсінігіне заманауи өндірісті басқаруға және өнімнің қалыпты деңгейін, сапасын қамтамасыз етуге қажет өнім өндірісінің барлық кезеңдеріндегі өнім сапасын бақылаудың дұрыстығы мен дәлдігін, толықтығын қамтамасыз ететін ережелер мен нормалар, техникалық құралдар, ғылыми және ұйымдастырушылық негіздер кіреді [2].

Метрологиялық қамтамасыз ету ғылыми-зерттеушілік және тәжірибелі-конструкциялық жұмыстар кезеңінен бастап өнімнің өмірлік циклінің барлық кезеңдерін қамтиды. Бұл кезеңде өнім мен оның өткізілуінің жоғары эксплуатациялық сипаттамаларын қамтамасыз ететін конструкторлық және технологиялық құжаттар дайындалады және бекітіледі; өлшеу құралдары мен бақылаудың қажет дәйектемесі мен таңдау жүргізіледі; Бұл ретте орнатылады:

-Бақылауға жататын құрамдас өнім, шикізат, материалдардың бақыланатын параметрлерінің қажет номенклатурасы;

-Қажет нормативті-техникалық құжаттама мен дайындалған қызмет көрсету персоналдың болуы;

-Құрылымдаушы немесе технолог қажет болған жағдайда өнім және оның элементтерінің параметрлерін сынау, өлшеу, бақылаудың жаңа құралдарын жасауға арналған техникалық тапсырма беруі мүмкін.

Өндіріс процесі кезінде ұйымдар мен кәсіпорындардағы метрологиялық қызмет өлшеу құралдарына тексеріс пен метрологиялық қадағалауды мына жолмен жүргізеді:

-Өлшеу құралдарын калибрлеу;

-Өлшем бірлігін қамтамасыз ету бойынша нормативті құжаттар мен метрологиялық нормалар мен ережелерді сақтаумен өлшеу құралдарының қолданылуы мен жағдайын қадағалау;

-Өлшеу құралдарын калибрлеу мен тексеруге уақытылы өткізу;

-Метрологиялық нормалар мен ережелерді бұзудың алдын алу, жою, болдырмауға бағытталған міндетті бұйрықтарды беру;

-Конструкторлық және технологиялық құжаттаманың метрологиялық экспертизасын жүргізу.

Өндірісті метрологиялық қамтамасыз ету аясында, мақсаты дәлдік нормаларын орнату, өлшеуге, әдістермен және өлшеу құралдарын өңдеу процесстерімен қамтамасыз етуге, бұйымды жасау, эксплуатациялау және жөндеуге жататын параметрлерді таңдау бойынша техникалық шешімді бағалау және анализ жасау болып табылатын конструкторлық және технологиялық құжаттаманы метрологиялық тексеру.

Өнімнің жоғары сапасына жету үшін өндірісті метрологиялық қамтамасыз етудің мәні халықаралық құжаттармен, соның ішінде ИСО 10002-1 стандартымен анықталады. Осы стандартты сақтау кәсіпорында сапа жүйесін аккредиттеу жағдайының бірі болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР

[1] Аристов А.И., Метрология, стандартизация, сертификация: Учебное пособие/ А.И. Аристов В.М.-М.: НИЦ ИНФРА-М, 2013.-256 с.

[2] Сыцко В.Е. Стандартизация и оценка соответствия: Учебное пособие/ В.Е. Сыцко Л.В.-Мн.: Вышэйшая шк., 2012.-237 с.

Ерланова Ж.Е., Нурмуханова А.З., Оспанова Ш.С.

Анализ метрологического обеспечения измерений

Резюме. В данной статье рассматривается анализ метрологического обеспечения измерений.

Ключевые слова: метрология, метрологическое обеспечение измерений, технические характеристики средств измерения, испытание, контроль и безопасность продукции, производство.

Erlanova J. E., Nurmukhanova A. Z., Ospanova Sh.S.

Analysis of metrological assurance of measurements

Summary. This article deals with the analysis of metrological assurance of measurements.

Key words: Metrology, metrological support of measurements of technical characteristics of measuring instruments, test, control and safety products manufacturing.

УДК: 006:005:502

Т.Д. Сабыралы, А.З. Айтқожаев, А.З. Нурмуханова

(Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті

Алматы, Қазақстан Республикасы)

Күнделікті Сұраныстағы Тауарлар Тобының Бренд Менеджменті

Түйіндемe. Дизайн-менеджмент - бизнестің баға жетпес құралдарының бірі болып табылады. Осы орайда бұл мақалада дизайн-менеджменттің кәсіпорындардағы, әр түрлі салалардағы қолданылу аясы мен деңгейі туралы, сонымен қатар дизайн-менеджменттің шығу тарихы туралы ақпараттар қамтылған. Сонымен қатар, дизайн менеджменттің бизнес ортадағы ролі және қызметі туралы толыққанды айтылған.

Кілттік сөздер: Дизайн-менеджмент, қоршаған орта дизайны, стратегиялық басқару, дизайн-көшбасшылық.

Қазақстан Республикасының саяси, экономикалық және қоғамдық өмірінде болып жатқан келе-лі өзгерістер кәсіпорындардың, өндіріс орындарының қызметтерінің жаңа жолдарын қарастырумен қатар, экономикалық тиімділікті қамтамасыз етуде бірқатар маңызды мәселелердің шешімін табуы талап етеді. Солардың бірі ретінде менеджмент жүйесінің қалыптасуын атап өтуге болады. Бұл үшін осы жүйе қызметін талдау және өнімді өткізуді кәсіпорынның өндірістік - өткізу қызметінде қолдану технологиясын әзірлеген жөн.

Қазіргі кезеңде өнімді өткізу, кәсіпорындардың шаруашылық қызметін жоспарлау, өндірісті ұйымдастыру мен басқарудың барлық қырлары қамтылуы қажет. Бұл жағдай қазіргі заманғы менеджменттің ролі мен маңызы туралы көзқарастарға сай келеді.

Өнімді өткізу саясаты - кәсіпорын қызметіндегі тауар ассортиментін қалыптастыруды, олардың жаңа түрлерін шығаруды, олардың сапасының жоғары болуы мен бәсеке қабілеттілігін, тауар белгілерін, қаптамасын, таңбалануын және де сервистік қызмет көрсетуін талап ететін көп факторлы қызмет аясы. Сондықтан да өнімді өткізу саясаты төңірегінде қазіргі таңдағы нарықтық талаптарға сай өзіндік проблемалар бар. Бүгінде біздің еліміз әлемдік сауда ұйымына мүше болу жолында қызметтер атқарып жатқанда біздің кәсіпорындарымыздың өндіретін өнімдері дүниежүзілік талаптарға сай болуы керек. Ал, бұл талаптардың бәрі сайып келгенде, тауар саясатына, яғни тауар ассортиментіне, жаңа тауарлар шығаруға, қаптама, орама түрлерінің сан алуандығына байланысты. Олай болса, әрбір кәсіпорын өз қызмет аясында өнімді өткізу саясатын дұрыс жолға қоюы заман талабы.

Осы орайда дизайн-менеджмент — бизнестің баға жетпес құралдарының бірі болып табылады, ол нарыққа және тұтынушыға бағытталып бейімделген. Бұл барлық деңгейде жан-жақты дамыған бірегей құрал болып табылады, кәсіпорын ашылғаннан бастап, оның әрі қарай дамуына толыққанды ықпал жасайды.

Дизайн-менеджмент менеджмент және дизайн арасындағы интерфейс ретінде қызмет атқарады, сонымен қатар, дизайн-ойлау, технология, корпоративті басқару, бренд-менеджмент пен компанияның ішкі және сыртқы қызмет деңгейін басқару маркетингі арасында байланыстырушы рол атқарады. Дизайн-менеджмент дизайн пәні аясында ғана шектеліп қалмайды. Оның қызмет ауқымы кең әрі санқырлы болып табылады.

Питер Горб өзінің «Дизайн классификациясы» (1976) кітабында дизайнды үш тәртіпті бағытқа бөліп көрсеткен, үш бағыттың әрқайсысының дизайн-менеджментте өзіндік орыны бар:

- Өнімнің дизайны (мысалы, өндірістік немесе қаптама дизайны);
- Ақпарат дизайны (мысалы, графикалық дизайн, брендинг, медиа-дизайн, веб-дизайн);
- Қоршаған орта дизайны (мысалы, интерьер дизайн, көрме дизайны) [1].

Дизайн-менеджмент ұйымдастыру үрдісіне және өнімнің ерекшелігіне тікелей байланысты, осыған сай дизайн, ұйым және нарық арасында үш негізгі функция интерфейсі ретінде қызмет атқарады:

- Дизайн-стратегияны бизнес стратегиясы және бренд-стратегиямен байланыстырады;
- Дизайнның барлық бағытының нәтижесінің сәйкестігін және сапаны басқарады;
- Тұтынушылық сапаны көтереді және бәсекеге қабілеттілікті арттырады.

Көптеген факторларға байланысты (мысалы, нарықтың тауарларға, көрсетілетін қызметтерге, басқа да құндылықтарға сұраным мен ұсынысының арақатынасы, компанияның өлшемі және дизайнның компания қызметіндегі ролі) дизайн-менеджердің жауапкершілігі мен міндеттерінің ауқымы кең және атқаратын ролі зор. «Дизайн - менеджмент» термині семантикалық қарама-қайшылыққа ие және ол екі түрлі тәсілмен түсіндіріледі:

- дизайнды басқару;
- дизайнмен басқару.

Бұл түсінік операциялық деңгейде дизайн-менеджменттің позициялануынан, сонымен қатар дизайн-ойлауды бизнес-ортаға енгізудің біркелкі жаңа тілін табудан шығады.

Дизайн-менеджмент - стандартты модель емес, сондықтан онымен кез-келген кәсіпорын айналыса алады. Дизайн-менеджментте алдын-ала табысқа кепілдік беретін нақты бекітілген нұсқаулық және арнайы әдіс жоқ. Дизайн-менеджерлер әр түрлі болып келеді, олар түрлі өндіріс салаларында, түрлі масштабтағы кәсіпорындарда алуан қызметпен айналысқан және белгілі бір бағыттағы аудиториямен және нарықпен толықтай жұмыс жасай алады. Дизайн-менеджменттің алуан қырлылығы

соншалықты, оның түрлі салаларда да қолданылу аясы түрлі болып келеді, сондықтан да «дизайн-менеджмент дегеніміз не» деген сұрақтың жауабы да алуан болып келеді.

Дизайн-менеджменттің кәсіпорындағы функциясы оның үлгілік міндетіне, деңгейіне және күнделікті тәжірибесіне байланысты. Дизайн-менеджердің жұмыс бейінін сипаттау үшін дизайн-менеджменттің тапсырмалары бірнеше топтарда біріктірілуі мүмкін. Купер және Пресс өздерінің менеджмент моделінде дизайн қамтитын бес түрлі категорияларды бөліп көрсетеді. Дизайн-менеджерлердің алдында стратегиялық, тактикалық және операциялық деңгейлердегі міндеттер тұр және бұларды төмендегі көрсетілген қызметтермен біріктіре отырып орындау қажет:

- алдын-ала көру / миссия;
- стратегия / компания саясатын анықтау;
- мақсаттар / тапсырмалар / нәтижелер;
- жоспарлау / ресурстарды бөлу;
- қайраткерлік / бақылау / бағалау [2].

Компаниядағы дизайн-менеджердің орыны мен беделі дизайн-менеджердің күнделікті жасаған жұмысына тікелей әсер етеді. Коотстра дизайн-менеджменттің типтерін оның ұйымдастырушылық функцияларына сай былай бөліп көрсетеді:

Дизайн-менеджмент сызықтық функция ретінде:

Дизайн-менеджменттің сызықтық функциясы тікелей тапсырманы ұйымдастыру үрдісінде «алдыңғы» тапсырмаларды орындаумен байланысты, бұл функция дизайн-менеджмент иерархиясының барлық деңгейінде қолданылуы мүмкін. Сызықтық функциядағы дизайн-менеджердің негізгі қызметі - бұл нәтижеге қол жеткізу үшін тікелей толыққанды жауапкершілік.

-Дизайн-менеджменттің бөлінген функциялары

Бұл жағдайдағы дизайн-менеджердің қызметін компанияның бір қызметкері атқара алады және өзге бөлімдерге немесе қызметкерлерге дизайн-менеджмент тұрғысында кеңесшінің ретінде кеңес бере алады.

-Дизайн-менеджменттің көмекші функциялары

Дизайн-үрдіс «екінші» ұйымдастыру кезеңі ретінде анықталған кезде, дизайн-менеджмент қосымша функция атқарады. Дизайн-менеджер өндірісті бренд-менеджмент, маркетинг, PR және коммуникация бойынша басқарудың шығармашыл маманы болып табылады.

-Кәсіпорындардағы дизайн-менеджмент

Тауар саясаты кәсіпорын қызметіндегі тауар ассортиментін қалыптастыруды, олардың жаңа түрлерін шығаруды, олардың сапасының жоғары болуы мен бәсекеге қабілеттілігін, өмірлік кезеңін талдауды, тауар белгілерін, қораптамасын, маркіленуін және де сервистік қызмет көрсетуін талап ететін көп факторлы қызмет аясы. Сондықтан да тауар саясаты төңірегінде қазіргі таңдағы нарық талаптарына сай өзіндік проблемалары бар. Бүгінде біздің еліміз әлемдік сауда ұйымына мүше болуға ат салысып жатқан кезде біздің кәсіпорындарымыз өндіретін өнімдер дүние жүзілік талаптарға сай болуы керек. Ал, бұл талаптардың бәрі сайып келгенде, тауар саясатына, яғни тауар ассортиментіне, жаңа тауарлар шығаруға, тауардың өмірлік кезеңінің ұзақтығына, қораптама, орама түрлерінің сан алуандығына байланысты. Олай болса, әрбір кәсіпорындардың өз қызмет аясында тауар саясатын дұрыс бағытқа қоюы заман талабы.

Тауардың сыртқы түрі сатып алушының тауарды қабылдауына әсер ететін маңызды фактор болып саналады. Ол өз кезегінде өнімнің табысты комбинация формасына, түсіне, дизайнына, өлшеміне және қорабына байланысты болады. Фирма өндіретін тауарлар түрінің ұйымдастыру саласына: оның сапасы, қызметі, сыртқы түрі, таңбалануы, буып-түю, орауы және сервисі жатады. Егер өнім сапасы оны жасайтын материал құрамы, мөлшері, дәмі сияқты физикалық және химиялық құрамдарының қасиеттеріне байланысты болса, оның сыртқы түріне әр түрлі геометриялық фигуралар жиынтығынан тұратын түрі, түсі, дизайны әсер етеді. Форма түрі шексіз болуы мүмкін. Оларды пирамида, куб, шар, эллипсоид, төрбұрыш сияқты геометриялық фигуралар көмегімен комбинациялауға болады. Көзге жайлы және іс-қимылдың аз санымен қамтылатын өнім формасы айтарлықтай тартымды екенін физиология растайды.

Дизайн нарықтағы тауар дифференциациясын қолданатын ең негізгі мықты құралдардың бірі. Сәтті дизайн бұйым формасы мен тауар функциясының сәйкестігін бейнелейді. Осы орайда дизайн-менеджменттің атқаратын ролі зор.

Дизайн-менеджменттің компанияда қандай көлемде және қандай әдіспен біріктірілгені дизайнның компаниядағы орны мен қызмет деңгейіне сонымен қатар, саланың өзіндік ерекшелігіне, компанияның өлшеміне, оның бәсекегеқабылеттілік ұстанымына байланысты.

Дизайн-менеджмент деңгейлері:

- операциялық дизайн-менеджмент;
- тактикалық дизайн-менеджмент;
- стратегиялық дизайн-менеджмент.

Операциялық дизайн-менеджмент

Бұл дегеніміз не? Операциялық дизайн-менеджмент дизайн саласы бойынша жеке жобалармен және командаларды басқарумен байланысты.

Қандай мақсатпен? Операциялық дизайн-менеджменттің мақсаты стратегиялық басқару деңгейінде қойылған міндеттерге қол жеткізу болып табылады. Тиімді басқаруға дизайнды басқарудың жедел нәтижелерінің сапасын өлшеу жолымен қол жеткізіледі.

Бұл кезеңде блоктағы байттар бит ретінде қарастырылып, арнайы құрастырылған Р-блоктан өткізіледі. Р-блок – бұл блоктағы биттердің орналасуының жаңаланған реті. Осы Р-блок арқылы блоктағы биттердің орны ауыстырылады, яғни биттерді араластырамыз.



5-сурет. Р түрлендірудің схемасы

Биттердің орнының өзгеруінің нәтижесінде жаңа байттар шығады. Осы түрлендірулерден кейін блок NPSS модуліне жіберіледі. Бұл модуль блокты ПЕПСЖ негізінде шифрлейді.

LT-түрлендірудің көшкін эффектісінің талаптарын орындауын көрсететін мысалдарды келтіре кетейік.

Мысал-1, блокты тек LT-түрлендіру арқылы өткізсек:

‘aaaaaaaaaaaaaaaa’ = D1 25 4F E4 25 9 7B B4 4F 7B 91 9C E4 B4 9C 10

‘aaaaaaaaaaaaaaaaab’ = E1 2D 53 E8 2D D 7D B6 53 7D 92 9D E8 B6 9D 11

Мысал-2, блокты S+LT-түрлендіру арқылы өткізсек:

‘aaaaaaaaaaaaaaaa’ = 8B D6 DB 3C 55 AF A7 EF 2B C8 9A 4C 32 57 DD A8

‘aaaaaaaaaaaaaaaaab’ = 6B 46 93 F4 C5 67 83 CB E3 A4 88 3A EA 33 CB 96

Мысал-3, блокты S+P+LT-түрлендіру арқылы өткізсек:

‘aaaaaaaaaaaaaaaa’ = C6 B0 14 2B 22 65 9C 66 B2 8E 48 81 40 F8 D3 E9

‘aaaaaaaaaaaaaaaaab’ = 9A 20 CC 87 8C 9D F8 14 4E DE 70 95 E E0 7 83

Шифрлеу алгоритмінің осы моделін жүзеге асыратын компьютерлік бағдарлама құрастырылып, сынақ жұмыстары жүргізілді. Құрастырылған алгоритмнің моделі арнайы статистикалық және бағалау сынақтары арқылы тексерілуде.

Бұл жұмыстың жалғасы ретінде қарастырылып отырған схеманың раундтық түрі жобалануда. Яғни, жоғарыда аталған барлық операциялар бірнеше рет қайталанып орындалады. Кемінде 4 раунд жасау болжануда. Әр раундтың өзіндік кілті құрастырылады.

ӘДЕБИЕТТЕР

[1] Бияшев Р. Г. Разработка и исследование методов сквозного повышения достоверности в системах обмена данными распределенных АСУ: дисс. докт. тех. наук: 05.13.06: защищена 09.10.1985: утв. 28.03.1986. - М., 1985.

[2] Biyashev R., Kapalova N., Nyssanbayeva S., Haumen A., Construction and analysis of models of increasing reliability for modular encryption algorithm // Proceedings of the 10th International Conference on Computer Engineering and Applications (CEA '16). – Barcelona, Spain, 2016. –P. 161-165.

[3] Бияшев Р.Г., Нысанбаева С.Е., Капалова Н.А., Хаумен А., Разработка и анализ модификации алгоритма шифрования на базе модулярной арифметики // Труды VМеждунар. науч.-практ. конф. «Информатизация общества». – Астана, 2016. – С. 370-373.

[4] R. Biyashev, S. Nyssanbayeva, N. Kapalova, A. Naumen, Modified symmetric block encryption-decryption algorithm based on modular arithmetic // Proceedings of the International Conference on Wireless Communications, Network Security and Signal Processing (WCNSSP2016). –Chiang Mai, Thailand, 2016. –P. 263-265. (Web of Science, Thomson Reuters)

[5] Капалова Н.А., Хаумен А., Исследование модели алгоритма шифрования на базе непозиционных полиномиальных систем счисления // Сборник докладов 12-ой Международной Азиатской школы-семинар «Проблемы оптимизации сложных систем». – Новосибирск, 2016. – С. 264-268.

[6] Шнайер Б. Прикладная криптография. Протоколы, алгоритмы, исходные тесты на языке Си. – М.: ТРИУМФ, 2003. – 816 с.

Капалова А., Хаумен А.

Модель алгоритма шифрования на базе непозиционных полиномиальных систем счисления, разработанная по SP-сети

Аннотация. В данной статье рассматриваются структуры и свойства модели алгоритма криптографической защиты информации, основанная на НПСС, сконструированная по SP-сети. Главной задачей работы является повышение стойкости алгоритма. В работе подробно описаны преобразования, благодаря которым достигается улучшение криптостойкости алгоритма. Рассматриваемая модель основана на SP-сети. Причины использования SP-сети в данной модели, лежат в свойствах преобразования, используемые в этих сетях. В процессе шифрования используются преобразования, основанные на S-блоках и P-блоках. Известно, что эти преобразования могут противостоять криптоанализу. Помимо этого, в рассматриваемой модели использованы преобразования, удовлетворяющие требованиям “лавинного эффекта”. Как результатом данной работы, была разработана компьютерная программа, реализующая модель алгоритма шифрования, основанная на SP-сети.

Ключевые слова: криптография, алгоритмы шифрования, SP-сеть, непозиционные полиномиальные системы счисления, лавинный эффект.

Kapalova A., Naumen A.

The model of Encryption Algorithm Based non positional polynomial notations developed according to the SP network

Summary. In this paper, structures and properties of the cryptographic information protection algorithm model based on the NPNs and constructed on an SP-network are considered. The main task of the research is to increase the crypto strength of the algorithm. In the paper, the transformation, by means of which achieve the improvement of the cryptographic strength of the algorithm is describes in detail. The proposed model is based on the SP-network. The using reasons of the SP network in this model are the conversion properties used in these networks. In the encryption process transformations based on S-boxes and P-blocks are used. It is known that these transformations can withstand cryptanalysis. In addition, in the proposed model transformations that satisfy the requirements of the "avalanche effect" are used. As a result of this work, a computer program that implements an encryption algorithm model based on the SP network are developed.

Key words: cryptography, encryption algorithms, SP-network, nonpositional polynomial notations, the avalanche effect.

ӘОЖ 373.5.02:004(574)

Г.И. Салғараева, Н.Е. Хасенова

(Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті,
Алматы, Қазақстан Республикасы, nazy27@mail.ru)

**ИНФОРМАТИКА ПӘНІН МУЗЫКАНЫ ТЕРЕҢДЕТІП
ОҚЫТЫЛАТЫН МЕКТЕПТЕРДЕ ОҚЫТУ**

Аннотация. Еліміздің білім беруі, дәстүрлі білім беруден ақпараттық сауаттылыққа апарар жол болмақ. Заманауи мұғалімдер арнайы мектептерде оқыту барысында мектеп оқушыларының талаптары ұлғайып, кеңейіп келе жатқан уақыт болды. Қазіргі уақытта білім үнемі компьютерлер, бейне және дыбыс жазу техникаларын электронды байланысты әр түрлі пайдалануға негізделген ақпараттық технологияларды қолдану аясын кеңейтіп келеді. Бұл жағдайда түбегейлі жаңа мүмкіндіктері бар ақпараттық-білім беру ортасын қалыптастыруды қамтамасыз ету пайда болып келеді.

Музыканы тереңдетіп оқылатын мектеп оқушыларының ойлау қабілетіне, дарындылығына, коммуникативті қабілетіне, терең ойлауына жаңа ақпараттық технологиялармен информатика пәнін оқыту, сол мектептің білім беру жүйесіне қалыптастыру. Педагогикалық және ақпараттық технология арқылы оқыту материалдарын толық пайдалану.

Кілттік сөздер: информатика, педагогика, ақпарат, компьютер, музыканы тереңдетіп оқытын оқушылар.

Тәуелсіз еліміздің тірегі – білімді ұрпақ. ХХІ ғасыр білімділер ғасыры болмақ.

Қазақстан Республикасының білім беру жүйесін ақпараттандыру еліміздің даму стратегиясының негізгі бағыттарының бірі, себебі ХХІ ғасыр – білім беру жүйесін ақпараттандыру ғасыры.

Бүгінгі күні білім беру жүйесін ақпараттандыру ісінің басты мақсаты- заман талабына байланысты ақпараттық қоғамның шарттарына сәйкес оқушылар мен студенттерді тұрмыстық, қоғамдық және кәсіптік өмір салаларына толық әрі тиімді араластыру болып табылады. Мысалы, қашықтан оқыту, сандық телеоқыту конференциялары және Internet желісі оқушылар мен мұғалімдердің өзіндік жұмыстарына негіздеме, ортақ ақпараттық білім беру орталықтарын қалыптастырып келе жатқан заман.

Білім беру мекемелері дәстүрлі білім беру ол өткен заманның жетістігі екенін ұмытпай, тек алға жол бұрып болашаққа ұмтылып, оқушыларға жаңа инновациялық дамуға байланысты білім берелуі. Оқушыларға болашақта қажет білімдерін меңгерту «ойлап табу, түсіну, жаңа білімді меңгеру, өз ойын толықтай жеткізу, шешім қабылдап, бірін біріне сүйеніш болып, көмек көрсету, өз мүмкіндіктерін дамытуға» үлес қосу. Әрбір білім беру мекемесі «Ақпарат пен өнердің» орталығы болуына ықпал ету, әрине ақпараттық білім беру орталығы дамыған және олардың ішіндегі білім беру процессінде объект пен субъектің орны ауысып отыруы керек.

ХХ ғасырда қолданбалы мамандар компьютерлік технологияларды меңгеруі басталды. Ең жақсы дамығаны ғылыми пәндерде қолданылатын ақпараттық технологиялар.

Білімнің дамуымен байланысты, информатиканы да оқыту жаңа кезеңге өтті. Бұл оқыту әдісі оқушыларға жаңа заманда білім алудың іргесі болмақ.

Информатика - [компьютер](#) және одан басқа да техникалық құрылғылар көмегімен ақпараттарды алу, сақтау, түрлендіру, жеткізу және оны пайдалану заңдылықтарын, тәсілдерін, жолдарын зерттейтін ғылым саласы. Жаңа заманның, жаңа мектептерінің басты мақсаты ол әрбір оқушының интеллектуалды мүмкіндіктерің дамыту, толықтай ашу. Оларды осы жоғарғы технологиялы бәсекелі қоғамға, қоршаған әлемнің көптеген проблемаларын шешуге дайын азаматтар даярлау. Әрбір оқушы еліміздің мәдени өмірінен, көптеген ғылыми жаңалықтар мен экологиялық, экономикалық, әлеуметтік проблемаларынан хабардар болуы тиіс.

Интеллектуалды, мәдени дамудың көптеген жолдары бар. Ең басты орынды алып жатқан ол әрине мәдениет, әсіресе өнер. Басты орында тұрған ол музыка.

Қоғамның дамуы қарқынды өзгергенуіне байланысты, музыканы оқытуынада әсер еткен. Музыканы оқытудағы жаңа әдістері, формалары, оқытудың нұсқалары өзгеруде. Музыканы дәстүрлі оқытудан жаңа деңгейге өтуде. Музыканы оқытуда жаңа электронды және компьютерлік технологияларды пайдалануы. Музыканы тереңдеті оқытуда информатика негізгі рөлдердің бірі болып, жас музыканттың қарқынды дамуына үлес қоспақ. Оқыту процесі информатикаға байланысты жоғарғы технологиялы және интенсивті болады. Әрине, осы процестерге байланысты жас музыкантқа жаңа талаптар қойылмақ.

Музыка – қоғамдық сананың формасы ретінде адамдардың эмоционалды сезіміне тікелей ықпал етуші эстетикалық тәрбие құралы. Музыкалық шығармаларды аспаптарда ойнап үйрену, орындау жеке тұлғаның эстетикалық, эмоционалды-сезімдік, құндылықты сана-сезімін дамытып, қалыптастырады, әсемдікті қабылдап, сезінуге талпындырады.

Музыка тілі – басқа өнер саласымен салыстырғанда күрделі тіл екендігі белгілі. Ол сезімге әсер ете отырып, адамның қиялы мен көңіл күйіне байланысты қабылданады.

Музыкалық тәрбие беруде мұғалімнің алдына негізгі үш міндет қойылады. Бірінші міндет - әртүрлі музыкалық іс-әрекеттер арқылы оқушының сезімін ояту, екінші - сезім арқылы музыканы саналы түсінуге баулу, үшіншісі – музыкалық шығарманы өз шамасына қарай орындай білуге үйретуде орындаушылық дағдысы мен шығармашылығын дамыту.

Музыка өнері бойынша мұғалім өнер шығармашылығымен және олардың тандаулы шығармаларымен таныстырады, туындыларының көркемдік ерекшелігін түсіне білуге үйретеді. Бұл

оқушылардың білім дәрежесін көтеріп музыка өнері ұғымдарын арттыра түседі. Мұндайда музыка өнерінің түрлері мен жанрларының бір-бірімен айырмашылығын, өзара байланысын ұғындырудың өзіндік маңызы болуы мүмкін. Музыканы тереңдетіп оқытылатын мектептерде тәжірибие жүргізу кезінде басты назар аударған жөн деп санаймыз.

Музыканы тереңдетіп оқытылатын мектептерде басты назар аударатынымыз ол әрине ортақ білім бағалау орталығы болып табылады. Қазіргі заманның мектептерінің басым бөлігі ортақ білім бағалау орталықтарын пайдалануы керек деп есептейміз. Орталықта ең бастысы білім базасы мен ол туралы мәліметтер, анықтама ресурстары, ақпараттық жүйелермен қамтамасыз етілуі тиіс.

Біздің басты мақсатымыз ол музыканы тереңдетіп оқытатын мектеп оқушыларының жаңа инновациялық құралдарды пайдалану жүзінде кездесетін қиыншылықтырын, түсіндіріп, оқыту. Өйткені мұндай мектептерде білім алатын оқушылар өтешіғармашылық тұлғалар болып табылады. Информатика пәнінің оқыту жүзінде көптеген программалар мен құралдарды пайдалану тиімді деп есептейміз.

Музыка бұл осы дамыған заманның барлығына бірдей түсінікті, ортақ тілдердің бірі. Соңғы кезеңдерде өнерге, тіпті музыкалық білімге қызуғышық төмендеп кетті. Оған түрткі болған негізінен ол бастауыш кезеңде музыкалық білімдерді меңгермен болуы керек. Ал, енді музыкалық білім меңгеріп жатқан оқышылар өте аз болғанымен, оларға тіпті ерекше білім беру жүйесімен оқыту тиіс. Мысалға, дәстүрлі музыка оқыту мүмкіндіктерінде ақпараттық технологияларды пайдалану, музыкалық компьютерді. Ең басты қойған мақсат ол әрбір музыкалық білім аған оқушы жаңа заманға сай ақпараттық технологиялармен таныс болып, оны толықтай меңгерген болуы. Музыканы оқытуда максималды музыкалық программаларды қолдану. Бұл әрбір оқушының мәдени дамуына түркі болмақ. Шығармашылық оқумен бірге оқушыларда коммуникациялық мүмкіндіктері артып, топта жұмыс жасауы ұлғайып, жаңа технологияларды толық меңгерген техникалық прогрессивті болмақ. Бұл білім беру жүйелері барлық сабақтарын терең, әрі тиімді оқытылуы керек.

Бұқаралық ақпарат құралдарының кең тарауына, компьютер мен техниканың адам өмірінде шешуші қызмет атқарып отыруына байланысты жас ұрпақтың эстетикалық сауаттылығын, санасын, мәдениетін арттырудың, көкейкестілігі барған сайын күшейе түсуде. Оның өзі негізінде, өнер арқылы жүзеге асатындықтан, өнердің қоғамдық мән-мақсаты маңыздылыққа ие болуда. Ол ұрпақтардың өмірлік тәжірибесін жинақтап, қоғамдық сұраныстың жаңа қажеттіліктеріне жауап бере отырып, адамды жеке тұлға ретінде қалыптастырудың ықпалды құралы қызметін атқарады.

ӘДЕБИЕТТЕР

- [1] А.И. Бочкин. Методика преподавания информатики / А.И. Бочкин. – Минск: Выш. школа, 2008. – 431 с.
- [2] М.П. Лапчик. Методика преподавания информатики / М. П. Лапчик, И.Г. Семакин, Е.К. Хеннер. – М.: Изд. центр «Академия», 2011. – 624 с.
- [3] В.В. Малев. Общая методика преподавания информатики / В. В. Малев. – Воронеж: ВГПУ, 2015. – 271 с.
- [4] К.Ангеловски Учителя и инновации. М.: Просвещение, 1991.

Салғараева Г.И., Хасенова Н.Е.

Обучение информатике в школах с углубленным изучением предметов музыкального цикла

Резюме. Современные информационные технологии, основанные на традиционных приемах обучения музыке и возможностях музыкального компьютера, ориентируют музыкальное образование для создания необходимых условий в воспитании активной творческой личности учащегося. Обучающие музыкальные компьютерные программы в общеобразовательной школе позволяют привлечь максимальное число учащихся к сфере музыки, независимо от уровня их музыкальных способностей, стать общедоступным способом музыкальной практической деятельности, средством развития творческих способностей каждого школьника.

Ключевые слова: информатизация, информационные технологии, музыкальные компьютерные программы, компьютер.

Salgarayeva G.I., Khassenova N.E.

Training in informatics at schools with profound studying of objects of a musical cycle

Summary. Modern information technologies, based on traditional methods of learning music and musical possibilities of computer oriented music education to create the necessary conditions in the education of active creative personality of the student. Educational music computer programs in secondary schools allow to attract the maximum number of students in the field of music, regardless of their musical abilities, to become public means of musical practice, a means of development of creative abilities of each student.

Key words: informatization, information technology, music and computer programs, computer.

ӘОЖ 373.5.026.3:811.111(574)

С.Ә. Исаев, Ф.Н. Дуйсебаева

(Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті,
Алматы, Қазақстан Республикасы, fatima.79.79@mail.ru)

АҒЫЛШЫН ТІЛІ ПӘНІН ОҚЫТУ ПРОЦЕСІН ЖАҢА ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР АРҚЫЛЫ ОҢТАЙЛАНДЫРУ

Аннотация. Мақалада ағылшын тілі пәнінде қолданылатын жаңа педагогикалық технологиялар қарастырылады. Олардың мақсаты шетел тілін оқыту процесін жеңілдетіп, нәтижелі ету екенін автор түрлі мәліметтермен көрсетеді. Кез келген елдің рухани-мәдени дамуы, экономикалық дамуы сол елдегі оқыған білімді индивидумдар деңгейімен анықталады. Ал жеке тұлғалардың білімділігі кеңінен ойлану, анализдеу білу мектеп қабырғасында алатын біліміне тікелей байланысты. Яғни, мектеп сол болашақ деп аталатын үлкен құрылыстың кішкене кірпіштерін дайындап шығарып жатқан фабрика сияқты. Әр күні көптеген ғылыми жаңалықтарға терең әлеуметтік өзгерістерге толы қазіргі кезеңде оқушыларға берілетін информация көлемі кеңейуде. Ал оны игеруге бөлінетін уақыт өзгеріссіз қалуда. Сондықтан білім берудің сапасын жақсарту, білім берудің әдістемелік негізін өзгерту-заман талабына сәйкес туындап отырған қажеттілік.

Бұрынғы әдетке айналған оқу үрдісінде мұғалім басты рөл атқарған болса, қазіргі оқу үрдісінде оқушы белсенділік көрсетуге тиіс, яғни мұғалім көбінесе кеңесші, бағдарлаушы рөл атқаруға тиіс. Қазіргі кезеңде оқытудың басты мақсаты өз бетінше дами алатын, жеке шығармашылық тұлғаларды қалыптастыру болғандықтан мектеп қабырғасында оқушылар өз бетінше танымдық әрекет етудің әдістері мен дағдыларын игеруге керек.

Жалпы білім беру саласындағы жаңа саяси ұстанымның біртіндеп іс жүзінде асуы-еліміздің өркендеу бейнесінің бір көрінісі. Өркениетті елдермен тереземіз тең болуы үшін әлемдік білім аясына кіруді мақсат тұтқан еліміздің білім беру саясаты оқытудың демократиялау, ізгілендіру арқылы жаңа сапалы деңгейге көтеруді көздейді.

Кілттік сөздер: ағылшын тілі, технология, педагогика, ақпарат, оқушы, мектеп.

Кез келген елдің рухани-мәдени дамуы, экономикалық дамуы сол елдегі оқыған білімді индивидумдар деңгейімен анықталады. Ал жеке тұлғалардың білімділігі кеңінен ойлану, анализдеу білу мектеп қабырғасында алатын біліміне тікелей байланысты. Яғни, мектеп сол болашақ деп аталатын үлкен құрылыстың кішкене кірпіштерін дайындап шығарып жатқан фабрика сияқты.

Әр күні көптеген ғылыми жаңалықтарға терең әлеуметтік өзгерістерге толы қазіргі кезеңде оқушыларға берілетін информация көлемі кеңейуде. Ал оны игеруге бөлінетін уақыт өзгеріссіз қалуда. Сондықтан білім берудің сапасын жақсарту, білім берудің әдістемелік негізін өзгерту-заман талабына сәйкес туындап отырған қажеттілік.

Бұрынғы әдетке айналған оқу үрдісінде мұғалім басты рөл атқарған болса, қазіргі оқу үрдісінде оқушы белсенділік көрсетуге тиіс, яғни мұғалім көбінесе кеңесші, бағдарлаушы рөл атқаруға тиіс. Қазіргі кезеңде оқытудың басты мақсаты өз бетінше дами алатын, жеке шығармашылық тұлғаларды қалыптастыру болғандықтан мектеп қабырғасында оқушылар өз бетінше танымдық әрекет етудің әдістері мен дағдыларын игеруге керек.

Жалпы білім беру саласындағы жаңа саяси ұстанымның біртіндеп іс жүзінде асуы-еліміздің өркендеу бейнесінің бір көрінісі. Өркениетті елдермен тереземіз тең болуы үшін әлемдік білім аясына кіруді мақсат тұтқан еліміздің білім беру саясаты оқытудың демократиялау, ізгілендіру арқылы жаңа сапалы деңгейге көтеруді көздейді. Осыған байланысты білім берудегі бірыңғайлықтан бас тартып, көп нұсқалы білім алу жүйесіне бет бұрып тұрған жағдайда оқушылардың топтық ерекшеліктерімен қоса жеке танымдық ерекшеліктерін ескеріп-оңтайлы оқытуды ұйымдастыру-бүгінгі өзекті мәселе. Осы тұрғыдан зерттеуді қажет ететін мәселелердің бірі-оңтайлы оқыту мүмкіндіктерін ашу.

Қазіргі кезде жаңа педагогикалық технологияларды оқу процесіне енгізу осы проблемаларды шешуге маңызды рөл атқарады. Оқу процесінде қолдану үшін ұсынылып жатқан технология түрлері өте көп.

Соңғы мәліметтерге қарағанда бес бағыттан бағдарланған 50-ге жуық технологиялар ғылыми түрде негізделген. Сондықтан осындай жаңартылған технологиялардың ішінен өз қажеттісін таңдап алу-әр мұғалім үшін жауапкершілікті қажет ететін іс.

Жаңа педагогикалық технологиялар:

1. Г.К. Селевко “Өзін-өзі дамыта оқыту”;
2. М.Жанпейісова “модульдік оқыту”;
3. В.К.Дьяченко “Ұжымдық оқыту”;
4. Монахов-Қараев “Міндетті нәтиже негізінде шағын мақсатпен оқыту”;
5. Т.Ғалиевтің жүйелі оқыту технологиясы;
6. В.Кодникованың <<Саралап оқыту>>

В.Кодникованың “Саралап оқыту” – оқуының жан-жақты мүмкіндігін ескере отырып оқыту әдісі. Бұл дегеніміз – оқуға берілетін көмекті саралау, әрбір оқушы ең жоғары нәтижеге жету үшін мұғалімнің істейтін іс-әрекеттерінің жиынтығы.

Саралап оқытудың ең басты шарты – оқушыларды үш топқа бөлу. Бірінші топқа мынадай оқушылар топтастырылады: қабілеті жоғары, білім, білік дағдылары қалыптасқан, өз бетімен ойлау қабілеті бар, сабаққа деген белсенділігі күшті, мұғалім көмегін қажет етпейтін топ. Бұл топта жүргізілетін жұмыстың мақсаты – оқушы бойында ғылыми бағытта ойлау қабілетін қалыптастыру. Ал екінші топқа орта деңгейдегі оқушылар, үшінші топқа қабылдаулары төмен, нашар оқитын оқушылар топтастырылады.

Т.Ғалиевтің жүйелі оқыту технологиясына көңіл бөлу белгілері бір жүйеге қалыптастырып, танымдық белсенділіктерін арыттырады, өз беттерінше ізденуге, шығармашылықпен жұмыс істеуге дағдыландырады. Сонымен қатар оқушылар өз ойын, ой пікірлерін еркін жеткізіп, талдау жасауға, қорытынды шығаруға үйренеді. Белгілі бір сызба кестелер бойынша кез – келген заңдылықтарды жүйелі түрде айтуға, оларды сапалы түрде қолдана білуге дағдыландырады.

Оқу барысында оқушылардың танымдық белсенділігін қалыптастыруда талмай еңбек ететін – бұл пән мұғалімі болып саналады. Т.Ғалиевтің құрған педагогикалық технологиясын негізге ала отырып кәсіпке оқыту бойынша әр сабақтың мазмұнын анықтап оқушылардың міндетті түрде білуге тиісті материалды жаңа үлгіде сызба түрінде жасап сол бойынша жұмыс жасаған.

М.Жанпейісова “ Модульдік оқыту” – белгілі бір жүйенің, құрылымның өз бетінше бола алатын бөлшегі. Модульдік оқыту сабақтар барысында оқушы мұғалімнен нені есте сақату, нені жазу, нені қайдан табу, қалай тиімді әрекет ету, нені білу керектігі туралы жазбаша нұсқау алады. Мұғалім оқу элементтерінің мазмұнын, көлемін, ретін, олардың әрқайсысына кететін уақытта, жұмыс түрін анықтайды. Оқушылар үшін модуль соңында нені біліп, нені оқу керектігін көрсететін біріктірілген мақсаттар айқындалады. Тапсырмаларды орындау барысы мен модульдік игеру барысын тексеретін әртүрлі бақылау жұмыстары орындалады.

Оқытуды оңтайландыру тәсілдерінің жүйесі

Оқытуды оңтайландыру деп оқушылар мен мұғалімнің уақыт шығынын аз жұмсап, білім алудың, тәрбиелеудің және дамытудың қорытындыларын ең үлкен мүмкіндігінше жеткізетін оқу процесін жоспарлау мен ұйымдастыру жүйесін айтады.

Оқытуды оңтайландырудың әдістемелік негізі, оқу процесін басқарудың диалектикалық – материалистік жүйесін әдіс – амалын таба біліп, оның нақты жағдайларындағы ең жақсы нұсқалар таңдау. Бұндай талдаулар нақты шындықтың әдістемелік сапалығына жүгінеді. Мұғалім оқытудың заңдылықтарымен принциптеріне сүйеніп, нақты педагогикалық жағдайларды және ғылым негіздерін таңдауды үйреніп, оқу процесінің қорытындылық және үнемділік тұрғысынан ең жақсы нұсқасын таңдайды.

Оқытудың жан-жақты ең жақсы нұсқасын негіздеуді, тек қана бүтіндей жүйені әдіс-амалдар қолданумен іске асады. Оңтайландыру еңбекті ғылыми ұйымдастырудың маңызды принципі болып табылады. Мұғалім оқу процесін, оңтайландыру ептілігін меңгермеген болса, онда педагогикалық еңбекті ғылыми ұйымдастырудың сыртқы белгілерімен ғана шектеліп қалады. Олар – приборлар орналасуын жақсарту, техникалық құралдарды қолдану, дидактикалық материалдарды жетілдіру. Міне сондықтан да мұғалім еңбегінің ғылыми ұйымдастырылуы оңтайландырусыз мүмкін емес.

Оқытудың оңтайлы нұсқаларын құрастыру кезінде оқыту технологиясының негізгі принциптері есепке алынады. Оқыту “жақындағы даму қарқынына” қалыптасу керек, оқушылардың дара ерекшеліктерін ескеріп ұйымдастырылуы, бірақ оларға бейімделуімен емес, алоқушылардың жаңа іс-әрекеті мен жаңа даму деңгейлерін жоспарлау жолымен іске асуы керек. Оқыту мен білім беру, іс-әретті және операцияларды меңгерумен шектеліп қалмай, оқушылардың тұлғалық қасиетін қалыптастыруға басты мән беріп, оның өзін ұстау қасиеттерін дамыту. Дамытушы мен тәрбиелеуші

тиімділіктерді барлығы бере бермейді, тек оқу іс-әрекетін қалыптастырумен іске асады. Оқытуды жоспарлауды оқушылардың уақытпен және үдемелі қарқындылық пен оқу жұмысына қабілеті тәуелділігі туралы мектептің гигиеналық зерттеу қорытындысын есепке алу керек. Сонымен қатар, мектепте оқитын оқушылардың әрбір жастарына және сыныбына берілетін, сынып және үй жұмыстарын орындауға кететін уақыт шығындарын мөлшерлейтін гигиенашылардың қорытындыларын негізге алу керек.

Оқытуды оңтайландырудың теориясы мен әдістемесі жоғарыда аталған заңдылықтармен және дидактикалық, психологиялық, мектеп гигиенасы принциптерімен тұрақты шектелмей, мұғалімнің

Мұғалімнің күші мен уақыт шығын мөлшерінің жоғарылауын ескертетін және тәрбиелеу тиімділігін жоғарылатуға апаратын мұғалімнің негізгі іс-әрекет тәсілдерінің қатарына жататындар:

Оқыту міндеттерін талдау мен шешуге, оның мазмұнын, әдістерін, іс-әрекет құралдары мен түрлеріне кешенді ықпал ету.

Бар шарттар мен мүмкіндіктерді ескеріп, мұғалім іс-әрекетінің міндетін, мазмұнын, әдістерін, құралдарын, түрлерін нақтылау.

Іс-әрекеттің міндетін, мазмұнын, түрлерін, әдістерін жоспарлау кезінде басты мәнді анықтау.

Оқытудың әртүрлі әдістер, құралдар, мазмұндар, түрлер нұсқаларын салыстырмалы бағалау, оның мақсаты шартты өлшеміне сәйкес ең жақсысын таңдау.

Оқушылардың жеке топ ерекшеліктерін ескеріп, оқытудың міндетін, мазмұнын, әдістерін, түрлерін таңдауға дифференциалдық ықпал жасау.

Оқытуға қажетті шарттар тудыру.

Оқытуды өзгермелі шарттар мен мүмкіндіктерге байланысты жылдам түзеу.

Оқытуды оңтайландырудың жалпы тәсілдерін қысқаша түрде міндетті, нақтылаудың, топтап қорытуды, салыстырмалы бағаны және нұсқаларды таңдауды, бөлшектеп бөлуді, жылдам түзеуді, оқу процессінің барлық құрылымын үнемдеуді кешенді жоспарлау деп атауға болады.

Міндетті кешенді жоспарлаудың оңтайландыру тәсілі ретіндегі маңызы – оқушыларды білім беру, тәрбиелеу мен дамытумен қатар бүгіндегі үлкен міндеттерді жүйелі кешенді түрде шешуді қарастырады. Тек осы кешенді жоспарлаумен оңтайлы қорытындыға жету мүмкін емес. Оқытуға қатысты нақты жағдайлар мен мүмкіндіктерді ескеруіміз керек.

Оқу процесінің барлық құрылымын нақтылауды жүзеге асыру. Оңтайландырудың бұл тәсілі оқытудың заңдылықтарына сүйеніп, оқушылардың мүмкіндіктеріне, оқу- материалдық базасына, гигиенасына, адагершілік психологиясына және сезімдік шарттары мен мұғалімдердің өздерінің мүмкіндіктеріне тәуелді болады.

Оңтайландырудың келесі тәсілі басты мәнді анықтау болып табылады. Басты мәнді анықтаумен біз оқу процесінің негізгі міндеттерін шешуді қамтамасыз етіп қоймай, мұғалім мен оқушылардың уақыты мен күшін үнемдейміз. Оқу процесінің мазмұнын талдауда, әрбір тақырыптың басты түсінігін, заңдарын, теориялық негіздері мен фактірлерін анықтайды.

Оңтайландырудың ең басты тәсілі оқытудың әр түрлі нұсқаларын салыстырмалы бағалау, оның мақсаты нақты жағдайға байланысты ең жақсысын таңдау.

Мұғалім нұсқаларды салыстырып, ең жақсысын таңдауды үйрену үшін, оқытудың бар байлығын- мазмұнын, әдістерін, құралдарын, ұйымдастыру түрлерін жақсы меңгеру керек.

Оқытудың әртүрлі нұсқаларының тиімділігін салыстыру кезінде (әдістерді, құралдарды, түрлері және т.б.) мынаны есте сақтау керек, яғни тиімділікті әдетте іс-әрекеттің соңғы қорытынды мақсатымен сәйкестену дәрежесімен есептейді. Тиімділікті іс-әрекеттің соңында бағалайды, ал оны салыстыруды іс-әрекеттің алдында өткізеді. Салыстыру кезінде алдымен іске аспайтын жақтарын алып тастайды, содан соң нұсқаларын екіден бірге дейін тарылтып, екі нұсқаның біреуін нақты жағдайда іске асатынын таңдайды.

Барлығы жоспарланған әдіс-тәсілдердің барлығы оқу процесін көзделген дәрежеде өткізбеуі де мүмкін. Мысалы, ол оқушылардың көбісі үй тапсырмасы орындауда бірдей қателер жіберген, соның себебін түсіндіруге уақыт кетуіне байланысты жоспарланған уақыт өзгеріп кетеді. Бұндай кезде оқытудың әдістерін, құралдарын және түрлерін ындап жылдам түзету тәсілі қолданылады. Бұл тәсіл жоспарланғанды тез арада түзетулер енгізіп, көзделген мақсатқа толық жете білуін қамтамасыз етеді.

Оңтайландыруды іске асырудың жалпы тәсілі (қажетті аз шығын жұмсап, мүмкін ең көп қорытындыларға жету) оқытуда уақыт, күш және құрал шығындарын үнемдеуге қалыптасу болып табылады. Бұл тәсіл біріншіден алдын көрсетілген барлық тәсілдердің көмегімен іске асады, яғни

міндетті кешенді шешу, олардынақтылау, басты мәнді анықтау, оқытуды бөлшектерге бөлу, оқытудың мүмкін нұсқаларын салыстырмалы бағалау және екіншіден мұғалімдердің қолданатын арнайы әдіс-амалдары (оқытуға кететін уақыт, күш және құралдарды үнемдеу үшін) арқылы приборларды тиімді орналастырумен, оларды блокты сақтап және арнайы таратпаларда таратып беру, автоматты қараңғылау мен дауысты жарықты техникалық құралдарды қолдану, баспаханалық дидактикалық таратпа материалдар қолдану, оларды лабораториялық бөлмелерге оқушылар тобынан лаборанттар дайындап, оларды лабораториялық жұмыс кезінде пайдалану, оқу фильмдерінің орнына ауқымды кино үзінділер жүргізу және т.б.

ӘДЕБИЕТТЕР

- [1] Беспалько В.П. Слагаемые педагогической технологии. - М.: «Педагогика», 1989. - 21-38 б.
- [2] Жанпейісова М.М. Технология модульного обучения. - Ақтөбе: РИПК; СО, 1999.
- [3] Таубаева Ш.Т. Лактмонова С.Н. Педагогическая инновация как теория и практика нововведений в системе образования; научный фонд и перспективы развитие. /Книга 1/- Алматы; Научно-издательский центр «Ғылым» 2001.
- [4] Педагогика. Дәріс құралы. - Алматы «Нұралы әлем», 2003 /Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті/.

Исаев С.А., Дуйсебаева Ф.Н.

Новые педагогические технологии на уроках английского языка

Резюме. Рассматриваются новые педагогические технологии, применяемые на уроках английского языка. Их цель облегчить процесс обучения иностранным языкам. **Ключевые слова:** английский язык, технология, педагогика, информация, учащиеся, школа.

Isaev S.A., Duissebaeva F.N.

New pedagogical technologies in english lessons

Summary. In article the new pedagogical technologies applied at English lessons are considered. Their purpose to facilitate process of training in foreign languages, the author specifies that providing productive various data. Any country, on spiritual and cultural development, economic development is defined by the level of knowledge индивидум studied in this country. And literacy of natural persons, broad thinking, ability to analyze, getting an education in school. That is, the school prepares future, called as big factory. Every day it is filled profound social changes of many pupils at the present stage volume new information extends. And time for development of all materiyal remains not izmenny. Therefore improvement of quality of education, change of methodical bases of education - there was a need according to modern to requirements.

Key words: english, tehnology, pedagogical, information, pupil, school.

ОӘЖ 519.6

М.Ж. Сакыпбекова

(әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университет,
Алматы, Қазақстан Республикасы, sakypbekova.meruyert@gmail.com)

ЭЛЛИПТИКАЛЫҚ ТИПТЕГІ ТЕҢДЕУДІ САНДЫҚ ЖӘНЕ КОМПЬЮТЕРЛІК ШЕШУ

Аңдатпа. Мақалада техниканың дамуына байланысты әртүрлі физикалық үдерісті математикалық моделдеудің дамуы айтылған. Жоғары ретті және шекаралық шарттарының күрделілігіне байланысты Навье-Стокс теңдеулерімен сипатталатын екінші ретті теңдеулерде интерациялық алгоритмдер қолданылады. Дифференциалдық теңдеу негізінде құрылған математикалық моделін талдау мүмкіндігі нәтиже ретінде шешімнің жуықталған сандық әдістер көмегімен шешіледі. Есептерді моделдеуде тор әдістерінің негізгі талабы, ең аз қателікпен алынатын нәтижемен қамтамасыз ету болып табылатыны жазылған. Физикалық табиғаттағы стационарлық үдерістерді зерттеуде эллиптикалық түрде болатын теңдеулерді шешуге тура келеді. Пуассон теңдеуі үшін шеттік есептің нақты шешімін табу өзектілігі қарастырылған. Пуассон теңдеуі үшін шеттік есептің сандық шешуі ұсынылған. Мақалада қарастырылған есепті шешуде Якоби интеграциялық әдісі тордың ішкі нүктелерін табу үшін қолданылды.

Түйін сөздер: тор, есептеу гидродинамикасы, дифференциалдық теңдеу, Пуассон теңдеуі, шеттік есеп.

Есептеу техникасының және әртүрлі физикалық үдеріс пен құбылыстың сандық моделдеу әдістерді дамуы, әртүрлі техникалық жүйені жобалаумен және технологиялық үдерістерді оңтайландырумен байланысты қолданбалы есептерді шешуде осы әдістерді қолдану әлі де шектеулі. Геометриялық күрделілікпен байланысты есептеу практикалық есептер және нақты есептердің тиімді есептерін анықтайтын физикалық үдерістердің алуан түрлілігі себептерімен түсіндіріледі. Сұйықтық пен газдың ағымын есептеуге байланысты есептер, денелерді орайағу генерациялардың тиімділігін зерттеу және газ турбиналық қозғалтқыштың шуылын болдырмау, жылу алмасу және энергияны жинау, химиялық реакциялармен жану мен ағуды моделдеу, ластанған заттардың жайылуы, ауа райын болжау, экологиялық мәселелерді моделдеу ғылымда маңызды орын алады. Өтіп жатқан үдерістерді және сандық әдістердің дамуы, тұтқыр газдың жылу алмасу мен ағымын математикалық моделдеуге заманауи тәсілді енгізуде программалық қамтамасыз ету қолжетімді. Есептеу гидродинамика газ динамикасында және гидродинамикада, жылу және массаны тасымалдау, көп фазалы ағымдарда, химиялық реакцияларда, жану, турбуленттілік және т.б. аймақтарда жұмыс істеуге мүмкіндік береді.

Заманауи есептеу гидродинамика өзекті мәселелерді, тұтқыр сұйықтықтың қозғалысын, газдың ағысының физика-химиялық айналуын сандық зерттеу, әртүрлі ортада соғылу толқындарының таралуын зерттеуге, газдинамикалық есептерді шешуге бағытталған. Навье-Стокс теңдеулерімен сипатталатын теңдеулер жоғары ретті және шекаралық шарттарының күрделілігіне байланысты екінші ретті теңдеулерде итерациялық алгоритмдер қолданылады. Күрделі геометриялық форма аумағындағы есептерге физикалық есептеулерді талап етеді. Есептерді әртүрлі құрылымда моделдеуде құрылымды емес торларды құрылған сандық әдістерге ерекше көңіл аударылады.

Тор әдістеріне ұсынылатын негізгі талап ең аз қажет ресурстарда, уақыт және жады көлемінде, жоғары нақтылықпен, ең аз қателікпен алынатын нәтижемен қамтамасыз ету болып табылады. Есептеу торын генерациялау үдерісін максимальды автоматтандыру қажет, күрделі геометрия объектілерінің айналасындағы торды генерациялау мүмкіндігін қамтамасыз ету, ағым ерекшеліктерін нақты сипаттайды, тұрақтылық жағдайда максимальды мүмкін сандар үшін шешімге орнықты жинақылықты қамтамасыз ету керек.

Тордың құрылымды қосымшаларын шектеуде пайдаланушылар күрделі геометрияда құрылымды емес торларды қолдануды іргелі жылжытты. Сандық жұмыстарда торды пайдаланушылар құрылымды емес торларға қызығушылық танытқан, өйткені ол күрделі геометрияда тор құру үшін жеткілікті икемділікпен қамтамасыз етеді және торға бейімділік талабын жеңілдетеді [2-4].

Құрылымды торда әрбір түйін қарапайым алгебралық өрнек арқылы көрші түйінмен оңай байланыса алады. Мәліметтердің құрылымды емес құрылымында түйіндердің арасындағы математикалық қатынасты елестету мүмкін емес. Егер мәліметтерді құрылымды емес құрылымдағы бір түйінді көрші түйінмен байланыстырғысы келсе, онда қосымша ақпаратты индекстеу үшін жадымен көп операциялар болатынын ескеру қажет. Бұл мәліметке қолжетімділік үшін кеңістік орны нашарлайды және жоғары аялдауына әкеледі [4]. Бұл кемшіліктер тор негізінде құрылымды емес шешушілерге әсер етеді. Мысалға, есептеу гидродинамика шешушілеріне. Тордың құрылымды емес генераторларының көбісі ішкі құрылымдағы тор нөмірі кездейсоқ. Көптеген қосымшалар құрылымды емес торда байланысқандар, CFD кодтар, көрші бір түйінді білуді қажет етеді [5-6].

Навье-Стокс теңдеуін үшбұрышты құрылымды емес торларда дискреттеу үшін соңғы көлем әдісі арқылы жасалады. Бақылау көлемі ретінде тордың ұяшығы пайдаланылады, ұяшық бойынша гидрогаздинамикалық айнымалының орта мәні ұяшықтың центріне апарып қояды. Уақыт бойынша дискреттеу Эйлер схемасы бойынша жүргізіледі [7].

Пуассон теңдеуі, эллиптикалық дифференциалдық теңдеуі гидродинамика жылдамдық потенциалының, температураның стационарлық өрісін, электростатикалық өрісті сипаттайды. Сонымен қатар аэродинамикада ең маңызды орын алатын қысымның өрісін есептеуде. Дербес туындыда эллиптикалық теңдеулерді шешуде жазықтықтың ішкі аймағында тек бір ғана шешімі болады, егер шектеулі беттегі мән немесе шектеулі бетте қалыпты туындысының мәні берілген жабық шекаралық аймақта шекаралық шарттарымен берілсе.

Алуан түрлі аймақта Пуассон теңдеуі үшін шеттік есептің нақты шешімін табу өзекті. Пуассон теңдеуін шешудің бірнеше әртүрлі әдістері бар. Физикалық табиғаттағы стационарлық үдерістерді зерттеуде эллиптикалық түрде болатын теңдеулерді шешуге тура келеді. Пуассон теңдеуі кейбір үдерістердің физикасын жақсы сипаттайды.

Дербес туындыдағы дифференциалдық теңдеу ғылым және техниканың әртүрлі аймағында моделін құруда математикалық аппаратты қолдануды ұсынады. Осы теңдеулердің аналитикалық түрде айқын шешімі дербес қарапайым жағдайда мүмкін, дифференциалдық теңдеу негізінде құрылған математикалық моделін талдау мүмкіндігі нәтиже ретінде шешімнің жуықталған сандық әдістер көмегімен шешіледі.

Осы модель сұйықтықтың ағымын, стационарлық жылу өрісін, ішкі дереккөздерінің жылуымен жылу алмасу үдерістерін және т.б. сипаттау үшін қолданылуы мүмкін.

Есептің қойылуы: Теңдеуді шешу берілсін:

$$\frac{\partial^2 u}{\partial x^2} + \frac{\partial^2 u}{\partial y^2} + 3u = f(x, y)$$

Тіктөртбұрышты аймақта $D\left\{0 \leq x \leq \frac{1}{4}, 0 \leq y \leq \frac{1}{2}\right\}$, шекараларымен: $\frac{\partial u}{\partial y} = 2 \cos(x+2y) + 3 \exp(2x+3y)$ төменгі жағы және $u = \sin(x+2y) + \exp(2x+3y)$ басқа шекаралары үшін берілген, мұндағы $f(x, y) = -2 \sin(x+2y) + 16e^{2x+3y}$.

Екінші ретті туындының аппроксимация мәнін үшін бес нақты шаблонын қолданып, берілген есептің айырым формасын аламыз.

$$U_{i,j} = \left(\frac{(U_{i+1,j} + U_{i-1,j})}{h_x^2} + \frac{(U_{i,j+1} + U_{i,j-1})}{h_y^2} - f_{i,j} \right) / \left(\frac{2}{h_y^2} + \frac{2}{h_x^2} - 3 \right).$$

Осы түрде жазылған айырым теңдеуі қолданылған шаблонның көрші түйіндеріндегі функцияның белгілі мәндері бойынша мәндерін анықтауға мүмкіндік береді. Алынған нәтиже әртүрлі итерациялық схемаларды құру үшін негіз ретінде болады, алғашында есептеуде мән үшін кейбір жуықтау қалыптасады, содан кейін осы мәндер берліген қатынаспен сәйкестендіріліп тізбектей нақтыланады.

Есепті шешуде Якоби әдісі қолданылады. Берілген жүйені шешу үшін Якоби итерациялық әдісі тордың ішкі нүктелерін шешу үшін жуықтаудан басталады. Осы жуықтауды тордың барлық нүктелеріне қойылады. Үдеріс дұрыс шешімге келгенше процедура қайталанады. Нақты шешімді анықтауда бір итерациядан келесі итерацияға өтуде жуық мән анағұрлым өзгермейді, барлық түйіндердің нөлдік емес өлшемдерімен келесі функция салыстырмалы қателікпен бағаланады.

$$U_{i,j}^{n+1} = \left(\left(U_{i+1,j}^n + U_{i-1,j}^n \right) / h_x^2 + \left(U_{i,j+1}^n + U_{i,j-1}^n \right) / h_y^2 - f_{i,j} \right) / \left(2/h_y^2 + 2/h_x^2 - 3 \right).$$

Қарастырылып отырған есептің алгоритмнің программасы C++ программалау ортасында жазылды.

```
for (i = 1; i < n-1; i++)
    for (j = 1; j < m-1; j++)
        u1[i][j] = ( (u[i+1][j] + u[i-1][j]) / pow(hx,2) + (u[i][j+1] + u[i][j-1]) / pow(hy,2) - f[i][j] ) /
        (2.0 / pow(hy,2) + 2.0 / pow(hx,2) - 3.0);
```

Алынған нәтижелерді тестілеу және талдау. ZONE I=17, J=33, F=POINT

X	Y	U1	True	Error
0	0	1.00111	1	0.00110944
0.0625	0	1.20258	1.19561	0.00697132
0.125	0	1.41763	1.4087	0.00893018
0.1875	0	1.6494	1.64139	0.00800479
0.25	0	1.89781	1.89613	0.00168697

0	0.125	1.70238	1.7024	1.6425e-005
0.0625	0.125	1.95762	1.95616	0.00145593
0.125	0.125	2.23659	2.23452	0.00206949
0.1875	0.125	2.54216	2.54068	0.00148713
0.25	0.125	2.87824	2.8783	6.31868e-005
0	0.25	2.59638	2.59643	4.77962e-005
0.0625	0.25	2.93245	2.93218	0.000268777
0.125	0.25	3.30377	3.30338	0.000388557
0.1875	0.25	3.71506	3.71482	0.000231731
0.25	0.25	4.17185	4.17198	0.000131337
0	0.375	3.76175	3.76186	0.000104314
0.0625	0.375	4.2163	4.21635	4.66293e-005
0.125	0.375	4.72258	4.72262	4.46464e-005
0.1875	0.375	5.28765	5.28777	0.000115304
0.25	0.375	5.91964	5.91989	0.000248421
0	0.5	5.32296	5.32316	0.000202367
0.0625	0.5	5.95175	5.95199	0.000248421
0.125	0.5	6.65657	6.65687	0.000303151
0.1875	0.5	7.44789	7.44826	0.000368051
0.25	0.5	8.3376	8.33804	0.000444859

Қойылған есепті Fortran программалау тілінде шешілуі [8] көрсетілген. Fortran программалау тілінде есептің шешімінен салыстырғанда u функциясының шешімі алынған және 10^{-5} дейінгі қателікпен нақты шешім алынған.

Пуассон теңдеуі үшін шеттік есептің сандық шешуде ұсынылған тәсілдің тестілеу нәтижесінде оның тиімділігін көрсетеді. Пуассон теңдеуі үшін шеттік есепті сандық шешуде құрылған тәсіл әртүрлі мақсаттағы техникалық құрылғыдағы физикалық үдерістерді моделдеуде қолданылу мүмкін.

ӘДЕБИЕТТЕР

- [1] Волков К.Н., Емельянов В.Н. Течения и теплообмен в каналах и вращающихся плоскостях. М.: Физматлит. 2010. 486 с.
- [2] Kallinderis Y, Vijayan P (1993) Adaptive refinement-coarsening scheme for three-dimensional unstructured meshes. AIAA J 31(8):1440–1447.
- [3] Farhat C, Pierson K, Degand C (2001) Multidisciplinary simulation of the maneuvering of an aircraft. Eng Comput 17:16–27.
- [4] Darbandi M, Vakilipour S (2008) Developing implicit pressure weighted upwinding scheme to calculate steady and unsteady flows on unstructured grids. Int J Numer Methods Fluid 56(2):115–141.
- [5] Douglas CC, Hu J, Kowarschik M, Rude U, Weiss C (2000) Cache optimization for structured and unstructured grid multigrid. Electron Trans Numer Anal 10:21–40.
- [6] Gloth O, Hanel D, Tran L, Vilsmeier R (2003) A front tracking method on unstructured grids. Comput Fluid 32(4):547–570.
- [7] Darbandi M, Fouladi N (2011) A reduced domain strategy for local mesh movement application in unstructured grids. App Numer Math 61(9):1001–1016. doi:10.1016/j.apnum.2011.04.005.
- [8] <https://www.sharcnet.ca/Software/Imsl/7.0.0/math/math.htm?url=docs%2Ffps2h.htm>.

Сақыпбекова М.Ж.

Численное и компьютерное решение уравнений эллиптического типа

Резюме. В данной статье описано математическое моделирование физических процессов, которые связаны с развитием техники, из-за сложности самого высокого порядка и граничных условий, характеризующиеся уравнением Навье-Стокса, для уравнения второго порядка используются итерационные алгоритмы. Результатом решения с помощью приближенных численных методов является возможность анализа математических моделей, построенных на основе дифференциальных уравнений. Основные требования метода сетки в моделирование задачи является предоставление результатов с минимальными погрешностями. Рассмотрена актуальность решения конкретной краевой задачи для уравнения Пуассона. Предложено численное решение краевой задачи для уравнения Пуассона. Также в решении задачи, рассмотренной в данной статье, используется метод Якоби для поиска точек сетки.

Ключевые слова: сетка, вычислительная гидродинамика, дифференциальное уравнение, уравнение Пуассона, краевые задачи.

Sakybekova M. Zh.

Numerical and computational solution of elliptic equation

Summary. This article describes mathematical modeling of physical processes that are associated with the development of technology, because the complexity of the highest order and boundary conditions, characterized by the Navier-Stokes equations, for equations of the second order iterative algorithms are used. The result of the solution using approximate numerical methods is the ability to analyze mathematical models based on differential equations. The main requirement of the grid method in modeling tasks is to provide results with minimal errors. Considers the relevance of solving specific boundary value problem for the Poisson equation. The numerical solution of the boundary problem for Poisson equation. Also, the solution of the problem considered in this article use Jacobi's method to find points on the grid.

Key words: grid, computational fluid dynamics, differential equation, Poisson equation, boundary value problems

УДК 577.4.

М.М. Мухаметов

(Международный Университет информационных технологий
Алматы, Республика Казахстан, m_madi1994@mail.ru)

МОДЕЛИРОВАНИЕ ПРОЦЕССА ПЕРЕНОСА ВЛАГИ В СЛОЖНОЙ СИТУАЦИИ

Аннотация. При выполнении научных исследований, проектировании новых технологических процессов влагопереноса, а также при модернизации действующих производств и оборудования широко применяются методы оптимизации режимных и конструкционных параметров рассматриваемых процессов и аппаратов, основанные на использовании математических моделей в виде краевых задач влагопроводности. Наиболее надежным путем получения данных о параметрах математических моделей процессов влагопереноса является разработка методов для экспериментального измерения характеристик переноса влаги. Поэтому актуальность разработки модели для измерения характеристик влагопереноса в сложной ситуации не вызывает сомнений. В работе представлены некоторые результаты численного моделирования, классификация процессов переноса. Рассматриваются принципы построения моделей и критерии выбора математической постановки задачи. Задача решена методом ловли фронта в узел пространственной сетки.

Ключевые слова: Процессы переноса, моделирование, элементы моделирования.

Классификация процессов переноса, данная на рисунок 1. позволяет разделить их на три больших группы. Переноса веществ, энергии и импульса удобно описывать в терминах концентрации, температуры и скорости. Явлениями переноса называются необратимые процессы в термодинамически неравновесных системах, в которых происходит пространственный перенос внутренней энергии (теплопроводность), химических компонентов вещества (диффузия), импульса. Проведем небольшой обзор и классификацию механизмов переноса.




Рис. 1. Классификация механизмов переноса и описывающих их законов

Каждое явление переноса обусловлено неоднородностью распределения в пространстве некоторой величины.

Моделирование — исследование объектов познания на их моделях; построение и изучение моделей реально существующих объектов, процессов или явлений с целью получения объяснений этих явлений, а также для предсказания явлений, интересующих исследователя.*

Элементы моделирования. Процесс моделирования включает три элемента:

- субъект (исследователь),
- объект исследования,
- модель, определяющую (отражающую) отношения познающего субъекта и познаваемого объекта.

Любая модель строится и исследуется при определенных допущениях, гипотезах. Модель — результат отображения одной структуры на другую. Отобразив физическую систему (объект) на математическую систему (например, математический аппарат уравнений), получим физико-математическую модель системы, или математическую модель физической системы. Информация — это абстракция. Модель — это тот объект, та система, которая позволяет облечь эту информацию в конкретное, например компьютерное, представление, содержание. Моделирование — тот процесс, метод, который позволяет осуществлять перенос информации от реальной системы к модели и наоборот.

Модели по их назначению бывают познавательными, прагматическими и инструментальными.

Проблема моделирования состоит из трех задач:

- построения модели (эта задача менее формализуема и конструктивна, в том смысле, что нет алгоритма для построения моделей);
- исследования модели (эта задача более формализуема, имеются методы исследования различных классов моделей);
- использования модели (конструктивная и конкретизируемая задача).[†]

Этапы моделирования. Прежде чем браться за какую-либо работу, нужно четко представить себе отправной и конечный пункт деятельности, а также примерные ее этапы. То же самое можно сказать и о моделировании. Отправной пункт здесь — прототип. Им может быть существующий или проектируемый объект или процесс. Конечный этап моделирования — принятие решения на основании знаний об объекте.

Цепочка выглядит следующим образом:

Прототип (объект, процесс) => Моделирование => Принятие решения.

Моделирование — творческий процесс. Заклчить его в формальные рамки очень трудно. В наиболее общем виде его можно представить поэтапно. При решении конкретной задачи эта схема может подвергаться некоторым изменениям: какой-то блок будет убран или усовершенствован, какой-то — добавлен. Содержание этапов определяется поставленной задачей и целями моделирования. Рассмотрим основные этапы моделирования подробнее.

Постановка задачи.

Влажный грунт (рис 1) находится в талом состоянии и имеет начальную постоянную температуру T_0 . В начальный момент времени на поверхности грунта внезапно устанавливается некоторая температура T_0 , которая ниже температуры замерзания T_3 . В результате образуется промерзший слой переменной толщины $\xi = f(t)$. Нижняя подвижная граница его всегда имеет температуру замерзания T_3 . На этой границе происходит переход из одного агрегатного состояния в другое, на что требуется теплота перехода Q_ϕ (Дж/кг). Таким образом верхняя граница ($x = \xi$) талой зоны имеет постоянную температуру замерзания, а нижняя граница ($x=1$) некоторую постоянную температур грунта на большой его глубине. Коэффициенты переноса промерзшей и такой зон

*Самарский А. А., Михайлов А. П. Математическое моделирование: Идеи. Методы. Примеры. — М.: Наука, 1997

[†]Нефёдов С. А., Турчин П. В. Опыт моделирования демографически-структурных циклов // История и Математика: Макроисторическая динамика общества и государства / Ред. Коротаев А. В., Малков С. Ю., Гринин Л. Е. М.: КомКнига/УРСС, 2007.

различны. Предполагается, что перенос тепла в грунте происходит только вследствие теплопроводности.




Рис 1. Область решения

На основе всего вышесказанного математическое постановка задача примет вид:

Сары топырақты саздақтардағы майда бөлшектер түрлі сазды минералдардан – гидрослюдалар, каолинит, монтмориллонит және т.б. тұрады.

Әдетте саздақтың құрамында 10-30% салмақ бойынша сазды бөлшектерден тұрады. Саздақтар және сары топырақты саздақтар іс жүзінде кеңінен қолданылатын ежелгі минералды шикізаттардың бір түрі.

Қарастырылған жыныстар күйдірілмеген түрінде қабырға материалы, кірпішті қалау кезінде, гидротехникалық үймереттерді тұрғызу кезінде байланыстырғыш материал түрінде қолданылады.

Саздақтар және сары топырақты саздақтар күйдірілген түрінде құрылыстық керамика, клинкерлі кірпіш, қышқылға төзімді заттар, дренажды құбырлар, сазды ыдыстар өндіруде, жедел күйдіру кезінде – керамзит және аглопорит алу үшін қолданылады.

Саздақтар және сары топырақты саздақтар Оңтүстік Қазақстан өңірінде көп таралған. Бұл шикізат орындары өздерінің генетикалық ерекшеліктері, өлшемдері, сондай-ақ химиялық және гранулометриялық құрамдары, жабысқақтығы және басқа да көрсеткіштері бойынша аса аралас құрамға ие.

Шымкент сары топырақты саздақ кенорнының қуаты 4-33 м аралығында. Олар жоғары кеуектілікке ие, әдетте жыныс көлемінің 40% асады. Сары топырақты саздақтың тығыздығы 1,2-1,6 г/см³ аралығында. Шымкент сары топырақты саздақ кенорнының қоры шамамен А+В - 20 млн, С₂ – 120 млн тонна.

Шымкент сары топырақты саздақ шикізатының гранулометриялық және химиялық құрамдары 1 және 2 кестелерде келтірілген.

Кесте 1. Шымкент сары топырақты саздақ шикізатының гранулометриялық құрамы, % массасы бойынша

Фракция түрі	> 1,0	1,0-0,5	0,5-0,25	0,5-0,05	0,05-0,01	0,01-0,005	0,005-0,001	< 0,001
Сазды фракциясы							8,0-16,4	
Құмды фракциясы		0,10-1,0						
Шаңды фракциясы					80,0-85,0			

Сары топырақты саздақтың көпшілік бөлігінің минералогиялық құрамы: 0,25 мм төмен фракциялар. Сазды минералдар – гидрослюдалар және каолинит, сонымен қатар ірі фракцияларының 60-80% негізінен карбонаттардан – кварц, кальцит және анортиттен тұрады.

Кесте 2. Шымкент сары топырақты саздақ шикізатының химиялық құрамы, % массасы бойынша


Кен орны атауы	Тотықтардың мөлшері, % масса бойынша								
	SiO ₂	TiO ₂	Al ₂ O ₃	Fe ₂ O ₃	CaO	MgO	SO ₃	Na ₂ O+K ₂ O	к.к.ө
Шымкент	48,0-54,4	-	10,5-13,5	3,2-4,5	11,0-14,56	3,0	0,12	-	12,36-14,92

Сынамаға алынған Шымкент сары топырақты саздағының гронулометриялық құрамы Analizette-3 дірілді елегінде анықталды. Дірілді електен өткізілген саздақтың 0,1 мм төмен бөлшектерден тұратын сынамасына М.Әуезов атындағы ОҚМУ-дегі «Конструкциялық және биохимиялық материалдар» инженерлік бейімді аймақтық сынақ зартханасында JEOL электронды микроскопында элементтік сараптама жасалды.

Сараптама нәтижесінде Шымкент сары топырақты саздағының құрамында Na, Mg, K элементтері 1-2% аралығында болса, Al, Ca, Fe элементтерінің мөлшері 4-8% аралығында, S, Ti, Ba элементтер 0,1-0,4%, негізгі компоненттердің бірі болып табылатын Si элементінің мөлшері 21,4%. Аталған элементтердің мөлшері энергодисперсионды микроталдау нәтижесінде анықталған. Шымкент сары топырақты саздағының элементтік құрамы және микроскопиялық спектрі төмендегі 3 кесте және 1 суретте келтірілген.

Кесте 3. Шымкент сары топырақты саздағының элементтік құрамы


Элемент	O	Na	Mg	Al	Si	S	K	Ca	Ti	Fe	Ba
Салмақтық, %	53,79	1,02	1,80	6,11	21,41	0,14	2,14	8,47	0,33	4,60	0,19



Сурет 1. Шымкент сары топырақты саздағының микроскопиялық және энергодисперсиялық спектрі

Келтірілген мәліметтерде аталғандай елімізде экономикалық және әлеуметтік мәселенің бірі – Оңтүстік Қазақстан облысының силикатты-құрылыс материалдары өндірісін қолжетімді табиғи минералды шикізаттармен қамтамасыз ету өзекті мәселе. Ал еліміздегі сары топырақты саздақ кен орындарындағы шикізат қорлары мәселе туғызбайды. Силикатты-құрылыс саласының дамуына – саздақ кендерін игеру зор ықпалын тигізеді. Жоғарыда көрсетілген мәліметтер бойынша саздақ шикізатының құрамы силикатты-құрылыс материалдарын өндіруге қажетті элементтерді қамтиды.

Термиялық өңдеу кезінде жүретін үрдістерді анықтау мақсатында Шымкент сары топырақты саздақтары үлгісіне дифференциалды-термиялық талдау Q1500D дериватографында жүргізілді. Шымкент сары топырақты саздағының термограммасы 2 суретте келтірілген. Үлгі термограммасында 180°C, 455°C және 570°C температураларда бірнеше эндотермиялық эффектілер, сонымен қатар 470°C және 960°C температуралардағы экзотермиялық эффектілер анықталды.



Сурет 2. Шымкент сары топырақты саздағының термограммасы

Сіңірілген судың жоғалуы нәтижесіндегі үлкен эндотермиялық эффект 180°C температура кезінде байқалады, ал 455°C кезіндегі қарқынды жоғарылаған қисық қатпараралық судың жоғалуына сәйкес келеді. Келесі эффект 570°C орын алған, ол монтмориллонит үшін сипаттамалы гидрототық түрінде байланысқан конституциялық судың жоғалуымен түсіндіріледі.

Термограммадағы 470°C температурадағы эффект органикалық қоспалардың жануымен шартталады, ал 960°C температура кезіндегі экзотермиялық эффект жоғары температуралық фазалардың кристалдануымен сәйкес келеді.

Алынған зерттеу нәтижелері Қазақстан Республикасы Индустриалды-инновациялық дамудың мемлекеттік бағдарламасының негізгі бағыттарын орындау бойынша іс жүзінде қолданылуы мүмкін. Себебі, аталған бағдарламада бәсекеге қабілетті, энергияүнемдеуші құрылыс материалдарын, бұйымдарын өндіру, сонымен қатар олардың минералды шикізат базаларын кеңейту қарастырылған.

ӘДЕБИЕТТЕР:

[1] Государственная Программа индустриально-инновационного развития Республики Казахстан на 2015-2019 годы. Астана, 2014. – 135 с.

[2] Послание Президента РК – Лидера нации Н.А.Назарбаева народу Казахстана. Стратегия «Казахстан-2050» - Новый политический курс состоявшегося государства. Астана, 2012. – 31 с.

[3] Кулинич В.В., Антоненко А.А., Потеха А.В., Баякунова С.Я., Гойколова Т.В. Месторождения горнорудного сырья Казахстана. Справочник. – Алматы: Министерство экологии и природных ресурсов РК, 2000. Т.3. – 233 с.

Жакипбаев Б.Е., Кулмаханова А.Ш., Муздыбек М.Е., Колесников А.С., Кочеров Е.Н., Пернебай Ж.

Физико-химические исследования составов лессовидных суглинков Шымкентского месторождения

Резюме. Приведена информация о минералогической составляющей Шымкентской лессовидной суглинки, их роль как минеральное сырье в производстве строительной и силикатной промышленности, классификация, применимость, важные свойства и основные показатели. Обобщена информация об основных компонентах, входящие в состав лессовидной суглинки, их количества и методы их определения.

Определены их разновидности в природе, генетические особенности, однородность, пористость, плотность, слоистость, гранулометрический состав, размеры частиц, химический состав лессовидной суглинки месторождения Шымкентское и основные минералогические составляющие, такие как слюды, гидрослюды, каолинит, монтмориллонит и др.

Ключевые слова: Шымкентская лессовидная суглинка, минералогические составляющие, химический и гранулометрический составы, генетические особенности, пористость, плотность, применимость, важные свойства и основные показатели.

Zhakupbayev B. Ye., Kulmakhanova A. Sh., Muzdybek M. Ye., Kolesnikov A. S., Kocherov Ye. N., Pernebay Zh.

Physico-chemical studies of the compositions of loess-like loams of the Shymkent deposit

Summary. The article contains information on the state of industrial and civil, social and cultural construction in the Republic of Kazakhstan, as well as the state of the mineral and raw materials base of the South Kazakhstan region in the example of the Lesh deposit of Shymkent.

The information on the mineralogical component of the Shymkent loess-like loam, their role as a mineral raw material in the production of the construction and silicate industry, their classification, applicability, important properties and basic indices are given. The information on the main components that form part of loess loam, their quantities and methods for their determination is generalized.

Their varieties in nature, genetic features, homogeneity, porosity, density, stratification, granulometric composition, particle size, chemical composition of the loess-like loam of the Shymkent deposit and the main mineralogical components such as mica, hydromica, kaolinite, montmorillonite and others have been determined.

Key words: Shymkent loess-like loam, mineralogical components, chemical and granulometric composition, genetic features, porosity, density, applicability, important properties and basic indices.

УДК 669.33:669.054.82

**Н.К. Досмухамедов, Е.Е. Жолдасбай, М.Б. Курмансейтов,
А.Е. Токтарова, Ж.С. Ахмеджанов**

(К.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық зерттеу техникалық университеті,
Алматы, Қазақстан Республикасы)

**МЫСҚА БАЙ ШЛАКТАРДАН ТҮСТІ МЕТАЛДАР МЕН ТЕМІРДІ
ТАУАРЛЫ ӨНІМДЕРГЕ БӨЛІП АЛУ ӘДІСІ**

Аңдатпа. Техникалық әдебиетте мыс бойынша шлактарды кедейлендіру процестерінің жоғары тиімділігіне қарамастан, бұл сұрақ бойынша жаңа технологиялық сұлба құрастыру кезінде барлық бағалы компоненттердің шлактан кешенді бөліп алу жолдарына аса көңіл бөлу қажет. Әсіресе, шлактарды кедейлендіру процесін жүргізудің нақты шарттарында қоспалардың бөлініп таралу тәртібінің зерттелуі, біздің ойымызша, жүйелі болуы тиіс. Бұл мәселенің шешімін табу – техника-экономикалық және экологиялық жағынан аса жоғары қызығушылық тудыратынын айта кеткен жөн.

Жұмыста мысқа бай шлактарды көмір мен СО-СО₂ газ қоспасымен тотықсыздандыру арқылы мыс, қорғасын, мырыш пен мышьяқты тауарлы өнімдерге селективті бөліп алу жолдары зерттелді. Бұл мақсатта жұмыста шлактарды екі сатылы кедейлендіру әдісі құрастырылды.

Жұмыста ұсынылып отырған шлақты екі сатылы жолмен кедейлендіру кезінде түсті металдар, темір және мышьяқты тікелей өнімдерге максималды бөліп алуға болатыны дәлелденді. Жаңа әдіс бойынша шлақты кедейлендіру барысында мыстың мысты шойынға тікелей шығымы 95%, қорғасын, мырыш және мышьяқтың газға шығымы – 94%, 95% және 97% сәйкесінше құрады.

Түйін сөздер: мысқа бай шлак, кедейлендіру, көмірдің монототығы, мысты шойын.

Кіріспе

Техникалық әдебиетте кең тараған мыс бойынша шлактарды кедейлендіру процестерінің жоғары тиімділігіне қарамастан [1-11], бұл сұрақ бойынша жаңа технологиялық сұлба құрастыру кезінде барлық бағалы компоненттердің шлактан кешенді бөліп алу жолдарына аса көңіл бөлу қажет. Әсіресе, шлактарды кедейлендіру процесін жүргізудің нақты шарттарында қоспалардың бөлініп таралу тәртібінің зерттелуі, біздің ойымызша, жүйелі болуы тиіс. Бұл мәселенің шешімін табу – техника-экономикалық және экологиялық жағынан аса жоғары қызығушылық тудыратынын айта кеткен жөн.

Осы бағытта орындалған [1,2] жұмыста мыс концентраттарын автогенді балқыту процестерінде өңдеу кезінде алынатын шлактарды көмірмен қосымша тотықсыздандыру арқылы оларды кедейлендіріп, мысты бөліп алу бағытында жүргізілген кешенді зерттеу нәтижелері көрсетілген. Авторлар шлактарды қатты көміртегімен тотықсыздандыру кезінде алынатын фазалар, олардың құрамы және түсті, ілеспелі қоспалардың фазалар арасындағы бөлініп таралуын зерттеп, шлактарды көмірмен тотықсыздандыру кезінде мыс негізінде металл балқымасының (түпкі фаза) бөлініп шығу жолын көрсеткен. Өткізілген зерттеулер нәтижесінде шлақты көмірмен тотықсыздандырып өңдеу кезінде мырыш пен қорғасынның ауқымды дәрежеде шаңға айдалу мүмкіндігін дәлелденіп, процестің оптималды режимдері анықталған. Сонымен қатар, кешенді өткізілген зерттеу барысында мышьяқтың түпкі фазаға ауқымды өтуі және оның түпкі фазадағы тепе-теңдік мөлшері оның шлактағы мөлшеріне тікелей тәуелділігі. Құрастырылған технологиялық тізбекпен нақты өндірістік технология үшін үйінді шлактарынан мышьяқты бөліп алу жолы көрсетілгенімен бұл сұлбаның бірнеше кемшіліктері бар. Біріншіден, шлактарды бұл әдіспен кедейлендіру кезінде түсті металдар, темір және мышьяқты олардың оксидтерінен тотықсыздандыру үшін көміртегінің шығынының берілген оксидтерді толықтай тотықсыздандыруға алынатын стехиометриялық мөлшерінен 50-200%-ға дейін артық қолдануында. Бұл процесте қолданылатын отынның, яғни көміртегінің, шығымын күрт өсіреді. Сонымен қатар процестің технологиялық тұрғысынан да байқалған кемшіліктерін де айта кеткен жөн. Шлақты кедейлендіру кезінде мыстың тотықсыздану дәрежесі бар болғаны ~50%-ға дейін ғана жеткен. Мышьяқтың мыс негізіндегі түпкі металл фазасында шоғырлануы оның әрі қарай мақсатты түрде пайдалануын шектейді. Процесте оксидтердің көмірмен физика-химиялық әрекеттесуі кезінде бөлініп шығатын газдардың құрамындағы көмір монооксидінің бөлінуі, газдарды толықтай жағып, оны залалдандыру мақсатымен тотығу жолдарын қарастыруды талап етеді. Бұл өз кезегінде процестің материалдық және энергетикалық шығымдарының күрт өсуіне әкеліп соғады.

Жұмыстың негізгі мақсаты – мысқа бай шлактарды көміртегімен тотықсыздандыру арқылы кедейлендіру процесін тотықсыздандырғыш ретінде қосымша көміртегі монооксидін қолдану арқылы ықшамдау және жаңа шарттарда мыс, қорғасын, мырыш пен мышьяқты тауарлы өнімдерге селективті бөліп алу жолдарын зерттеу.

Зерттеу әдістемесі

Жұмыста шлак балқымаларын сатылы өңдеу әдісі қолданылды, оның ішінде келесі сатылар кірді: бірінші сатыда шлак балқымасын CO-CO₂ газ қоспасымен тотықсыздандыру өткізілді, осыдан кейін өңделген шлак CO-CO₂ газ қоспасымен интенсивті барботажауда кезінде қатты көміртегімен тотықсыздандыру арқылы терең кедейлендірілді.

Термодинамикалық система мәндерінің өзгеруі бойынша көмірқұрамды тотықсыздандырғыштар мен шлак компоненттерінің арасында жүретін реакциялардың жүру бағытын бағалау өткізілді. Термодинамикалық талдау реакцияның изобара-изотермиялық потенциалдарының (Гиббстың еркін энергиясы) температурадан тәуелділігін ескере өткізілді. Гиббстың еркін энергиясы (ΔG_o^T) өзгеруін келесі формула арқылы есептелді:

$$\Delta G_T^\circ = \Delta H_T^\circ - \Delta S_T^\circ * T, \quad (1)$$

мұнда: ΔH_T° , ΔS_T° - энтальпия мен энтропия системаларының сәйкесінше стандартты мәндері;

T – абсолюттік температура, K.

Тәжірибелік зерттеулер, термодинамикалық есептеулер нәтижесін ескере және түсті металдар, темірді және мышьяқты алынатын өнімдерге кешенді бөліп алуға негізделі өткізілді.











Барлық тәжірибелерде келесі құрамды шлак қолданылды: %: Cu -0,85%, Zn -1,12%, As -0,03,

Fe -33,91%, SiO₂ -30,95%, CaO -19,5%, Al₂O₃ -0,52% және басқалары – 12,13%.

Тәжірибелік жұмыстар 1273 С температурада жүргізілді.

Түсті металдар, темір, мышьяк оксидтерін көміртегі және көміртегі монооксидімен тотықсыздандыру реакцияларының термодинамикалық есептеулері

Түсті металдар, темір, мышьяк оксидтерін көміртегі және көміртегі монооксидімен тотықсыздандырудың механизмі [2] жұмыста толықтай зерттеліп, төменгі реакциялардың жүруімен түсіндірілген:



1 кестеде (2) - (11) реакцияларының 1273...1573 К температура аралығында есептелген Гиббс энергиясының мәндері көрсетілген.

Кестеден көрініп тұрғандай, қарастырылып отырған реакциялардың топтамасынан, (9), (11) реакцияларынан басқа, қалған реакциялардың жүру мүмкіншілігі едәуір жоғары. (9), (11) реакцияларының 1273...1573 К температура аралығында есептелген Гиббс энергиясының оң мәндері олардың жүруінің мүмкін еместігін көрсетеді.

Кесте 1. (2) - (11) реакцияларының 1273...1573 К температура аралығында есептелген Гиббс энергиясының мәндері

Реакция	$\Delta G_T^\circ, \text{ кДж/моль}$			
	Температура, К			
	1273	1373	1473	1573
$\text{CuO}_{0,5} + \text{C} = 2\text{Cu} + \text{CO}$	-146,3	-161,54	-178,22	-192,33
$\text{PbO} + \text{C} = \text{Pb} + \text{CO}$	-61,44	-86,06	-110,45	-134,62
$\text{ZnO} + \text{C} = \text{Zn} + \text{CO}$	-13,17	-41,97	-70,6	-99,08
$\text{As}_2\text{O}_5 + 5\text{C} = 2\text{As} + 5\text{CO}$	-791,79	-877,7	-962,86	-1047,26
$\text{FeO} + \text{C} = \text{Fe} + \text{CO}$	-49,38	-65,61	-81,75	-97,79
$\text{CuO}_{0,5} + \text{CO} = 2\text{Cu} + \text{CO}_2$	-94,39	-92,37	-91,85	-88,84
$\text{PbO} + \text{CO} = \text{Pb} + \text{CO}_2$	-9,53	-16,88	-24,08	-31,14
$\text{ZnO} + \text{CO} = \text{Zn} + \text{CO}_2$	38,73	27,2	15,76	4,4
$\text{As}_2\text{O}_5 + 5\text{CO} = 2\text{As} + 5\text{CO}_2$	-532,24	-531,81	-531	-529,83
$\text{FeO} + \text{CO} = \text{Fe} + \text{CO}_2$	2,52	3,56	4,62	5,69

(2), (5), (7) және (10) реакциялардың Гиббс энергиясының жоғары теріс мәндері мыс пен мышьяқты олардың оксидтерінен тікелей тотықсыздандыру кезінде металды мыс пен мышьяқтың түзілетінін айқын көрсетіп тұр.

Шлақты кедейлендіру процесі кезінде жоғары температурада (1473 К) тотықсыздандыру негізінде бөлініп шыққан металды мыс бөліне бастап, балқыманың астында түпкі фазаны түзеді. Бұл жағдайда, мыс оксидін көміртегімен және оның монооксидімен тотықсыздандыру кезінде қарастырылып отырған реакциялардың Гиббс энергиясының мәндері жоғары теріс мәнге тең екендігін ($\Delta G^\circ_{1473} = -178,22 \text{ кДж/моль}$ и $\Delta G^\circ_{1473} = -91,85 \text{ кДж/моль}$, сәйкесінше) және Гиббс энергиясының температураның өсуімен артатынын айта кеткен жөн. Авторлардың тұжырымдамасы бойынша металды мыстың бөлініп алынуының алдында түзілетін металды мышьяк ең әуелі газға, ал мыс фазасы пайда болған кезде, Cu-As бинарлық күй диаграммасына сәйкес [3], мыс фазасында еріп, шоғырлана бастайды.

Қорғасын және мырыш оксидтерінің көмірмен тотықсыздандыру реакцияларының Гиббс энергиясының мәндері, кедейлендіру процесінің температурасында (1473 К), жоғары теріс мәндерге ие ($\Delta G^{\circ}_{1473} = -110,45$ кДж/моль и $\Delta G^{\circ}_{1473} = -70,6$ кДж/моль, сәйкесінше). Бұл реакциялардың жүруі металды қорғасын мен мырыштың түзілу жағына қарай ығысқанын көрсетеді. Түзілген металды қорғасын мен мырыш шлакты кедейлендіру кезінде газдарда шоғырланып, ұшады.

Темірдің оның оксидінен тотықсыздандуы тек қана көмірмен жүреді ($\Delta G^{\circ}_{1473} = -81,75$ кДж/моль). (7) реакция бойынша түзілетін металды темір, сұйық металды мыста еріп, түпкі фазада шоғырланады. Түпкі фазада мысты темір фазасы түзіледі. Темір оксидін көмір монооксидімен тотықсыздандыру мүмкін емес, себебі бұл реакцияның Гиббс энергиясы оң мәнге ие.


Тәжірибелік зерттеулер нәтижесі және оларды талдау

Тәжірибелік зерттеулер негізіне [1] жұмыста қолданылған шлакты кедейлендіру әдісі алынды. Бұл жұмыстың авторлары шлакты көмірмен кедейлендіру арқылы мыс пен темірді түпкі фазаға бөліп алудың әдісін көрсеткен. Алайда, алынған оң нәтижелерге қарамастан бұл әдіс бойынша авторлар мысты түпкі фазаға максималды өткізуге, қаншама тотықсыздандырғыштың мөлшерін ұлғайтса да, қол жеткізе алмады. Сонымен қатар бұл әдіс бойынша қорғасын, мырыш пен мышьяқтың газға максималды шығынын алу да мүмкін болмады. Шлакты кедейлендіру кезінде мышьяк газбен бірге ұшуымен қатар, металды сұйық мыста еріп, түпкі фазада шоғырланды. Кедейлендіруден кейін алынған мысты шойында мышьяк болғандықтан оны әрі қарай тауарлы өнім алу үшін қолдану шектеулі. Анықталған кемшіліктер қосымша тәжірибелік зерттеулерді жүргізуді қажет етеді.

Жұмыста жүргізілген зерттеулерде шлакты екі сатылы жолмен кедейлендіру әдісі қолданылды. Бірішілей кедейлендіру СО-СО₂ газ қоспасымен, екінші сатысы көмір мен СО-СО₂ газ қоспасының қолдануымен жүргізілді. Бұл таңдалған жол бірінші сатыда СО-СО₂ газ қоспасымен мышьяқты толық оксидтен бөліп алып, газдарда шоғырландыруға мүмкіндік береді. Екінші сатыда көмір мен СО-СО₂ газ қоспасымен шлакты кедейлендіру түсті металдар мен темірді максималды тауарлы өнімдерге бөліп алуға мүмкіндік береді.

Тәжірибелерді жүргізу әдістемесі.

Шлактарды кедейлендірудің зертханалық құрылғысының жалпы сұлбасы 1 суретте көрсетілген.



1 сурет - Шлактарды кедейлендірудің тәжірибелік құрылғысының сұлбасы

- 1 – көмірқышқыл газы бар баллон; 2 – газды вентиль; 3 – газды редуктор;
- 4 – ротаметр; 5 – көмірі бар кварцты реактор; 6 – түтікшелі қыздырғыш пеш;
- 7 – үрлеу түтікшесі; 8 – сумен суытылатын тығын; 9 – кварцты реактор;
- 10 – құбырлы қыздыру пеші; 11 – балқымасы бар тигель; 12 – Дрексель ыдысы.

Құрылғы, номиналды жұмысшы температурасы 1300 °С дейін болатын айналмалы құбырлы қыздыру электр пешінен 9 тұрады. Пешке штативте ұстағышпен бекітілген кварцты реактор 8 енгізілген. Бастапқы материалдар тиелген тигельді 10 реакторға орналастырады. Реактор сумен суытылатын резеңкелі тығынмен 7, ауа кірмейтіндей етіп, герметикалық күйінде жабылады. Тығынның суытылуы реактордың жоғарғы бөлігінде оралған резеңкелі шланг арқылы су құбырынан су өткізу арқылы жүзеге асырылады.

Реактордың герметикалық жабылуы тигельді қыздыру кезінде реактордың ішінде кедейлендіру процесінде балқыма үстінде тотықсыздандыру атмосферасын беру мақсатымен қамтамасыз етіледі. Реакторды жабатын тығында екі саңылау бұрғылап тесілген. Бір саңылау арқылы иілгіш емес каналдар құру үшін кварцты түтікшенің қысқа кесіндісі орнатылған. Екінші саңылау каналына, фарфордан жасалған, үрлеу түтікшесі 6 кигізілген.

Үрлеу түтікшесінің каналға кіру орны биіктігі бойынша түтікшені қозғалтуға мүмкіндік беретін термоотырғызу кембриктері көмегімен герметизацияланған. Үрлеу түтікшесі, иілгіш шлангтарымен ротаметр 5 арқылы көмір қышқыл газы 14 бар баллонға қосылған. СО/СО₂ газ қоспасын алу мақсатында көмір қышқыл газы бар баллоннан СО₂ газы екіге бөлініп, газдың бір бөлігі СО газын алуға көмірі бар кварцты реактор 12 орналасқан түтікшелі пешке 13 барса, екінші бөлігі бірден тигельге беріледі. Реактордан шығатын газдар шаң ұстау мен барлық жүйенің герметикалығын бақылауына арналған суы бар Дрексель ыдысы 11 арқылы өткізіледі.

Тәжірибелерді жүргізу әдістемесі 2 сатыдан тұрады. Бірінші сатысында құрамында қоспа металдардан мышьяк пен қорғасынды ұшыру мақсатында СО/СО₂ газ қоспасымен үрлейді. Алдымен алундты тигель түбіне құрамы жалпы массасы 60 г ұсақталған шлак өлшендісі салынады. Шлакпен тигельдің желінуін алдын алу мақсатында бастапқы өлшендіге Al₂O₃ аз мөлшерін қосамыз. Бастапқы өлшендісі бар тигель, электр пешінде орнатылған кварцты реакторға енгізіледі. Фарфордан жасалған үрлеу түтікшесін, оны тігінен төмен қозғалтқан кездегі соңғы қалпы тигель түбіне жететіндей етіп, биіктігінен орнатылады.

Пештің қыздырылуы басталған кезде реакторға СО/СО₂ газ қоспасы беріледі. Реактордың бос кеңістігінің СО/СО₂ газ қоспасы үрлену кезінде (көлемінен бес есе артық мөлшермен есептегенде) реактордан ауа ығыстырылып шығады да пештің жұмысшы аймағында тотықсыздандырғыш атмосфера болады. Пеште қажетті температураға 1300 °С қол жеткізгеннен кейін, түтікше тигель түбіндегі балқымаға дейін батырылып, балқыма СО/СО₂ газ қоспасымен үрлене бастайды. Үрлеу үшін пайдаланылған СО/СО₂ газ шығыны барлық сынақтарда тұрақты болып, 3 мл/мин құрады. Газбен үрлеу уақыты – 10 мин. Үрлену уақыты аяқталғаннан кейін сынамаларды анализге алады. Ал жартылай тотықсызданған шлақты ары қарай екінші сатыда өңделеді.


Екінші сатыда шлак балқымасы бар тигельге үрлеу түтікшесінде орналасқан арнайы тесік арқылы көмір салынып, содан соң шлақты газ қоспасымен үрлеу басталады. Бұл кезде көмір шлак құрамындағы мысты, мырышты және темірді тотықсыздандырып түпкі фазаға өткізеді. Сонымен қатар балқымаға көмір салғаннан кейін түтікше балқымаға қайтадан батырылып СО/СО₂ газ қоспасы беріледі. Газбен үрлеу уақыты 20 мин құрайды. Қажетті уақыт өткеннен кейін үрлеуді тоқтатпай, пешті сөндіреміз. Тигель реактордағы тотықсыздандыру атмосферасында суытылады. Пеш суығаннан кейін тигельді реактордан шығарып, бөлме температурасында суда шынықтырамыз. Алынған мысты шойын шлактан бөлінгеннен кейін, алынған фазаларды өлшеуге, содан соң, сандық элементтік талдау жүргізуге жіберіледі.

Шлак сынамасына екіншілей мысты шойын өлшенділері бөлшектерінің (шлақты кристалдандыру кезінде) түсіп кету мүмкіндігін минимизациялау үшін, шлак үлгісін оның көлемінің белгілі бір орындарынан алынады. Химиялық талдауға жіберілетін шлак үлгісі, тигель қабырғаларына, шлак пен мысты шойынның орталық бөлігі мен бетіне жанасатын шлак бөлшектері оған түспейтіндей етіп алынады.


Нәтижелер мен оларды талқылау

Бірінші сатының мақсаты – шлақты СО-СО₂ газ қоспасымен кедейлендіру. Алдын ала жүргізілген тәжірибелердің нәтижесінде мышьяқтың шлақты СО-СО₂ газ қоспасымен кедейлендіру кезінде максималды газға өткізу 7 минутта жететіні анықталды. Сонымен қатар аз мөлшерде қорғасын газға өтуі және мыстың тотықсыздануы жүреді. 2 (А) және (Б) суреттерінде шлақты СО-СО₂ газ қоспасымен кедейлендіру кезінде мышьяк, мыс, қорғасынның мөлшерлерінің СО-СО₂ газ қоспасының шығымынан тәуелділігі көрсетілген. Мышьяк, мыс пен қорғасынның мөлшері, шлақты СО-СО₂ газ қоспасымен үрлеген кезде, 0,03%-дан 0,002%-ға дейін, 0,85%-дан 0,76%-ға дейін және

0,99%-дан 0,91%-ға дейін сәйкесінше төмендеуі көрініп тұр.




А)



Б)

Сурет 2. Шлактағы металл мөлшерлерінің СО шығынынан тәуелділігі
А) – мышьяк; Б) – мыс, қорғасын.

Шлак, кедейлендірудің бірінші сатысы аяқталғаннан кейін, оны түсті металдар мен мышьяктан толық кедейлендіру мақсатымен екінші сатыға – көмір мен СО-СО₂ газ қоспасымен тотықсыздандыруға жіберіледі. Қатты көмірдің шығыны барлық жүргізілген зерттеулерде тұрақты болды. Көмірдің шығыны түсті металдар мен темірді тотықсыздандыруға керекті стехиометриялық мөлшерінен 10 % тең болып алынды.



3-суретте шлакты толық екі сатылы кедейлендіру бойынша алынған ағымдардың балансы көрсетілген. Алынған өнімдердің химиялық құрамы 2 кестеде көрсетілген.

Кесте 2. Екінші сатыдан кейін алынған өнімдердің химиялық құрамы

Өнімнің атауы	Металдардың мөлшері, %							
	Cu	Pb	Zn	Fe	As	SiO ₂	CaO	Al ₂ O ₃
Бастапқы шлак	0,85	0,99	1,12	33,91	0,03	30,95	19,5	0,52
Мысты шойын	2,54	0,04	0,1	93	0,003	-	-	-
Шлак	0,08	0,07	0,104	7,84	0,0012	55,81	35,17	0,94

Жұмыста ұсынылып отырған шлакты екі сатылы жолмен кедейлендіру кезінде түсті металдар, темір және мышьяқты тікелей өнімдерге максималды бөліп алуға болатыны дәлелденді. Жаңа әдіс бойынша шлакты кедейлендіру барысында алынған құрамында 2,54 % мысы бар мысты шойын әрі қарай ірі материалдарды ұнтақтауға арналған аспаптардың шарларын дайындау үшін қолданылуы мүмкін.

Мыстың мысты шойынға тікелей шығымы 95%. Қорғасын, мырыш және мышьяқтың газға шығымы – 94%, 95% және 97% сәйкесінше.

Қорытынды

1. Құрамында мыстың мөлшері жоғары шлактарды екі сатылы кедейлендірудің жаңа әдісі құрастырылды. Кедейлендірудің бірінші сатысында көмірдің монототығымен шлактан мышьяқты тотықсыздандырып газға ұшыру болды, осыдан кейін алынған шлак арықарай түсті металдар мен темірді көмір және СО-СО₂ газ қоспасымен толықтай кедейлендірілді.

2. Тәжірибелік зерттеулердің нәтижесінде мыстың түпкі фазаға шығыны 95%, қорғасын, мырыш және мышьяқтың газға ұшуы – 94%, 95%, 97% сәйкесінше құрайтыны анықталды.

3. Құрастырылған әдіс бойынша шлактарды кедейлендіру нәтижесінде арықарай мақсатты қолдануға жарамды өнімдер алынды: мысты шойын байытуда қолданылатын ұнтақтау диірмендерінің шарларын, тастанды шлактар құрылыс материалдарын және қорғасын-мырышты ұшқындар қорғасын өндірісіне қорғасынды және мырышты алуға жөнелтіледі.

ӘДЕБИЕТТЕР

[1] Жолдасбай Е.Е., Сейткулова Ж.Б., Нурлан Г.Б., Курмансейтов М.Б., Досмухамедов Н.К. Автогенді процестерінің мыс құрамды шлактарын тотықсыздандыру арқылы кедейлендіру // Вестник КазНТУ. – 2016. – №2. – С.388-395

[2] Досмухамедов Н.К., Жолдасбай Е.Е., Нурлан Г.Б., Сейткулова Ж.Б. Исследование поведения цветных металлов, железа и мышьяка при восстановительном обеднении богатых по меди шлаков // Международный журнал прикладных и фундаментальных исследований. – 2016. – №1, Ч.4. – С.486-491.

[3] Диаграммы состояния двойных металлических систем // Ред. Лякишева Н.П. –М.: Машиностроение, 1996-2000.

[4] Мечев В.В., Быстров В.П., Тарасов А.В. Автогенные процессы в цветной металлургии. – М.: Металлургия, 1991.

[5] Нус Г.С. Обеднительная шлаковая электропечь – технологическое долголетие // Цветные металлы. – 2009. – № 2. – С. 59-61.

[6] Русаков М.Р. Процессы высокоинтенсивной электроплавки и высокоинтенсивного обеднения шлаков // Новые процессы в металлургии никеля, меди и кобальта. Теория и практика. Труды Института Гипроникель. – М.: Изд. Дом «Руда и металлы». – 2000. – С.126-138.

[7] Moskalyk R.R., Alfantazi A.M. Review of copper pyrometallurgical practice: today and tomorrow // Minerals Engineering. – 2003. – V.16. – P.893–919.

[8] Nagamori M. Metal loss to slag: Part I. Sulfidic and oxidic dissolution of copper in fayalite slag from low grade matte // Metallurgical Transactions. – 1974. – V.5. – P.531-538.

[9] Norbert L. Piret. Cleaning copper and Ni/Co slags: The technical, economic, and environmental aspects // JOM. – 2000. – V. 8. – P.18-20.

[10] Hughes S. Applying ausmelt technology to recover Cu, Ni, and Co from slags // JOM. – 2007. – V.52. – P.30-33.

[11] Demetrio S., Ahumada J., Duran M.A., Mast E. Slag cleaning: The Chilean copper smelter experience // JOM. – 2000. – V.8. – P.20-25.

Досмухамедов Н.К., Жолдасбай Е.Е., Курмансейтов М.Б., Токтарова А.Е., Ахмеджанов Ж.С.

Способ извлечения цветных металлов и железа из богатых по меди шлаков в товарные продукты

Резюме. Несмотря на множество работ в технической литературе, посвященных процессам обеднения по меди шлаков, при разработке нового способа необходимо уделять особое внимание на комплексность извлечения ценных металлов в целевые продукты. Надо сказать, что решение поставленной задачи – вызывает большой интерес со стороны технико-экономических и экологических показателей.

В работе исследованы пути селективного извлечения меди, свинца, цинка и мышьяка в товарные продукты при обеднении высокомедистых шлаков углем и газовой смесью CO-CO₂. С этой целью в работе разработан двух стадийный способ обеднения шлаков.

Установлено, что при обеднении шлаков разработанным двух стадийным способом можно достичь максимального извлечения цветных металлов и железа в целевые продукты. При обеднении шлаков новым способом установлено, что извлечение меди в медистый чугун составило ~95%, извлечение свинца, цинка и мышьяка в газы составило 94%, 95% и 97% соответственно.

Ключевые слова: высокомедистый шлак, обеднение, монооксид углерода, медистый чугун.

Dosmukhamedov N.K., Zholdasbay E.E., Nurlan G.B., Toktarova A.E., Ahmedzhanov Zh.S.

Method of extraction of nonferrous metals and iron from the rich copper slag in a commercial product

Annotation. Although a lot of work in the technical literature for to processes of impoverishment copper slags, in the development of a new method is necessary to pay special attention to the complexity of the extraction of precious metals in the desired products. Especially to the specific conditions of the process of impoverishment and study the behavior of impurity metals in depletion. It must be said that the solution of the problem - is of great interest from the technical, economic and environmental indicators.

In the paper the way selective recovery of copper, lead, zinc and arsenic in commercial products at high copper slag depletion of coal slag and a gas mixture of CO, CO₂. To this end, the two developed a method steps slag depletion.

It was found that the depletion of the slag developed two step way possible to achieve the maximum recovery of non-ferrous metals and iron into the desired products. When slag depletion new method found that copper recovery in cupreous iron was ~ 95% and the recovery of lead, arsenic and zinc into gases was 94%, 95% and 97% respectively.

Keywords: high copper slag slag depletion, carbon monoxide, cupreous iron.

УДК 661.879.1:66.081

Д.М. Дюсебаев, А.А. Тулебаева, О.В. Атанова
(КазНТУ им К.И. Сатпаева, Алматы, Республика Казахстан)

ПРИМЕНЕНИЕ ИОНООБМЕННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ В МЕТАЛЛУРГИЧЕСКОЙ ОТРАСЛИ КАЗАХСТАНА

Аннотация. Представлена возможность применения ионообменных технологий в металлургии урана и золота, описаны формы нахождения урана в продуктивных растворах, используемые в промышленности ионообменные материалы, основные принципы их строения и получения. Описана общая схема получения урана с применением сорбционных процессов и основные методы десорбции. Использование сорбционных методов при переработке сложных полиметаллических руд интенсифицирует процессы, удешевляет процесс, снижает техногенную нагрузку на окружающую среду.

Ключевые слова: уран, ионный обмен, выщелачивание, забалансовые руды, гидрометаллургия, очистка.

В Республике Казахстан успешно используют гидрометаллургические процессы с ионообменным извлечением в золото - и уранодобывающей отрасли металлургического производства. При переработке бедного, забалансового и сложного упорного металлургического сырья применяют гидрометаллургические методы. В результате получают растворы со сложным составом и часто низкой концентрацией целевого элемента. Для селективного выделения из растворов ценных компонентов, используют процессы сорбции. Простота технологии позволяет применять ионный обмен в кучном, чановом, скважинном подземном выщелачивании.

В металлургии золота применяются методы кучного и чанового выщелачивания. Извлечение золота из сложного и разнообразного по минералогическому составу сырья осуществляется, в основном, методом цианирования с последующей сорбцией на синтетических ионитах или активированных углях. При цианировании руды в раствор переходят золото, серебро и сопутствующие металлы в разных количествах. Основными примесями являются комплексные цианиды меди, цинка, железа, кобальта, никеля, марганца, а также роданид-, сульфат-, тиосульфат-ионы и кремниевая кислота.


В производстве меди применялось кучное и подземное выщелачивание, для которого использовались отработанные карьеры и шахты, в отличие, в урановом производстве для подземного выщелачивания пробуриваются скважины. Физико-химические процессы, происходящие при подземном выщелачивании урана, напоминают физико-химические процессы, происходящие при выщелачивании урана из горных пород подземными водами в природных условиях. Поэтому для оценки поведения урана при подземном выщелачивании необходимо прежде всего знание его поведения и формы водной миграции в зоне гипергенеза. Зона гипергенеза – верхняя часть земной коры – характеризуется наличием низких давлений и низких температур. Водная миграция урана – решающая во всем его миграционном цикле. Определяющими факторами водной миграции являются состав природных вод и геохимическая обстановка. Физико-химическая миграция урана протекает главным образом в природных водах и осуществляется в результате процессов растворения, диффузии, сорбции, десорбции, соосаждения.

Технологический цикл добычи урана методом подземного скважинного выщелачивания включает последовательные технологические процессы: бурение скважины, подземное выщелачивание урана, сорбционное извлечение урана из продуктивных растворов, десорбцию урана с насыщенного ионита, выделение десорбированного урана из товарных регенератов в виде химконцентрата.

В соответствии со сложным химическим составом продуктивных растворов и невысоким содержанием полезных компонентов наиболее простой вариант их переработки – сорбционные методы, которые основаны на использовании ионного обмена.

При подземном выщелачивании урана в качестве растворителя преимущественно применяются серная кислота, бикарбонат аммония, карбонат и бикарбонат натрия.

В рудах урана содержатся минералы как шести- и четырехвалентного урана. Растворение в кислых средах происходит по уравнению:



Уран образует диссоциирующие анионные и катионные комплексы в широком диапазоне кислотности и карбонатности.[1]

В карбонатной среде преобладают уранилтрикарбонатные анионы $[\text{UO}_2(\text{CO}_3)_3]^{4-}$, в сернокислых средах уран находится в виде катионов UO_2^{2+} и анионов $[\text{UO}_2(\text{SO}_4)_2]^{2-}$, $[\text{UO}_2(\text{SO}_4)_3]^{4-}$, причем, при очень низкой кислотности ($\text{pH} \approx 2,5$) вследствие гидролиза образуются комплексные аниониты $[\text{U}_2\text{O}_5(\text{SO}_4)_3]^{4-}$ и $[\text{U}_2\text{O}_5(\text{SO}_4)_2]^{2-}$. Кроме того, в растворах сильной кислотности при значении $\text{pH}=0 \dots 1,2$ образуются катионы уранила общей формулой $\text{UO}_2(\text{OUO}_2)_n^{2+}$. [1]

Нахождение урана в различных технологических средах в виде анионов и катионов дает возможность в конкретных условиях использовать с большой эффективностью как аниониты, так и катиониты.

Сорбционные методы извлечения урана основаны на использовании процесса ионного обмена на ионообменных смолах—ионитах. Иониты - твердые, природные или искусственные материалы, практически нерастворимые в воде, в кислых, щелочных, солевых и органических средах, способные к ионному обмену, с помощью которых из растворов можно извлекать различные катионы и анионы. Ионный обмен это хемосорбционный процесс, связанный с протеканием гетерогенной химической реакции между ионитом и химическими соединениями, находящимися в водном растворе. Обменные химические реакции внутри ионитов идут с высокими скоростями, значительно большими, чем диффузия ионов, следовательно, общую скорость процесса определяет пленочная и гелиевая диффузии.

Ионный обмен характеризуется высокой селективностью и чистотой разделения, не требует расхода дорогих реагентов, не образует побочных продуктов, что определяет выбор данного способа для разделения смешанных продуктивных растворов. С помощью анионитов оказывается возможным селективно выделить уран из растворов, содержащих большое количество примесей железа, магния, кальция, марганца.

Основные требования к ионообменным смолам, это высокая ионообменная емкость и механическая прочность. Ионообменная емкость зависит от природы смолы, количества и свойств ее функциональных групп, а также от условий, в которых используют смолу. Различают полную, динамическую и рабочую емкости смолы.

Способность к ионному обмену определяется строением ионита. Каждый ионит состоит из каркаса, связанного валентными силами или силами решетки. Каркас обладает положительным или отрицательным зарядом, который компенсируется зарядом ионов противоположного знака, называемых противоионами. Противоионы подвижны внутри каркаса и могут быть заменены другими ионами с зарядом того же знака.

Каркас синтетических ионообменных смол - матрица, состоит из неправильной высокомолекулярной пространственной сетки углеводородных цепей. В матрице закреплены активные ионогенные группы, несущие заряд – фиксированные ионы.

В качестве фиксированных ионов наиболее часто служат у катионов $-\text{SO}_3^-$, $-\text{COO}^-$, $-\text{PO}_3^{2-}$; у анионов $-\text{NH}_3^+$; N^+ . (2)

Матрица ионита гидрофобна. Важнейший из исходных веществ для изготовления ионитов – полистирол нерастворим в воде и не набухает в ней. Введение фиксированных ионов означает введение в гидрофобную матрицу гидрофильных групп. В результате этого линейные молекулы полистирола превращаются в растворимые полиэлектролиты. Для предотвращения растворения матрица ионита пространственно «сшита». Поперечные связи между углеводородными цепями препятствуют их разъединению и растворению. Зерно ионита – это практически одна гигантская молекула. Чтобы ее растворить, нужно разорвать связи С-С. [2]

Полная емкость не зависит от природы раствора, pH среды, условий сорбции, но требует достижения состояния равновесия и заполнения всех функциональных групп. Динамическая емкость это количеством определенного сорбируемого иона «до проскока» и зависит от условий сорбции. Рабочая емкость соответствует количеству сорбируемого иона, поглощенного ионитом до момента выравнивания концентраций входящего и выходящего растворов по сорбируемому иону. Динамическая и рабочая емкости ионита зависят от многих факторов: константы ионного обмена,

концентрации и характера обмениваемых ионов, скорости фильтрации, размера зерен смолы, pH раствора и др.

При пропускании раствора в колонке через хорошие смолы после исчерпания их динамической емкости в момент «проскока» концентрация урана возрастает резко и отчетливо (Рисунок 1).




Рис. 1. Кривые сорбции урана на ионообменных смолах.

При использовании плохих смол такого явления не наблюдается. В первом случае емкость смолы используется лучше, так как к моменту проскока почти вся смола насыщена.

Различные иону отличаются друг от друга по сродству к иониту, что, в свою очередь, определяет селективность действия ионообменных смол. Сродство зависит от заряда ионов, их размеров в гидратированном состоянии. Например, сродство -катионов к катиониту возрастает с увеличением степени окисления. Обычно иониты изготавливают и применяют гранулированными или измельченными в виде зерен размером от 0,3 до 2 мм. Зерна нерастворимы и химически устойчивы, и при погружении в воду или водные растворы «набухают», при этом их объем увеличивается более чем в два раза. Причина набухания — гидратация и обусловленное ею растяжение пространственной решетки ионита. В технологии урана широко используют аниониты с четвертичным аммониевым основанием в качестве функциональных групп. Используемые в сорбционной технологии ионообменные материалы можно классифицировать по их структуре и свойствам на ряд групп или классов. [3]

По структуре – на гелиевые и пористые. Гелиевые иониты характеризуются большей объемной обменной емкостью, чем пористые, но уступают им по осмотической стабильности, механической прочности. Пористые иониты характеризуются высокой набухаемостью, лучшими кинетическими свойствами, менее подвержены отравлению органическими ионами.

По характеру обмена ионов – на анионообменные, катионообменные и комплексообразующие иониты. Анионообменные иониты(аниониты) имеют в своем составе анионообменные функциональные группы - NH_2 , $=\text{NH}$ или $\equiv\text{N}$. Аниониты (сильноосновные, слабоосновные – с различной матрицей – полистирольные, полигетероциклические, полиакриловые) являются самым обширным классом ионообменных материалов. Катионообменные иониты (катиониты) имеют в своем составе катионообменные группы - $-\text{OH}$, $-\text{COOH}$ или $-\text{SO}_3\text{H}$. Катиониты обладают меньшей селективностью по отношению к извлекаемому компоненту, чем аниониты. Комплексообразующие иониты (амфолиты) имеют в своем составе функциональные ионообменные группы двух типов – анионообменные и катионообменные, способны извлекать из технологических сред полезные компоненты, находящиеся как в анионной, так и в катионной форме, например, уран. Согласно научной классификации академика Б.Н. Никольского иониты разделяют на четыре класса, каждый из которых включает в себя как катиониты, так и аниониты.

К первому классу относятся иониты, проявляющие свойства сильных кислот (катиониты) или сильных оснований (аниониты). Сильноосновные аниониты являются сополимерами стирола и дивинилбензола с четвертичными аминогруппами -АМ, АМП. IRA-400, Дауэкс-1 или сополимерами винилпиридина и дивинила - ВП-1 Ап, ВП-3Ап. [3]

Ко второму классу относятся иониты, проявляющие свойства слабых кислот (катиониты) и слабых оснований (аниониты). Обменная емкость их по отношению к извлекаемым ионам максимальна только при определенном значении величины pH рабочей среды – высоком для

катионитов и низком для анионитов. К третьему классу относятся иониты, проявляющие свойства смеси сильной и слабой кислот (катиониты) и смеси сильного и слабого основания (аниониты). Характерной особенностью их является наличие двух предельных значений обменной емкости для низкой и высокой величины рН рабочей среды. К четвертому классу относятся иониты, проявляющие свойства смеси многих кислот (катиониты) и смеси многих оснований (аниониты). Характерной особенностью их является постепенное увеличение обменной емкости по отношению к извлекаемым ионам по мере увеличения значения рН среды.

В настоящее время наиболее широкое применение нашли следующие иониты.

Purolite A-500U/2788 – сильноосновная макропористая смола, тип 1, специально разработана для извлечения растворимых уранил–комплексов, получаемых в кислотных или карбонатных процессах выщелачивания. Purolite A-500U/2788 – смола с исключительными гранулометрическими характеристиками и высокой механической прочностью. Поэтому выбор ионообменного материала очень важен, и в Казахстане проводились исследования и были разработаны ионообменные смолы ИОНАЛ, различной основности, которые можно применять для извлечения металлов в различных условиях.

Иониты выпускаются, хранятся и транспортируются во влажном состоянии. Замораживание ионитов, равно как и высушивание их, приводит к существенному снижению механической прочности и осмотической стабильности. Высохший ионит перед загрузкой в технологический процесс замачивают в насыщенном солевом растворе на несколько часов, затем отмывают от соли постепенным разбавлением водой.

На практике при выборе ионита для решения конкретной задачи, а также при изучении закономерностей обмена на различных типах ионообменных материалов для получения воспроизводимых и сравнимых результатов необходимо использовать ионит, подготовленный к работе всегда одним и тем же способом и в одной и той же ионной форме.

Подготовка ионитов к использованию должна обеспечить:

- Удаление примесей из ионитов;
- Перевод ионита в заданную форму;
- Полную сохранность ионообменных свойств и механической прочности.

Технологически процесс с использованием ионного обмена легко автоматизируется и проводится в стандартном оборудовании. В производственной практике применяются ионообменные установки периодического действия с неподвижным слоем ионита и непрерывного действия. Лучшие результаты можно получить в ионообменной установке с кипящим слоем, где достигается высокая степень насыщения ионита. Установки такого типа отличаются простотой устройства, как правило это полые колонны с пневматическим перемешиванием. Возможность регенерации и многократного применения ионитов делает процесс рентабельным.

Ионообменные смолы по сравнению с активированным углем имеют ряд преимуществ: более высокую кинетику сорбции и емкость по благородным металлам, меньший расход электроэнергии при десорбции и регенерации. В качестве сорбента в Казахстане используется селективный по отношению к золоту бифункциональный анионит АМ-2Б, который имеет хорошие кинетические и прочностные характеристики, высокую емкость по благородным металлам, однако трудно регенерируется.

Эффективность сорбционного извлечения урана из растворов определяется степенью его извлечения на выбранный анионит, максимальным насыщением по урану из раствора данного химического состава, кинетикой процессов сорбции и десорбции, аппаратным оформлением процесса, условиями десорбции урана и целым рядом других физико-химических параметров, которые неразрывно связаны между собой и оказывают соответствующее влияние на технологический процесс извлечения и концентрирования урана.

Особо важная роль принадлежит выбору способа десорбции урана с насыщенных анионитов. Способ десорбции определяет степень очистки урана от сопутствующих примесей, степень его концентрирования и технологию последующей переработки урановых регенератов с целью получения высокочистой готовой продукции – уранового концентрата или закись-оксида урана. Разработаны различные методы десорбции урана с насыщенных смол, с различных смол и изменение технологического режима. Элюкс процесс – вытеснительный способ десорбции, сущность способа заключается в вытеснении из зерна анионита ионов подходящими анионами –депрессорами без изменения ионной формы поглощенного компонента. В этом процессе анионом -депрессором

является сульфат-ион и десорбцию урана проводят раствором серной кислоты. В процессе происходит перезарядка ионита. Так же применяется нитратная десорбция, твердофазная десорбция, которая не нашла применения из-за значительного количества возвращенного в начало процесса урана. Разработаны так же методы осаждения жёлтого кека из продуктивных растворов, нитратной десорбции и экстракционной. В каждом случае проводятся эксперименты в различных условиях на модельных и продуктивных растворах, с применением различных смол.

- [3] Исследование основных свойств нефтяных сорбентов и их сравнительный анализ / Темирханов Б.А. // *Актуальные проблемы современной науки: труды 5-й Международной конференции молодых ученых и студентов.* – М., 2004. – Ч. 13 : Экология. – 127 с.
- [4] Казицина Л.А., Куплетская Н.Б. Применение УФ-, ИК-и ЯМР – спектроскопии в органической химии. -М.: МГУ, 1977. -С.61.
- [5] Лурье Ю.Ю. Аналитическая химия промышленных сточных вод. -М., 1989. -154с.

Керимкулова А.Ж., Мырзалиева С.К., Курбанова У.

Регенерация природных сорбентов, загрязненных нефтью

Резюме. Приведены результаты исследования регенерированных сорбентов, загрязненных нефтью. Природные сорбенты подготовлены с использованием метода карбонизации. Нефть и нефтепродукты сорбированы карбонизированными древесными опилками и отходам и переработки зерна. Получены эффективные сорбенты на основе вторичного растительного сырья.

Ключевые слова: сорбенты, регенерация, методы карбонизации

Kerimkulova A.Zh., Myrzaliyeva S.K., Kurbanova U

Regeneration of natural sorbents contaminated by oil

Summary. The article presents the results of a study of regenerated sorbents contaminated by oil. Natural sorbents prepared with the programs included carbonation method. Oil and oil products sorbed carbonized sawdust and waste processing grain. Get effective sorbents on the basis of secondary raw material.

Key words: adsorbents, regeneration, carbonization methods

ОӘЖ 661.42

Г. Қалдыбаева, А.А. Қадірбаева, Т. Исакова, Е.Б. Райымбеков
(М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан Республикасы, diac_2003@mail.ru)

АС ТҰЗЫНЫҢ ҚҰРАМЫН ЖӘНЕ ОНЫ ТАЗАЛАУДЫ ЗЕРТТЕУ

Түйіндемe. Мақалада Қазақстанның Оңтүстік аймағындағы «Тасты тұз» кен орнының натрий құрамдас тұзының құрамы мен оны тазалау жолдары қарастырылған. Тұзды зерттеу кен орнының тереңдігіне байланысты жүргізілді және натрий хлор құрамының көл тереңдігіне тәуелділігі зерттелген. Тазалау әдісі ретінде эк-содалы әдіс алынды. Тұздың құрамы заманауи қондырғылар М.Әуезов атындағы ОҚМУ базасындағы Инженерлік бейіндегі аймақтық сынақ зертханасындағы РЭМ және атомдық-абсорбциялық қондырғылармен анықталған.

Кілт сөздер: натрий хлор, ас тұзы, тасты тұз, РЭМ.

Ас тұзы адамзат дамуының тарихында үлкен рөл атқарады. Ерте заманнан бері тамаққа қосу үшін пайдаланған. Тибетте және Моңғолияда қатты тұзды ақша ретінде қолданған. Қазіргі уақытқа

дейін ас тұзын балықты, ет, жеміс, теріні тұздау арқылы оларды бұзылудан сақтау үшін қолданылады. Ас тұзын, яғни натрий хлорды күнделікті тұрмыста қолданудан басқа химиялық өндіріс салаларында, тамақ өнеркәсібінде, ауылшаруашылықтарында және т.б. салаларда кеңінен пайдаланып келеді. Кейбір химиялық өндірістерде, мысалы қақталған сода алу үшін бастапқы шикізат ретінде қолданысқа ие. Тұзды өндіру орындары кеңінен дамыған сайын басқа өндіріске бастапқы немесе көмекші шикізат ретінде сұраныс көбейді.

Қазіргі уақытта бір адамзатқа жұмсалатын жылдық тұз мөлшері орташа есеппен алғанда 8-10 кг, ал өндірісті қоса есептегенде, жалпы қолданыс басқа елдерде 25-75 кг-ға жетеді. Тұз сондай-ақ жануарлардың тамақтарына да қосылады. Азықтық жем ретінде оны жем құрамына қосады, сондықтан өндірілген тұздың 5-10% жуығы жемге шығындалады [1].

Натрий хлор табиғатта ең көп тараған тұздардың бірі. Сондықтан ас тұзын өндіру саласы кез келген мемлекетте қолға алынып, жақсы дамыған. Натрий хлордың негізгі қоры тасты тұз қыртысы галит минералы NaCl және сильвинит KCl. Галит минералы, сонымен қатар тұздық – тұзды көлдер, табиғи тұзды су, теңізбен мұқит суларында және тұздық көздерінде кеңінен кездеседі.

Қазақстан Республикасының Оңтүстік облысындағы тұзды аймақтар тексерілді. Оңтүстік Қазақстан облысында тұз аймақ болып Созақ өңірі анықталған. Созақ өңіріндегі тұз көлдерге Қызыл көл, Тасты мекенжайлы, Московский мекенжайлы тұзды көлдер бар. Зерттеуге «Тасты тұз» кенорыны алынды. Оның химиялық құрамы физика-химиялық әдістермен зерттелінді [2], нәтижесі 1-2 кестеде және 1-3 суретте келтірілген. Химиялық құрам тұз қабатының тереңдігі бойынша анықталды.


1-кесте. Оңтүстік Қазақстан Созақ ауданы Тасты тұз кенорынының химиялық құрамы

Құрамы, %	Беттік тұз	0,5 м	1м	1,5 м	2 м
SO ₄ ²⁻	0,08	0,072	0,072	0,065	0,053
Na ⁺	37,08	38,05	38,01	37,04	37,05
K ⁺	0,011	0,015	0,015	0,02	0,02
Cl ⁻	54,78	54,89	55,66	57,26	58,46
MgO	0,95	0,87	0,77	0,72	0,7
CaO	0,88	0,85	0,79	0,78	0,7
Ерімейтін қалдық	1,2	1,5	1,2	0,8	0,75


2-кесте. Тасты мекенжайлы тұздың заттық құрамы

Құрамы, %	Беттік тұз	0,5 м	1м	1,5 м	2 м
CaSO ₄	0,04	0,037	0,037	0,032	0,022
NaCl	91,86	92,94	93,67	94,3	95,51
KCl	0,022	0,024	0,024	0,028	0,038
MgCl ₂	3,42	3,21	2,83	2,81	2,85
CaCl ₂	1,28	1,24	1,18	1,185	1,19
Ерімейтін қалдық	1,52	1,75	1,52	0,92	0,75
H ₂ O	10,218	8,842	8,729	8,51	8,41


Көлдің тереңдігіне байланысты натрий хлордың мөлшері 1-суретте келтірілген.



1-сурет. Натрий хлор құрамының көл тереңдігіне байланыстылығының графигі



2-сурет. «Тасты тұз» кен орнының ас тұзын микроскоппен карағандағы элементтердің орналасу реті



3-сурет. «Тасты тұз» кен орнының ас тұзын 40 рет үлкейткенде алынған микроқұрылымы

• Химико-металлургические науки


Химиялық құрамы бойынша тұзды қарастыратын болсақ көл тереңдігіне қарай оны құрамындағы натрий хлордың пайыздық мөлшері 91,86-95,1% өседі. Ал көлдің бетіне жақындаған сайын ондағы қоспалар және ерімейтін қалдық көбейеді.

Тұздың химиялық құрамы анықталған соң оны тазалау әдісі тандалды. Тазалау әдісі ретінде әк-содалы әдіс алынды. Себебі есептеу нәтижелері және химиялық құрам бойынша кальций және магний иондары тұздық құрамында 2,85-1,19% аралығында.

Тазалау және талдау әдістері заманауи қондырғылар арқылы жүргізілді. Тұзды әк-содалы әдіс бойынша магний және кальций иондарынан тазаланды. Тұзды тазалаудың қорытындысы 3-кестелер мен 4-суретте келтірілген.

3-кесте. Магний және кальций иондарынан тазаланған тұздың құрамы

Заттар	Уақыт, мин	Тұздың құрамы,%		
		Бастапқы	Соңғы	Тазалау дәрежесі
Mg ²⁺	10	0,7	0,6	14,28
	20		0,52	18,0
	30		0,46	34,28
	40		0,29	58,57
	50		0,21	70,0
	60		0,19	72,85
Ca ²⁺	10	0,7	0,55	15,0
	20		0,45	35,71
	30		0,32	54,28
	40		0,26	62,85
	50		0,18	74,28
	60		0,14	80,0



4-сурет. Кальций, магний иондарының тазалану дәрежесінің уақытқа байланыстылығы

Магний және кальций тұздарынан тазалауды зерттеу уақытқа байланысты жүргізілді. Магний және кальций ионынан тазалау уақыт жоғарылаған сайын оны тұздықтан бөліп алу дәрежесі сәйкесінше 14,28-72,85% және 15,0-80,0% аралығында өзгереді.

ӘДЕБИЕТТЕР

- [1] А.А. Фурман, С.С. Шрайбман Приготовление и очистка рассола.-М.: Химия, 1989
[2] Рид С. Дж. Б. - «Электронно-зондовый микроанализ и растровая электронная микроскопия в геологии», М.: Изд. «Техносфера», 2008 г., 232с.

Қалдыбаева Г., Қадірбаева А.А. Искакова Т., Райымбеков Е.Б.

Исследование состава и очистки поваренной соли

Резюме. Приведены результаты исследований состава и методы очистки натрийсодержащей соли месторождения «Тасты туз» южного региона Казахстана. Исследования соли проводились по глубине месторождения и изучена зависимость состава хлорида натрия от глубины месторождения. Состав соли определялся в Испытательной региональной лаборатории инженерного профиля на базе ЮКГУ им.М.Ауэзова, таких, как растровый электронный микроскоп и атомно-абсорбционный спектрометр «Квант-2».

Ключевые слова: натрий хлор, поваренная соль, РЭМ.

Kaldibayeva G., Kadirbayeva A.A., Iskakova T., Raiymbekov Y.B.

Research structure and purification of boiled salt

Summary. The results of the composition of research and methods of treatment of sodium-containing salt deposits "Tasty tuz" of the southern region of Kazakhstan. The studies were conducted on the salt deposits and the depth has been studied the dependence of the composition of sodium chloride from the depth of field. The composition of the salt was determined by modern equipments in Trial regional laboratory of engineering profile based M.Auevov SKSU, such as a scanning electron microscope and "Kvant-2" atomic absorption spectrometer.

Key words: sodium chlorine, boiled salt, SEM.

UDC 669.053.2

¹O.S. Baigenzhenov, ¹V.A. Luganov, ¹T.A. Chepushtanova, ¹M.S.Akbarov,
¹D.T.Shakirova¹, ²M. R.Sarsembaeva²

(¹Kazakh National Research Technical University named after K.I. Satpayev

²The National Center of Science and Technology)

EXTRACTION OF NICKEL FROM ASBESTOS WASTES

Abstract. A new recycling technology has been studied in this work to extraction of nickel from wastes generated in chrysotile asbestos production. The feasibility of leaching of nickel from wastes materials by hydrochloric and sulfuric acids was revealed.

Key words: asbestos wastes, nickel, leaching, hydrochloric acid, sulfuric acid

Introduction

There is an increasing demand of nonferrous metals for modern technological applications. To achieve this goal, a significant increase in production, processing, and mineral processing must be done. Therefore, this study provides the establishment of a recycling pathway and implementation of a mineral processing and metallurgical process technology that incorporates fundamentally new method of mineral processing, including hydrometallurgical technique that enhances the extraction of metals and improves the environment [1].

Along with this, the present mining and processing industry is gradually being characterized by an increase in the extraction of off-balance and refractory ores. Thus, the non-renewable limited mineral resources and the rising costs of mining are leading to an increase of world market prices for nonferrous metals.

Kazakhstan has large reserves of chrysotile asbestos ore. Production of asbestos fibers from the serpentinite ore is associated with the formation of large amounts of waste - in the production of commercial fiber only 6–8% of the ore mass is extracted [2]. Accumulated tailings of chrysotile asbestos ore adversely affect the health of people living in these regions. A small portion of the tailings disposed of as a filler for asphalt paving, and so on, has been attempted, but is not able to remediate the vast waste generated. The rest

of the tailings, which are mainly magnesium silicates, are sent to the landfill. This reduces the efficiency of raw materials use, as magnesium and other valuable components are irreversibly lost with the tailing waste[3,4,5]. During the decades of exploitation of deposits of Zhetigara (Kustanai region, Kazakhstan), more than 200 million tons of asbestos tailings have been accumulated. These wastes contains about 0,2-0,25% NiO and are of interest as nickel-containing raw material to ensure the production of metal base. At the same time, the processing of tailings can additionally solve the problem of environmental hazard[2]. This article presents the results of research on the recycling of chrysotile asbestos production to extraction of nickel.

Experimental

The asbestos waste (AW) tailings of serpentinite ore are taken from the Zhetigara deposits. AWs contain: MgO - 39,0– 42,0%; SiO₂-37,0–41,0%; CaO - 1,1–1,6%; Fe₂O₃ - 1,9–5,4%; FeO - 1,0–2,7%; Al₂O₃ - 0,8–1,4%; NiO - 0,2–0,25%; Cr₂O₃ -0,1–0,25%.

According to the proposed technologies for the concentration of nickel and other nonferrous metals AW is directed to magnetic separation. In results at this stage, the nickel and cobalt concentration in the concentrate increased 6- 8 times than in the original waste form. Results of chemical analysis are given in Table 1.

Table 1. Content and recovery of the products of process magnetic separation

Products	Content/recovery, %					
	MgO	SiO ₂	FeO	CaO	Al ₂ O ₃	NiO
Magnetic fraction	9,8/20	7,4/1,5	74/90	1.15/10	5,9/50	1,6/70
Non-magnetic fraction	43/92,6	42/90,5	0,8/10	1,3/90	0,55/50	0,2/30

Before the experiments, magnetic fraction was milled, dried at a temperature of 100–110 °C and the chemical analysis was carried out. The chemical compositions are shown in Table 2. X-ray analysis shows that in the sample nickel encountered as Garnierite, Awaruite, Asbolane, Pentlandite, Bunsenite.

Table 2. The phase composition of the magnetic fraction

Component	Formula	Weight, %
Garnierite	(Ni,Mg) ₄ Si ₆ O ₁₅ (OH) ₂ ·6H ₂ O	35-40
Awaruite	Ni ₂ Fe	19-27
Asbolane	(Co, Ni)O·MnO ₂ ·nH ₂ O	3-7
Pentlandite	(Fe, Ni) ₉ S ₈	1-3
Bunsenite	NiO	27-35

Results and discussion

Leaching experiments on the dissolution of nickel and cobalt from magnetic fraction samples were carried out with varying concentrations of HCl (80, 90, 100 and 110 % of stoichiometry) solids-to-liquid (S:L) ratios (1:2, 1:3, 1:4), and effect of temperature (25, 50, 75, 90 °C) and time (15, 30, 45, 60, 75 and 90 min). Dissolution rates vary with the change in conditions as expected. The results of these tests (Figs. 1, 2 and 3) indicate that the percentage dissolution of nickel increases with increase in concentration of both acid, S:L ratio and time. Further, the results demonstrate that longer durations are necessary to achieve quantitative dissolution of samples at higher S:L ratios. Based on the leaching results and considering better utilization of acid, maximum throughput of the material and utilization of equipment, a S:L ratio of 3 and 100 % by stoichiometry H₂SO₄ was selected for the generation of a sufficient quantity of leach liquor for further processing to separate of nickel.

Effect of Leaching Time

To study the effect of leaching time on Ni leached (%) a series of experiments was carried out at different periods of time. The results Fig. 1 reveal the increase in Ni leached, with increasing the leaching time. The experiments were performed under the following conditions: liquid/solid ratio 3:1; acid consumption is 100 % by stoichiometry and $T = 90\text{ }^{\circ}\text{C}$. Results of leaching processes are given in Fig. 1.




Fig. 1. Effect of duration on extraction of nickel from the magnetic fraction

As can be seen from the figure, longer duration yield higher reaction rates for each acid tested. With increasing of leaching time extraction of nickel increased from 10 till 80 %. While hydrochloric acid was slower at dissolving nickel than the sulfuric acid.

Effect of Temperature

A series of experiments was carried out in the temperature range 25-90°C to study the effect of temperature on the nickel leaching. The experiments were performed under the following conditions: leaching time 90 min.; liquid/solid ratio 3:1; and acid consumption is 100 % by stoichiometry. Results of leaching processes are given in Fig. 2.





Fig 2. Effect of temperature on extraction of nickel from the magnetic fraction

These results as in Fig. 2 reveal that nickel leached (%), increases with increasing temperature due to decrease the viscosity of leaching solution and so increase the mobility of reacting ions and increase the rate of leaching.

Effect of acids flow rate

The task of this process is to select optimal conditions for acid leaching of magnetic fraction. Criterion for assessing the effectiveness of the process was based on the content of magnesium in solution. The experiments were performed under the following conditions: leaching time 90 min.; liquid/solid ratio 3:1. Acid concentration varied from 80 to 110% of stoichiometry. Results are given in Fig. 3.



The results showed that with increasing flow rate of acids, extraction of nickel from the magnetic fraction and the nickel content of solution increase. However, acids, at a flow rate >120%, significantly reduces the rate of filtration of the pulp due to the formation of hydro gels. Optimal results are obtained if the filtration rate is controlled at 100% of acid flow. Thus, the high degree of extraction of magnesium achieved is 72 and 80 %. Consequently, the practice should be encouraged with acid consumption of 100% of the stoichiometry.

Effect of S:L ratio

To study the effect of liquid/solid ratio on the magnetic fraction leached, a series of experiments was performed at solid/liquid ratios ranging from 1:1 to 1:5. Increasing of S:L ratio does not have much influence on the extraction of nickel to the solution. As shown in Table 3, optimal ratio of L:S = 3:1, further improvement of L:S ratio is undesirable, because it significantly increases the material flow rates and the nickel content of the solution is diluted.

Table 3. Effect of solid/ liquid ratio on extraction of Ni from the magnetic fraction

H ₂ SO ₄		HCl	
S:L ratio	Ni extraction, %	S:L ratio	Ni extraction, %
1:1	30	1:1	30
1:2	65	1:2	60
1:3	80	1:3	72
1:4	80	1:4	72

At higher liquid/solid ratios, the nickel concentration is low which needs higher energy for evaporation in next steps during production process of nickel. On the other hand, at lower liquid/solid ratio, the obtained solution is saturated. Leach liquor is directed to solvent extraction.

Conclusion

In the study reported here, a new efficient method of nickel extraction from asbestos waste is presented. The suitable conditions for optimum leaching of Ni from magnetic fraction were determined by investigating the main factors which affecting the leaching process such as the time of leaching, the temperature of leaching solution, flow rates of the acids. Both acids tested were able to extract. Higher acid

concentrations and temperature yielded more dissolved of nickel. Sulfuric acid yielded the highest nickel extraction, than hydrochloric acid.

REFERENCES

- [1] O. S. Baigenzhenov, V. A. Kozlov, V. A. Luganov, B. Mishra, R. A. Shayahmetova I. O. Aimbetova. Complex Processing of Wastes Generated in Chrysotile Asbestos Production // Mineral Processing and Extractive Metallurgy Review: An International Journal. –2015. - №36. –p.p. 242–248.
- [2] A.F. Gualtieri, E. Foresti, I.G. Lesci, N. Roveri, M. Lassinanti Gualtieri, M. Dondi, M. Zapparoli. The thermal transformation of man Made vitreous fibers and safe recycling as secondary raw materials // Journal of hazardous materials. –2009. - №162. –p.p.1494–1506,
- [3] Jafarov, N. N. and Jafarov, F. N. Complex use of tailings deposits of chrysotile asbestos as a source for increasing the efficiency of production // Mining and Geological Journal. –2003. - № 3.– p.p.89–96,
- [4] Wang, L., Lu, A., Wang, C., Zheng, X., Zhao, D., and Liu, R. Nano-fibriform production of silica from natural chrysotile // Journal of Colloid and Interface Science. -2006. - №295, p.p. 436–439,
- [5] A.H. Macdonald, W.S. Fyfe. Rate of serpentinization in seafloor environments // Tectonophysics. -1985. - №116. -p.p. 123–135.

Байгенженов О.С., Луганов В.А., Чепуштанова Т.А., Шакирова Д.Т., Акбаров М.С., Сарсембаева М. Р.

Асбест өндірісі қалдықтарынан никель өндіру

Түйіндеме. Мақалада хризотил асбест өндірісінде түзілетін қалдықтарды қайта өңдеу арқылы никель өндіру технологиясы зерттелген. Қалдықты материалдар құрамынан никельді тұз және күкірт қышқылы арқылы шаймалап ерітудің қолайлы шарттары анықталды.

Түйін сөздер: асбест қалдықтары, никель, шаймалау, тұз қышқылы, күкірт қышқылы

Байгенженов О.С., Луганов В.А., Чепуштанова Т.А., Шакирова Д.Т., Акбаров М.С., Сарсембаева М. Р.

Извлечение никеля из отходов асбестового производства

Резюме. Изложены результаты технологии по извлечению никеля из отходов хризотил-асбеста производства. Установлены оптимальные условия извлечения никеля из отходов материалов с использованием соляной и серной кислоты.

Ключевые слова: асбестовые отходы, никель, выщелачивание, соляная кислота, серная кислота

УДК 665.666.4

¹Ж.К. Мылтықбаева., ²Ж.К. Кайырбеков, ¹Д. Мұқталы, ¹А.Б. Сейсембекова

(¹Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,

²Жаңа химиялық технологиялар мен материалдар ҒЗИ,

Алматы, Қазақстан Республикасы,

*E-mail: oilcoal@mail.ru)

КӨМІРСУТЕК ШИКІЗАТЫН ТОТЫҚТЫРЫП КҮКІРТСІЗДЕНДІРУ

Аннотация. Бұл мақалада қазіргі талаптарға сай дизель отыны, бензин және май алуға мүмкіндік беретін мотор отындарын тотықтырып күкіртсіздендіру процесінің соңғы 10 жылда жарық көрген мәліметтерге шолу жасалған. Модельді күкіртті қосылыстарды әртүрлі тотықтырғыш жүйелерді қолданып тотықтырып күкіртсіздендіру процесінің нәтижелері көрсетілген.

Көмірсутек отынын тотықтыру процесінен кейін өнімдерді қатты адсорбентте адсорбциялау күкіртсіздендіру дәрежесін жоғарылататындығы дәлелденген. Сонымен қатар, сұйық фазада сутек асқын тотығы қатысында ауыспалы металл катализаторларымен үйлестіріп тотықтырып күкіртсіздендіру процесіне мысалдар келтірілген.

Тотықтырып күкіртсіздендірудің тағы да басқа иондық сұйықтықтармен, алкилдеу, электрохимиялық және плазмалық күкіртсіздендіру, озондау, ультрадыбыспен өңдеу, сверхкритикалық суда күкіртсіздендіру сияқты процестерге жасалған ғылыми жұмыстарға шолу жасалған.

Түйінді сөздер: көмірсутек шикізаты, тотықтырып күкіртсіздендіру, дизель отыны, модельді қосылыстар, сутек асқын тотығы, катализатор, пероксокомплексер.


Кіріспе

Қазіргі таңдағы әлемдік нарық дизель отынының сапасына қатаң талап қояды. Мысалы, АҚШ және Евроодаққа мүше елдерде EN 590:2010 Еуростандарты қолданылады. Стандартқа сәйкес отын құрамындағы күкіртті қосылыстар 10 ppm (мг күкірт/кг отын) аспауы керек. Бұл күкіртті қосылыстардың көп мөлшерде болуы отынның жануы кезінде қондырғының коррозияға ұшырауына және атмосфераға күкірт оксидінің шығарылуын жоғарылатады [1].

Қазақстандық көмірсутек шикізатының қорында күкіртті және жоғары күкіртті мұнайдың көлемі өте көп. Мұнай өнімдеріне деген сұраныстың көбеюіне байланысты мұнайды өңдеуге дайындау кезіндегі сатыда, яғни біріншілік және екіншілік өңдеуден алынатын өнімнің құрамындағы күкірттің жалпы мөлшерін төмендетудің жаңа экономикалық тиімді әдістерін іздеу өзекті міндеттердің бірі болып табылады. Мұнай өнімдерін күкіртсіздендіру процесі зерттеушілердің ерекше назарын аударады, себебі көмірсутек шикізатында жалпы күкірт мөлшерінің төмен болуы мұнай және мұнай өнімдерін өңдеу процестерінің жеңіл жүруіне ықпал етеді, сонымен қатар қоршаған ортаға залалы төмен болады.

Моторлы отындардан күкіртті қосылыстарды тазартуда гидротазалау процесі кеңінен қолданылады. Бұл процесс кезінде көмірсутек және қосалқы өнім-күкіртсутек түзілетін органикалық қосылыстардың гидрогенизациясы жүреді. Катализатордың сапасын және аппаратураны жақсартып, технологиялық процестерді оңтайландырып ең қатаң қадағаланатын стандартқа сай мотор отынын алуға болады [2]. Гидротазалау процесімен мұнай өнімдерінің құрамындағы жалпы күкірт мөлшерін 0,005 масс.% дейін және одан төмен мөлшерге жеткізуге болады, алайда бұл экономикалық жағынан өте тиімсіз болып табылады. Осыған орай, мотор отындарының құрамындағы күкірттен арылудың басқа жаңа дәстүрлі емес әдістерін іздеу өзекті мәселелердің бірі болып есептеледі. Осындай әдістердің бірі дәстүрлі емес технологиялар, яғни ультрадыбыспен өңдеу, озондау, тотықтыру және т.б. болып табылады.

Мұнай фракцияларының құрамындағы күкіртті қосылыстардың негізгі кластарына тиолдар, диалкил- және циклоалкилсульфидтер, сонымен қатар гетероароматикалық қосылыстар – тиофен туындылары жатады. Дизель фракциясындағы күкірт мөлшерін 300-500 ppm-нен талапқа сай 10-50 ppm-ге төмендетуді қажет ететін күкіртті қосылыстар негізінен бензотиофен, дибензотиофен және олардың алкильді туындылары ретінде кездеседі [3].



R = H, алкил

Қазіргі таңда мұнай фракцияларындағы күкіртті қосылыстарды тотықтыруда қолданылатын ең көп тараған тотықтырғыштардың бірі әртүрлі катализаторлармен үйлестіріліп алынатын сутек асқын тотығы [4] болып саналады. Бұл тотықтырғыштың 30%-дық сулы ерітіндісі сульфоксидтердің концентраттарын алу мақсатында «Арлан» мұнайының құрамындағы күкірт мөлшері 2,2 масс.% болған дизель фракциясын тотықтыруда қолданылды [5]. Алкилароматикалық сульфидтерді қажетті сульфоксидтер мен сульфондарға дейін айналдыру үшін ванадий немесе ниобий секілді ауыспалы металдардың тұздарымен пероксокомплексер түзетін сутек асқын тотығын қолдануға болады. Реакция екіфазалы жүйеде жоғарғы шығыммен жүреді, тотықтырғыш сулы фазада, ал субстрат органикалық фазада болады. Дизель отынындағы күкіртті қосылыстарды тотықтырудың басқа түрі [6] жұмыста көрсетілген, яғни сульфондардың күкірт диоксиді мен көмірсутекке дейін каталитикалық айырылуы көбікті-эмульсиялы режимде металл (Mo, V, W) қосылыстары қатысында сутек асқын тотығымен тотықтыру арқылы жүргізілген. Мұнайдың модельді күкіртті қосылыстарының (бутантиол, тиофенол, дифенилсульфид, бензотиофен) тотықтыру механизмін әртүрлі ерітінділердегі сутек асқын тотығы мен құмырсқа қышқылының жүйесімен толық жете зерттеу органикалық матрицаның ароматикалылығы тотықтыру реакциясының кинетикасына әсер ететіндігін көрсетті [3]. Тотықтырудың жылдамдығы бірінші қатарлы теңдеулермен жақсы суреттеледі және еріткіште C/H қатынасы көбейген сайын өседі. Авторлар тиолдар мен сульфидтердің тотығуы бензо- және дибензотиофендердің тотығуына қарағанда қиындау процесс деп санайды.

Дибензотиофенді және оның моно- және диалкильді туындыларын тотықтыру үшін әртүрлі тотықтырушы жүйелер ұсынылған, және де диалкильбензотиофенде алкильді топтардың орналасуы оның реакцияға қабілеттілігінде маңызды рөл атқарады. Бензотиофендердің диалкильді туындыларын $\text{CoMo/Al}_2\text{O}_3$ катализаторында күкіртсіздендіру жеңілірек жүреді [7]. Бензотиофен, дибензотиофен, 4-метилдибензотиофен және 4,6-диметилдибензотиофенді *трет*-бутилгидропероксид әсерімен $\text{Mo/Al}_2\text{O}_3$ -те күкіртсіздендіргенде, 16% молибден құрамды катализатор дибензотиофенді тотықтыруда жоғарғы белсенділікті танытты, ал катализатор құрамында металл мөлшерін одан әрі көбейту, оның каталитикалық белсенділігін төмендетті [8]. 16% $\text{Mo/Al}_2\text{O}_3$ катализаторында тотықтыруда зерттелген күкіртті қосылыстардың реакциялық қабілеттілігі бойынша келесідей қатарға жіктеледі:

Дибензотиофен > 4-метилдибензотиофен > 4,6-диметилдибензотиофен > бензотиофен

Көмірсутек отындарын тотықтырып күкіртсіздендіру процесінен кейін тотықтыру өнімдерін қатты адсорбентте адсорбциялау процесінің тиімділігін біршама арттырады. *n*-тетрадекан және ксилолдардан құралған және құрамында дибензотиофен, анилин, индол және карбазол бар модельді отынды күкіртсіздендіру және деазоттау үшін модифицирленген алюмосиликат негізіндегі гетерогенді жүйе қолданылған [9]. N- және S- құрамды қосылыстарды адсорбент бетінде адсорбциялау заряд алмастырғыш комплекстердің түзілуімен жүреді, бірақ отын құрамында ароматикалық қосылыстардың болуы процесі баяулатады. Азот- және күкіртқұрамды қосылыстардан тазалаудың максималды дәрежесі 62,5%-ға тотықтыру процесі мен адсорбент бетінде тотығу өнімдерінің адсорбциялануының үйлесімділігімен қол жеткізілген. Тура айдалып алынған дизель отыны мен каталитикалық және термиялық крекингтің газойль фракцияларын күкірт және сірке қышқылдарының қоспалары қатысында сутек асқын тотығымен тотықтырып адсорбент ретінде силикагельді қолдану күкірт мөлшерін 482 ppm 50 ppm төмендетуге мүмкіндік берді [3].

Тиофен, тетрагидротиофен және 4,6-диметилбензотиофеннен құралған құрамында органикалық күкірт 500 мг/г болатын модельді дизель отынын адсорбциялық күкіртсіздендіру процесін статикалық жүйеде және ағынды реакторда аммоний гексафторгаллат ерітіндісімен шайылған және құрамында галлий иондары бар цеолит бетінде жүзеге асырды [3]. Бұл жұмыстың авторларының мәліметтері бойынша арендер мен олефиндер күкіртті қосылыстардың адсорбциялануын бәсеңдетеді.

Мотор отынындағы күкіртті қосылыстарды гетерогенді тасымалдағыштардың қатысында пероксидті тотықтыру және тотығу өнімдерін адсорбция көмегімен тазалауды байланыстыру [10] патентте де сипаттаған. Гетерогенді катализаторлар ретінде қатты қышқылды катализаторлар және белсендірілген көмір қолданылған, катализаторлар құрамында ауыспалы металдардың оксидтері бар. Қышқылды катализаторларды келесідей қосылыстар қатарынан алады: цирконий сульфаты, алюминий сульфаты, сульфатталған қалайы оксиді, темір оксиді, цирконий молибдаты және қалайы оксидінің молибдаты. Адсорбциялық күкіртсіздендіру әдісін $\text{Ni/SiO}_2\text{-Al}_2\text{O}_3$ адсорбентінде жүргізу бастапқы күкірт мөлшері 736 ppm болған реактивті отыннан күкірт мөлшерін 380 ppm төмендетті. Отыннан алдын ала 2,3,7-триметилбензотиофен іздерін жою адсорбенттің адсорбциялық белсенділігін 2,5 есеге жоғарылатты.

Күкіртті қосылыстарды жұмсақ жағдайда (25°C) гетерогенді катализатор қатысында молекулалық оттеппен каталитикалық тотықтыру және белсендірілген көмірде адсорбциялау процесінің үйлестірудің тиімділігі [11] жұмыста да көрсетілген. Авторлардың мәліметтері бойынша көлемді алкильді орынбасарларымен бензотиофендер ең белсенді; мұндай жүйенің артықшылығы тотығуды екіфазада, яғни су-мотор отыны жүргізудің қажеттілігінде.

Сұйық фазада тотықтырып күкіртсіздендіру процесіне ең көп таралған тотықтырғыштардың бірі- сутек асқын тотығы ауыспалы металл қосылыстарының әртүрлі қатынасымен қолданылады. Темірмен тетраамидомакроциклді лигандылар Fe-TAML байланысқан фазааралық тасымалдағышпен екіфазалы жүйе [12] жұмыста қолданылды. Реакцияны әлсіз сілтілі ортада дибензотиофендер мен олардың тотығу өнімдерінің солюбилизациясы үшін еріткіш ретінде *трет*-бутанолды қолданып жүргізеді. Әдіс бастапқы отынды қосымша силикагельмен өндеуден кейін күкірт мөлшерін 75% дейін төмендетуге мүмкіндік береді. Процесс кезінде силикагельде күкіртті қосылыстардың адсорбциялануын жылдамдататын $\text{Fe/TAML/H}_2\text{O}_2$ жүйесімен алкильбензо- және алкильдибензотиофендердің тотығуы жүреді. Екіфазалы жағдайда дизель отынын күкіртсіздендіру үшін Na_2WO_4 , 30% H_2O_2 және сірке қышқылынан құралған тотықтыру жүйесі де жарамды, 70°C

жағдайда 1 сағаттан кем емес уақытта дибензотиофен мен 4,6-диметилдибензотиофеннен тұратын модельді отын үлгісінде күкірт мөлшері 1100 ppm 40 ppm төмендеген. Құрамында күкірт 1,35% жеңіл газойль, 2,17% вакуумді газойль және модельді күкіртті қосылыстар – тиофен, бензотиофен және дибензотиофен туындылары – тотықтырып күкіртсіздендіру үшін сутек асқын тотығы мен құмырсқа қышқылының қоспасы қолданылған [13], күкірт мөлшері 0,01% (масс.) дейін төмендеген. Күкіртті қосылыстарды диметилформамидпен экстракциялық әдіспен тазалау бастапқы тиофен туындыларына қарағанда тотығу өнімдеріне тиімді. Осыған ұқсас тотығу жүйесі – сутек асқын тотығы 96%-қ құмырсқа қышқылының қатысында күкіртті қосылыстарға стехиометриялық мөлшерде Батыс-Сібір күкіртті мұнайының аз және орташа тұтқырлы майлы фракцияларының дистилляттарын тазалауда қолданылған [14]. Оксидатты қосымша N-пирролидонмен тазалау майлы фракциялардағы күкіртті 3 есеге төмендетті.

Мұнайдың дизель отынының сульфидтерін 30%-қ сутек асқын тотығымен тотықтыру кезінде координациялық сферада лиганд ретінде сульфоксидтердің екі молекуласын тұратын молибденнің пероксокомплекстері жоғары белсенділік көрсетті [15]. Сульфидтердің сульфоксидтерге айналуының максимальды тереңдігі металл ретінде молибденнің нафтенаты қолданылғанда 78% жетті. Бұл әдістің кемшілігі органикалық фазада катализатордың біртіндеп еріп кетуі нәтижесінде оның қайта қалпына келмеуі болып саналады.

Дибензотиофен, 4-метилдибензотиофен және 4,6-диметилдибензотиофенді тотықтыру үшін металл катализатор қатысынсыз изомайлы альдегид/оттек қоспасы қолданылған. Бұл жүйенің полярлы ерткішпен экстракциялау әдісімен үйлесімділігінің тиімділігі күкірт мөлшері 448 ppm дизель отынын тотықтырып күкіртсіздендіру мысалымен түсіндірілген. Бұл әдіспен екіфазалы жүйеде күкірт мөлшері 77 ppm дейін төмендеген, ал ары қарай отынның тотыққан үлгісін силикагельден өткізу күкірт мөлшерін 31 ppm-ге азайтқан [3].

Дизель отынын тотықтырып күкіртсіздендіру үшін сутек асқын тотығы мен қышқылды катализатор – құмырсқа немесе сірке қышқылдарынан құралған жүйе, ары қарай тотығу өнімдерін ацетонитрилмен экстракциялау қолданылған [16]. Атмосфералық қысым және 50°C кезінде тотығуды жүргізу отын құрамындағы күкірт мөлшерін 92% дейін тазалауға мүмкіндік береді. Отынды алдын ала тотықтырмай ацетонитрилмен жай экстракциялау 45% күкіртті тазалауға мүмкіндік бермейді, сондай-ақ ароматикалық көмірсутектердің біршама бөлігі экстракцияланып кетеді. Дибензотиофеннің сульфонға дейін тотығуы температура жоғарылаған сайын артады, 20°C кезінде 90 минутта дибензотиофеннің 70% тотығуға ұшырамайды, ал 80°C кезінде тек 6% тотығады. Алайда авторлар мұндай жоғары температураны қолдамайды, себебі отынның басқа көптеген пайдалы компоненттері тотығып кетеді. Тотығу процесіне құмырсқа қышқылының тиімділігі тұз және сірке қышқылдарына қарағанда жоғары. Тотығу және экстракциялау процестерінің үйлесімділігі 50°C және атмосфералық қысым кезінде дизель отыны құрамындағы күкірт мөлшерін айтарлықтай төмендетеді: 1044 ppm 100 ppm дейін, күкіртсіздендіру дәрежесі 92% құрайды. Авторлар бұл әдісті тереңірек күкіртсіздендіруге, яғни гидротазалауға қосымша ретінде пайдаланып күкірттен толық максимальды түрде арылу үшін қолдануды ұсынады. Осындай әдіс вакуумді газойльді күкіртсіздендіру үшін қолданылған, ал тотықтыру процесіне сутек асқын тотығы мен сірке қышқылының қоспасы алынып, ары қарай тотықтырудан кейінгі өнімдерді ацетонитрилдің сулы ерітіндісімен экстракциялау жүргізілген. Сутек асқын тотығының 50-100 еселенген артық мөлшерінде газойльдегі қалған күкірт мөлшері 6 сағат өткеннен кейін 57% құрады, минимальді мәнге 30 сағаттан кейін жеткен. Күкіртсіздендірудің максимальді дәрежесіне (89%) тотығу процесі және 84%-қ ацетонитрилдің ерітіндісімен экстракциялау процесін үйлестіре пайдаланғанда қол жеткізілген. Гидротазалау мен тотығу процестерінің тиімділіктерін салыстыра отырып, авторлар [16] тотығу процесінің артықшылықтарын атап көрсеткен: айтарлықтай жұмсақ жағдайда жүруі және жеңіл фракциялармен салыстырғанда вакуумді газойльдің тотығуға реакциялық қабілеттілігінің жоғары болуы.

Дизель отынын күкіртті қосылыстардан тазартудың жоғары дәрежесіне дизель отыны, 30% сутек асқын тотығы және электрофильді катализатордан $[C_{18}H_{37}N(CH_3)_3]_4 [H_2NaPW_{10}O_{36}]$ құралған эмульсиялық жүйесінде жұмсақ жағдайда қол жеткізуге болады [3]. Осы әдістің көмегімен және экстракциямен үйлесімділігімен дизель отыны құрамындағы күкірт мөлшерін 500-ден 1 ppm дейін, ал тура айдалған газойльде 312-ден 1 ppm төмендетуге мүмкіндік бар. Бұл жағдайда амфифильді компонент тотығудың катализаторы ғана емес, сонымен қатар эмульсия тамшыларын тұрақтандырушы эмульгатор қызметін де атқарады.

Соңғы жылдары әртүрлі мотор отындарын күкіртсіздендіру үшін күкіртті қосылыстарды иондық сұйықтықтармен (ИС) экстракциялау ұсынылды [17]. Құрамында Cu(I) және Ag(I) иондары бар иондық сұйықтықтар ерекше тиімді, өйткені тиофен туындыларымен π -комплекс түзуге бейім болып келеді. Модельді отынды күкіртсіздендіру үшін ылғал әсеріне төзімді және ауада тұрақты, құрамында анион бөлшектері ретінде CuCl_2^- , Cu_2Cl_3^- және Cu_3Cl_4^- бар, 1-бутил-3-метилимидазолийхлорид пен сусыз ұнтақ тәрізді CuCl әсерлесуімен алынған иондық сұйықтық қолданылды. Бұл жүйелер бензинді тазалауда жоғары күкіртсіздендіруші қабілет танытты. Мысалы, $\text{BMImCu}_2\text{Cl}_3$ иондық сұйықтықпен экстракциялағанда күкіртті қосылыстарды тазалау дәрежесі 23% жетті, ал BMImBF_4 құрамды иондық сұйықтықпен бұл өлшем 11% аспаған болатын. Бензинде еріген жоғары комплекс түзгіш қосылыстар күкіртті қосылыстардың иондық сұйықтықтармен экстракциялануын бәсеңдетіп, күкіртті тазалау дәрежесін төмендетеді. Әдетте, иондық сұйықтықтардың өзі тотықтырғышсыз күкірттен тазалау дәрежесінің жоғары мәніне ие бола алмайды. Мысалы, иондық сұйықтыққа (1-метил-3-бутилимидазолий гексафторфосфат, 1-бутил-3-метилимидазолий гексафторфосфат, 1-*n*-октил-3-метилимидазолий гексафторфосфат және тетрафторборат) иммобилизацияланған пероксовольфрам және пероксомолибден комплекстері $[\text{WO}(\text{O}_2)_2 \text{Phen} \text{H}_2\text{O}]$ және $[\text{MoO}(\text{O}_2)_2 \text{Phen}]$, (Phen - 1,10-фенантролин) тек дибензотиофенді экстракциялайды, бірақ оны тотықтыруда белсенділік танытпайды. Иондық сұйықтыққа 30% H_2O_2 қосу каталитикалық тотықтыру мен экстракцияға жағдай жасап, күкірттен арылу дәрежесін 99% дейін жеткізеді. Каталитикалық тотықтыру мен экстракцияны үйлестіретін фенантролинді комплекс секілді иондық сұйықтықтың болмауы күкірттен арылу дәрежесін 50% асырмайды. *N*-метил-*N*-метилимидазолий диметилфосфат $[\text{MMIM}][\text{DMP}]$ және *N*-бутил-*N*-метилимидазолий дибутилфосфат $[\text{BMIM}][\text{DBP}]$ дизель отынындағы кең диапазондағы күкірт концентрациясы байланысты экстракциялық қабілеттілігін зерттеу, 25 °C кезінде дибензотиофен және бензотиофеннің иондық сұйықтықтардың сулы ерітіндісінде келесідей қатарда еритіндігін көрсетті:



Бұл ретте дибензотиофен бензотиофенге қарағанда жақсы ериді [18]. Күкірттен арылуда жоғары қабілетке ие, отында еріп кетуі төмен және отынның басқа қасиеттеріне аз әсер ететін $[\text{EMIM}][\text{DEP}]$ отынды күкіртсіздендіруге ең қолайлы иондық сұйықтық. Бензиндерді күкіртсіздендіруде қолданылатын органикалық қышқылдардан (құмырсқа, сірке және бензой) және азот негізді (анилин, пиперидин және диэтиламин) синтезделген иондық сұйықтықтардың қолданылуы қызығушылық танытуда. Каталитикалық крекинг бензинін осы көрсетілген иондық сұйықтықтармен үш ретті экстракциялау күкірт мөлшерін 240-тан 30 ppm, ал ароматикалық көмірсутектерді 26-дан 14% төмендетті. Иондық сұйықтықтар қайнау температурасы төмен парафиндермен регенерациялаудан кейін күкіртсіздендіруге қайта қолданылуы мүмкін. Дизель отынын күкіртсіздендіруде жоғары тиімділікті құрамында катион ретінде 1-бутилметилимидазолий, ал анион ретінде - тетрафторборат, гексафторфосфат, октилсульфат, этилсульфат және диметилфосфат бар иондық сұйықтықтар көрсетті. Иондық сұйықтықтарды регенерациялау мен экстракциялау сатылары көрсетілген технологиялық схема дизель отынындағы күкірт мөлшерін 500-ден 10 ppm дейін төмендетуге мүмкіндік берді.

Бензинді күкіртсіздендірудің тиімді әдістерінің бірі төмен молекулалық тиофендерді (3-метилтиофен) алкендермен (2-метил-2-бутенол) силикагельге отырғызылған қышқылды катализаторлар: 12-фосфоровольфрамды және 12-кремниевовольфрамды қышқыл қатысында алкилдеу, ары қарай отын фракциясын дистилляциялау болып табылады [19]. Мұндай әдісте крекинг және катализатордың улануы қосымша процесс болып саналады, катализатордың улануы отында аз мөлшерде азотқұрамды қосылыстардың болуы мен катализатордың коксталуына байланысты.

Дизель отынын терең күкіртсіздендіру электрохимиялық каталитикалық күкіртсіздендіру мен тотықтыру өнімдерін экстракциялауды үйлестіре жүргізгенде тиімді болуы мүмкін.

Күкіртсіздендіруге басқа электрохимиялық каталитикалық тотықтыру тәсілін қиын анодта ағынды реакторда қолданып жүргізу [20] жұмыста қарастырылған. Электрохимиялық реакцияда анод белсендірілген көмір CeO_2/C отырғызылған церий оксидімен активтелді, электролит ретінде церий нитратының сулы ерітіндісі, ал катод ретінде мыс пластинкасы қолданылды. Күкіртсіздендірудің оңтайлы жағдайы ұяшықтағы кернеу 3,2 В, $\text{Ce}(\text{NO}_3)_4$ концентрациясы 0,08 моль/л, CeO_2 жүктеу 5% (масс.) және ағудың көлемдік жылдамдығы 300 мл/мин болғанда жасалды. Бұл жағдайларда отындағы күкірт мөлшері 310-нан 50 ppm дейін төмендеген.

Тотықтырып күкіртсіздендірудің сұйық фазада органикалық қосылыстарға плазмалардың әсер етуі, әсіресе плазмаға оттегі қосқанда тиімді әдістерінің бірі болып табылады [21]. Сұйықфазалы әдістің газфазалы әдістен артықшылығы суытылып жатқан сұйықтықтың біріншілік өнімдерді тез суытуды қамтамасыз етуі және қосымша процестердің жүруін басуы. Оттегі ағыны мен плазманың қуаттылығының ара қатынасы - 85°C кезінде күкіртсіздендіру процесіне әсер ететін ең басты фактор болып саналады; қолайлы жағдайда күкіртсіздендіру дәрежесі тиолдар бойынша 99% және тиофендер бойынша 79% жетеді. Плазмалық тотықтырып күкіртсіздендіруге жасалған кинетикалық модель сұйық фазада ерекше жағдайда плазмалар реакциясы газды реакциялар болатындығын көрсетеді. Авторлар ұсынған жұмыстағы механизмде плазмалық тотықтырып күкіртсіздендірудің кілтті сатысы ретінде оттегі молекуласында электрондық тасымалдану мен тиол,сульфид немесе тиофен молекулаларына электрондық соққы жасау кезінде тиильді және алкильді радикалдардың түзілуі болып табылады.

Әртүрлі көмірсутек шикізатына әсер ететін тотықтыру әдістерінің ішінен мұнайдың ауыр фракцияларын озондау мен радиолездеуді атап айтқан жөн [22]. Бұл әдіс тек конденсирленген күкіртті қосылыстар мен полиаренді құрылымдарды бұзуға ғана емес, сондай-ақ осы қосылыстар негізінде жоғары эффективті эмульгаторлар алуға мүмкіндік береді. Бастапқы шикізатты алдын ала озондау дизель отынын гидротазалау процесін қарқындетуға ықпал етеді. Тура айдалып алынған дизель фракциясын озондалған және озондалмаған нәтижелерін салыстырғанда, шикізатты алдын ала озондаудың тиімділігін көрсетті. Сонымен, отында озондалған дизель фракциясын гидротазалағаннан кейінгі күкірт мөлшері - 0,032% (масс.), озондалмай гидротазаланған фракциядағы күкірт мөлшеріне - 0,099% (масс.) қарағанда үш есе төмен. Ұқсас нәтиже полициклді ароматикалық көмірсутектерге тән болды, озондалып гидротазаланған фракцияда 1,5%, ал озондалмай гидротазаланған фракцияда 2,2% (масс.) құрады. Бензин және дизель отындарын алдын ала озондау 320-460 °C кезінде ары қарай құрамында 70% (масс.) цеолит ($\text{SiO}_2/\text{Al}_2\text{O}_3 = 60$) және 30% (масс.) алюминий оксиді бар ZSM-5 типті катализаторында өңдеу октан саны 90 жоғары және арендер мөлшері 56-49% (бензин) және 61-52% (дизель) болатын отындар алуға мүмкіндік береді.

Дизель фракциясын ультрадыбыспен өңдеуде сутек асқын тотығының сулы ерітіндісі қатысында және фазааралық катализатор ретінде төртіншілік аммоний тұздарының қолданылуы отындағы күкірт мөлшерін 0,25% деңгейден төмендетеді.

Фторқұрамды фазааралық катализаторды қолдану 2- және 3-бензотиофенсульфондардың қосымша өнім ретінде түзілмеуіне мүмкіндік береді [23]. Дизель отынын сутек асқын тотығының сулы ерітіндісі қатысында ультрадыбыспен өңдеуде үш қабат түзіледі: тотыққан дизель отыны (жоғарғы қабат), қалдық (төменгі қабат) және сулы қабат (ортаңғы). Қалдық барлық отынның 1% құрайды және шамамен құрамында 2% күкірт болады. Тотықтырып күкіртсіздендіруде күкірттен арылу дәрежесі 2,5 сағатта 66% аспайды, ал тотықтырып күкіртсіздендіру мен ультрадыбыспен өңдеуді үйлестіру бірнеше минут ішінде 87% тазартылған отын шығымы мен күкірттен арылу дәрежесін 99% асырады.

Дизель отынын 250 °C кезінде өзін органикалық апротонды еріткіштер [24] секілді танытатын сверхкритикалық суды қолданып та күкіртсіздендіруге болады: оның тығыздығы, диэлектрлік өткізгіштігі және сутекті байланыстарды түзгіш қабілеттілігі айтарлықтай азаяды. Сульфондарды сверхкритикалық суда 380 °C температурада 1 сағат бойы KF және CsF қатысында күкіртсіздендіру кезінде дифенилсульфондар мен дибензотиофенсульфондардың көп мөлшерінің 2-гидроксидифенил және фенолға айналуы жүреді.

Мақалада көрсетілген мәліметтер әртүрлі мотор отындарын тотықтырып күкіртсіздендіру гидротазалау сияқты ірі тонажды процестерге қосымша болуы, сондай-ақ жеке терең күкіртсіздендіру әдісі ретінде де қолданылуы мүмкін. Сұйық фазада тотықтырып күкіртсіздендірудің тиімділігі үшін сутек асқын тотығы мен тотығу өнімдерін экстракциялауға қажет органикалық еріткіштердің көптеген мөлшерде жұмсалатындығын назарға ала отырып, бұл әдістің гидротазалау процесінің көлемінен аспайтын масштабта қолданылуына мүмкіндік бар.

ӘДЕБИЕТТЕР

- [1] Кривцова К.Б., Кривцов Е.Б., Головкин А.К. Удаление сернистых соединений из дизельной фракции комбинацией окисления и экстракции. Известия Томского политехнического университета. 2011. Т. 319. № 3. С.116
- [2] Каминский Э.Ф., Хавкин В.А. Глубокая переработка нефти: технологические и экологические аспекты. – М.: Техника, 2001. – 384 с.
- [3] Анисимов А.В., Тараканова А.В. Окислительное обессеривание углеводородного сырья. Рос.хим.ж. 2008, Т. LII. №4. С.32-40
- [4] Шарипов А.Х., Нигматуллин В.Р., Нигматуллин И.Р., Закиров Р.В. Химия и технол. топлив и масел, 2006, № 6, с. 45-51.
- [5] Шарипов А.Х., Нигматуллин В.Р., Нигматуллин И.Р., Закиров Р.В. Там же, 2002, № 3, с. 41-43.
- [6] Шарипов А.Х., Нигматуллин В.Р., Химия и технол. топлив и масел, 2005, № 4, с. 42-43.
- [7] Houalla M., Broderick D.H., Sapre A.V., Nag N.K., de Beer V.H.J. Ibid., 1980, v. 61, № 2, p. 523-527.
- [8] Wang D., Qian E.W., Amano H., Okata K., Ishihara A., Kabe T. Appl. Catal. A: General, 2003, v. 253, № 1, p. 91-99.
- [9] Shiraishi Y., Yamada A., Hirai T. Energy and Fuels, 2004, v. 18, № 5, p. 1400-1404.
- [10] Патент EP № 1715025, 2006.
- [11] Ma C., Zhou A., Song C. Catal. Today, 2007, v. 123, № 1-4, p. 276-284.
- [12] Mondal S., Hangan-Balkir Y., Alexandrova L., Link D., Howard B., Zandhuis P., Cugini A., Horwitz C.P., Collins T.J. Catal. Today, 2006, v. 116, № 4, p. 554-561.
- [13] Otsuki S., Nonaka T., Takashima N., Qian W., Ishihara A., Imai T., Kabe T. Energy and Fuels, 2000, v. 14, № 6, p. 1232-1239.
- [14] Al-Shahrani F., Xiao T., Liewellyn S.A., Barri S., Jiang Z., Shi H., Martinie G., Green M.L.H. Appl. Catal. B: Environmental, 2007, v. 73, № 3-4, p. 311-316.
- [15] Саматов Р.Р., Джемилев У.М., Шарипов А.Х. Нефтехимия, 2006, т. 46, № 6, с. 468-470.
- [16] Ali M.F., Al-Malki A., El-Malki A., El-Ali B., Martinie G., Siddigui M.N. Fuel, 2006, v. 85, № 10-11, p. 1354-1363.
- [17] Асланов Л.А., Анисимов А.В. Нефтехимия, 2004, т. 44, № 2, с. 83-88.
- [18] Nie Y., Li C., Sun A., Meng H., Wang Z. Ibid., 2006, v. 20, № 5, p. 2083-2087
- [19] Arias M., Laurenti D., Geantet C., Vrinat M., Hideyuki I., Yoshimura Y. Catal. Today, 2008, v. 130, №1, p. 190-194.
- [20] Wenbo Wang, Shujun Wang, Yuanhao Wang, Hongyan Liu, Zhenxin Wang. Fuel Proc. Technol., 2007, v. 88, p. 1002-1008.
- [21] Suhr H., Shmid H., Walter H.G. Plasma Chem. Plasma Process, 1981, v. 1, p. 179-182.
- [22] Лунин В.В., Французов В.К., Лихтерова Н.М. Нефтехимия, 2002, т. 42, № 3, с. 195-202.
- [23] Wan M.-W., Yen T.-F. Appl. Catal. A: General, 2007, v. 319, p. 237-245.
- [24] Vogelaar B.M., Makkee M., Moulijn J.A. Fuel Proc. Technol., 1999, v. 61, № 3, p. 265-277.

Мылтықбаева Ж.К., Кайырбеков Ж.К., Мұқталы Д., Сейсембекова А.Б.

Окислительное обессеривание углеводородного сырья

Резюме. Сделана попытка обобщить появившиеся за последние 10 лет новые данные по окислительному обессериванию моторных топлив, которое позволяет получать дизельное топливо, бензин и масла, удовлетворяющие современным требованиям. Показаны результаты окислительного обессеривания модельных сернистых соединений с различными окислительными системами.

Доказано, что степень окислительного обессеривания углеводородного топлива существенно повышается, когда за процессом окисления следует адсорбция продуктов окисления на твердом адсорбенте. А также, приведены примеры окислительного обессеривания в присутствии пероксида водорода в сочетании с соединениями различных переходных металлов.

